

Ш.Ш. Жалмаханов
А.Ә. Әбуталиева
Г.Т.Жақыпова

Іс жүргізу құжаттарын құру бойынша практикум

Қарағанды - 2018

Жалмаханов Ш.Ш., Әбуталиева А.Ә., Жақыпова Г.Т. Іс құжаттарын құру бойынша практикум. Оқу құралы. – Қарағанды: Қарағанды академиясы, 2018.– 299 б.

Оқу құралы келешек заңгер студенттердің қазақ тілін кәсіптік мамандығына қатысты игеруіне арналған. Басылымда қазақ әдеби тілінің кәсіби тілдегі теориялық негіздері, кәсіби тілдің стильдік тармақтары, кәсіби тілде ауызша және жазбаша сөйлеудің қағидалары, нормалық негіздері сараланып, сауатты жазу мен шебер сөйлеудің кәсіптік іс-әрекеттегі мән-маңызы көпшілікпен қарым-қатынас барысында, ресми және іскерлік құжаттарында қолдану үрдісінде талданады. Кеңселік және қызметтік-процессуалдық іс қағаздарының өзіндік ерекшеліктері мен айырмашылықтарын үйрену тапсырмалар және жаттығулар арқылы машықтануға негізделген.

Оқу құралы студенттердің «Іс жүргізу құжаттарын құру бойынша» пәнінен тәжірибелік және өзіндік жұмыстарды орындауына арналған.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ғылыми кеңесінің шешімімен жарияланып отыр.

Алғы сөз

«Іс жүргізу құжаттарын құру бойынша практикум» пәні «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша жоғары оқу орнында мемлекеттік тілде білім алатын студенттердің (тыңдаушылардың) кәсіби тілдік дайындығын жетілдіруге, дамытуға арналған. Бұл пән арнайы пәндер ретінде оқытылып келген «Ішкі істер органдары қызметкерлерінің сөйлеу мәдениеті», «Стилистика негіздері және заң құжаттарының тілі», «Ішкі істер органдары қызметкерлерінің сөйлеу шеберлігі», «Сот шешендігі» таңдау компоненті пәндерінің орнына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (2012 жылдың 23 тамызындағы №1080 Үкімет қаулысымен бекітілген) жоғары білімнің білім беру бағдарламасының базалық пәндер циклының міндетті компоненті болып бекітілген. Мамандық бойынша алынған білімді кәсіби практика барысында қарым-қатынастың барлығы дерлік ауызша немесе жазбаша сөйлеу мәтіндері арқылы іске асырылатын болғандықтан, кәсіби іскерлік пен дағдыларда тілдік құзыреттілік қажет. Сондықтан бұл пәннің басқа оқыту пәндерінің арасында алатын рөлі мен орны ерекше.

Пән студенттердің (тыңдаушылардың) негізгі қоғамдық қарым-қатынас құралы ана тілі - қазақ тілі бойынша білімін, іскерлігін, дағдыларын келешек кәсіптік мамандығы - заң саласы бойынша алған білімімен, іскерлігімен, дағдылармен байланыстыра оқытып, кәсіби білікті, тілдік сауатты, яғни құзыретті маман тұлға қалыптастырады. Мамандықтың кәсіби білім беру бағдарламасында құқық қорғау қызметкерінің іскерлігін қалыптастыру мақсатында «Қызметтік іс жүргізу», әкімшілік, қылмыстық, жедел-қызметтік іс жүргізу құжаттарын құру бойынша практикумдары оқытылады. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылдың 20 қаңтарындағы «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары жүйесінде құжаттандыру мен құжаттаманы басқару ережелерін бекіту туралы» №33 бұйрығы басшылыққа алынады. Сонымен қатар аталмыш пән «Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексімен», «Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу кодексімен» де тығыз байланысты. «Іс жүргізу құжаттарын құру бойынша» пәні білім беру бағдарламасында пән аралық байланыстар жүйесіне кіреді. Бұл пәннің аталған мамандыққа қатысты пәндерден басты

айырмашылығы - коммуникативтік, функционалдық бағыттардағы кәсіби мақсат-міндеттерді атқару барысында қолданылатын ауызша және жазбаша сөйлеу әрекеттерін тілдік заңдылықтар мен ғылыми-теориялық негіздер арқылы іс жүзінде қолдана білуге машықтандыру.

Пәннің мақсаты – кәсіптік іс-әрекет барысындағы ауызша және жазбаша сөйлеу қарым-қатынасының тілдік негіздерін, қызмет ету жолдарын үйрету.

Пәннің міндеттері: қазақ әдеби тілінің нормалары, жазу принциптері мен ережелері, стильдік тармақтары негізінде кәсіптік мамандықта қолданылатын қызметтік және ғылыми тілдік мәтіндерді, яғни заңнамалық терминологияның жүйесі мен ресми іс қағаздарының типтері мен түрлерін, құрылымын және жазу сауаттылығы мен сөйлеу шеберлігін қалыптастыруға, дамытуға машықтандыру.

Пәннің нысаны – қызметтік іс қағаздары мен анықтамалық-аналитикалық құжаттар мен ақпараттар беретін заңнамалық мәтіндер.

Оқу құралының мазмұны кәсіби тілдің теориялық негіздері, стильдік тармақтары, кәсіби тілде шебер сөйлеу, сауатты жазу деген тараулардан тұрады.

1. Кәсіби тілдің теориялық негіздері 1) кәсіби тілдің нормалары, жазу принциптері мен ережелері, 2) заңнамалық мәтіндерде фонетикалық-фонологиялық, лексикалық-семантикалық, морфологиялық және синтаксистік нормалардың, фонетикалық, морфологиялық және дәстүрлі (тарихи) принциптер, 3) пунктуациялық, орфографиялық және орфоэпиялық ережелердің сақталуы деген тараушалардан;

2. Кәсіби тілдің стильдік тармақтары 1) ресми іс қағаздары, публицистикалық, ғылыми және ауызекі сөйлеу тілі стильдері, оларға тән белгілер, олардың өзіндік ерекшеліктері, 2) ресми іс қағаздарының типтері мен түрлері; типтері: кеңселік іс қағаздары және қызметтік, қызметтік-процессуалдық іс қағаздары. Кеңселік іс қағаздарының түрлері: өтініш, баянат, өз өмірбаяны (автобиография), мінездеме, түйіндеме, анықтама, бұйрық, өкім, бұрыштама және т.б.; қызметтік , қызметтік-процессуалдық іс қағаздарының түрлері: хаттама, акт, бағыттама, қолхат, түсініктеме, арыз, талап арыз, қызметтік хат және т.б., 3) публицистикалық

стиль бойынша бұқаралық ақпарат құралдарына сұқбат беру, түсініктеме жасау, баяндау, хабар, хабарлама, ақпарат, мақала, шолу жазу, 4) ғылыми стиль бойынша заң терминдері мен ұғымдарына қойылатын талаптар; ғылыми-аналитикалық есеп, тезис, конспект, ғылыми хабарлама, баяндама, реферат, пікір, сын пікір, сараптама, қорытынды, нұсқаулық, әдістеме, бағдарлама, құрал дайындауға қойылатын талаптар, 5) ауызекі; сөйлеу стилі бойынша көпшілікпен, жеке адаммен сөйлесу деген тараушалардан;

3. Кәсіби тілде шебер сөйлеу, сауатты жазу 1) заңнамалық мәтіндерді құрастырудың тәсілдері мен түрлерін (талап мәтін: бұйрық, нұсқау, ұсыныс, ретроспекция және бағалау мәтіні: есеп беру, шолу, аннотация, байланыс жасау мәтіні: сұқбат, шақыру, құттықтау, сипаттау мәтіні: затты, оқиғаны суреттеу, баяндау мәтіні: ақпарат беру, әңгімелеу, пайымдау мәтіні: дәлелдеу, түсіндіру, нұсқау мәтін: жоспарлау, іс-әрекеттің алгоритмі) жасай білуге үйрету; 2) ауызекі сөйлеу тілі: көпшілікпен, жеке адаммен сөйлесу; сөйлеуге, сөйлесуге дайындық кезеңдері: тақырыпты, мақсатты белгілеу; тыңдаушы аудиториясының ерекшелігін анықтау; сөйлейтін сөздің жоспарын құрып, дәйектік мәліметтерді жинау; сөйлеу мәтінін толық жазу; мәтінді іштей (ішкі монолог), дауыстап (сыртқы монолог) оқып, ауызша немесе оқып айтуға дағдылану; қойылуы мүмкін сұрақтарға жауаптардың жобасын дайындау; пікірталас (полемика), пікірсайыс (дискуссия), уәж пікірлерге (реплика) дайындалу; 3) құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу, болдырмау, қылмыстық жағдай, заңдылықтың сақталуы, олардағы жаңалықтар мен өзгертулер туралы ақпарат беру, құқықтың үгіт-насихат, тәрбие жүргізу; 4) құқық бұзушымен немесе қылмыскермен алдын ала тергеу, тергеу барысында адамгершілік-моральдық принциптер мен заң талаптарын басшылыққа ала отырып, процеске қатыстылармен, қатысушылармен (айыптаушы, талап арызшы, жауапкер, сезікті, күдікті, куә, куәгер, айыпталушы, адвокат, қорғаушы, сенімді өкіл, мүдделі тұлға және т.б.) сөйлеу мен сөйлесудің кәсіби әдебін сақтау, әкімшілік, азаматтық және қылмыстық істер бойынша тиесілі құжаттарды әділ де объективті қағидалар негізінде рәсімдеу; диалог және оның түрлерін (сұрау диалогы, келісу диалогы, келіспеу диалогы, нақтылау диалогы, талқылау диалогы) құрастыра білу деген тараушалардан тұрады.

Аталған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жоғары білімнің білім беру бағдарламасында 90 сағат (2 кредит) берілген. Оларды жобамен 30 сағат аудиториялық (дәрістік сабақ 4 сағат, тәжірибелік сабақ 26 сағат), тыңдаушылардың (студенттердің) оқытушымен өзіндік дайындығына (ТОӨД) 30 сағат, тыңдаушылардың (студенттердің) өзіндік дайындығына (ТӨД) 30 сағат бөлінеді. Пән күндізгі оқу факультетінің бакалавр сатысындағы ІІІ курс тыңдаушыларына Ү семестрде оқытылады.

1-тақырып. Сөйлеу мәдениетінің негіздері.

Теориялық анықтама

Сөйлеу мәдениетінің теориялық негіздері қазақ тіл ғылымында А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов еңбектерінен бастау алып, тілші-ғалымдар І.Кеңесбаев, М.Балақаев, С.Аманжолов, Р.Сыздықова, Н.Уәлиев т.б. зерттеулерінде әр қырынан сипатталған.

Н.Уәлиев сөз мәдениетінің ғылыми пән ретінде қарастыратын негізгі объектісі – тілдік норма, ол - сөз мәдениетінің құрылымдық-жүйелік аспектісі, екінші аспектісі – коммуникативтік сапасы екендігін айтады.

Сөйлеу мәдениетінің сапасы тұрғысынан берілетін баға сөз актісінің аяқталған нәтижесіне қатысты болуға тиіс. Мұндай талап тілдік фактіні тек сөздің құрылымының құрамында қарау жеткіліксіз екенін көрсетеді. Мұның өзі сөздің коммуникативтік сапасын бағалауда басқа да теориялық ізденістерді қажет ететінін байқатады. Өйткені айтылған (жазылған) сөз – аса күрделі коммуникативтік құрылым. Сөз айтылғанға (жазылғанға) дейін де, яғни вербалданғанға дейін адресант-автордың айтсам, жазсам деген діттемі, нені айтсам (жазсам), қалай айтсам (жазсам), кімге айтсам (жазсам) деген мақсаты, қызығушылығы болады. Егер сөз бетпепет, жүзбе-жүз болса, сөйлеуші алдымен адресатын барлап алады: жас ерекшелігі, әлеуметтік мәртебесі, таныс, бейтаныс екендігі т.б.

Сөз мәдениеті ғылымында анықталған сөйлеу сапаларына тоқталып кетсек, олар:

1. Сөздің дәлдігі

Сөздің дәлдігі немесе айқындығы дегеніміз – сөздің нақты шындықтағы заттар мен құбылыстардың атауларына барынша дәлме-дәл келуі. Сөздің дәлдігі, бір қарағанда, сөздің дұрыстығына ұқсас көрінеді. Дегенмен, олардың арасындағы айырмашылықты білудің елеулі мәні бар. Айталық, бір адам екіншісінің қал-жағдайын сұрағанда, «жаман емес» деген жауап алуы әбден мүмкін. Бұл жауап – сөз дұрыстығы тұрғысынан талапқа сай келеді, өйткені олар – әдеби тіл нормасынан сәйкес айтылып тұр және дағдыда оны айтуға үйреніп қалғанбыз. Демек, жауап берушінің халінің жағымды екеніне көзіміз жетеді. Ал, сөздің нақтылығы талабынан келетін болсақ, бұл жауап қанағаттандырмайды, өйткені

сол «жаман емес»-тің мағынасы көп: оған «орташа», «жақсы», тіпті «өте жақсы» деген ұғымдар да сыяды. Объективті баға беру ыңғайында әлгі «жаман емес»-тің не орташа, не жақсы, не өте жақсы екендіктерінің беруін дәлелдесек, сөйлеу мәдениетіндегі дәлдікті, айқындықты пайдаланғанымыз болып шығады.

2. Сөздің логикалығы

Логикалық деп ойдың қайшылыққа ұрынбауын айтамыз. Бұл сапа ойлауға қатысты бола отырып, тілдік категориялармен тығыз байланысты болып келеді. Сөз арқылы қарым-қатынас жасағанда, формальдық логиканы заңдарының сақталуы талап етіледі. Ал, мұндай қателер көп реттерде ауызекі сөйлеу тілінде кездеседі. Жазба тілде де логикалық қателердің ұшырасып отыратыны бар. Ол қателіктердің орын алуының бір себебі логикалық екпінді қай сөзге немесе қай сөз тіркесіне түсіп тұрғанына тиісінше мән бермеушіліктен болып жатады.

3. Сөздің тазалығы

Сөздің тазалығы дегеніміз – сөйлеушінің немесе жазушының әдеби тіл нормасын сақтаумен бірге, ана тілінің мүмкіндігін пайдалана білу. Тіл тазалығының да тілдің дұрыстығына ұқсас кейбір жерлері кездеседі. Тілдің мәдениетінің ең басты коммуникативтік сапаларының бірі болғандықтан, сөздің тазалығына ерекше мән беріледі. Дәлірек айтқанда, сөзді қолданғанда, баламасы бар сөздердің әдеби тілге қатысты бірден-бір ұғынықты ана тілінің тазалығын танытатын сөзді таңдай білу керек. Былайша айтқанда, тілді шұбарлауға бармаған жөн. Ал, тілдің тазалығын бұзатын, оған нұсқан келтіретін факторлар аз емес. Оларға, мәселен, ана тіліндегі баламасы бола тұра, басқа тілдерден енген сөздерді қалай болса солай жұмсау (варваризмдер), жергілікті мәні бар сөздерді (деалектизмдер) талғамсыз қолдану, мамандыққа байланысты шағын ортада кездесетін сөздер (профессионализмдер), сондай-ақ кұрбы-кұрдастардың, әзіл-қалжыңы аралас адамдардың арасында сөзге кірістірілетін тілдік құралдар (жаргонизмдер) сияқты жайлар жатады. Әрине, бұл аталғандар мүлдем қолданыстан шығып қалуға тиіс деген жаңсақ ұғым тумасқа керек. Әңгіме олардың жөнсіз пайдаланыла бермеуінде болып отыр. Ал, көркем шығармадағы кейіпкер сөздерінде, тиісті ортаға байланысты олардың жұмсалу реттері

болатынын теріске шығармаған жөн. Тіл тазалығына кедергі келтіретін ілгеріде айтылған жайлардың бірі – варваризмдер. Бұл құбылыс қазақ тілінде баламасы бола тұра орыс сөздерін қолдануда байқалады. Таза ана тілін шұбарлайтын екінші фактор – жергілікті тіл ерекшеліктері. Шындыққа келгенде, диалектизмдер де ана тілінің байлығын, кең тынысын, зор ауқымын танытады. Алайда, бұл – статистикалық тұрғыдан алғанда жай. Тұтастай алғанда, жергілікті тіл ерекшеліктеріне тосырқай қарау, жатсыну дұрыс та болмас. Қазақтың белгілі сөз шеберлерінің талайы тілімізде диалектілік құбылыстардың бар екеніне күмән туғызады. Ол – жекелеген авторлардың пікірі делік, ал диалектизмдердің біздің тілімізде де бар екендігін үлкенді-кішілі ғалымдарымыз ондаған жылдар бойы дәлелдеп келе жатыр.

Тіліміздің байлығының көрінісі бола тұра, диалектизмдердің қолданылуында белгілі заңдылықтың сақталғаны дұрыс. Атап айтқанда, жергілікті ерекшелігі бар сөздерді бірден әдеби тіл ретінде қолданылудың біршама қиындығы бар, себебі тыңдарманға немесе оқырманға бірден түсінікті бола бермейді. Тіпті әңгіме диалектизмнің түсінікті немесе түсініксіздігінде ғана емес, дағдыдағы қолданыста болмаған соң, тіл шұбарлаушылық көзге ұрып тұрады. Кейбір жағдайда күлкі туғызуы әбден мүмкін. Мәселен, шығыстың қазағы танданарлық құбылысқа не әлдебір нәрсеге эмоциялық күйін «көрім» деген сөзбен білдіріп тұрса, тыңдаушысының (бұрын бұл сөзді естіп, оқымаған болса) бей-жай тыңдап тұруы екіталай. Сондай-ақ, оңтүстік қазағының «биыл төрт бөлмелі жақсы там тұрғызып алдық» деген сөйлемін естіген солтүстік қазағының төбе шашы тік тұруы ғажап емес, өйткені солтүстік аймақта «там» сөзі тек о дүниелік болып кеткен адам басына қойылатын үй туралы түсінеді. Ауызекі сөйлеуде болсын, салқын қанды хабарларды жазуда болсын кәсіби сөздер мен кеңсе қағаздарына тән сөздерді, сөз тіркестерін (канцеляризмдер) қолдануда тілдің тазалығына белгілі дәрежеде нұқсан келтіреді. Мәселен, экономика мен шаруашылықтың, мәдениеттің әр саласында пайдаланылуға тиісті сөздердің сол тиісті салалардың мамандарына түсінікті болары мәлім, ал олар қалың көпшіліктің, қабылдауына оңтайлы бола бермейді. Жаңадан пайда болып жатқан сөздерді (неологизмдерді) жұмсағанда да осы әдебиет беттерінен жиі кездестіргенімізбен, *интеграция*, *конфронтация*, *спикер* тәрізді сөздерді баршаның бірдей түсінуі қиын шығар.

Сондықтан мүмкіндігінше ол сөздерді қолданғанда, жақша ішіне қазақша баламасын келтіріп немесе ауызша сөйлеу ретінде қысқаша болса да түсініктеме бере кетудің артықшылығы жоқ. Ондай түсініктеме болмаса, екі жақты жағымсыз жайға тап болатынымыз шындық: біріншіден, айтып тұрған сөздеріңізді көпшілік қабылдай алмаған соң, алға қойған мақсат та орындалмайды; екіншіден, сол сөздерді айтып тұрған кісі туралы да (білгішсінген, аудиторияны меңгере алмаған немесе өзінің білетінін барлығы да білуге тиіс дегендей) көңілге қонымсыз ой тууы мүмкін. Тіл мәдениетіне әркімнің сөйлеу әдептілігі ғана емес, психологиясының да қатысы бары сөзсіз. Тіл мәдениетіне біршама нұқсан келтіретін тағы бір жай ілгеріде айтылғандай, жаргонизмдер. Жаргонизмдер жолдас-жораның, қатар құрбының арасында немесе үлкен-кіші болса да, әзілдері жарасқан адамдардың бір-бірімен тіл қатысқанда айтатын қалжың-оспақ сөздері болып табылады. Бір-бірін түсінетін мұндай адамдар ондай сырт көзге байқалатын оспадар, дөрекі сөздерге мән бере қоймауы мүмкін, бірақ ондай сөздерді қалың қауымға, көпшілік ортасына арнап айтудың қисыны жоқ. Демек, жаргонизмдер шағын ортада пайдаланылады, сондықтан да оларды көпшілік орындарда қолданудың әдепсіздігі өзінен-өзі белгілі болып отырады.

4. Сөздің мәнерлігі

Мәнерлілік сөздің эмоционалдық және экспрессивтік қасиеттеріне, екінші сөзбен айтқанда, сөздің стилистикалық бояуына тікелей байланысты.

Сөздің мәнерлігі дегеніміз – сөйлеушінің немесе жазушының тыңдарманын немесе оқырманын қызықтыра білуі, сөзін ұғындыра алу қабілеті. Ойлаудың, сөйлеушінің сана қызметінің дербестігі; не туралы айтылып тұрғанына және ол сөздің кімге бағытталып, арналып тұрғанына назар аудару; сөздің мәнерлілік құралдарын жақсы білу; тілдегі функциональдық стильдерді бір-бірінен айқын ажырата білу; тілдік дағдыларды қолдануда тәжірибе жасап отыру, жаттығу ісі, мәнерлілікті сақтау үшін психологиялық қажетті жағдайларды жасау; сөйлеушінің не жазушының өзінің мәнерлілікті қамтамасыз ететін құралдарды игере білуі де, осы шарттардың барлығы бір жерден шығып, біріккенде ғана, сөздің мәнерлігінің күш-қуаты, қолданылуының қолайлығына көз жеткізуге болады.

5. Сөздің байлығы

Сөздің байлығы дегеніміз – әркімнің өз ана тілінің бар мүмкіндіктерін еркін пайдалана білуі.

Сөздің байлығы туралы сөз болғанда екі жайды ескеру қажет болады: біріншіден, қай-қайсымыздың да ана тіліміздің байлығын игеріп, пайдалана білуіміздің маңыздылығы; екіншіден, сол байлықты игере отырып, өз тарапыңнан ана тілінің баюына үлес қосудың қажеттілігі туралы мәселе.

Біріншісі қиын да болса, сол тілді білетін, ана тілім деп есептейтін барша азаматтың борышы мен парызы. Ал, екіншісін екінің бірінен талап ету мүмкін емес, өйткені ол – дарындар мен таланттардың ғана қолынан келетін іс.

Тілдің байлығын жақсы игермей тұрып, оның даму барысына назар аудармай, тіл мәдениеті үшін күресу немесе тіл мәдениетін сақтау өте қиын. Кең көлемде алу керек болса, тіл байлығы ұғымы ілгеріде айтылған тіл мәдениеті сапаларының барлығына да тікелей қатысты. Адамның тіл арқылы қарым-қатынас жасау барысында сөз байлығы неғұрлым мол болса, ол соғұрлым ойын еркін, қиналмай және әсерлі жеткізе алады, тыңдарманын да оқырманын да тарта біледі. Жай ғана оқытып, тыңдатып қоймайды, сөзін еріксіз тыңдауға, жазғанын бас алмай оқуға әдеттендіріп, «бұғаулап» тастайды. Сөздің аса мол кені көркем әдебиетте жинақталған. Мысалы, М.Әуезовтің 20 томдық шығармаларында сөздің саны 30 мыңнан астам. Қара сөздің қас шебері М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында 16983 сөз қолданған. Мұндай деректі өзге де әйгілі қаламгерлер тілі жайындағы статистикалық деректермен салыстырсақ, цифр сыры ашыла түседі. А.С.Пушкин өз шығармаларында 21197, У. Шекспир 15000 сөз қолданған. «Абай жолы» эпопеясында 1 және 2 рет қолданылған сөз саны – 8698, Пушкин шығармаларында мұндай жиіліктегі сөздің саны – 9301, Мамин-Сибиряктың «Приваловтар миллионы» романында 11283 сөз қолданыс бар. 1,2 рет қолданылатын сөз саны – 7312. Әрбір тіл сөзге бай. Сөздердің санын математикалық тұрғыдан санап, санын дәл айту мүмкін емес. Қазір ғалымдар тілдің сөздік қорын жуықтап айтады. Тіл байлығын олардың құрамында сөз саны емес, олардың қолданысы анықтайды.

6. Сөздің қисындылығы

Сөздің қисындылығы деп жеке сөздің, сөз тіркесінің грамматикалық тұлғалардың өз орнында қолданылуын айтады.

Сөздің қисындылығын функциональдық стильдерден бөлек қарауға болмайды. Әсіресе, функциональдық стильдерде сөздердің қалай жұмсалыу керектігі білініп тұрады. Мәселен, ауызекі сөйлеуде ресми стильдегі сияқты стандарт тілмен қарым-қатынас жасау күлкі туғызар еді. Сатиралық немесе юморлық мақсатта олай етудің де керектігі болар, бірақ тура мағынасындағы сөздің пайдаланылу табиғатына қарағанда, әр стильдің өзіне лайық синтаксистік құрылымының болғаны жөн. Сондай-ақ, іс қағаздарын толтыру кезінде көркем әдебиет тіліндегідей сөздің стилистикалық бояуын қолданудың еш қисыны болмайды.

Сөз әдебі. Сөз әдебі – адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынастың, тілдесудің қоғамдық жұртшылық қабылдаған, ұлттық сипаты бар ережесі мен этикеті. Сөз әдебі амандасу, танысу, сұхбаттасу, ризашылық білдіру, құттықтау, жұбату, өтіну, тыңдаушының назарын аудару, сыпайлық таныту, қоштасу, құрмет көрсету сияқты адамдардың өзара қарым-қатынасы кезінде айтылатын арнайы сөздер мен тұрақты сөз орамдарынан көрінеді. Мысалы: амандасуға байланысты: күнде көріп жүргенде – амансыз ба? сәлеметсіз бе?; алыс жолдан келгенде: - ат-көлік аман ба? аман-есен келдің бе?; жасы үлкен адамға – ассалаумағалейкум!; салтанатты жағдайда көпшілікке – армысыздар, ағайын! т.б. деп айтылады. Үлкенге құрмет көрсету мәнінде айтылатын: Мұқа, Жәке, Ғабе; туыстық атаулар: сіңілім, қайным, қайнағам, келінжан, қарындас, жеңеше; тілек мағынасындағы: толық болсын! таудай бол! қырқар көбейсін! қайырлы болсын!, құтты болсын! т.б. – бәрі де сөз әдебінің үлгілері болып табылады. Сөз әдебі сыпайылық, әдептілік тәрбиесіне негізделеді.

Есте сақтаңыз!

Сөз мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс, орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру.

1-мәтін.

Жүгі салмақты бағдарлама

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың дәстүрлі Жолдауларымен танысқанда мен оларда Қазақстанның ұлттық және қауіпсіздік мүдделерінің ескеріліп, дұрыс бағдарланған даму стратегиясына соншалықты сәйкес келетініне назар аударамын. Соңғы Жолдауы да ауқымды экономикалық мазмұнды қамти отырып, нақтылы ұзақ мерзімді перспективаларға иек артып, елдің халықаралық аренадағы бәсекелестікке қабілеттігінің сызбаларын кезекті, Үшінші жаңғыру арқылы толық қамтыған. Жалпы, Жолдауда Президент Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыратын Үшінші моделін жасауды көздейді. Осыған байланысты Президент Үкіметке нақты міндеттер жүктеп, алға қойылған мақсаттарды іске асыратын тетіктердің жоспарларын әзірлеуді тапсырды.

Бүгінгі Қазақстан – Тәуелсіздігі берік қалыптасып, Бірінші және Екінші жаңғыруларды табыспен іске асырып, әлемдік экономиканың бәсекеге барынша қабілетті 50 елінің қатарына еніп, енді жоғары дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіруді көздеп отырған ел болғандықтан, мұндай мақсатты алға қоюға толық қақысы бар деп санаймын. Жолдаудың өзінде Үшінші жаңғыру – ағымдағы жаһандық қатерлерге қарсы тұрудың жоспары ғана емес, Стратегия-2050-ді «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының негізінде іске асыратын сенімді көпір деп аталған. Айта кететін болсақ, Президент елдің алдына бес басымдықты қойды, олар: экономиканы технологиялық тұрғыдан жедел жаңғырту; бизнесті түбегейлі жақсарту және кеңіту; макроэкономикалық тұрақтылық; адами капиталдың сапасын арттыру; институттық қайта құру, қауіпсіздік және сыбайлас жемқорлықпен күрес.

Осы басымдықтардың әрқайсысы өзінің құрылысы, мазмұны және мақсатты ұстанымы жағынан Қазақстанның мүддесін ғана көздемей, ол стратегиялық бағдарларды таңдау мен ойлану позициясынан алғанда, туысқан Өзбекстанда да қызығушылық тудырады. Ешқандай күдіксіз оны елдің саясаты мен экономикалық бағытын айқындаудағы жаңа іргелі құжат деп санауға болады. Стратегиялық дамудың жаңа кезеңіне өтуді халыққа арнаған Жолдауында көрсету – дана әрі болашақты терең болжайтын Нұрсұлтан Назарбаев сияқты мемлекет қайраткеріне тән.

Қорыта айтқанда, мұны – Қазақстанның жаңа жарқын болашаққа жетуін көздеген айрықша тарихи құжат деп бағалауға болады.

*Шавхат АРИФХАНОВ,
Өзбекстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік құрылыс академиясының профессоры,
экономика ғылымдарының докторы*



1-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұнын баяндаңыз. Мәтінге байланысты өз ойыңызды айтыңыз.

2-тапсырма. Мәтіннен тірек сөздерді тауып, олардың мәтін мазмұнына қатысын анықтаңыз.

3-тапсырма. 2-3 сөйлемге морфологиялық, синтаксистік талдау жасаңыз.

2-сабақ. Қазақ әдеби тілінің нормалары. Норма түрлерінің өзіндік ерекшеліктері.

Тіл мәдениетінің ең өзекті мәселесі – тілдік норма.

Тіл мәдениеті, ең алдымен, әдеби нормаға тікелей қатысты. Жалпы тіл білімінде біршама қалыптасқан тұжырымдарға иек артсақ, тіл мәдениеті дегеніміз – тілдік нормаларды, оның ішінде әдеби тіл нормаларын дұрыс сақтау әрекеті болып табылады.

Тіл мәдениетінің өзегі – норма туралы ұғым. Норма тілдің жүйесі мен құрылымына сүйенеді. Тілдік жүйе дегеніміз – тілде бар үлгілердің, қолданыс типтерінің белгілі бір тәртіппен келуі, ал тілдік құрылым-осы жүйенің іске асқан материалдық мүмкіндіктері. Қарапайым тілмен айтсақ, тілдік құрылым – құлаққа естілетін, «отыз тістен шығатын» деректі ұғым атауы, ал тілдік жүйе сол «затты» жасап тұрған дерексіз ұғым атауы деуге болады.

Әдеби тіл нормасы – тілдің сұрыптаудан өткен, жалпы қолданысқа ыңғайлы, тілдік қарым-қатынас жүйесіндегі айтайын деген ойды дәл беруге жарамды жүйе. Әдеби тілдің нормалану үдерісі аса күрделі және көп уақытты талап ететін құбылыс. Әбден орныққан әдеби тіл нормаларының негізінде ғана тіл өзін тұтынушылардың баршасына түсінікті, ортақ қарым-қатынас құралы бола алады. Тілдің нормалануы үздіксіз даму барысында пайда болып, нәтижесінде сұрыпталған, белгілі бір жүйеге келтірілген әдеби тіл қалыптасады. Ауызекі және әдеби тілдің

қалыптасқан үлгісін, халықтың бәріне түсінікті тілдік амалдардың жиынтығын пайдалану арқылы тілдік субъект өзге субъектілермен ешбір кедергісіз қарым-қатынасқа түседі. Әдеби тіл нормасын сөз еткенде көркем әдебиет нормалары деген ұғымды бөліп қарастырған жөн. Өйткені бұл екеуі бір категория емес. Әдеби нормаларға – жалпы тілдік нормалар, ал көркем әдеби нормаларға – функционалдық көркем әдебиет стилінің нормалары жатады. Әдеби тілдің нормасы өзінің біршама тұрақтылығымен, жалпыға ортақтығымен, түсініктілігімен, міндеттілігімен, тілдік жүйеге, тілдік модельдерге сәйкестігімен ерекшеленіп, орфографиялық, орфоэпиялық, грамматикалық, пунктуациялық, лексикалық норма сияқты бірнеше түрге бөлінеді.

Тілдің құрылымдық бөлшектері (дыбыс, сөз тіркесі, сөйлем) сөйлеу процесінде, яғни ауызша, жазбаша сөйлеуде, тілде тарихи-дәстүрлік тұрғыда қалыптасқан тілдің белгілі заңдылықтары мен ережелеріне, нормаларға бағынуы.

Қазақ әдеби тілінің нормалары

Тілдің құрылымдық бөлшектері (дыбыс, сөз, сөз тіркесі, сөйлем) сөйлеу процесінде, яғни ауызша және жазбаша сөйлеуде, тілде тарихи-дәстүрлік тұрғыда қалыптасқан тілдің белгілі заңдылықтары мен ережелеріне, демек нормаға (қалыпқа) бағынады. «Тіл нормасы деп адамдардың бір-бірімен қатынас жасау нәтижесінде қалыптасып бекіген, жалпы халыққа, тегіс танылған тілдік құбылыстарды айтамыз» [1:10]

Әдеби тілдің нормалары тілдің структуралық элементтеріне, соған сәйкес тіл білімінің салаларына байланысты 4 түрге бөлінеді:

- 1) фонетикалық-фонологиялық норма
- 2) лексикалық-семантикалық норма
- 3) морфологиялық норма
- 4) синтаксистік норма

2.1. Фонетикалық-фонологиялық норма

Фонетикалық-фонологиялық норма дегеніміз – сөз ішінде, сөздер аралығындағы (контекстегі) дыбыстар мен фонемалардың жазылу және айтылу процесіне тілдің заң-ережелерінің (орфография, орфоэпия) сақталуы. Фонетиканың зерттеу объектісіне тіл дыбысы, буын, екпін, интонация, пауза,

орфография, орфоэпия, пунктуация, транскрипция, транслитерация, алфавит, графика, сингармонизм, ассимиляция, диссимиляция құбылыстары жатады. Фонетикалық норма тіл дыбысының жеке тұрғандағы (контекстен тыс), жазылу барысындағы, яғни орфографиялық заң ережелерінің сақталуы. Ал фонологиялық норма дегеніміз – тіл дыбыстарының айтылу кезінде (контексте) орфоэпиялық заң-ережелердің, яғни сөзде, сөз тіркесі мен сөйлемдерде екпін, интонация және паузалардың, яғни сөйлеу мелодикасының сақталуы. Орфоэпия дегеніміз – сөз әуенінің дұрыс айтылып, түсінікті, құлаққа жағымды, көңілге қонымды естілуі. Сөздің дұрыс жазылу ережесі (орфография) айтылу, сөйлеу барысында, ал дұрыс айту ережесі (орфоэпия) жазу барысында сақтала, орындала бермейді. Мәселен төртеу, бұрын, тұрмыс, шекара болып жазылғанмен, төртөу, бұрұн, тұрмұс, шегара деп айтылады. Немесе Сарыарқа, Торыайғыр деген біріккен сөз жер аттарында қатар келген дауысты дыбыстар сақталып, Ұлмекен, Торайғыров, Дәметкен, Молдахмет секілді сөздердің берілуі арқылы жасалған (Ұл ма екен, дәме еткен, молда Ахмет) адам аттарындағы қатар келген дауысты дыбыстардың бірі түсіріліп айтылады да, түсіріліп жазылады да. Сонымен қатар сөз тұлғалары сөйлем ішінде айтылу барысында өзгеріске түседі. «Қазір қой қоздап жатқан кез» болып жазылғанмен, «Кәзір қойғоздаған жатқангес» болып айтылады.

Фонетикалық норма дегеніміз – тіл дыбыстарының жазылуында орфографияның фонетикалық принципін заң-ережелерінің, яғни сингармонизм, ассимиляция заңдылықтарының сақталуы. Сингармонизм дегеніміз – сөздің түбірі мен қосымшаларының құрамындағы дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке болып үндесуі, яғни жуан дауысты дыбысты түбірге жуан дауысты дыбысты қосымшаның жалғануы: тіз-.... деу, сақ-тан-дыру-шы. Ассимиляция дегеніміз – қатаң, ұяң және үнді дауыссыз дыбыстардың дауысты, дауыссыз дыбыстарымен қатар келіп, бір-біріне ұқсап, бір-біріне ұқсатып өзгеруі. Мысалы: сөз түбірі дауысты дыбысқа аяқталса, оған жалғанатын қосымша ұяң не үнді дауыссыздан басталады (неке-ге, неке-ні); сөз түбірі үнді дауыссызға аяқталса, ұяң дауыссыздан басталған қосымша жалғанады (мерзім-ге, мерзім-дік).



1-жаттығу. *Өлеңнен фонетикалық-фонологиялық норма арқылы жасалған сөздерді тауып, жасалу жолдарын түсіндіріңіз.*

Сәлем - сөздің анасы

Сәлем - сөздің анасы,
 Әлік алған данасы.
 Шығанақтан шырқайды
 О біреудің танасы.
 Оның сөзін тыңдасаң,
 Баяғы айтқан жаласы.
 Өтірікті шын қылған
 Ол Алланың қызыл көздің
 пәлесі.
 Айтқаныңа көнбесе,
 Айдауыңа жүрмесе,
 Көңілінде бар оның аласы.

Ағайынның аразы
 Елдің сәнін кетіреді.
 Абысынның аразы
 Ауыл сәнін кетіреді.
 Жарау, семіз байда бар,
 Құйрығы бітеу қойда бар,
 Қос қанаты тимеген,
 Қанаты бітеу куда бар.
 Ат тұяғы тимеген
 Ақ кірпіш тас суда бар.
 Өзірейіл келген күн
 Жан қалар дер қайда бар?

...Жақын жерден шөп жесе,
 Жердің сәнін кетіреді.

Бұқар Қалқаманұлы



2-жаттығу. *Мәтіннен фонетикалық-фонологиялық норма арқылы жасалған сөздерді тауып, жасалу жолдарын түсіндіріңіз.*

Көлік ұрлау көбейіп тұр

Екі күндік «Айдап әкету» операциясы нәтижесінде жамбылдық полицейлер транспорт құралдарын иелену қылмысына қатысы бар 6 күдіктіні ұстады. Облыстық ПД Криминалдық полиция басқармасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі Дмитрий Курбановтың айтуынша, шара кезінде бұрын жасалған 4 қылмыс ашылған болса, оның ішінде бір көлікке қатысты қылмыс өткен жылы тіркелген екен.

2010 жылдың 4 қарашасында полицияға «ПМ» тапаншасымен қаруланған екі бұзақының Қордай ауданына қарасты Қасық ауылы тұрғынынан «Тайота-Хайлендер» маркілі темір тұлпарымен қоса 50

мың теңгесін тартып алғандығы туралы ақпар келіп түседі. Арызында жәбірленуші қылмыскерлердің Алматыға қарай бет алғандығы да хабарлаған. Осы факті бойынша бірден жедел-ізвестіру шараларын жүргізген полиция қызметкерлері бұрын сотты болып, халықаралық іздеуде жүрген қаскөйдің бірін Алматы қаласындағы жалға алған пәтерінде құрыққа түсіреді.

Сонымен қатар, операция кезінде көлік айдап әкету қылмысына қатысты тергеу изоляторында болған екі тұтқын әшкереленді. Қазір Павлодар қаласындағы колонияда отырған күдіктілердің біреуі өткен жылдың шілде айында «Мерседес-Бенс 140» маркілі көлігін айдап әкеткен болса, екіншісі – 2009 жылдың басында Тараз қаласындағы шағын аудандардың бірінен «тоғыздық маркілі» автокөлігін ұрлаған. Олардың түсініктемелері куәгерлер базасына бекітілген. Бұл күндері Жамбыл облыстық ПД жол және криминалдық полиция қызметкерлері ұрлап айдап әкетілген 2 көлікті иелеріне қайтарды. «Мицубиси-Диамонт» маркілі автокөлігі облыс орталығындағы Байзақ батыр көшесінен, ал «Ваз-2107» Меркі ауданынан ұрланған болатын. 8 қарашада осыдан бір ай бұрын Талас ауданының аудан орталығында ұрланған «Мазда-626» автокөлігі Тараз қаласының тұрғынына қайтарылды. Такси жүргізушісін соққыға жығып, шетелдік қымбат көлікті ұрлаған Қаратау қаласының 33 жасар тұрғыны тергеу барысында бар кінәсін мойындаған.

«Жол полициясы бөлімшесі қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында, көлік транспортына байланысты қылмысты ескерту, алдын алу және ашу бойынша біз ұрлап айдап әкетілген көліктерді жасыруға оңтайлы орындарды, оны бөлшектеп сатуды анықтау үшін арнайы мобильдік топ құрдық. Барлығы 170 ТЖО, көлік шеберханасы, гараж, автотұрақ тексерілді. Екі күнде агрегат сәйкессіздігінің 5 дерегі мен бір «Тойота-Камри» маркілі көлігінің жасанды мемлекеттік белгісі анықталды. Сонымен қатар, шара кезінде 2007 жылы ҚР Халықаралық полициясының іздеуінде болған «Ауди-В4» автокөлігі жеткізілді», - деді ПД Жол полициясы басқармасының бастығы, полиция майоры Айдар Совет.

Роза Қалдыбекова
«Сақшы» газеті, №43, 18.11.2010



3-жаттығу. Мәтінді оқып, фонетикалық-фонологиялық норма арқылы жасалған сөздерді тауып, жасалу жолдарын түсіндіріңіз.

Бекер жатқан бекіре жоқ

Маңғыстау облыстық Ішкі істер департаментінің Табиғатты қорғау полициясы бөлімінің қызметкерлері республика көлемінде жүргізілген «Браконьер» жедел-алдын алу шарасы кезінде заңсыз ауланған 127 келі бекіре тұқымдас қызыл балықтарды тәркіледі. Қызыл балыққа көз тіккендердің арасында жергілікті тұрғындармен қатар, шетелдік азаматтар да бар.

Ақтау – Форт-Шевченко тас жолының 43-шақырымында «Нива» маркілі көлікті тоқтатқан полиция қызметкерлері салонда 25 жастағы Әзірбайжан елінің Нефечала елді-мекенінің азаматы мен оның жанындағы көлік жүргізушісі 44 жастағы ақтаулықтың отырғанын анықтайды. Автокөлікті тексеру барсында 28 бекіре тұқымдас балық табылған. Қарақшылардың қоржынынан табылған бекірілердің жалпы салмағы 67 келіні құрады. Дәл осы жедел шара кезінде маңғыстаулық Табиғатты қорғау полиция қызметкерлері «Құрық» кентіндегі теңіз жағалауынан осы ауылдың екі тұрғынын қолға түсірген. 8 бекіре тұқымдас балықпен қанжығаларын майлап үйлеріне қайтып бара жатқан 45 пен 30 жастағы кент тұрғындарынан тәркіленген бекірелердің жалпы салмағы 60 келіні тартады. Тексеру барысында сондай-ақ күдіктілерден «Прогесс-4» темір қайығы, балық аулайтын құрал-жабдықтар табылып, тәркіленген.

Қазіргі таңда бұл қарақшылардың барлығының үстінен қылмыстық іс қозғалып. Олар заңды жазаларын күтуде. Олардың мемлекетімізге келтірген шығыны 807 52 теңгені құрап отыр.

Гүлзайда Төлеуғалиева

Маңғыстау облысы

«Сақшы» газеті, №41, 4.11.2010

2.2. Лексикалық-семантикалық норма

Лексикалық-семантикалық норма дегеніміз – тілдің сөз байлығының түрлі стильдік-жанрлық тармақтарды мән-мағыналық тұрғыда дұрыс қолданылуы, яғни сөз бен сөз мағынасының сөйлеу процесінде түсінікті, әсерлі, орынды пайдаланылуы. Лексикологияның зерттеу объектісіне архаизм, историзм, неологизм, варваризм, профессионалдык, диалектілік, қарапайым, экспрессивті-эмоционалды, бейтарап, терминдік, лексикалар, олардың антонимдік, синонимдік, омонимдік, полисемиялық, фразелогиялық мағыналары жатады. Ал лексикалық норма дегеніміз – тілдің лексикалық қоры мен құрамының белгілі бір стильдік-жанрлық тармақта өз орнында, дұрыс қолданылуы. Мәселен, «Біз қарияға келіп сәлем бердік» деген сөйлемдегі «қария» сөзінің орнына орнына «кемпір» немесе «шал» сөздерін қолданып, «Біз шалға келіп сәлем бердік» десек, жасы үлкен адамға деген немқұрайды, жағымсыз эмоциямызды білдіріп тұрғанымыз болып шығады. Яғни бұл мысалда экспрессивті-эмоционалды лексика мен бейтарап лексика орынды қолданылып тұрған жоқ деген сөз. «Есепші жазғы ауа райының қандай болатындығын болжады». «Есепші әйел барлық шығынды алдыма жайып салды» деген сөйлемдердегі «есепші» сөзінің «ауа райын болжаушы» деген архаизмдік және «бухгалтер» деген қазіргі мағыналары бар.

«Көп жаудың албастысы, ел еркесі,
Баянның батырлығы Алашқа аян,
Баянның аруақты құр атынан
Көп қалмақ болмаушы ме еді «қорқақ қоян»
(М.Жұмабаев шығармалар, 1996,31-б.).

Мағжан өлеңіндегі «албасты» сөзінің қолданылуы да қазіргіден өзгеше мәнде. Демек сөздің архаизмдік, неологизмдік қолданысын да есте ұстанған жөн. Сонымен қатар тілдің түрлі лексикасы белгілі бір стильдік тармақта ғана қолданылады. Мысалы, архаизм, историзм, варваризмдер тарихи және көркем әдебиет стильдерінде, экспрессивті-эмоционалды, профессионалдык лексикалар, неологизмдер публицистикалық стильде терминдер мен бейтарап сөздер негізінен ғылыми-педагогикалық стильде көбірек кездеседі. Қарапайым (вулгаризм), варваризм, диалект сөздер-ауызекі сөйлеу тілі стиліне тәне нәрсе.

Семантикалық норма дегеніміз – сөздер мен тұрақты сөз тіркестерінің мән-мағыналарының, яғни синоним, антоним, полисемиялардың, олардың көркемдік-бейнелік әдістерінің

(метафора, метонимия, синекдоха) адам ой-пікірінің әсерлі де дәл, көркем де айқын болып берілуі. Сөздердің мән-мағыналары мен мағыналық құбылыстары белгілі бір стильдік тармақты актив түрде, келесі бір стильде пассив түрде қолданылса, үшінші бір стильде қолданылуы оынсыз, жөнсіз болады. Синоним, антонимдердің лексикалық және стильдік түрлері болатын белгілі. Ал синонимдерді автор жазу барысында таптаурындыққа (тавтологияға) ұрынбас үшін қолданылады. Бірақ публицистикалық, көркем әдебиет стильдерде синонимдер мен антонимдер жиі, көптеп қолданылғанмен, ғылыми-педагогикалық, ресми іс қағаздары стильдерінде лексикалық синонимдер мен антонимдердің қолданылуы – міндетті шарт. Сонымен қатар салалық терминдерде көп мағыналық (полисемиялық) болмау керек. Көркемдік-бейнелілік әдістер (метафора, метонимия, синекхода) – негізінен публицистикалық, көркем әдебиет стильдеріне және құбылыстар. Сөздердің семантикалық нормасының сақталуына дұрыс сөйлеу ережелері де кіреді. Дұрыс сөйлеу ережелері дегеніміз сөйлеу мелодикасының заң-ережелін сақтай отырып, сөйлеудегі, сөз тіркестеріндегі жекелеген сөздердің объективтік – логикалық мазмұндық мән мағыналарын ауызша және жазбаша сөйлеу барысында дұрыс қолдана білу. Мәселен, «Таз ашуын тырнадан алады» деген мәтелдің халық аузында «Қаз ашуын тырнадан алады», «тазы ашуын тырнадан алады» немесе «Ит ашуын тырнадан алады» деген варианттары бар. Соңғы 3 вариантында объективтік-логикалық тұрғыдағы қателік – «таз» сөзін «қаз, тазы, ит» деген сөзбен ауыстырып қолдану. Объективтік-логикалық қателік – қаздың да, тазының да, иттің де қанша ашуланса да, жыртқыш құс таз қарғадан ашуын ала алмайтындығын ескермеу. «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда – қазан» деген мәтелдің «жүз жылда – қазан» деген бөлігіндегі «қазан» деген сөздің жеміс-жидектің «пісіп таусылатын кезі» деген мағынасында түсініп, «ел жүз жылдан соң жойылады» деген мәнде түсіну бар. Дұрысы ұлы жазушы М.О.Әуезовтің түсіндіруінше, мәтелдің екінші өлігін тлық айтқанда «жүз жылда қазан жаңа» болуы керек, мақал-мәтел, жұмбақтарда кейбір сөздердің түсіріліп ашып айтыла беру дәстүрі бар. Оған дәлел-алғашқы мәтелде қара, екінші мәтелдегі жаңа сөздерінсіз қалыптасып қолданылуы. «жақсы жатып, жайлы тұрыңыздар» деген тілек, «Өндірістің тоқтап тұруының арқасында жұмысшылар айлық ала алмай отыр».

«Өндірістегі жаңа технологияның салдарынан завод өнімдері сапалы болып шыға бастады» деген хабарлар кездеседі. Алғашқы мысалдағы, тілектегі қателік жайлы жатқан адамның жақсы тұратындығын ескермеу, 2,3 –мысалдардағы «арқасында, салдарынан» деген сөздер бір-бірінің орнына ауыстырылып қолданылуы қажет «Қазақстанда маңызы бар аурулардың бірі – тұмау» («Қазақ радиосы», 21.12.2000ж. сағ. 11.20-дағы хабар) деп тұмауды «маңыздандыратынымыз» бар.

Лексикалық норма – әдеби тілдің жалпыға ортақ сөз байлығының қалыптасқан тұлғада, жалпыға ортақ мағынада жұмсалуды. Нормаға түскен сөз сол қалпында қатып қалмай, әдеби тілдің талабына лайық, заңды өзгеріске ұшырап отыруы да мүмкін. Лексикалық нормаларды сақтау - сөздерді іріктеп, сұрыптап, талғаммен қолдану. Сөйлеу мәдениетінде ойдың дәлдігі, сөздің анықтығы, тазалығы, көңіл- күйге әсер ететін шынайылығы, көркемдігі аса маңызды. Р.Сыздық «Лексикалық норманы сөз еткенде, әңгіме жеке сөздердің қолданысқа түскендегі дұрыс-бұрыстығы, оңды не сәтсіздігі туралы болмақ. Бұл – қиын шаруа, өйткені сөздердің барлығы бір қалыпқа түсіп, бір үлгімен жұмсалмайды. Қолданысқа келгенде, әр сөздің «бас бостандығы», әр сөздің «өз қылығы» болады» деп, тіл нормаларының ішінде лексикалық норманың атқаратын жүгінің ауырлығын атап өтеді. Лексикалық норманы сөз еткенде актив сөздік қор, пассив сөздік қор мәселелерін ұмытпау керек. Өйткені пассив қордағы сөздерді қолдану қазіргі тілдік нормаға қайшы келмегенімен ауызша сөйлеуші әдеби тілдің жалпыға түсінікті нұсқаларын қолданғаны абзал. Лексикалық нормалар адресантқа көбіне түсіндірме сөздіктер арқылы жеткізіледі. Түсіндірме сөздіктер бір жағынан оқырманның сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын анықтауына мүмкіндік беретін анықтамалық құрал болса, екінші жағынан, ол тілдегі лексиканың нормативтік сипаттамасы бола алды. Халық тілінде бар сөздердің көпшілігі әдебиетте жиі қолданылып, жалпы халықтық нормаға айналды да, бірқатары қолданудан қалып қояды немесе өте сирек қолданылады. Сөйлеу тілінде бар біраз сөздер әдебиетте кездескенімен, әдеби нормаға жатпайды. Сол сияқты сөздерді қолдану барысында да лексикалық нормалардың сақталғанын немесе сақталмағанын айыру оңай емес. Лексикалық норма сақталды ма, сақталмады ма дегенді субъективті көзқарас тұрғысынан болжамай, әдебиетте жалпы халыққа бірдей ортақ

байлық ретінде жиі қолдана ма, жиі қолданылмай ма деген тұрғыдан болжау керек. Лексикалық нормалар мен сөйлеу тілі тығыз байланыста болғандықтан, сөйлеу тілінде олар қаншалықты ауытқып, құбылатындығын ескерген дұрыс. Әдеби тілдің лексикалық нормасына жатпайтын сөздерге диалектизмдер, ел аузында өзгеріске ұшыраған дөрекі сөздер т.б. жатады. Кейбір сөздердің әдеби тілдегі орныққан мағынасы бірнешеу болса, қарапайым сөйлеу тілінде нормаға жатпайтын басқа да мағынада жұмсалуды ықтимал. Мысалы, «тіл» дегенді адамның, жан-жануардың дене мүшесі, адамның сөйлеу құралы деп түсінсек, сөйлеу тілінде оны «сөз» дегеннің де орнына қолданады. Қазақ тіліндегі көптеген сөздер әдеби тіл қатарына жатады. Әдеби тілге жататын бірліктерді пайдалану арқылы ғана әдеби норманы тұрақтандыруға болады.

Әдеби тілдің лексикалық нормасына жатпайтын сөздер мыналар: **Диалектизмдер.** Бірқатар сөздер жалпы халыққа бірдей түсінікті болмай, тек кейбір облыстағы, кейбір аудандағы қазақтардың сөйлеу тілінде кездеседі. Олар жер-жерде әдеби тілде бар сөздердің орнына жұмсалуды да мүмкін. Мысалы: сым, бадыран, сүлгі, тегеш.

Профессионализм. Жергілікті халықтардың кәсібіне, шаруашылығына байланысты сөздері болады. Мысалы, Каспий, Арал, Балқаш өңіріндегі балықшылар тілінде басқаларға түсініксіз сөздер көп. Сондай-ақ, бау-бақша, мақта, күріш шаруашылықтарымен кәсіп ететін оңтүстік аудандарда сүдігер, көшет, әңгелек, масақ, собық, қарық, атыз тәрізді сөздер бар.

Мұндай кәсіби сөздердің әдеби тілде баламасы болмаса, оларды әдеби нормаға айналдырып, әдеби тілдің байлығын арттыруға болады. Мысалы, дақыл, собық, атыз, қарық деген сөздер бұрын әдеби тілде қолданылмайтын, қазір бұлар жиі кездесетін болды.

Дөрекі, былапат және **жаргон сөздер.** Бұлар – әдеби тілдің, жалпы тіл мәдениетінің ата жауы. Сондықтан олар әдеби тілдің лексикалық нормалары қатарынан орын алуы мүмкін емес.

Лексикада бірізділікті көбірек тілейтіндер – **терминдер.** Термин ілімі – әр алуан ғылым мен техника салаларына, олардың қызметіне байланысты терминдердің жиынтығы; термин жүйесі бір-бірімен ұғымдық, лексика-семантикалық, сөзжасамдық,

грамматикалық деңгейде байланысты болады. Терминдер жүйесін, оның мағыналық және грамматикалық ерекшеліктерін, сөзжасамдық сипатын, лебіздегі қызметін зерттейтін сала – терминтану делінеді. Терминнің негізгі ерекшелігі – ғылым мен техника саласы бойынша белгіленген ұғымның атауы болады, ерекше анықтамасы (дефинициясы) беріледі; логикалық жүйеге негізделген нақты семантикасы, лебізде келісілген қолданысы болады. Яғни атау терминдік жүйеге толықтай еніп, қолданыста жүйелі жұмсалы үшін, саналы түрде келісіледі, терімсөз комиссиясы бекітеді.

Термин табиғатына тән нәрсе – бірмағыналылық, дегенмен, бірмағыналылықты сақтау барлық жағдайда мүмкін бола бермейді. Өзге де тілдік бірлік сияқты терминдердің де мазмұны мен мағынасы бар: терминнің мазмұны – оның әуелгі терминдік түсінігі де, мағынасы – термин ретіндегі сипаты. Терминнің мағынасы мен мазмұны сәйкес келіп, бір-бірін анықтап, мағына мазмұнды ашуы тиіс.

Қазақ тіліндегі терминдер жүйесінің жасалуын:

1. Төл негіздер арқылы жасалған терминдер;
2. Шетел тілінен енген терминдердің баламалық негізде (калька) аударылуы арқылы жасалған терминдер;
3. Өзгеріссіз енген шетелдік терминдер – деп бөлуге болады.

Б.Н. Головин: «терминді екі түрлі қырынан көруге болады, ол белгілі бір затты және осы затқа тән белгілерді көрсететін ұғымды білдіреді», - дейді. Әр терминнің дәлдігі, ұтымдылығы-ұғымды және заттың атын білдіретін қызметін, ресми-іс, көркем, т.б. стильдегі мәтіндерді салыстырғанда анық байқалады. Демек, терминдер екі түрлі қызмет атқарады: ол ұғымның танымын, әрі ұғымның мазмұнын білдіреді.

Термин – ғылымның, жинақталған білімдердің негізгі құрамдас бөлігі, ол заттың немесе құбылыстың жалпы қасиеттеріне негізделіп, белгілеріне қарай қысқа да түсінікті болып келеді. Термин – сөз, сондай-ақ, белгілі бір ғылыми ұғымды білдірумен қатар өзінің нақты ерекшелігі болады. Ғылыми еңбектерді саралау нәтижесінде ғылыми тілдің терминологиялық және ұғымдық айқындығына әлі жете зерттелмегендігі (И.Н. Нұғыманов)

анықталды. Әр пәннің тілі, яғни оқулық тілі ғылыми тілдің синонимі ретінде қолданылады. Кез-келген ғылыми тіл – табиғи тіл негізінде қалыптасып, ғылымның қажеттілігін қанағаттандыру үшін жинақталған білімнің көрінісі.

Көптеген лингвистер ғылыми тілді-жалпы әдеби тілдің әр түрлі қызметінің бір түрі деп түсіндіреді. Сонымен қатар лингвистер ғылыми тілдің 3 қабатын бөледі: 1) терминологиялық емес лексика; 2) жалпы ғылыми лексика; 3) терминологиялық лексика.

Д.С.Лоттенің еңбектерінде терминдердің лингвистикалық қыры терең зерттелген. Терминологиялық жүйедегі терминдерде белгілі бір талаптар қойылады. Д.С. Лоттенің көрсетуі бойынша ол талаптар: терминнің дәлдігі, жүйелілігі, түсініктілігі, қысқалылығы т.б.

Білімгерлердің ғылыми тілмен сөйлеу дағдыларын дамытып жетілдірудің, пәнге қызығушылығын арттырудың ең басты негізгі жолдарының бірі - ғылыми мәтінмен тиянақты талдау жұмыстарын жүргізу.

Сұраққа жауап беріңіз.

1. Лексикалық норманың жасалу жолдарына тоқталыңыз.
2. Диалект, жаргон сөздер туралы баяндаңыз.
3. Терминнің түрлері мен ерекшеліктеріне тоқталыңыз.
4. Терминнің жасалу жолдарын баяндаңыз.
5. Терминнің жасалу ерекшелігін айтыңыз.



4-жаттығу. *Өлеңді мәнерлеп оқып, лексикалық нормада жасалған сөздерді тауып, жасалу жолын түсіндіріңіз.*

Әлемді түгел көрсе де

Әлемді түгел көрсе де,
Алтын үйге кірсе де,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де
Қызыққа тоймас адамзат.
Әлемді түгел білсе де,
Қызығын қолмен бөлсе де,

Қызықты күні қырындап,

Қисынсыз күйге түссе де,
Өмірге тоймас адамзат.
Жақындап ажал тұрса да,
Жанына қылыш ұрса да,
Қалжырап, көңілі
қарайып, Қарауытып көзі
тұрса да - Үмітін қоймас
адамзат.



5-жаттығу. Мәтінді оқып, семантикалық нормада жасалып тұрған сөздерге талдау жасаңыз.

Қоғамның тірегі – тәртіп

Елбасы Н.Назарбаевтың биылғы Жолдауы ішкі істер органдарының қызметін жаңа тұрпатта қалыптастыру міндеттерін қойды. Басты өлшем – жұмыстың түпкі нәтижесімен бағаланады. Жолдау қағидаттарын түсіндіру және насихаттау жөніндегі республикалық ақпараттық-насихат тобын басқарып келген Ішкі істер министрі С.Баймағанбетов департаменттің жеке құрамымен өткізілген кеңесте біздің алдымызға тұжырымды тапсырмалар қойды. Осыған сәйкес, облыс аумағында қылмыстың жолын кесу және азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету бағытында соны серпін танытатын боламыз.

Талдамалы мәліметтерге жүгінсек, тіркелген қылмыстардың ашылу деңгейі 78,8 пайызға көтерілді. Онымен қоса, бұрынғы жылдардың қалтарысында қалған 135 қылмыс ашылып, тергеу және сот орындарынан бой тасалап жүрген 290 қылмыскер құрықталды және хабар-ошарсыз кеткен 154 адам табылды. Өткен жылы тергеу өндірісінде 7900-ға жуық қылмыстық іс болса, оның 5 мыңға жуығы соттың қарауына жолданды. Яғни, өндіріске алынған істердің сапалы әрі мерзімінде тергелуіне қол жеткізілді деген сөз.

Бір мысал келтіре кетейін. Көкшетау қаласындағы 8 жасар бүлдіршіннің өлімі жұртшылықты қатты алаңдатып еді. Көнігі қылмыскерді құрықтауға көп күш-жігер жұмсалып, кәсіптік шеберлігіміз сынға түсті. Ақыры, ол 24 жылға бас бостандығынан айырылды.

Облысымыз ауыл шаруашылықты өңір болғандықтан орын алатын қылмыстардың сипаты да осыған сәйкес келеді. Олардың бірі – мал ұрлығы. Жалпы алғанда, мұндай қылмыстардың саны едәуір кемігенімен, бұл мәселе күн тәртібінен түспек емес. Сондықтан, жергілікті басшылармен, шаруа қожалықтарымен және ең бастысы, ауыл тұрғындарымен бірлескен шараларға ерекше назар аударудамыз. Ұрлықтың жолын кесу мақсатында ен-таңба салу, құжаттандыру мәселесіне, малдарды қараусыз қалдырмауға,

бақташылармен келісім-шарт жасасуға айрықша мән берудеміз.

Осы жылы Зеренді аудандық соты ірі көлемде жылқы ұрлаған Қоныспай ауылының тұрғыны Қ. деген азаматты 9 жылға бас еркінен айыруға үкім шығарды. Барымташыны қолға түсіру оңайға түспегенін айту қажет. Із кесушілеріміз оны Шығыс Қазақстан облысының Қытаймен іргелес таулы аудандарында жасырынып жүрген жерінен ұстады. Тергеу барысында, баукеспенің соңғы екі жылда табыннан 150 бас малды қолды қылғаны анықталды. Бір өкініштісі, мал иелері осыған дейін дабыл қақпаған.

Есірткі заттарын сақтау, оны тарату және саудалауға қатысты 393 қылмыс әшкереленсе, мұнан басқа 400-ге жуық құқық бұзушылық анықталып, айыпкерлер жауапкершілікке тартылды. Заңсыз айналымнан 300 килоға жуық апиын тәркіленіп, жойылды. Біз қылмыстарды әшкерелеп қана қоймай, алдын алу шараларын өткізуге ынталы болып отырмыз. Әсіресе, жастарды саламатты өмірге тәрбиелеу мақсатында мүдделі мекемелермен бірлесіп жоғары, арнайы орта оқу орындарында, еңбек ұжымдарында түрлі акциялар, семинарлар, лекциялар, дөңгелек үстелдер, байқаулар, спорттық және мәдени шаралар өткізілуде. Зиянды әдеттен аулақ болуға үндейтін көрнекіліктер, әдебиеттер, ғылыми-танымдық бейнероликтер дайындалып, жұртшылық назарына ұсынылуда.

Қоғамның тірегі – тәртіп. Ендеше, оны қамтамасыз етуге тиісті кешенді күштерді, озық әдіс-тәсілдер мен техникалық құрылғыларды нығайта түсу қажет. Осыған орай, облыс орталығындағы патрульдік полиция қызметіне 148 штаттық бірлік қосымша беріліп отыр. Қалалар мен аудан орталықтарында “Арлан”, “Сақшы” экипаждары қырағылық танытуда. Мақсат – қызмет көрсету аумағын кеңейту арқылы құқық бұзушылықтың алдын алуға, қылмыстардың ізі суымай ашылуына мүмкіндік тудыру. Біз, сондай-ақ, Көкшетау қаласында полицияның “Квадрат” деп аталатын жаңа жұмыс әдісін қолға алдық. Осыған байланысты, жергілікті әскери бөлімшенің жауынгерлері, ПД аппаратының жедел қызметке жатпайтын қызметкерлері, мемлекеттік күзет қызметі басқарамасының және жеке меншік күзет фирмаларының өкілдері де кезекшілікке шығуда. Аталған тәжірибенің қайтарымы ретінде көше қылмысының күрт кемігенін айтуға болады.

Департаментімізде осыдан үш жыл бұрын жедел басқару орталығы іске қосылған болатын. Ал, бүгіндері көшелер мен

қоғамдық орындарда бейнебақылау құралдары көптеп орнатылды. Осының арқасында қаланың шеткері аймақтары да бақылауда ұсталып, оқиға орнына жедел жетуге мүмкіндік туды. Мәселен, осындай қырағы “көздердің” арқасында жүздеген құқық бұзушылықтың, 343 ауыр қылмыстың жолы кесіліп, 23 жол-көлік оқиғасын әшкереледік. Жуырда, орталық базар аумағында кәсіпкердің көлігіне оқ атылып, жарақат алғаны, қарақшылар 3,5 миллион теңге ақшасын ұрлағаны жөнінде хабар тарады. Шындығында, кәсіпкер қарызын жасыру мақсатында қитұрқылықты өзі ұйымдастырған. Қылмыстық әрекет жедел басқару орталығының экрандарында тайға таңба басқандай көрініп тұрды.

Ел тыныштығын сақтауда қоғамдық құрылымдардың ықпалы орасан. Ерікті халық жасақшыларына қатысты үрдіс қайтадан жаңғыртылды. Бүгінде облыс аумағында осындай 250 құрылым болса, олардың қатарында 1500-дей ерікті белсенділік танытуда. Әсіресе, елді мекендердегі “Сарбаздар” тобының, Бурабай ауданының Обалы ауылындағы ақсақалдар кеңесінің, Щучье қаласындағы индустриалды-педагогикалық колледжіндегі жастар жасағының, тағы басқа өзін-өзі басқару құрылымдарының жұмысы басқаларға үлгі боларлықтай. Ал, облыс орталығындағы Ш.Уәлиханов, А.Мырзахметов атындағы университеттер, “Арна” және медициналық колледж сияқты бірқатар оқу орындарының студенттері биыл жедел отрядтарға бірікті. Мұндай құрамалар тек көшелерде ғана емес, жастардың ойын-сауық орындарындағы, жатақханалардағы, оқу орындарындағы тәртіпті қадағалауға ынталы болып отыр.

Қоғамдық тәртіпті нығайтуда жаңадан құрылған консьержілер институтының орны бөлек. Полицияның, нақтырақ айтқанда, учаскелік инспекторлардың сенімді көмекшілеріне айналған олар өздері тұратын көп қабатты үйлердің ауласындағы, дәліздеріндегі тәртіптің сақталуын қадағалаумен қатар, жұмысымыздың жеделдігін қамтамасыз етуге септесуде. Қоғамдық көмекшілердің қатысуымен 280-нен астам қылмыс әшкереленіп, 1707 құқық бұзушылықтың жолы кесілді. Тәртіп күзетінде көзге түскен 618 азаматқа 3 миллион 100 мың теңге көлемінде ақшалай көмек көрсетілді.

Ерікті тәртіп сақшыларының бір тобын жеке құрам алдында қошеметтеп, марапаттадық. Олардың қатарында облысымыздың ауыл аймақтарынан келген Байдалы Бозымбаев, Қазыбек Зәкенов, Олег Титаренко, Кенжебай Матжановтар бар. Сандықтау

ауданындағы Каменка ауыл әкімдігінің жастар ісі жөніндегі маманы О.Титаренко жергілікті учаскелік инспектормен бірлесіп талай игі істердің ұйытқысы болды. Ол ауыл жастарын белсенділікке шақыра отырып, бірнеше ұрлықтың ашылуына ықпал жасады. Ал, зеренділік Байдалы Бозымбаев ауыл жастарын атқа қондырып, ара-тұра кездесетін келеңсіздіктердің жолын кесуде. Олардың ұсынысымен көпшілік талқысына түскендер енді қайтып заң бұзушылыққа жоламасы анық.

Жалпы, қылмыс атаулымен күресте жұмыстың ашықтығы, қоғамдық күштермен тығыз байланыс өзара сенім қалыптастырып, тиісті нәтижелерге бастайды. Билік тарапынан жасалып жатқан көмекке де ризамыз. Өткен жылы жаңа 60 автокөлік пен қар үстінде жүретін 2 ұшқыр шана алсақ, қала көшелеріне қосымша 8 бейнебақылау орнатуға қаржы бөлінді. Сонымен бірге аудандық бөлімдермен шұғыл байланысты қамтамасыз етуде заманауи ІР байланыс жүйесі енгізілді. Мұның тиісті қайтарымы болатындығы сөзсіз.

(Тілеген МӘТКЕНОВ, "Егемен Қазақстан", 2010 жылғы 12 мамыр)

3-мәтін. Заңдылық пен құқықтық тәртіптің мәселелері

Заңдылық-заңдардың, басқа да нормативтік-құқықтық актілердің Республика аумағында мүлтіксіз және дәлме-дәл орындалуы. Заңдарды сақтайтын, орындайтын, жүзеге асыратын мемлекет органдары, ұйымдары, мекемелері, кәсіпорындары, лауазым иелері, азаматтар, қоғамдық бірлестіктер. Егер аталған субъектілер заңдарды мүлтіксіз орындаса қоғамда, мемлекетте заңдылық үстемдік етеді деп айтуға болады. Егер заңдар орындалмаса, бұзылса, қоғамда заңдылық бұзылды деп айтады. Заңдылықтың сақталуы, үстем болуы – қоғам өмірінің тұрақтылығының алғы шарты. Заңдылық бұзылса, демократияға, адамдардың құқықтары мен бостандықтарына зор нұқсан, зиян келтіріледі, қоғамдық тәртіп бұзылады.

Заңдылық қағидаттары (принциптері) - заңдылықтың мазмұнын ашатын, білдіретін негізгі идеялар, негіздер (бастаулар). Бұларға жататындар:

а) заң үстемдігі - ең жоғарғы акт ретінде бүкіл нормативтік актілердің және құқықты жүзеге асырудың бүкіл актілерінің заңға бағыныштылығы;

ә) заңдылықтың тұтастығы (жалпыға бірдей міндеттілігі) – белгілі бір мемлекеттік бүкіл аумағында құқық шығармашылығы мен құқықты жүзеге асырудың құқықтық қатынастардың субъектілері қызмет атқаруларының бірыңғай бағыттылығы.

б) заңдылықтың мақсаттылығы - қоғамның мақсаттары мен міндеттеріне сай келетін, өзі ең қолайлы әрі қатал түрде заң аясынан шықпайтын құқықтық әрекеттер нұсқасын таңдап алудың қажеттілігі;

в) заңдылықтың іске асатындығы - барлық қызметтердің түрлерінде құқықтық нормалардың орындалуына шын мәнісінде жету және қандай да болсын құқық бұзушылық үшін жауапкершіліктен құтылмайтындықтың орнығуы.

Заңдылық Қазақстан аумағының барлық жерінде біртұтас құбылыс болып орнауы қажет. Мемлекеттің әр жерінде әр түрлі заңдылық болмайды. Алматының өз заңдылығы, Семейдің өз заңдылығы - бірінен-бірінің ерекшелігі болуы мүмкін емес. Егер олай болса, қоғамда тәртіпсіздік, бассыздық орын алатын болады. Заңдылық барлық Республика аумағында тұтас орнатылуы тиіс. Заң Батыс Қазақстанда сақталып, Шығыс Қазақстанда сақталмайтын, мойындалмайтын болса, ол заңдылықты бұзған болып саналады. Заңдылықты мақсаттылыққа қарсы қоюға болмайды. Себебі кез келген заң бір мақсатқа жету үшін жасалады. Заңдылықтың бұзылуының бір себебі – оны мақсаттылыққа қарсы қою. Жергілікті жердің ерекшелігін немесе басқа жағдайларды сылтауратып, заңды бұзушылыққа жол берілмеуі керек.

Заңдылықты нығайту үшін кепілдіктер қажет. Олар: а) экономикалық кепілдік – қоғам шаруашылығының деңгейі жоғары болып, заңды жүзеге асыру үшін қаражат жеткілікті болуы керек; ә) саяси кепілдік – мемлекет органдары заңға сүйене отырып, өзіне тапсырған қызметті оралымды, тиімді істеуі қажет; б) құқықтық кепілдік – заңдарды үнемі жетілдіріп отыру, заңды бұзушылықтың

алдын алу, сот әділдігін жүзеге асыру, жауаптылықтан бұлтартқызбау, әлеуметтік бақылау, т.с.с.

Қоғам тәртіпке негізделіп, арқа сүйеп қалыптасып, өмір сүре алады. Қоғамда тәртіп болмаса, ол құлдырайды, қирайды, оның келешегі болмайды. Мұны адамдар ежелден-ақ жақсы түсінген.

Сондықтан да қоғамда тәртіп орнатудың жолдарын қарастырған. Қоғамдағы тәртіп түрлі әлеуметтік нормалардың, былайша айтқанда, адамдардың мінез-құлқын реттейтін қағидалардың әсерімен яғни күшімен орнатылады.

Әлеуметтік нормалардың ең негізгісі, алғашқы пайда болғаны әдет-ғұрып, дәстүр қағидалары. Әр халықта олар ежелден-ақ қалыптасқан. Қазақ халқы әдеттерінің заң түрінде күші болған, "Қасым ханның қасқа жолы", "Есім ханның ескі жолы", "Тәуке ханның Жеті жарғысы" – бұлар негізінен әдеттік заңдардың жинақтары. Осындай әдеттердің күшімен қоғамда тәртіп орнатылған.

Әлеуметтік нормалардың маңызды түрі - әдептік нормалар. Әдептік нормалардың құқықтық сипаты болмайды. Олар адамға құқық бермейді, міндет жүктемейді. Олар адамның ар-ұятын, намысын қалыптастырып, солар арқылы қоғамдық тәртіп орнатуға ұйытқы болады. Әдептік нормалар құқықтық нормаларға түрткі, негіз болып отырады. Құқықтық нормалардың басым көпшілігі әдептік нормалардан нәр алады, соларға арқа сүйейді. Неғұрлым құқықтық нормаларға әдептік нормалар арқау болса, соғұрлым заңдардың әділеттік, адамгершілік мәні жоғары болады.



Мәтін мазмұны бойынша тапсырмаларды орындаңыз.

1-тапсырма. Мәтінді оқып, жоспар құрыңыз, мазмұнын баяндаңыздар.

2-тапсырма. Зандылық қағидаттарына тоқталып, ғылыми түсінік беріңіз.

3-тапсырма. Мәтіннен тірек сөздерді табыңыздар. Олардың

мәтін мазмұнына қатысын анықтаңыздар.



1-жаттығу. Қоғам тәртіпке негізделіп, арқа сүйен қалыптасып, өмір сүре алады. Қоғамда тәртіп болмаса, ол құлдырайды, қирайды, оның келешегі болмайды деген сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыздар.



2-жаттығу. Мақал-мәтелдерді жалғастырыңыз.

1. Ат адамның ...,
Ас адамның
2. Ықыласпен берген су да
3. Ас тұрған жерде ауру
4. Ер азығы мен бөрі азығы....
Наданмен дос болғанша,.....
5. Ғылыммен жақын болсаң,,
Залыммен жақын болсаң,.....
6. Алтын..., білім....

Керекті сөздер: Тұрмайды, жолда, қанаты, қуаты, басың кетер, ас, кітаппен дос бол, қолың жетер, алма, ал,

3-жаттығу. Профессионализм сөздер мен терминдерді тауып, жасалу жолын түсіндіріңіздер.

4-жаттығу. Сөйлемді мәтін бойынша аяқтаңыз.

Егер заңдар орындалмаса, бұзылса, қоғамда
 Заңдылықтың сақталуы, үстем болуы –
 Заңдылық бұзылса, демократияға, адамдардың құқықтары мен бостандықтарына зор нұқсан, зиян келтіріледі,
 Әдептік нормалардың құқықтық сипаты Олар адамға құқық бермейді, міндет Олар адамның ар-ұятын, намысын қалыптастырып, солар арқылы қоғамдық тәртіп орнатуға

6-жаттығу. Мәтінді оқып, лексика-семантикалық нормада жасалып тұрған сөздерге талдау жасаңыз.

Қаракшылардың әрекеті іске аспады

Алматы қалалық ІІД ұйымдасқан қылмыспен күрес басқармасы мен “Арлан” арнаулы бөлімшесінің қызметкерлері үшін наурыз айының соңғы күнінің қиындығымен қоса, жетістігі мен қуанышы

да мол болды. “Қазкоммерцбанктің” қауіпсіздік қызметі өкілдерінің хабарын алған бойда, шұғыл түрде банкке жеткен олар жеке кәсіпкер мен оның әпкесін бес жастағы қызымен бірге қарақшылар қолынан құтқарып алды.

Бұл оқиғадан бұрын да ауыр қылмыстарға барып, жауапқа тартылған қарақшыларды құрықтау, айтуға оңай болғанымен, іс жүзінде, әрине, оңай соқпағаны сөзсіз. “Қылмыскерлер қайткенде де өздері көздеген арам ойлы мақсатына жетпек болып, барынша қарсылық көрсетті”, дейді ұйымдасқан қылмыспен күрес басқармасының бастығы, полковник Козлов. Оқиғаның қауіпті жағдайға ұласуына тағы да аңғалдық себеп болған тәрізді. Электр құрылғыларын жөндеумен айналысатын жеке кәсіпкер мен оның жиырма бес жастағы әпкесі қарақшылар қолына байқаусызда түскен. Өздерін “клиентпіз” деп таныстырған қарақшылар мамандарды алдын-ала жалға алған үйге алдап шақырған. Пәтерге алғаш кірген Романды олар бірден соққыға жығып, сыртта жеңіл мәшинеді оны күтіп отырған апасы мен оның бес жастағы қызын үйге шақыруға бұйырады. Жас әйел мен оның қызын қозғалмайтындай етіп байлап тастаған бұзақылар, кәсіпкер жігітке өздерімен бірге банкке барып, оның өз есеп-шотынан 17 миллион теңге алуын бұйырады.

Біршама уақыттан бері оларды сырттай бақылап жүрген қарақшылар, олардың әкелерінің үйін сатып, ауқымды қаражатты иеленгендігінен хабардар болатын. Суық қару мен және әлдебір сұйық толтырылған шприцтері бар қылмыскерлер кәсіпкер жігітті “егер айтқанымызды орындамасаң, онда әпкеңе және оның кішкене қызына инъекция арқылы СПИД-қатерлі дертін жұқтырамыз” деп үрейін алып, қорқытқан. Бауырларының өмірі үшін қатты алаңдаған жігіттің олардың бұйрығына көнбеске амалы да қалмағандығы белгілі. Бір құптарлығы, Роман банкке келгеннен кейін өзін және бауырларын қылмыскерлер қолынан құтқарудың ең ұтымды амалын тапқандай болады.

Есеп-шоттан ақша алуға арналған қағазды толтырып тұрып, оның астына қарақшыларға байқатпай “мен қарақшылардың нысанасында тұрмын, туыстарыма да үлкен қатер төніп тұр” деп жазып береді. “Бұл орайда, әрине “Қазкоммерцбанктің” операциялық бөлімі қызметкерлерінің және бөлім бастығының, банктің қауіпсіздік қызметі өкілдерінің кәсіби шеберлігін, өз істеріне деген жоғары жауапкершілігін атап өту қажет” – дейді Алматы қалалық

ІД баспасөз қызметінің жетекшісі Салтанат Әзірбек.

Сөйтіп, Ұйымдасқан қылмыспен күрес басқармасы мен “Арлан” арнаулы бөлімшесі өкілдерінің шұғыл да батыл қимылы нәтижесінде қылмыскердің бірі пәтерде, өзгелері банктің ішінде қолға түсті.

*Бақыт Балғанова,
Егемен Қазақстан, 2010 жылғы 14 сәуір*

2.3. Морфологиялық норма

Морфологиялық норма дегеніміз – тіркескен, байланысқан сөздер аралығындағы қосымшалар мен көмекші сөздердің сөз мән-мағынасы мен сөйлем мазмұнын дұрыс жеткізуде орынды қолданылуы. Морфологиялық норма – жалғаулардың, жұрнақтардың, шылаулардың өз орынды жалғануы мен тіркелуі. Мысалы: 1) «бірқатар елдер сынақ аймақтарының салдарына қызығушылық білдірді» («Қазақ радиосы». 20.12.2000ж.); 2) жалаң, жайылма сөйлемдер; 3) халықтық банкі; 4) Айтысқа республикамыздың түпкір түпкірінен 14-ке жуық ақындар қатысады (радиохабардан) 1-мысалда «бірқатар» деген сөз көптік категорияны білдіргендіктен, «ел» сөзіне көптік жалғауды жалғаудың қажеті жоқ, малдың санын айтқанда, мәселен, 20 қойлар демейтініміз секілді. 2-мысалдағы қателік – жалаң сөйлем және жайылма сөйлем немесе жалаң және жайылма сөйлемдер болып айтылып – жазылмағандығында. 3-мысалдағы тәуелдік жалғаудың III жақ формасы –і артық. Бұл форма тіркес құрамында өзінен бұрын ілік септікті сөз тұрғанда ғана қолданылады, мысалы, Қазақстан Республикасының халықтық банкі. 4 –мысалда «жуық» сөзі және – дар жалғауы артық. Себебі ақын саны 14 болса, жуықтаудың, болжаудың және көптік жалғауының қажеті жоқ.



7-жаттығу. Мәтінді оқып, мәтіннен морфологиялық нормада жасалған сөздерді тауып, жасалу жолдарын түсіндіріңіз.

250 азаматты «арбаған» әйел

Алматы облысының полицейлері ел аман, жұрт тынышта 250 азаматты алдап, қыруар қаржысын қолды еткен бір келіншекті қолға түсірді.

Оқиға Алматының іргесіндегі Қарасай ауданындағы Шамалған ауылында болған. Оңай олжа табуды армандаған Салтанат есімді келіншек бір күні ауылдастарын жинап, «мен сендерге тұрғын үй салатын жер телімін алып беремін» деп уәдені үйіп-төгеді. Аңқау ауылдастары Салтанаттың жалаң сөзіне сеніп, жылдар бойы жиып-терген қаржыларын оның қолына ұстатады. Сөйтіп, арамза әйелдің арбауына түскендердің саны бүгінгі күні 250-ге жетіпті. Кеше Қарасай аудандық ПД ғимараты алдына Салтанаттың әрекетінен жапа шеккен тұрғындар жиналып, шағымдарын ашық білдірді. Серік ШОРАЯҚОВ, - Мен Шамалған ауылының жергілікті тұрғынымын. Салтанатты танымын. Ол бұдан біраз жыл бұрын осы аудандағы Қайнар ауылында мектеп директоры болды. Екі баласы бар, күйеуі жоқ. Салтанаттың ағайындарынан екі інісін, бір сіңлісін білемін. Олардың отбасы ауқатты, ауылда белді адамдар. Тұрмыс жағдайлары да жақсы. Салтанаттың өзі астында есік пен төрдей аппақ «джип», кейде тағы басқа қымбат бағалы шетелдік көлік мініп, арлы-берлі жүйткіп жүретін. 2007 жылы сол Салтанаттың өкілі Абдуллин Мұрат «Салтанат жер телімдерін сатады. Екі аптада жер телімдерін аласыңдар» деген соң, еш секем алмадым. Қалада тұратын ағамды жаныма көшіріп алмақшы болдым. Сөйтіп, ағама, өзіме және 20 жастағы қызыма арнап үш жер телімін алу үшін 30 мың АҚШ долларын бердім. Содан екі аптадан соң бізге бірсыпыра мемәктілерін көрсетіп: «Бұл жер телімдері қазір шаруа қожалығының атында, сондықтан да қазір бұл жер жекешеге аударылып жатыр» деді. Арада біраз уақыт өткенде ақшаларын өткізген адамдарды жинап: «Жер берілмейтін болды, сондықтан ақшаларыңды қайтарып береміз» деп үміттендірді. Міне, содан бері де екі жылдан астам уақыт өтті. Не жер телімі жоқ, не ақшамыз жоқ.

Аққағаз МАМҰРАТОВА, - Мен Салтанат Қонақованың Тәжігүл есімді өкіліне 2005 жылы жер телімін алу үшін екі мың долларды бүкіл құжаттарымның көшірмесімен қоса тапсырдым. Содан бері қарай аптасына екі рет жиналыс ашып, әр кездесуде «жерді жақында беремін» деп уәде етіп жүрді. Ал бірде «БТИ-да істейді» деп бір жігіттерді алып келіп, «міне, құжаттарыңыз дайындалып жатыр» деді. Салтанаттың жанында Жұмабай,

Тәжігүл, Рая, Мұхтар есімді адамдар болды. Ол ақшаны осы адамдар арқылы жинады. Бірде Салтанат Шамалған ауылындағы Щорс көшесінен төмен жақтағы жер телімдерін бізге көрсетіп, «міне, мына жер телімдері бөлініп жатыр» деп 250 адамның тізімі мен әлдебір мемәктілерді көрсетті. Содан «әне болады, міне боладымен» жылдар өтті. Біздің білетініміз, Салтанаттың көмегімен жер алған біраз адам болды. Біз сондықтан оған сендік. Салтанаттың кесірінен үйде күнде ұрыс-керіс. Енді не істерімді білмей, басым қатты. Құзырлы органдар бізге көмектессе екен.

Кеше осы оқиғаға байланысты БАҚ өкілдерімен кездескен Алматы облысы ІД бастығының тергеу ісі жөніндегі орынбасары, полиция полковнигі Берік Қожамбердиев: - Осы жылдың қаңтар айының басында біздің департаментке Қарасай ауданындағы Шамалған ауылының бір топ тұрғындары, осы ауылдың тұрғыны, 1973 жылы туған Қонақова Салтанат деген азаматшаның «жекеменшік тұрғын үй салуға жер телімін алып беремін» деген желеумен олардың қыруар қаржысын үптеп кеткендігіне байланысты шағым түсірді. Осы арыз бойынша үстіміздегі жылдың 15 қаңтарына дейін тексеру жүргізген облыстық ІД тергеу басқармасының қызметкерлері ҚР Қылмыстық кодексінің 177-бабының 3-тармағы бойынша қылмыстық іс қозғады. Қазір арнайы тергеу тобы құрылып, іске кірісті. Тергеудің алғашқы кезеңінде 2005-2008 жылдары аралығында Салтанат Қонақованың арбауына 250 тұрғынның түскені және оның осы тұрғындардан 840 мың АҚШ доллары көлеміндегі қаржыны алаяқтық жолмен алғаны толық анықталды. Сөйтіп, азаматша С.Қонақова күдікті ретінде қамауға алынды. Қазір тергеу амалдары жүргізілуде. Егер осы қылмыстық іс бойынша шағымданушылар болса, Қарасай аудандық ІБ 2-98-34-22 және Алматы облыстық ІД кезекші бөліміне (7282) 60-80-07 телефондарына хабарласуын сұраймыз, - деп мәселенің мән-жайын жан-жақты түсіндірді.

Жомарт МОЛДАХМЕТҰЛЫ
"Айқын"
газеті, 2010 жылғы 3 ақпан



8-жаттығу. Мәтінді оқып, мәтіннен морфологиялық нормада жасалған сөздерді тауып, жасалу жолдарын түсіндіріңіз.

МАИ-дың мазасыз түні...

Алматы облыстық ішкі істер департаментінің жол полициясы, «Айқын» газетінің қатысуымен, Талғар, Қарасай, Еңбекшіқазақ аудандары бойынша автокөлік жүргізушілердің жол жүру ережелерін сақтауын, құжаттарын тексеру мақсатында үшкүндік рейд өткізді. Рейдке басқарманың жоғары құрамдағы офицерлерінен бастап барлық автоинспекторлар тайлы-тұяғы қалмай шықты.

Алматы облысының аумағында өткен бір жылдың ішінде 161 жол оқиғасы тіркелген. Жол апаттарынан 52 адам қайтыс болып, 197 адам әртүрлі жарақаттар алған. Жол жүру ережелерінің сақталуын қадағалауды күшейту өз нәтижелерін берген сияқты, былтырғы жағдай алдыңғы жылға қарағанда біршама жақсарып қалған екен. Мәселен, соңғы жылдың көрсеткіші бойынша, жол апаттары 4,7, ал қайтыс болғандардың саны 22,3 пайызға төмендеген. Дегенмен әлі де жүргізушілердің тәртіп сақтамауынан, жол ережелерін бұзуының салдарынан жол апаттары жиі болып жатыр. Оның ең басты себебі де осы.

– Алматы облысында болған жол апаттарының басты себептері – көлікті шектен тыс жылдам жүргізу және көшенің қарсы бағытпен жүретін жағына шығып кету. Біздің сараптауларымыз бойынша, жол апаттарының 42,8 пайызы жылдамдықты үдетуден, 14,2 пайызы жолдың қарсы бетіне шығып кетуден және 12,1 пайызы көліктердің бір-бірінен озатын кездерінде болады. Түнгі уақыттарда шығатын мас жүргізушілердің жаяу жүргіншілерді қағып кететін фактілері жиі болып тұрады. Осы апаттардың алдын алу мақсатында жол басқармасының басшылығы бірқатар шараларды жасап та жатыр. Жол полициясының қызметкерлері үлкен жолдардағы қауіпті жерлерді анықтап, ондай жерлер инспекторлардың үнемі қадағалауында болады. Республикалық жолдардың бойында тұратын инспекторлардың санын көбейттік. Аудан орталықтары мен ірі елді мекендерге рейд жүргізуді жиілеттік. Осы ақпан айының басынан жиырмамыншы жұлдызына дейін 3958 жылдамдық режимін бұзған, 446 мас күйінде көлік жүргізген, 1049 жол маневрлеріне қатысты ереже бұзғандарды анықтадық.

Соның нәтижесінде жол апаттары былтырғымен салыстырғанда біршама азайды, – дейді Алматы облыстық ішкі істер департаментінің жол полициясы бастығының орынбасары Мұқан Досымбаев.

Алматы түбіндегі Гүлдала ауылына орналасқан облыстық жол полициясының аймақтық басқармасына кешкісін жиналған инспекторларға үшкүндік рейдті Талғар ауданынан бастауға тапсырма берілді. Жол полициясы қызметкерлерінің алдына қойылған міндет – жол тәртібін белден басып, жол ережелерін өрескел бұзған жүргізушілерді, мас күйінде машинаға мініп шыққандарды, құжатсыз көлік жүргізушілерді анықтап, ұстау. Инспекторларға күші бар заңдар аясында жол ережелерін бұзғандарға барынша қатаң жазаларды қолдануға нұсқау берілді. Алатауды бөктерлеп отыратын Алматы-Талғар күре жолы республикалық маңызы бар жолдардың бірі болып саналады. Ені тар, көк мұз болып жатқан жолмен таяқ тастам жердегі Талғар қаласына бір сағаттан астам жүріп, әрең жеттік. «Таңертең Алматыға қарай, кешкісін Талғарға қарай 4-5 сағат бойы көлікпен жүру мүмкін емес. Осы маңайдағы ауыл тұрғындарының бәрі Алматыға барып-келіп жұмыс істейді. Жалғыз ғана тар жол, 25 шақырымды екі сағат жүретін кез болады. Бұл жолды кеңейтпесе болмайды. Асыққан кейбір жүргізушілер жолдың қарсы бетіне шығып алып айдайды, содан келіп жол апаттары болады да машиналар бірнеше сағат бойы кептеліп тұрады», – дейді штаб инспекторы майор Жанат Шалқарбаев.

Ойлы-қырлы тау етегіне орналасқан Талғар қаласының адам аз жүретін шеткі көшелері тұрмақ, халық үзілмейтін орталық автовокзалдың айналасы тұтасқан мұз болғандықтан, көліктер жүре алмай, кептеліп жатыр. Мынандай көріністің куәсі болдық. Такси ұстап, қол көтеріп тұрған ерлі-зайыпты екі мас адам жолдың ортасына дейін шығып кетіпті. Әйел арақты көбірек ішкен болуы керек, мұзға тайып жығылды. Тар жол, тайғақ мұздың үстімен жыбырлап келе жатқан машиналар оларды айналып өтпекші болады, ал өрге қарай келе жатқан қарсы беттегілер тоқтап жол бергісі келмейді. Өйткені тоқтаса, дөңгелектері тайғанап, алға жүре алмайды. «Мінеки, осындайлардың кесірінен жол апаты болады. Мұндай мастарды үйіне апарып тастамасақ, басқа ештеңе істей алмаймыз. Осындай адамдар да жол апатына себеп болады» дейді Жанат Шалқарбаев көлігін жолдың жиегіне қойып жатып. Егер МАИ инспекторы ба-

рып араласпағанда әлгі жерде көлік қақтығысы болуы әбден мүмкін еді.

Түн ортасына қарай Талғардың жолымен кері келе жатырмыз. Жол тайғақ болып, машиналарды өткізіп үлгіре алмай жатқан қарсы беттегі көліктердің легі әлі толастар емес. Жақында осы ауданға қарасты Алматы-Көкпек-Көктал жолының бойында тұрған «Мицубици Галант» көлігінің ішінен екі адамның мәйіті шықты. Олардың бірі жиырма жерден, екіншісі он жеті жерінен пышақталған. Артынан бұлардың Қарасай ауданындағы Іргелі ауылында өлтірілгендігі анықталды. Қылмыскерлер олардың өлі денелерін машинаға салып, іздерін жасыру үшін, Алматы қаласын кесіп өтіп, Талғар ауданына апарып тастаған. Жол бойы полицияның көзіне түсіп қалармыз деген қорқыныш оларда болмаған сияқты. МАИ қызметкерлері мынадай ерсілі-қарсылы ағылған сансыз көліктің қайсысын тексеріп үлгерсін.

Алматы облысындағы көлік апаттары, көліктерге қатысты қылмыстардың көп болатын аудандардың бірі – Қарасай ауданы. Алматы – Ташкент күре жолының бойына орналасқандықтан, көлік ұрлап, қылмыс жасағандар көбінесе осы ауданда ұсталып жатады. Жол үстіне орналасқан «Алтын орда», «Барыс» автокөлік базарларының тұсында көліктің көптігінен үнемі кептеліп қалып жатады. Бұл да автоинспекторлар үшін біраз қиындықтар туғызады. Жол ережелерін бұзғандарды анықтап қана қоймай, көлікке қатысты қылмыстарды ашу да жол полициясының міндеті. МАИ қызметкерлері тек жол бойында тәртіп орнатумен ғана айналысып жүрген жоқ, сондай-ақ бірқатар қылмыстық істерді ашуға көмектесті. Бірнеше қылмыстардың алдын алып, қылмыс жасаған адамдарды ұстады. Олардың ішінде кісі өлтіру, қарақшылық, ұрлық, есірткі айналымы, заңсыз қару алып жүру сияқты ауыр қылмыстың түрлері бар. Жақында Қарасай ауданында қарақшылық шабуыл жасап, көліктерді тартып алып жүрген қылмыстық топ ұсталды.

– Ақпанның 21-і күні Тазабеков деген азаматтың «Ауди-100» автокөлігін Абай ауылының маңында белгісіз біреулер күш көрсетіп алып кеткендігі туралы хабар түсті, – дейді Алматы облыстық жол полициясы басқармасының жедел іздестіру бөлімінде істейтін полиция капитаны Евгений Син. – Жолаушыларды тасып жұмыс істеп жүрген Тазабеков Алматыдағы Саин мен Жұбанов көшелерінің қиылысында қол көтеріп тұрған төрт жігітті «Алтын орда» базарына дейін 1000 теңгеге апарып

салуға келіседі. Базарға дейін жетіп алған соң әлгі жігіттер солға бұрылуын сұрайды. Көлік аз жүретін иен далаға шыққан кезде бұлар Тазабековті жабылып сабап, сол жерге тастайды да көлігіне мініп қашып кеткен. Оқиға орнынан ешқандай айғақ заттар табылмады. Қазір осы қылмысқа қатысты Жамбыл облысының Шу ауданында тұратын төрт жігіт ұсталып, қылмыстық іс қозғалды.

Үш күн бойы ұйқы көрмеген Алматы облыстық жол полициясының қызметкерлерінің еңбектері зая кеткен жоқ. Үш ауданда жүргізілген үшкіндік рейдтің нәтижесінде 2522 жол ережелерін бұзғандар, 93 мас жүргізуші анықталып, әкімшілік жазаға тартылды. Облыстық жол полициясы басқармасының соңғы кездерде жол қауіпсіздігі бағытында істеп жатқан жұмыстары оң нәтиже бере бастады. МАИ қызметкерлерінің сөзіне қарағанда, тек облыста ғана емес, жалпы, республика бойынша жол апаттары жылдан-жылға азайып келе жатыр. Алматы облыстық ішкі істер департаментінің жол полициясы бастығының орынбасары Алтынбек Исақовтың айтуынша, 1991 жылы республикадағы автокөліктердің саны қазіргіден төрт-бес есе аз болған. Бірақ соған қарамастан, жол апатының саны қазіргіден көп орын алған. Мысалы, 1991 жылы 18606 жол апаты тіркелсе, өткен жылы 15942 жол оқиғалары болған екен. Адам шығыны бойынша көрсеткіштер де дәл осындай, көп айырмашылықтар жоқ. Демек, жол полициясы басқармасы жұмыс істеп жатыр деген сөз. Бұған Алматы облысындағы автоинспекторлардың қосқан өзіндік үлесі бар.

*Қ. ТӨРЕЖАНОВ, газеті
«Айқын» 25.05.2009 ж.*



9-жаттығу. *Мәтінді оқып, мәтіннен морфологиялық нормада жасалған сөздерді тауып, жасалу жолдарын түсіндіріңіз.*

Ұлы Арман

Айналайын Ақ Жайық,
Ат салмай өтер күн қайда?
Еңсесі биік боз орда
Еңкеймей кірер күн қайда?

Қара бұланның терісін
Етік қылар күн қайда?
Күдеріден бау тағып,
Сауыт киер күн қайда?

Күмбір-күмбір кісінетіп,
Күренді мінер күн қайда?
Толғамалы ақ мылтық
Толғап ұстар күн қайда?
Алты құлаш ақ найза
Ұсынып шаншар күн қайда?
Садақ толы сай кез оқ
Масағынан өткізіп,
Басын қолға жеткізіп,
Созып тартар күн қайда?
Кертбұғадай билерден

Ақыл сұрар күн қайда?
Бізді тапқан ананың,
Асыраған атаның
Ризалықпен жайласып,
Қолын алар күн қайда?
Еділдің бойын ен жайлап,
Шалғынға бие біз байлап,
Орнықты қара сабадан,
Бозбаламен күліп-ойнап,
Қымыз ішер күн қайда?..



10- жаттығу. Мәтінді оқып, мәтіннен морфологиялық нормада жасалған сөздерді тауып, жасалу жолдарын түсіндіріңіз.

... Ерлерді ұмытса да ел, сел ұмытпас,
Ерлерді ұмытса да ел, жел ұмытпас.
Ел үшін жаннан кетіп, жауды қуған
Ерлерді ұмытса да ел, шөл ұмытпас.
Ел жауын зерттеп, өрт боп, тынбай жортқан,
Ерлерді ұмытса да ел, бел ұмытпас.
Ел үшін төккен ерлер қанын жұтқан
Ерлерді ұмытса да ел, жер ұмытпас.
Арқаның селі, желі, шөлі, белі
Ерлерді ұмытпаса, ел де ұмытпас!

(Мағжан Жұмабаев)

4-мәтін. Мемлекет басшысының бейбітшілік миссиясы

Кейде ел басшылары үлкен саяси ептілік, тәжірибелік және көшбасшылық қабілетімен өте қысқа уақытта мемлекеттің келешегі мен тағдырын белгілейтін шешімдер қабылдауға мәжбүр болады. Бұл тұрғыдан Н.Ә.Назарбаев жаһандық ауқымда үлгі боларлық саяси қайраткердің бірі ретінде қабылданады. Қазақстан басшысының бастамасымен Еуразиялық экономикалық одақ және Кеден одағы құрылуымен қатар, Қазақстан басқа да

мемлекеттермен терезесі тең серіктес ел ретінде байланыстарын

жүзеге асырып келеді. Қазақстанның Еуропалық одақ, АҚШ, Қытай, Үндістан, Иран сияқты мемлекеттермен, басқа да көршілерімен байланыстары екі жақты сенім мен бейбіт келісімге негізделеді.

Қазақстан өз мысалы арқылы сыртқы саясатта көршілерімен бейбітшілік тактикасының нақты үлгісіне айналды. Ел Президенті ортақ құндылықтарға ие түркітілдес мемлекеттер арасындағы интеграцияны нығайту үшін маңызды бастамалар көтеріп, түркі әлемінің ақсақалы ретінде де бұл миссиясын абыроймен жалғастырып келеді.

Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарынан бастап күні бүгінге дейін тікелей немесе жанама әсер беретін әртүрлі қақтығыстардың шешілуінде «белсенді тарап» болып келді. Алайда, бұл белсенділіктің негізінде «бір тарапқа жақтасу» емес, барлық жағдайда да бейбітшілікке бағытталған әділетті орнықтыру және бітімгершілік бастамалары жатыр. Бұл миссияны Ресей мен Украина шиеленісінде, Ресей мен Түркияның келіспеушілігінде, Сирия қақтығысында да ара ағайындық бастамаларымен орындаған Мемлекет басшысы Н.Назарбаев Армения-Әзербайжан, яғни Таулы Карабақ қақтығысында да әділетті жақтап, «бейбітшілік елшісі» ретінде зор ынта-жігер көрсетті.

Армения Кеден одағына қосылудың алдында Нұрсұлтан Әбішұлының Әзербайжанның территориялық тұтастығын сақтау шартын алға тарта отырып, тағы бір мәрте әділетті жақтағандығын Әзербайжан халқы үлкен ризашылықпен еске алып отырады. Президент Н.Назарбаев халықаралық деңгейде бейбітшіліктің орнауында өзінің зор үлесін қосып қана қоймай, көшбасшылық қабілетін, жалпы әлемді бейбіт түрде басқарудың мүмкіндігіне деген сенімін паш етті. Қазақстан Президентінің саясат философиясы өте айқын. Бұл саясат бойынша жаңа халықаралық байланыстар – үйлесімділік қағидаларына және әділетке негізделген қарым-қатынас қалыптастыру, Қазақстанның үстіміздегі жылдың қаңтар айынан бастап екі жылға БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретінде жұмысқа кірісуі де дүние жүзінің Президент Н.Назарбаевтың басшылығындағы Қазақстанға деген сенімінің айқын көрсеткіші десек, қателеспейтініміз анық.

Көп мәдениеттілікті мемлекеттің сыртқы және ішкі саясатының басымдығы деп жариялаған Әзербайжан Президенті

Ильхам Алиев пен Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ұстанымдары мен әлемдегі оқиғаларға деген көзқарастары бір-бірімен үндесетіндігімен ерекшеленеді. Екі мемлекет те бейбіт өмірге шақыратын гуманитарлық және экономикалық бастамаларға қолдау көрсетіп, үлкен жаһандық форумдарды өз жерінде өткізіп тұрады. Мақсат белгілі – ұлттық мәдениеттің ең тамаша үлгілерін барша адамзаттың ортақ қазынасына айналдыру. Осының нәтижесінде әлемде екіжақты сенімсіздікке, діни және этностық төзбеушілікке орын қалмайтын болады. Бұл жүйе бойынша даму тек қана материалдық құндылықтар арқылы емес, адамдардың жауапкершілігімен, жоғары адамгершілік құндылықтармен жүзеге асады.

Қорыта айтқанда, Қазақстанға Президент Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен қол жеткізген жетістіктері және жаһандық бейбітшілік миссиясы үшін берілер ең жоғары марапат – Қазақстан халқының және дүниежүзілік қоғамдастықтың жоғары сенімі.

(Фузули МЕЖИДЛИ)



Мәтін мазмұны бойынша тапсырмалар.

1-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұнын баяндаңыз. Мәтінге байланысты өз ойыңызды айтыңыз.

2-тапсырма. Мәтіннен тірек сөздерді тауып, олардың мәтін мазмұнына қатысын анықтаңыз.

3-тапсырма. 2-3 сөйлемге морфологиялық, синтаксистік талдау жасаңыз.



1-жаттығу. Төмендегі сөздерді тұрақты тіркестермен ауыстырып жазыңыз. *Белгілі, үндемеу, ұйықтамау, тез, ұялу, балағаттау, әдемі, ойламау, қорқу, алыс, жақын, сөзшең, таза, жас, өтірік, шын, мейірімді.*

2-жаттығу. Мәтіндегі сөз тіркестері мен сөйлемдердің құрылуында морфологиялық норманың орындалуын дәлелдеңіз.

... Үндеудің негізгі өзегі Президенттің өзінен бастап, Үкімет және оның түрлі ведомстволық мекемелеріндегі әлеуметтік, экономикалық салалар арасындағы билікті бөлу болып табылады. Сонымен қатар, өңірлердегі билікті әкімдіктер пайдасы үшін қайта бөлу де қарастырылу үстінде. Жалпы, мұндай қадам арқылы билік

пен азаматтық қоғам арасы жақындай түсіп әрі жауапкершілік те қайта бөлінеді деп күтілуде. Сондықтан, бұл реформа өзіне тән ерекшеліктерімен халықаралық жария құқық негіздері болып табылады. Президент пен Парламент және Үкімет арасындағы құзыреттілікті анықтау азаматтық қоғам билігін бөлу ережесінде басымдық субсидиарлық негізбен жүзеге асырылады.

Ендеше, елді дамыту мен мемлекеттік басқару ісінде жаңа әдістер енгізу арқылы Қазақстанның Үшінші жаңғыруына жетелейтін бұл қадам қоғамды демократияға жақындата түседі деуге толық негіз бар.

(Жоан Мануель ТРАЙТЕР)

2.4. Синтаксистік норма

Синтаксистік норма дегеніміз – сөз тіркесі мен сөйлем құрамындағы сөздердің орын тәртібінің сақталуы. Синтаксистік нормаға сөйлем құрамындағы сөздердің байланысу тәсілдері (қиысу, матасу, меңгеру, қабысу, жанасу), сөйлем мүшелерінің қатынасы (бастауыш-баяндауыш, пысықтауыш-пысықталушы, анықтауыш – анықталушы, толықтауыш – толықтаушы), басыңқы, бағыныңқы компоненттердің өз орында жұмсалуды жатады. Мәселен: 1) Мен қанша тесіліп қарасам да, Маржан менің сағынышымды көктем хабаршысындай көре алмады; 2) Зат есімнің баяндауыш қызметіндегі сөзін көрсетіңіз. 1- сөйлемнің дұрысы

- Мен қанша тесіліп қарасам да, Маржан менің көктем хабаршысындай сағынышымды көре алмады. Себебі автор «сағынышымды көктем хабаршысындай көре алмады» (пысықтауыш мүше ретінде емес) дегісі келіп тұрған жоқ, ол «Маржан менің көктем хабаршысындай сағынышымды көре алмады» дегісі келіп тұр, яғни сағынышым көктем хабаршысына теңп тұр немесе «көктем хабаршысындай» сағыныштың анықтауышы, эпитеті. 2-сөйлем дұрысында «баяндауыш қызметіндегі зат есімді көрсетіңіз» болуы қажет. Себебі «зат есім» де, «сөз» де – екеуі бір баяндауыштың қызметін атқарып тұр.



11-жаттығу. Мәтінде норма түрлерінің сақталуын түсіндіріңіз.

Жер көлемі жағынан дүниежүзінде Қазақстан 9-орында тұр. Республика шығысында Алтай тауларынан басталып, батысында Каспий ойпатына, ал солтүстігінде Батыс Сібірден, оңтүстігінде Тянь-Шань тауларына дейін созылыс жатыр. Қазақстанның ұлан-байтақ жерімен көптеген елдер шектеседі. Шекараның ұзындығы Ресеймен 6740 шақырым, Өзбекстанмен 2134,2 шақырым, Түркіменстанмен 425,8 шақырым, Қырғызстанмен 1239,8 шақырым, Қытаймен 1782,7 шақырым, Каспий теңізі жағалауы 1730 шақырым. Демек шекарамыздың жалпы ұзындығы 14052,55 шақырымға созылып жатыр. Еліміздің 14 облысында 126 ұлттың өкілі тұрады. Отанымыздың астанасы - Астана қаласы. Қазақстан Республикасы - тәуелсіз мемлекет. Осынша ұлан-байтақ жерді небір нәубет заманда қазақтың хандары мен батырлары қаны мен жанын салып қорғап қалды. Қазақстан жері пайдалы казбаларға бай, орман-тоғайлары, өзен-көлдері, асқар таулары да бар. Жері өте үлкен болғандықтан, ауа райы әр жерінде әртүрлі болады. Солтүстіктің қысы суық, жазы салқын, батыс пен шығыста, орталықта қыс суық, жазы ыстық болады. 1991 жылы 16 желтоқсан күні Қазақстан өзінің тәуелсіздігін жариялады. Қазақстан - бүгінде гүлденген, дүниежүзі таныған ел.

2.5. Стилистикалық норма

Стилистикалық қате және оның түрлері

1. Стилистикалық қателерге сипаттама

2. Стилистикалық емес қателер: а) лексикалық қателер, ә) фразеологизмдерді қолдануда кететін қателер, б) морфологиялық қателер, в) синтаксистік қателер

3. Стилистикалық қателер: а) Қазақ тілінің стилистикалық ресурсын толық меңгермеудің садарынан болатын қателер, ә) тілдің стилистикалық талғамының төмендігінен болатын қателер, б) функционалды стиль нормаларын ескермеуден жіберілетін қателер

1) Стилистикалық қате белгілі бір сөйлеу жағдайына сай келмейтін, стилистикалық нормадан ауытқудың салдарынан болатын қатенің түрі. Тілді жұмсауда күнделікті өмірде түрлі нлрмадан тыс ауытқулар болып жатады. Мысалы, лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық тұлға-бірліктерді өзінің негізгі мағынасына сәйкес өз орнымен қолданбаудан болатын қателіктер т.б. Бұлардың барлығы әдеби тілдің лексикалық, фразеологиялық,

грамматикалық нормаларының сақталмауынан болатын тілдік қатенің түрлері. Стилистикалық қате көп жағдайда тілдік талғамның төмендігінен болады. Тілдік талғам – тілді, сөзді жұмсап үйрену, жаттығу арқылы қалыптасатын қасиет. Стилистикалық қатенің өзге қате түрлерінен басты ерекшелігі де осында – тілдік талғамсыздықтың көрінісі болуында. Сол себептен де стилистикалық қатенің болмаын қадағалайтын стилистикалық норма тілдің қатысымдық сапаларының қатарына жатады. Стилистикалық қателердің алдын алып, олармен үнемі күрес жүргізіп отыру жалпы халықтың сөйлеу мәдениеті мен стилистикалық сауаттылығын көтереді. Халықтың тілді қолдана білу мәдениеті күллі қоғамның рухани сауаттылығының көрінісі әрі өлшемі болып табылады. Тілде неғұрлым жиі ұшырасатын нормадан тыс ауытқулардың алдын алу үшін стилистикалық және стилистикалық емес қате түрлерін ажыратып алу қажет.

2) Стилистикалық емес қателер: а) лексикалық қателер:

- сөздің мағынасын білмей тіркестіру: «Кеше ғана университет есігін аттағанда»;

- сөздің мағынасының нақты қолданылмауы, күңгірт болуы: «Жігіт жігерлене жұтынды», «... ұйқылы көзбен сабаққа келіп, аузын ашып сабақ айтады, айтпаса ол да жоқ»;

- Паронимдердің (дыбысталуы жақын, бір түбірлес, жалпы грамматикалық белгілері ортақ, қолданылуында мағыналық ерекшеліктері бар сөздер) қолданысы: «Төсек жаңартты» (жаңғыртты).

ә) фразеологизмдерді қолдануда кететін қателер:

- тұрақты тіркес мағынасының контекске сай келмеуі: «Қысылтаяң қатал жағдайда қайрап, егеп «сөз тапқанға қолқа жоқ» дегендей ерге, елге медет болып, адамның ақиқат пен шындыққа, ақылдылық пен қайраттылыққа меңзеп отырады.

б) морфологиялық қателер:

- зат есімдерге септік жалғауының дұрыс жалағанбауы: «XXI ғасырдың мақсаты осы, өмірде сау сәбиді өмірге келтіру, ішімдік пен есірткіден аулақ болу»;

- сын есімнің шырайларын орынсыз қолдану: «Мен оны өте қатты сыйлаймын».

в) синтаксистік қателер

- сөз тіркестірудің нормаларының сақталмауы, бағыныңқы мен басыңқы сыңарлардың араларының тым алшақ болуынан мағына байланысының нақтылығының болмауы;

- сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінің сақталмауы: «Көшеде бір қарапайым өзімен-өзі кетіп бара жатқанда адамды бір полиция қызметкерлері көріп қалады»;

- есімдіктерді орынсыз қолданудың себебінен сөйлемнің мағынасының күңгірттенуі: «Қазіргі кезде қылмысты жасайтын адамдар олар негізінен жас балалар», «Халық жоқтықта өмір сүрсе, ол өзіне керек затты алу үшін әр түрлі әрекеттерге барады, кейде адам өлтіруге дейін де барады»;

- бастауыштың қайталанып, үстемеленіп жұмсалуды: «Менің Ы.Алтынсарин шығармаларынан алған жерім, яғни Ы.Алтынсариннің бізге қалдырған өнеге-өсиеті бізге үлкен бір ғанибет»

- құрмалас сөйлем компоненттерінің арасында логикалық-грамматикалық байланыстың болмауы;

- құрмалас сөйлем компоненттерінің тым шұбалаңқы болуы;

- дәйек сөздерді қолдана алмаудың салдарынан болатын қателер: «... сол үшін ата-бабамыз айтпақшы, «Болар бала боғынан» демекші, бала жастайынын әкешесіне сыйластықты, ар-намысты, отанға деген сүйіспеншілікті, сабырлықты, «үлкенге құрмет, кішіге ізет» деген түсіністікпен тәрбие алып өсуі керек»;

- мәтін ішіндегі сөйлемдердің бір-бірімен мағыналық-грамматикалық байланыстың болмауы, соның салдарынан ойдың күңгірттенуі: «Қазақ табиғатында ақын, шешен халық. Оның осы бір ерекшелігі тілінде айқын көрініс тапқан. Ендеше, осындай қасиеті ерте заманнан бері жетіліп, дамып, жылдан-жылға өркендеуде. Бұл – тіл табиғатындағы заңды құбылыс». Осындағы «ендеше» сөзінің орынсыз қолданысы сөйлемдердің тұтас логикасын бұзып тұр.

3) Стилистикалық қателер:

а) Қазақ тілінің стилистикалық ресурсын толық меңгермеудің салдарынан болатын қателер:

- Сөздік қорының жетіспеуі: «Осы жерден басталып екеуіміздің таныстығымыз басталды», «Біз бұл өмірде бақыты болу үшін туылдық, сол себептен біз өзімізді бақытты қылуымыз керек»;

- плеоназм (мағынасы жақын сөздердің тіркесін білдіретін стилистикалық термин. Мысалы, кара-күйе, құр-бекер) мен тавтологиялық сөз қолданыстарының (қайталақтау мыс. Мұнар да мұнар, мұнар тау) салдарынан сөйлеу тілінің көріксіз, кедей болуы. «Мысалы, оған біреудің мүлкіне қол сұқса, ұрласа, тонаса, біреудің өміріне нұқсан келтіру жатады немесе қылмысқа әрекетсіздік жатады. Мысалы, дәрігер науқас адамға жәрдем етіп көмектеспесе, соның нәтижесінде науқас қаза болса»;

- қыстырма сөздерді орынсыз қолдану: «Ауыр қылмыс негізінен үлкен жауапты құқықбұзушылық болғанда, яғни ауыр қылмысқа жаза пайдаланылады.

Негізінде жеңіл қылмыс немесе құқық бұзушылық үшін де негізінде елімізде адамның белгілі бір құқығынан айырады»;

- тілдің көріктеу құралдарын керекті жерінде пайдаланбау: «Әрине, әр елдің біртуар, қайта келмес даналары болады. Бұл адамзаттар елі үшін күрескен, сонымен қатар бізге туындыларын қалдырып кеткен данышпандар болмақ».

ә) тілдің стилистикалық талғамының төмендігінен болатын қателер:

- бояма сөздерге құмар болу: «Осы өлеңді оқысымен жүрегім дүр сілкінді», «Мақал-мәтелді оқығанымда сөздің құдіретін терең меңгеріп қана қоймай, санамызда мәңгілікке жатталады»;

- сындық мәні бар сөздерді дұрыс таңдай алмау: «Осы жолмен жүріп келе жатқан әрбір елдің достығы биік шыңда», «Ол болашақта өз мүдделері және күллі азамат мүдделері үшін тиімді еңбек етеріне шынайы үміттенміз». - әдемілік үшін ойланбай қолданылған сәтсіз метафоралар мен теңеулердің, бейнелі сөздердің болуы: «Кеудесін керіп, төсін төңкере жайылған кең жазық бетінде де көз тірер бір нүкте болсашы»; - түрлі стильдердің лексикасын пайдалану: «Бас хатшының баяндамасы проблеманың барынша тереңдігін және байыптылығын алғаш көрген БҰҰ-ға мүше мемлекеттер өкілдерінің ерен әсерін туғызғанын атап өткен ләзім».

б) функционалды стиль нормаларын ескермеуден жіберілетін қателер: - ресмилік мәні басым сөздерді орынсыз қолдану: «Бұл жылдар сені аңсай сағыну, тосу жылдары еді. Мен бұл кезеңде адамдардың жүрегінде мәңгі-бақи өшпейтін бір сезім болатынын, ол – махаббат сезімі екенін ұқтым»: - ғылыми емес мәтіндерде

термин сөздерді орынсыз қолдану: «Ананың мейірімі мен махаббаты шексіз. Ақын-жазушылардың романдарын оқығанда ананың жанашырлығы, балаға деген сүйіспеншілігі әсерлі суреттеледі. Себебі оның бір элементі болса да өмірден алынған»: - өзге стиль элементтерін орынсыз қолдану: «Үлкендердің алдын-ала ойластырып жасаған бұл жоспарының тамаша нәтижесі болғаны жұртқа жақсы белгілі», «Ұстаздардың адамдық пен аярлыққа, әділетсіздік пен жалғандыққа, крепостнойлық тәртіпке қарсы ащы сындар айтып, мысқыл сөздерді боратуы кадеттердің ой-өрістерінің дамуына едәуір ықпал етті». Контекстік мағынаны ескермеуден болатын қателер: Бұған, әсіресе, шығарма мазмұнының функционалдық-стильдік тұтастығына қатысты қателіктер жатады: шығарма мазмұнының тақырыпқа не не тақырып атауына сәйкес келмеуі, тақырыптың ашылмауы т.б.

Сұрақтар мен тапсырмалар

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сулименко Н.Е. Стилистические ошибки и пути их устранения. М-Л.1966.
2. Вионградов В.В. Проблемы русской стилистики. М.1981
3. Шалабай Б.Қазақ тілінің стилистикасы. А.2006



5-мәтін.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі (ІІМ), оның құрамына кіретін департаменттер мен өзге де құрылымдық бөлімшелер, оған бағынатын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың ішкі істер басқармалары және қалалық, аудандық, ауылдық, көліктегі жол бойының ішкі істер органдары, ішкі әскерлер, оқу орындары мен өзге де ұйымдары ішкі істер органдарының бірыңғай жүйесін құрайды. Ішкі істер органдарының бүкіл жүйесінің қызметіне лауазым бойынша **ішкі әскерлердің қолбасшысы** болып табылатын ІІМ басшылық жасайды. Оны Республика Премьер-министрінің ұсынуы бойынша *Президенттік қызметке тағайындайды* және қызметінен босатады. ІІМ ішкі істер органдарының бірыңғай жүйесіне **басшылық** жасайтын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

Ішкі істер органдарының негізгі қызметі:

- облыс аумағындағы қылмыстың, қоғамдық тәртіптік қоғамдық қауіпсіздіктің жағдайы туралы ақпараттар жинау, есепке алу және оларды жүйелеу, мемлекеттік санақ (статистика) жүргізу, өзге мемлекеттермен ақпарат алмасуды жүзеге асыру;
- Ішкі істер органдарының бөлімшелері қызметінің ішкі қызметкерлерінің оңды тәжірибелерін жинақтау және тарату, оларға тәжірибелік, әдістемелік және консультативтік көмектер көрсету;
- ІІМ облыстың әкімі мен мәслихатын, сондай-ақ мемлекеттік басқарудың өзге де органдарын, мүдделі ведомстваларды қылмыстың, қоғамдық тәртіптің және қоғамдық қауіпсіздіктің жағдайы туралы және құқықтық тәртіп пен заңдылықты нығайту жөнінде қолданылып жатқан шаралар туралы құлағдар етіп отыру.

Қалалық, аудандық, қалалардағы аудандық, поселкелік, жол бойының ішкі істер бөлімдері өздері қызмет көрсететін аумақта қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті сақтауды тікелей қамтамасыз етеді.

Криминалдық полицияның негізгі міндеттері

Қылмыстарды ашу, алдын алу, жою және тергеу; Ішкі істер органдарының қарауына жататын қылмыстар жөніндегі істер бойынша анықтауларды жүргізу, тергеу амалдарынан, ісін жалпы анықтаудан және соттан, қылмыстық жазасын өтеуден жалтарып жүргендерді, хабарсыз жоғалып кеткендерді іздестіруді ұйымдастыру мен жүзеге асыру.

Әкімшілік полицияның негізгі міндеттері:

Қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстар мен әкімшілік тәртіп бұзушылықтарды ашу, алдын алу және тоқтату, қылмыстарды ашу, анықтау мен әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру, ұсталған және тұтқындалған, тұратын орны, құжаттары жоқ адамдар ұсталатын орындарда құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету. Сонымен бірге кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы қараусыздықты және құқық бұзушылықты ашу және тоқтату, жол қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз етуді мемлекеттік қадағалау, бақылау, төлқұжат беру жұмысын жүзеге асыру.

Учаскелік инспекторлар және кәмелеттік жасқа толмағандар істері жөніндегі учаскелік инспекторлар күзет қызметін,

лицензиялық және рұқсат беру жүйесін, табиғатты қорғау және мал дәрігерлік полициясы, төлқұжат қызметі, жол полициясы бөлімшелері, Ішкі істер органдарының арнаулы мекемелері әкімшілік полициясы құрайды.



Мәтін мазмұны бойынша тапсырмалар.

1-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұнын баяндаңыз. Мәтінге байланысты өз ойыңызды айтыңыз.

2-тапсырма. Мәтіннен тірек сөздерді тауып, олардың мәтін мазмұнына қатысын анықтаңыз.

3-тапсырма. Мәтіндегі сөйлемдерде пунктуациялық, стилистикалық нормалардың сақталуын дәлелдеңіз.



15-жаттығу. Берілген сөйлемдерден тыныс белгілерінің қойылуын түсіндіріңіз.

ІІМ басшылығы мен Көліктегі ІІД бастығының жоспарлары мен бұйрықтарына сәйкес, департаменттің қызмет көрсету аумағында Көліктегі ІІД желілік бөліністерінің барлық күштері мен құралдарын жұмылдыра отырып, «Көкнар», «Наркотрафик», «Допинг» жедел алдын алу іс-шаралары ұдайы түрде өткізіліп тұрады. Атап айтқанда, есірткіге тәуелділерді емдеу, сауықтыру және профилактика жұмыстарына жіті көңіл бөлінген. Сондай-ақ, халық арасында есірткіге қарсы иммунитетті қалыптастыру мақсатында есірткі қолдануға байланысты шынайы оқиғалар мен есірткі бизнесіне қарсы күресте құқық қорғау органдарының мұрындық болуымен қабылданып жатқан шаралар туралы БАҚ арқылы азаматтарды хабарландыру ұйымдастырылады. Бұл бағыттағы жұмыстарды жариялауға республикалық жетекші БАҚ өкілдері жұмылдырылған. Мәселен, тамыздың 22-26 аралығында Көліктегі ІІД қызмет көрсету аумағында «Допинг» жедел операциясы өткізілді.

3-тақырып. Қазақ әдеби тілінің емле (пунктуациялық) ережелері мен жазылу қағидалары (орфографиялық принциптері)

3.1. Орфография принциптері: фонетикалық, морфологиялық және тарихи (дәстүрлік) принциптер

Орфография дегеніміз – тілдің заңдылықтары мен нормаларын негізге ала отырып, сөздерді дұрыс жазудың заңдылықтары мен ережелерінің жиынтығы. Орфография принциптері дегеніміз – сөздерді дұрыс жазудың ережелері мен заңдылықтарын басшылыққа алатын шарттары.

Басқа тілдер сияқты қазақ тілі орфографияда негізінен морфологиялық, фонетикалық және дәстүрлік немесе тарихи принциптерді басшылыққа алады.

3.1.1. Фонетикалық принцип

Фонетикалық принцип сөздер мен күрделі сөздер және сөз тіркестерінің айтылуы (естілу) барысында ілгерінді, кейінді, тоғыспалы ықпалдар заңына бағына отырып жазуға негізделеді. Мәселен:

а) қатаң п, қ, к дыбыстарына аяқталған сөздерге дауыстыдан басталған қосымша жалғанғанда, қатаң дыбыс ұяң сыңарына (б, ғ, г,) айналып жазылады (абайсыздық+ы – абайсыздығы, айып+ым – айыбым, дерек+іме – дерегіме);

ә) п дыбысына аяқталған етістіктерге көсемшенің -ып, -іп жұрнақтары жалғанғанда, қос п қатар айтылмай, немесе алғашқысы ұяңдамай, у дыбысына айналып кетеді және сол естілуінше жазылады теп-іп – теуіп (тепіп, тебіп емес), қап+ып-қауып (қапып, қабып емес);

б) Кейбір біріккен сөздер әр сыңарының түбір тұлғасын сақтамай, естілуінше жазылады: белбеу (бел+бау), қолғап (қол+қап), алабота (ала+бота);

в) Кейбір біріккен сөздердің түбірлері мүлдем өзгеріп, кіріге біріккен сөздерге айналып кетеді: бүгін (бұл+күн), әкет (алып+кет), биыл (бұл+жыл).

3.1.2. Морфологиялық принцип

Морфологиялық принцип сөздер мен күрделі сөздер және сөз тіркестерінің айтылуы (естілу) барысында ілгерінді, кейінді, тоғыспалы ықпалдарға қарамастан сөздің түбір қалпының сақталып жазылуына негізделеді.

Мәселен:

а) бас, сөз, аш деген түбірлерге -шы, -шең, -са қосымшалары жалғанғанда, олардың айтылуы (естілуі) башшы, бащы, сөшшең, сөщең, ашша, аща болады. Бірақ түбірдің де, қосымшаның да тұлғасы сақталып жазылады;

ә) Қыран, төмен, күн сөздеріне -ға, -гі, -ге қосымшалары жалғанғанда қыраңға, төменгі, күнге болып айтылғанмен (естілгенмен), түбірдің тұлғасы өзгермей жазылады (соң+ғы, ертең+гі деген сөзжасамдармен салыстыр);

б) Жарқабақ, қарақұйрық деген біріккен сөздер жарғабақ, қарақұйрық болып, көзбе-көз, алма-кезек деген қос сөздер көзбе-гөз, алма-гезек болып айтылып естілгенмен, бастапқы түбір сақталып жазылады;

в) дыбыстық ықпал сөйлем ішіндегі сөздердің аралығында (алғашқысының соңғы, соңғысының бастапқы дыбыстарында) да болуы мүмкін. Сөзі тәтті, мағынасы дүзу келсе, оған гімнің ұнасар таласуы (Абай).

Дүзу-түзу, гімнің-кімнің болып жазылады.

3.1.3. Тарихи (дәстүрлік) принцип

Дәстүрлік принциппен жазылатын сөздер қазақ тілінде саусақпен санарлықтай ғана. Оның себебі принциппен жазылатын сөздер – тілімізге шет ел тілдерінен енген сөздер. Олар – араб, парсы, орыс тілі арқылы енген, немесе орыс тілінен тілімізге ертеректе еніп, дыбысталуы қазақи қалып алып кеткен сөздер. Мәселен: хат, халық, хал, хан, самаурын, облыс, кереует деген сөздер.

Дәстүрлік (тарихи) принципті қазақ тілінде қолданудың тағы бір себебі, әсіресе, араб-парсы сөздерін (хат, халық, хал, хан) қ дыбысынан басталатын (қат, қалық, қал, қан) қазақ сөздерімен мағыналық шатастыру болмас үшін де қолданылатындығы.



17-жаттығу. Мәтіндегі қосымшалардың қандай орфографиялық принциптер негізінде жалғандығын түсіндеріңіз.

Қырағылық

Павлодар облысы ІІБ МАБ жол күзету қызметі батальонының Бақылау-жіберу пунктінде сол күні полиция сержанттары К.Мекебаев пен Ф.Нұралинов үшін әдеттегі кезек болатын.

Бір сәт (неге екенін кім білсін) Мекебаев шетел маркалы қара түсті автомашинаға еріксіз назар аударды. Жүргізушісі

қатты күйгелектеніп, тиянақсыз түсіндірме беріп жатты. Автомашинаның мемлекеттік нөмірі мен сериясы Ресейдің Омбы облысынан екендігін айқындап тұрды.

Әдетегідей, әрине тексеру, жауап алу құжаттарды қарау жұмыстары жүріп жатты. Сол сәтте сержанттың назары автомашина ішінде жатқан қапшыққа түсті. «Қапшықта не бар»? деген сұрағына жауап болмады, ал оның жанында жатқан пакеттің ішінен инспектор 5000-дық ақшалай купюрларды көріп қалды. Жүргізуші амалсыздан қапшықты ашуға мәжбүр болды. Қапшық ішінен 1961-1992 жылғы 54 мың сом ақша шықты. 18 мың сом шамасындай ақша пакеттен табылды. Бұдан кейін инспектор түрлі сұрақтар беріп көріп еді, олар жауап орнына 20 мың сом пара ұсынды. Ал инспекторлар болса, оларды дереу аудандық полиция бөліміне жеткізді. Онда омбылық көршімізден суық қару да табылды.

Осылай Павлодар ұлттық валютаны енгізген күні полиция қызметкерлері параға сатылмай, үлкен қырағылық танытты. Соның арқасында 72 мың сом мемлекет қаржысы қайтарылды.

Бұдан басқа сол күні олар Қазақстаннан тысқа шығарып бара жатқан 170 жәшік майды, атылатын қаруларды тәркіледі.



18-жаттығу. *Өлеңнен принцип түрлерін табыңыз.*

Студенттер

Басталмаған қаланың дастаны әлі
Бірінші жыл дала деп жас тамады.
Бірінші жыл ауылы естен кетпей,
Бесінші жыл қимайды астананы.

Бес жыл бойы қызартып, имендіріп.
Біреуі үшін қуанып, күйген бірі:
Бірін-бірі ұзатып өз қолынан,
Бірін-бірі қолынан үйлендіріп.

(Қадыр Мырзалиев)

3.1.1. Орфографиялық ережелер

Орфографиялық ережелер 1) кейбір әріптердің қолданылуы, 2) түбір сөздер мен қосымшалардың жазылуы, 3) сөздердің бірге, бөлек және дефис арқылы жазылуы, 4) шылаулардың жазылуы, 5) сөздердің тасымалдануы, 6) бас әріптің қолданылуы деген практикалық сауаттылықтың мәселелерін қарастырады.

1. Кейбір әріптердің қолданылуы

Сөздің түбірі мен негізі (түбірі морфема мен туынды морфема) сөз басы (анлаут), сөз ортасы (инлаут), сөз аяғы (ауслаут) деген үш бөліктен тұрады. Қазақ тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстар сөздің кез-келген бөлігінде естілгенмен жазыла, қолданыла бермейді, яғни тіл дыбыстары буын таңдайды деген сөз. Сондықтан да кейбір дыбыстардың қолданылуы шектеулі. Дыбыстардың буын тадауы мен қолданылуының шектеулі болуы жалпы алғанда түркі тілдерінің, жекелей алғанда қазақ тілінің табиғи заңдылығымен тікелей байланысты.

Мәселен: 1) қазақ тілінен негізінен ә, о, ө, ұ, ү секілді дауысты дыбыстар сөздің ортаңғы және соңғы буындарында естілгенмен жазылмайды, себебі қазақ тілі езулік үндестіктегі тіл болып қалыптасқан, 2) қазақтың төл сөздерінде ұяң дауыссыздарға (ж, д, б және з-дан басқа) сөз аяқталмайды. З ұяң дауыссызына аяқталатын сөздердегі (сіз, біз, көз) з дыбысының тарихи грамматика деректері бойынша бір кезде көптік жалғауы болуымен байланысты, ж, д, б ұяң дауыссыздарына аяқталатын сөздердегі (баж, уәж, жад, баб) ж, д дыбыстарының араб-парсы сөздерімен қатысты, қазақтың түбір төл сөздерінде екі дауысты немесе екі дауыссыз қатар келмейді, қатар келе қалса, олар не туынды сөз, не басқа тілдің сөзі деген сөз.

Кейбір дыбыстардың қолданылуын жазбаша, ауызша сөйлеу процесінде өзгеруі, яғни түбір мен қосымша арасында дыбыстың түсіп қалуы, қосылуы.

3.1.1.1. Дауыстылардың жазылуы

а) Ә әрпі негізінен бірінші буында жазылады: әділдік, әскери, әуе, кәсіп, жәбірленуші.

– Ә әрпі екінші буында естілгенмен, а әрпі жазылады: бәтуа (келісім, консенсус), куәландыру кеңсесі (нотариальная контора), кінәлау, тәкаппар, Жәмила.

– Кейбір сөздердің екінші буындарында естілетін ә әрпі жазылады: куә, күнә, күмән, шүбә, мүсәтір.

ә) О, Ө әріптері негізінен бірінші буында жазылады: оралман (репатриант), өтемқұн (реституция), өкілеттілік, орындаушы

– алдыңғы буындағы ө еріндік дыбысының әсерінен екінші буындағы е дыбысы ө болып естілгенмен, е әрпі жазылады: төрелік, төтенше, көмектесуші (пособник).

б) Ұ, ү әріптері көбінесе бір буынды сөзде, сөздің бірінші буынында жазылады: бұзақылық, бұлтару, жүгенсіздік, мұқату.

– алдыңғы буындағы ұ, ү еріндік дыбыстарының әсерінен келесі буындағы ы, і, а әріптері жазылады: бұйрық, бүлік, мүлік, күміс, дұдамалдану.

в) Ы, і әріптері сөздің барлық буынында жазыла береді: кіру-қыру, кідіріс-қыдырыс, төрі-торы.

– ы,і дыбыстары қазақтың төл сөздеріне сингармонизм, ассимиляция заңдылықтарын сақтағанмен, кейбір кірме, бөгде сөздерде бұл заңдылықтарға бағына бермейді: қабілет, қасірет, құдырет, мұғалім, қауіп.

– ы, і кейбір сөздерде естілгенмен, жазылмайды: сахна, яғни, баурай, медресе.

– Сөздің соңғы буындағы ы, і дыбыстары бар сөздерге бір қосымшалар жалғанғанда, олардың айтылуы, жазылу барысында, ы,і дыбыстарының сақталып және түсіріліп жазылатын жағдайлар бар, бұл сөздердің дұрыс жазылу емлесі орфографиялық сөздікпен реттеліп отырады:

1. Зат есімнен етістік (орын+а – орна, ойын+а – ойна), етістіктен етістік (айыр+ал – айрыл), етістіктен зат есім (бұйрық+ық – бұйрық), етістіктен сын есім (үрік+ек – үркек, айыр+ық+ша – айрықша), зат есімнен зат есім (ерін+еу – ернеу), сын есімнен сын есім (ауыр+у – ауру) тудыратын жұрнақтар жалғанғанда, сөздің соңғы буынындағы ы,і дыбыстары түсіріліп айтылады және түсіріліп жазылады.

Тәуелденгендегі соңғы буындағы ы, і дыбыстары түсіріліп, және түсірілмей жазылатын болып 2-ге бөлінеді:

1) Бауыр (бауырым, бауырың, бауыры), бұйым, ырым, уыс, уыз, көрік (ұста құралы мағынасында), иіс, уыт сөздері тәуелденгенде, ы,і дыбыстары сақталып жазылады.

2) Бөрік (бөркім, бөркің, бөркі), ауыз, мұрын, мойын, көрік, бет, ажар мағнасында сөздері тәуелденгенде ы,і дыбыстары түсіріліп жазылады.

– ы, і дыбыстарына аяқталған есептік сан есімдерге жинақтық сан есімнің – у жұрнағы жалғанғанда (екі+у – екеу, алты+у – алтау, жеті+у – жетеу), ы,і дыбыстары түсіріліп жазылады.

– ы, і дыбыстарына аяқталған түбір етістікке тұйық етістіктің – у жұрнағы жалғанғанда (оқы+у – оқу, жібі+у – жібу, иі+у – ию, кейі+у – кею) ы,і дыбыстары түсіріліп жазылады.

3.1.1.2. Қосымшалардың жазылуы

Қазақ тілінде буын үндестігіне (сингорманизмге) бағынбай жазылатын 3 түрлі құбылыс бар:

1) Парсы тілдерінен енген –кір, -паз, -қор, -қой, -гер, -кеш, -гөй, -хана, -тал, -дар жұрнақтары түбір сөз буындарының жуан – жіңішкелігіне, түбір сөздің дауыстыға немесе дауыссызға аяқталуына қарамастан жоғарыдағы тұлғаларын, яғни дыбыстың құрамын сақтап жалғанады. Мысалы: -паз, жем-қор, айып-кер, әзіл-қой, арда-гер, түйе-кеш, дана-гөй, сезім-тал, дін-дар.

2) Қазақ тіліндегі тәуелдеу ұғымын білдіретін –нікі, -тікі, -дікі (баланікі) жалғауы және –мен, -пен, -бен (заң-мен, қылмыс+пен) жалғауы дыбыс үндестігіне көмектес септігінің жалғауы дыбыс үндестігіне бағынғанмен, буын үндестігіне бағынбайды. 1) Алғашқы жалғаудың заңдылықтарға бағынбауын зерттеушілер былайша түсіндіреді. Тарихи тұрғыда – нікі, -тікі,-дікі бастапқыда –ның, (нің), +қы, (кі), -тың (тің)+қы (-кі), -дың, (дің)+қы (-кі) деген ілік септігінің жалғауы мен сын есім жасайтын жұрнақтан жасалған құранды, күрделі жұрнақ деп түсіндіреді. (А. Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі (морфология). А., Мектеп, 1974, 49-б.) Ал «Ол ат+пенкелді. Адамның күні адам+мен» деген сөйлемдегі ат+пен, адам+мен сөздеріндегі –пен, -мен көмектес септігінің буын үндестігіне ыағынбауын тарихи мағына бірән-бірән-бірге мынан+менен деген септеулік шылаулардан қалыптасқан деп түсіндіреді (Қазақ тілі. Энциклопедия, А., ӘДК-ТРО редакциялық баспа орталығы, 1998, 177-б)

3) Қазақ тілінің сингармонизм мен ассимиляция заңдылықтарына кейде бағынбайтын құбылыстар фамилия көрсеткіші (-ин, -на) –ев (-ева), -ов (-ова) және орыс тілінен, орыс тілі арқылы енген сөздер. Жуан (-ов, -ова), жіңішке (-ев, -ева) фамилия (тек) көрсеткіштері қазақша жалқы есімнің құрамының жуан, жіңішке дауыстыдан құралғандығына бағынғанмен (Мүсірепов-ке, Есжанов+қа, Әуезовтің), түбір сөздің соңы үндіге, ұяңға аяқталуына (Айман+ов, Тәжібай+ев, Әуез+ов) қарамастан оған қосылатын қосымша қатаң дауыссыздан басталып жалғана (Айман+ов+тың, Тәжібай+ев+қа, Әуез+ов+тің) береді. Қорыта айтқанда, -ов (-ова, -ев) –ева сияқты тек көрсеткіштеріне қатаң дауыссыздардан ғана жалғанса, -ин,(-ина) тек көрсеткіштеріне ұяң, үнді дауыссыздардан ғана басталатын қосымшалар жалғанады (Сейфуллин+ге, Майлин+мен, Ералин+де).

Орыс тілінен енген, к, г дыбыстарына аяқталған сөздерге қосымшалар буын үндестігіне қарай жалғанғанмен (педагог+ы, филолог+қа), ассимиляция заңдылығы сақталмайтын, қатаң дауыссыздар ғана жалғанады (педагог+тың, филолог+пен).

Рк, рг, кс, нг, нкт деген дауыссыз дыбыстар тіркесіне аяқталған сөздерге қазақ тілінің қосымшалары жіңішке болып жалғанады: парк+ке, пункт+те, ал ск, кт, нк дауыссыз дыбыстар тіркесіне аяқталған сөздерге жалғанатын жіңішке қосымшалар –і- аралық (дәнекер) дыбысы арқылы қосылады: Омск+і+де, шланг+і+ден.

Жіңішкелік белгісіне (ь) аяқталған аз буынды сөздерге буын үндестігі сақталмауы да мүмкін (ноябрь+де, ансамбль+дің), ал көп буынды сөздерде сингармонизм заңдылығына бағынады (календарь+лық, бандероль+ға). Ал жалғанатын қосымша дауыссыздан басталса, жіңішкелік белгі түсіріліп (бинокл+і, кабел+і) жазылады.



19-жаттығу. *Мәтіндердегі орфографиялық ережелердің сақталу-сақталмауын түсіндіріңіз.*

1. Үйге қатысты тыйымдар

Есікті теуіп ашпа. Есіктің босағасын керуге, сүйенуге болмайды. Есіктің табалдырығында тұруға болмайды. Бұл – жамандық шақырма деген мағынадағы тыйым. себебі жау

шапқанда ғана үй иелері табалдырықта тұрған. Сыпырғышты төрге қоюға болмайды. Үйді айналып жүруге, жүгіруге болмайды. Үйге қарай жүгіруге болмайды.

2. Хижра жылы

1 қаңтардан басталатын қазіргі 2002 жыл деген Иусус Христостың туған күнінен басталған жыл санауы. Ал мұсылман елдерінде «хижра» жыл санау жүйесін пайдаланады. «Хижра» сөзі арабшадан аударғанда «көшу,эмиграция» деген ұғым береді. Хижра жылы Мұхаммед пайғамбардың 622 жылдың 16 шілдесіне қараған түні Меккеден Мединеге қоныс аударған күнінен басталады. Хижра жылын есептеп шығару үшін қазіргі жыл есебінен 622 жылды шегеріп тастау керек. Мысалы, $2002-622=1370$, яғни мұсылман жыл тізбегі бойынша биыл 1380 жыл басталады.



20-жаттығу. *Жаттығуды аударып, орфографиялық ережелерді сақтап жазыңыз.*

2009 жылғы халық санағының нәтижесі

Қазақстан Республикасының халқының саны 2009 жылдың халық санағының нәтижесі бойынша 2009 жылдың 25 ақпанында 16004, 8 мың болды. Демек 1999 жылмен салыстырғанда 1022,9 мың адамға, яғни 6,8%-ға көбейген.

Қала тұрғындарының саны 8639,1 мың (195,1 мыңға көбейген) адамды, ауыл тұрғындарының саны 7365,7 мың (827,8 мыңға көбейген) адамды құрайды. Қала тұрғындарының үлесі 54%, ауыл тұрғындарының саны 46%, 1999 жылғы санақтағы үлестері тиісінше 56,4% және 43,6% болған. Ең қалалануы өскен аймақтар Қарағанды (77%), Павлодар (67,9%) және Ақтөбе (61,1%) облыстары. Ауыл халқы негізінен Алматы (76%), Солтүстік Қазақстан (61,5%), Қызылорда (60,8%) және Жамбыл (60,5%) облыстарында шоғырланған.

3.2. Тыныс белгілерінің (пунктуация) ережелері

Пунктуация (лат. *punctum* – нүкте) – жазу мәдениетінде тыныс белгілерін дұрыс қоя білу ережелерінің жиынтығы. Пунктуацияның пайда болуы жазу өнерінің (графиканың) тууы, қалыптасуы және дамуымен тікелей байланысты.

Пунктуациялық белгілер мен таңбалар – адам ойының жазбаша текстегі көрінісі, белгісі. тыныс белгілері – тілдік қана емес, логикалық-лингвистикалық категория. Тыныс белгілері 5 принцип негізінде қойылады: 1) қызметтік-тыныс белгілерінің нақты мәтіндегі қызметін қарастыру. 2) қарым-қатынастық – мәтіндегі сөздер мен сөз тіркестерінің мән-маңызын тыныс белгілері арқылы ерекшелеу. 3) мән-мағыналық – мәтін мазмұнын, сөздер мен сөз тіркестерінің мән-мағынасын түсіну. 4) грамматикалық – сөйлемнің синтаксистік құрылымын айқындау. 5) интонациялық-сөйлеудің ритмикалық-мелодикалық көрсеткіші.

Тыныс белгілерінің нүкте, сұрақ белгісі, көп нүкте, үтір, нүктелі үтір, сызықша, тырнақша, жақша, қос нүкте деген 10 түрі бар. Нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі сөйлем соңында, қалғандары сөздер, сөз тіркестері арасында және сөйлем ішінде қойылады.

3.2.1. Сөйлем соңындағы тыныс белгілері

Сөйлем соңындағы тыныс белгілеріне нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүкте жатады.

3.2.1.1. Нүкте қойылатын және қойылмайтын жағдайлар:

1) *Хабарлы сөйлемнің соңына қойылады.*

Созақ көтерілісінің түп-төркіні 1924 жылдың кезінде Ақмоладан милиция бастығы Қараноғай Әубәкіров бастаған бір топ өкіл Шу мен Сарысу бойын жайлап жатқан тама, қоңырат еліне шығудан басталады.

2) *Цитатадан кейін, сөз иесінен (автордан) кейін қойылады.*

Халық даму үшін алдымен бостандық, одан кейін білім керек (Ш.Уәлиханов).

Егер тәл сөзден кейін нүкте қойылса, келесі нүкте автордың аты-жөнінен кейін, жақша ішіне қойылады.

Жүрістен жаңылма,

Аяңнан айныма,

Жорғаң жайпаңдасын.

Желгенде желдей ес,

Шапқанда шабытты бол. (Халық батасы.)

3) *Санамалы номерді белгілейтін, жарты жақшасыз) қолданылған цифр не әріптен кейін нүкте қойылады.*

М.Дулатовты тінтуде табылып, Біріккен саяси Бас басқарма кеңсесіне алып кетуге қатталған мынадай заттар:

1. «Қазақтардың бодан болуы» деген мақаланың қолжазбасы, 20 бет.

2. Қазақ тарихының қолжазбасы. 4 дәптер, 279 бет.

3. Түркістан уезіндегі Қазақ шежіресінің жазбалары, 74 бет

4) *Бас әріптерінен немесе басқы буыннан шартты түрде қысқартылып алынған адам, кітап, газет, журнал шығарма т.б. аттарының сол қысқартылған әріпінен не буыннан соң нүкте қойылады.*

А. Байтұрсынұлы, А.С. Пушкин. Шығ. 1 том.

5) *Тағы сол сияқтылар, тағы басқа деген сөздер қысқартылып қолданылғанда қойылады: т.с.с., т.б. немесе жыл – ж., гасыр – г., сағат – саз. Болып қысқарғанда нүкте қойылады.*

б) *Жақшасыз, жарты жақшасыз санамалаушы цифрдан кейін нүкте қойылады.*

№6. А.Байтұрсыновтың ісі бойынша тергеу барысында төмендегі жайттар айқындалды:

1) Байтұрсынов Орта Азиядағы басмашы қозғалысымен байланысы бар.

Совет үкіметіне қарсы жасырын ұйым құрудың ұйтқысы болған;

2) Әлгі жасырын ұйым Сырдария округі Сарысу ауданында бүлік жасап жүрген ағайынды Әділовтердің бандасымен байланыс жасаған;

3) Әлгі жасырын ұйым совет үкіметінің мәдениет жағынан, шаруашылық саласынан жүргізілген науқандарына көп уақыттан бері, табанды түрде залалын тигізіп келген (Д.Досжанов «Абақты»).

7) *Ұзындық, көлем өлшемдерінің шартты қысқарған белгілерінен кейін нүкте қойылмайды.*

Мысалы: тг (теңге), т (тиын), л (литр), а (ампер).

8) *Бас әріптері немесе буындары қысқарған сөздердің әріптері немесе буындарынан кейін нүкте қойылмайды.*

ТМД (Тәуелсіз мемлекеттер достығы), ЖШС (Жауапкершілігі шектеулі серіктестік), Қазбаспасөз.

3.2.1.2. Сұрау белгісі

Сұрау белгісі сұрау мағынасында айтылған сөйлемдерден кейін немесе талас не күдік тудыратын сөздерден кейін қойылады. Мысалы: Байтұрсынов:

-Мұны қалай түсінуге болады? Валидовтың орыс тілін өте нашар білетіні баршаға мәлім, жөнелтісіп отырған кісілер қазақтар, ендеше орысша қажет емес жерге орыс тілінде маңдат жазып не күйгеніміз бар? (Д. Досжанов «Абақты»).

3.2.1.3. Леп белгісі

1. Көтеріңкі дауыспен, ерекше көңіл күйімен, бұйыру, өтініш мағынасында айтылған сөйлемдердің соңында қойылады:

- Тоқтатыңыз қазір мынау бассыздықты!

2. Ерекше көтеріңкі дауыспен айтылған қаратпа және одағай сөздерден соң және жоқ, иә деген сөздерден кейін қойылады:

- Ақырмаңыз! – Жә! Жетер осы тайрандағаның!

3 Жауап беруді тілемейтін, амандасу мен сәлемдесу сұраулық шылау болса да, леп белгісі қойылады:

- армысыз, ардақты ата! Денсаулығыңыз жақсы ма!

3.2.1.3. Көп нүкте

Көп нүкте негізінен сөйлем басында да, ортасында да және соңында да қойылатын тыныс белгісі.

1. Сөйлем тұрған адамның белгілі бір себептермен (тұтыққанда, сасқалақтағанда және т.б. жағдайларда) сөзін не ойын бөліп айтқанда, бір сөздің ішіндегі әріптер немесе сөйлем арасына көп нүкте қойылады. – Құтт...ықтауларыңызға болады: жұмысы – 4 разрядтықслесарь! – деді Боранқұл. – Бүгін барсам... қайта алмай қаламын ба деп қорқамын.

2. Цитатының керек тұстарын үзіп алғанда қай бөлігінен алуына байланысты сөйлемнің алдынан, ортасынан немесе соңынан қойылады: 1922 жылғы 19 қарашада М.Дулатов былай деп мәлімдеген: « мен бар білетінімді бүкпесіз айтып шығуға бел байладым.... әйтсе де өз ұйымымыздың ... Аймауытов секілді мүшелерімен ақылдасып мүрсат берулеріңізді сұраймын» (Д.Досжанов «Абақты»).

3. Жазушы айтып отырған ойы түсінікті болғандықтан, көп нүкте қоя салады: –Асыл қайным-ай, жанымыз жабырқап, жүдеу тартып жүрген кезімізде әніңмен, сәніңмен келіп, ағаң екеуімізді бір сергітіп кеттің-ау... (Қ.Жұмаділов)



21-жаттығу. *Өлеңдегі тыныс белгілердің қойылу себептерін түсіндір.*

Студенттер

О жастық-ай, алмайтын өлмей тыным,
Ойын-тойсыз өмірге көнбейтұғын.
Биге барса, баратын бір топ болып.
Жалғыз жүру дегенді білмейтұғын.

О жастық-ай, мойымас тау-тасыңа,
Омыртқанды үзеді ол, дау тасыма.
Ортақ оның қайғысы, қуанышы.
Ортақ оның малтасы, қалтасы да!

(Қадыр Мырзалиев)

1. Қанатты сөздер

а) Еліңді қорғамасың, көмусіз қаласың,
Жеріңді қорғамасаң, кебінсіз қаласың.

Тіліңді қорғамасаң, қадірсіз боласың (Халық мәтелі).

ә) Басқадан кем болмас үшін білімді, бай, күшті болу керек. Білімді болуға оқу керек, бай болуға кәсіп керек, күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеуіміз керек (Ахмет Байтұрсынұлы).

6-жаттығу. Жаттығуды аударып, тыныс белгілерін қой, түсіндір.

2009 жылғы халық санағының нәтижесі

Ер адамдардың саны 7722,8 мың адам, әйелдердің саны 8282,0 мың адам, яғни ер адамдардың саны өткен санақпен салыстырғанда 507,1 мың адамға, демек 7%-ға; әйелдердің саны 515,8 мыңға, демек 6,6%-ға өскен (әйелдер 51,7%, ер адамдар 48,3%). 1999 жылғы санақ бойынша әр 1000 әйелге 929 ер адам болса, 2009 жылғы санақ бойынша 932 ер адамнан келеді.

Екі санақ аралығындағы этностар мен этнос өкілдерінің

өсімі:

20009 жылғы санақта қазақтардың саны 10098,6 мың (26,1%-ға көбейген), өзбектер 457, 2 мың (23,3%-ға көбейген), ұйғырлар 223,1 мың (6%-ға көбейген), орыстар 3797, 0 мың (15,3%-ға азайған), немістер 178,2 мың (49,6%-ға азайған), украиндар 333,2 мың (39,1%-ға азайған), татарлар 203,3 мың (18,4%-ға азайған), басқа этнос өкілдері 714,2 мың (5,8%-ға азайған).

Еліміздегі қазақтардың пайыздық үлесі 63,1%, орыстар 23,7%, өзбектер 2,8%, ұйғырлар 1,4%, татарлар 1,3%, немістер 1,1%, басқа этнос өкілдері 4,5%.

3.2.2. Сөйлем ішіндегі тыныс белгілері

Сөйлем ішіндегі тыныс белгілеріне үтір, сызықша, нүктелі үтір, қос нүкте, тырнақша жатады.

3.2.2.1. Үтірдің қойылатын жағдайлары

1. Үтірмен сөйлемдегі қаратпа сөздер, қаратпа сөз тізбектері бөлінеді.

1) Жанды, жансыз заттарға арналған жалаң қаратпа сөздер сөйлем ішіндегі басқа сөздерден үтірмен ажыратылады. Қаратпа сөз сөйлемнің басында тұрса, үтір оның соңынан, ортасында тұрса, екі жағынан, соңында тұрса, одан бұрын қойылады: ***Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат. Жүрегім, нені сезесің? Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел*** (Абай). ***Тыңда, дала, Жамбылды!*** (Жамбыл.)

2) Қаратпа сөздің алдында өз анықтауыштары болса, олар қаратпа сөзден тыныс белгісімен бөлінбейді. Қаратпа сөз анықтауышымен тұтасып, сөйлемнің басқа мүшелерінен үтірмен ажыратылады: ***Қарағанды шахтерлері, үр еңбектің дабылын!*** (И. Байзақов). ***Пернеге бауыр басқан кәрі бчрмақ, Арынын домбыраның шыңға самғат*** (Жамбыл). ***Толғауы тоқсан қызыл тіл, Сөйлеймін десең өзің біл*** (Абай).

3) Алдынан не сонынан келген эпитет сөздері бар қаратпалар да тұтас тізбек құрайды, эпитет пен қаратпа сөз бір-бірінен тыныс белгісімен ажыратылмайды: ***Жарайды, Абай аға, қаршыға жайында ма? Әй, шырағым балам, аржағыңда әкеңтүр. Қарағым Қамқа, бүгін күн жұма зой осы?*** (М. Әуезов.) ***Жолдас командир, қасында мың шақты***

адамы бар Павел Громов келіп тұр (Ә. Әбішев). Оның рас иіызар, жан анам! (Ғ. Мүсірепов.)

4) Қаратпа сөзбен қатар келген одағайдан кейін үтір қойылады: **Уа, Горький**, халық ырысы — күнді сүйдің (Жамбыл.) **Уәу, жігіттері** Сендердің өлең жазамын деп қырқысқан таласың тіпті жақсы (М. Әуезов). **Күннен-күнге, уа, халқым**, құлаш жаздың өріске (Жамбыл).

5) Қаратпа сөзбен қатар келген *о* деген одағайдан кейін де үтір қойылады: **О, күн-ау**, төге түсіі сәулеңді сен (Жамбыл). **О, жасаған!** — деді Савельич күңірене сөйлеп (А. С. Пушкин). **О, жалғыз сенерім—Жантығым!**

2. Сөйлемдегі қыстырма сөздер, сөз тізбектері және сөйлемдер үтірмен бөлінеді.

1) Қыстырма болатын сөздер мен сөз тізбектері көбінесе мыналар:

а) **Автордың түрліше сезімін** — қуанышын, қайғырғанын, таңданғанын, өкінішін, сенімін, күмәндануын т. б. — **білдіретін сөздер**: амал қанша, несін айтасың, бәсе, әрине, рас, сірә, тегі, тегінде, асылы, бәлкім, шамасы, айтпақшы, мүмкін, бақытымызға қарай, соры қайнағанда. **Мысал- дар**: **Дүниеде, сірә**, сендей маған жар жоқ (Абай). **Бәсе**, осы сөз менің де құлағымға бір тиген еді (М. Әуезов). **Көл, тегі**, «Дос» болып сол кісінің ныспымен аталып кеткен болу керек. **Амал нешік, келдім** (С. Мұқанов).

ә) Айтылған ойдың кімнің тарапынан шыққанын білдіретін сөздер: **...айтуынша, ...айтқандай, жұрт айтқандай, меніңше, менің байқауымша, менің аңғаруымша, біздіңше, сеніңше, сіздіңше, оныңша, оларша, ...ойынша, әлі есімде, шынымды айтайын, ұмытпасам**. **Мысалдар**: **Ұлылар айтқандай**, әрбір ұлттық мәдениетте демократиялық және социалистік мәдениеттің эле- менті болады («Қазақ әдебиеті»). **Менің аңғаруымша**, сіз тарихқа көп ат салысқан сияқтысыз (М. Әуезов). **Горькийше**, бүкіл адамзаттық ақыл- ой мен көркемдікке жол салушы да, мәдениетті құрушы да, әлемді жаңғыртушы да — еңбек. **Оның айтуынша**, әкесі Қайыр да аңшы екен (С. Мұқанов).

б) **Ойдың желісін, ретін** (бастамасын, түйінін) білдіретін сөздер: біріншіден, екіншіден..., әуелі, алдымен,

демек, сөйтіп, қысқасы, ақырында, әйтеуір, керісінше, мысалы, негізінен, негізінде, сонсын (сосын), бір жағынан, екінші жағынан..., бір сөзбен айтқанда, былайша айтқанда, сайып келгенде. *Мысалдар: Ең әуелі, жайдақ суға теңгердіңіз... Екінші, ел алатын тәсілді айттыңыз... Үшінші, орысты айттыңыз* (М. Әуезов). *Өз балаларына сонша қатал ол мені кісі баласы көре ме, әлде әке-шешесі жоқ жетім деп аяй ма, әйтеуір, бұған дейін жекіп көрген жоқ еді* (С. Мұқанов). *Сөйтіп, ол Кішкене Кентай атанып кетті* (М. Ғабдуллин). *Ал, оның керісінше, кілең шыңыраудан құтылуға тырысады («Қазақ әдебиеті»).* *Мысалы, Омбының сол кездегі зор үйі – Омбы темір жолының басқармасы – Қызылжарда жоқ* (С. Мұқанов).

в) *Тыңдаушының назарын аудару үшін айтылатын сөздер: айталық, өздеріңізге мәлім, көріп отырсыз ма, шынында, міне, эне, қане, байқаймын, байқайсың ба: Шынында, бүгін болмаса, ертең, ертең болмаса, бүрсігүні айрылуға тура келетіні анық сезілуші еді* (М. Горький). *Бұған, айталық, тағы да екі литр су құямыз. Әнеки, ілулі тұр ақ семсері* (Жамбыл). *Қасыңдамын, міне, келдім. Байқаймын, ол мені танитын адамға ұқсайды* (М. Иманжанов).

2) *Не, немене, қалай, ендеше, осы т.б. сөздер де сөйлем мүшесі болмай, ерекше интонациямен айтылып, айтушының (автордың) белгілі бір сезіміне байланысты қолданылғанда, қыстырма сөз ретінде үтірмен бөлінеді. Мысалы: Не, бәрің осы баланы мүйіздей бересіңдер?* (Ғ.Сыланов). *Бүгін қойды кеш сауып болған ба, немене, ымырт жабылып қалыпты* (М.Әуезов). *Осы, солдатсыз жалғыз өзім-ақ кете берсем қайтеді?* (Л. Толстой.) *Арысыңды, ендеше, арыстан жеді* (М. Әуезов). *Қалай, құлағың ашылды ма?* (М. Әуезов.)

Ескерту. Қыстырма бола алатын бірқатар сөздерді олардың сөйлем мүшесі болып, немесе күрделі мүшенің құрамында келіп, басқа сөздермен синтаксистік байланыста тұратын түрлерімен шатастырмау керек. Сол жақта берілген қыстырма сөздері бар мысалдар мен оң жақта берілген қыстырма сөздері жоқ мысалдарды салыстырыңыз: *Рас, мен сізді бір рет көрдім. Оның айтқаны рас екен* (М. Әуезов). *Мүмкін, сәл кідіре*

тұрарсыз. Оның кешігіп жүруі мүмкін емес. **Айтпақшы, мен саған бірдеңе айтпақшы едім.** Бүгін мен Асқарды көрдім. **Немене, шабыныңды басар деп қорқамысың?**

Немене айтып отырғаныңды өзің түсінемісің?

3) Сөйлемдегі сөздермен синтаксистік байланысы жоқ қыстырма сөйлемдер көбінесе үтірмен бөлінеді: **Ұмытып барады екем, жуырда елінен Әміржан келіп қалды. Сол ниетпен кірсем, неге екенін кім білсін, мені елеген адам болған жоқ** (С.Мұқанов). Осы кезде, **Құнанбайға Жексен шаққан болу керек, әкесі Абайға айғайлады** (М.Әуезов).

4) Мағынасы жағынан қыстырма сөздерге ұқсас келетін, дауыс кідірісімен айтылатын мынадай сөздер сөйлемнің басында не жай сөйлем ішінде үтір арқылы бөлінбейді: *ал, тіпті, шамамен алғанда, дегенмен, алайда, бірақ, сонымен қатар, сондай-ақ, соның ішінде, әсіресе, тек:* **Ырғызбай ішінде әсіресе осы Қарашоқыға қызығушылар көп болатын** (М.Әуезов). **Дегенмен мен жаңылмаппын** (М.Иманжанов).

3. Үтірмен сөйлемдегі одағайлар бөлінеді: Қаратпа сөзбен қатар келген одағайдан кейін үтір қойылады: **Уа, Горький, халық ырысы – күнді сүйдің** (Жамбыл). **Күннен-күнге, уа, халқым, құлаш жаздың өріске** (Жамбыл).

1) Қаратпа сөзбен қатар келген *о* деген одағайдан кейін де үтір қойылады: **О, күн-ау, төге түсіп сәулеңді сен** (Жамбыл). **О, жасаған!** – деді Савельич күңірене сөйлеп (А.С.Пушкин.). **О, жалғыз сенерім –Жантығым!**

2) Көбінесе одағайлар қаратпа сөзбен қатар қолданылады. Мұндайда одағай мен қаратпалардың араларына да үтір қойылады: **Ей, аққу, сәлем деші жолыққанда** (С.Сейфуллин). **Пай-пай, бала-ай, сабырың-ақ соңымнан қалмады-ау** (Ғ.Мұстафин.) 3) **Сыналар, ей, жігіттер, келді кезің** (Абай).

3) Одағайлар қатар келгенде әрқайсысы үтірмен бөлінеді: **Уа, шіркін, ән деп осыны айт!** – **А, астапыралда, солай ма еді?** – деп, Балбалаға қарай қалды. **Япырау, әттегенай, атын сұрамаппын зой!** (М. Әуезов).

4. **Бәсе, жә, қош, құп, жарайды, мақұл, дұрыс сияқты** сөздер үтірмен бөлінеді.

5. Сөйлемдегі *иә, жоқ, мә, мәңіз* деген сөздер үтірмен бөлінеді.

6. Үтір сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің арасына қойылады.

1) Жалғаулықсыз келген дара бірыңғай мүшелердің араларына үтір қойылады. Бірыңғай мүшелердің санынан үтір санының біреуі кем болады. Мысалы: *Әр ел тұс-тұсындағы Ақбайтал, Көлденең, Жігітек, Шатқалаң, Бөкенші сияқты асу-асуларға қарай беттеді. Абай қажымай, жалықпай, ылғи гана ынтыға тыңдайтын* (М.Әуезов). *Оля Иванцова сал-мақты, ауыр мінезді, үндемейтін қыз еді* (А.Фадеев).

2) Жалғаулықсыз келген күрделі (жайылмалы) бірыңғай мүшелердің араларына да үтір қойылады: *Боржабай орта гана бойлы, жуантық денелі, дөңгелек бетті, қалың ерінді, жасаураған кішірек қоңыр көзді, ұйысқан қысқа қара жирен сақалды, таңқита басқан сирек мұртты, домалақтау мұрынды, қоңыр өңді кісі еді* (С.Мұқанов). *Бірнеше орындық, көйлек-көншек салатын комод, оның үстінде кішкентай айна, киім-кешек салынған сандық, қабырғада ілулі сағат, бұрышта екі бұрқан – міне, бар мүлік осы* (М. Горький). *Осы кезде дөңгелек жүзді, қызыл шырайлы, сарғылт жылтыр шашын құлағынан асыра қайырған, жасы он сегіздерге не жетіп, не жетпеген жас қыз келіп кірді* (А.С Пушкин).

3) Бірыңғай мүшелердің алдыңғыларының жалғаулары түсіп қалып айтылуы мүмкін. Онда да араларына үтір қойылады: *Бөкенші, Борсақ, Қызылшоқы, Қыдыр, Көлқайнарға жаппа тігіп қонды да, көшпей отырып алды* (М. Әуезов). *Жамбыл айтыс, жырларында өз заманындағы ақындардың көбінен озық екенін танытады.*

Е с к е р т у. Алдыңғысының жалғауы түсіріліп айтылатын екі бірыңғай мүшені сол типтес қос сөздермен шатастырмау керек. Мұндай сөздер жалпылық мағынада айтылған болса, қос сөз болады. Мысалы: *Мектебімізде ән-күй үйірмесі бар* (мұнда әңгіме бір үйірме туралы, сондықтан *ән-күй* – жалпы атақ). *Мектебімізде ән, күй үйірмелері құрылды* деп үтір қойып жазсақ, *ән үйірмесі бір*

бөлек, одан басқа күй (домбырашылар) үйірмесі құрылғандығы көрінеді.

4) Егер алдыңғы сын есім тікелей зат есімнің сынын білдірмей, өзінен кейінгі тұтас тіркестің сынын білдіретін болса, араларына үтір қойылмайды. Мысалы: *Мен жап-жаңа алтын сағат сатып алдым.* Мұнда *жап-жаңа* деген сын есім *алтын сағат* деген тіркесті анықтап тұр. *Колхозымызда қуатты су электр станциясы салынды.* Мұнда да әңгіме жалпы станция емес, электр станциясы туралы. *Электр станциясы* дегеннің анықтауышы – *су*. *Әдебиетімізде жаңа реалистік шығармалар көбеюде.* Мұнда әңгіме жаңа жалпы шығарманың көбеюі туралы емес, реалистік шығармалардың көбеюі туралы.

Е с к е р т у. Мұндайда бірыңғай емес анықтауыштардың алдыңғылары өзі анықтайтын сөздің сыны емес, келесі анықтауыштың құрамындағы басқа сөздің сыны болып кететін қауіп болса, араларына үтір қойылады. Мысалы: *Төңіректің бәрі де бірінен-бірі биік, қарағай жамылған ақ бас шыңдар.* (Ғ.Сыланов.) Мұнда үтір қойылмаса, бірінен-бірі биік болып тұрған шыңдар емес, қарағай болып шығады. Ал дұрысында шыңдар бірінен-бірі биік және олар қарағай жамылған.

Е с к е р т у. Кейде жазушы (не сөйлеуші) инверсия жасап, анықтауыш пен анықталушы сөздердің араларына басқа сөздерді қосып жібереді. Ол анықтауыштардың өзіне жалғас тұрған сөздің анықтауышы емес екені жазуда үтірмен, айтуда дауыс кідірісімен керсетіледі. Мысалы: *Барлық, үйге сатырлап тиген қамшы, шоқпар уық, керегені шатырлата сындырып барады* (М.Әуезов). Мұндағы анықтауыш пен анықталушылар *барлық үй* деген сөздер емес, бір үйге тиген *барлық қамшы, шоқпар* деген тізбек. Егер үтір қойылмаса және айтуда дауыс кідірісі болмаса, сөз жоқ, *барлық* деген анықтауыш *үй* деген сөзді анықтайтын болады. *Ана, төренің Кертаңдағын мін де бар.* (Р.Аманкелдин.) Мұнда *ана* деген анықтауыш *төре* деген сөзге емес, *Кертаңдақ* деген сөзге қатысты. Үтір қойылмаса, мына төре емес, ана төре деген мағына шығар еді де, анықтауыш *төре* деген сөздікі болар еді. – *Неғып тұрсың? – Шабайын деп ем! – Кімді? – Әлгі, Кенжетайды*

ұратын төрені (С.Мұқанов). Мұнда да *әлгі* деген сөзден кейін қойылған үтір ол сөздің *Кенжетай* деген сөзге емес, *төре* деген сөзге қатысты екенін көрсетеді.

5) Бірыңғай мүшелердің арасында қайталамайтын *мен, және* жалғаулықтары тұрса, үтір қойылмайды. Бұлар екі бірыңғай мүшенің арасында, немесе бірнеше бірыңғай мүшенің ең соңғысының алдынан, я болмаса жұп-жұп болып тұрған екі бірыңғай мүшенің арасында қолданылады: Мысалы: *Бұлардың артында Ербол мен Баймағамбет бір бөлек келеді* (М.Әуезов). *Махаббат, қызық, мал мен бақ көрінуші еді досқа ортақ* (Абай).

6) *Да* шылауы екі етістіктен болған бірыңғай баяндауыштың арасында қайталамай келсе, да-дан кейін үтір қойылады. Мысалы: *Таныды да, таң болды. Жабыларсың, таларсың да, жерсің! Бұның балдызына үйленген жандарал төрені сүйетін де, сүйейтін* (М.Әуезов). *Сайра да, зарла, қызыл тіл* (Абай).

Е с к е р т у . Құрмаласқа енген жай сөйлемдерді байланыстырып тұрған *да* шылауынан кейін де үтір қойылады. Мысалы: *Бір жерлерге келгенде, Биденко мен Горбунов ескі тамның түбіне бой тасалап отыра қалады да, Ваня ілгері барып жер шолып келеді* (В.Катаев).

7) *Да* жалғаулығы әр бірыңғай мүшеден кейін қайталап келгенде, үтір қойылады: *Көңлім қалды достан да, дұшпаннан да* (Абай). *Жер де, көк те тұп-тұнық, қап-қара* (С.Мұқанов). *Бала қыран алғыр да келеді, албырт та келеді* (Ғ.Мүсірепов).

8) *Не, немесе, я, яки, әрі, әлде* жалғаулықтары әр бірыңғай мүшенің алдынан қайталап келгенде, бірыңғай мүшелердің араларына үтір қойылады. Мысалы: *Теріскейден соққан желдің екпіні әрі күшті, әрі суық* (С.Мұқанов). *Я алышымнан, я тәйкемнен түсетін күннің есігі бүгін ашылғандай* (Ғ.Мүсірепов). *Айтып тұрғаның әлде шын, әлде өтірік. Ендеше, әрі сұлу, әрі ірі, әрі жорға бурыл атты мініп жүру қандай тамаша!* (С.Мұқанов.)

9) Бір сөз бірдей не әр түрлі тұлғада қайталап айтылса, араларына үтір қойылады; олар қатар да, араларына сөз салып та келе береді. Мысалы: *Лаула, жан, костёрден от, лаула, лаула! Келіңдер, кел, балалар, от жағуға! Жүйткиді*

поезд, жүйткіді (Н.Байғанин). Жантық-ай, бері келші, бері (Ғ.Мүсірепов.) Малға апарып салсам, сиыр екеш сиыр да мұрнын шүйіріп жемейтін («Аяз би» ертегісінен). Жоқ, үйінде отырса, отырсын. Солай болса, болсыншы). Молдадан оқымасаң, оқымай-ақ қой, шырағым (С. Мұқанов).

Е с к е р т у . Бұларды дефиспен жазылатын қос сөздермен шатастырмау керек.

10) Екі бірыңғай мүшенің арасында келетін *бірақ, дегенмен, алайда, сонда да* деген жалғаулықтар мен *сондай-ақ, сонымен бірге* деген тіркестердің алдынан үтір қойылады. Мысалы: *Абай өлеңдерінде, сондай-ақ публицистикалық әңгімелерінде* баланы тәрбиелеу деген мәселеге үлкен мән берді. Дала *тақыр, бірақ тығыз бетегемен жайнаған* (М.Әуезов).

11) Бірыңғай мүшелердің әрқайсысынан кейін сұраулық шылаулары, *болсын* деген сияқты сөздер қайталап келе береді, мұндайда бірыңғай мүшелердің араларына үтір қойылады. Мысалы: *Тал-терегі болсын, тау қайыңы болсын, қисықша қызыл қайың болсын – барлығы да көктеп, жайнап тұр* (М.Әуезов). *Желдің бе, қасқырлардың ба, „аруақтардың“ ба – әлдененің ұлыған үні жер-көкке сыймай тұрған сияқтанды* (С.Мұқанов).

7. Сөйлемдегі оңашаланған айқындауыш мүшелер үтірмен бөлінеді. Мысалы:

1) Оңашаланған айқындауыш мүшелер сөйлемнің басқа мүшелерінен көбінесе үтірмен бөлінеді. Мысалы: *Абай былтыр боқырауда, күзем үстінде, қалаға оқуға кеткенде, дәл осы қоныстан, Есенбайдан, кеткен болатын* (М.Әуезов). *Ұлжан енесіне бағана, Абай ұйықтап жатқанда, бар жайды айтқан* (М.Әуезов).

2) Өз ішінде үтірлері бар жайылма оңашаланған айқындауыш мүшелер сызықшаға алынып жазылады. Оңашаланған мүше үтірмен бөлінгенде, бірыңғай мүшеге ұқсап кететін жерде де сызықша қоюға болады: *Біз – Мұстафаның екі кіші баласы Ғаббас пен Шәкен, мен үшеуіміз – үйден шықтық* (С.Мұқанов). *Біраз жүрген соң Асан – күндіз көп жүріп, шаршаған бала – ұйықтап қалды* (Ы.Алтынсарин).

3) Оңашаланған айқындауыш мүше болатындар: а) Өзінен бұрынғы сөздің мәнін айқындап, дәлдеп беретін және сонымен септік жалғаулары жағынан тұлғалас келетін бір сөз не сөз тізбектері. Мысалы: Тобықты ішіне ең алғаш келген арба осы **Зеренің, Құнанбайдың кәрі шешесінің**, көк арбасы десе де болады (М.Әуезов).

4) ә) *Яғни, әсіресе, мысалы, яки, немесе, болмаса, басқаша айтқанда*, «әсіресе» деген мағынадағы *көбінесе, оның ішінде, тіпті* деген сөздермен басталатын тіркестер өзінің алдындағы сөздің мағынасын дәлдеп тұрса, оңашаланған мүше болады. Жоғарыдағы сөздердің жеке өзі үтірмен бөлінбейді. Үтір тұтас тіркестің екі жағынан қойылады. Ылғалды жерлерде, **көбінесе өзен бойларында**, шөп қалың өседі. Реакцияға түскен заттардың салмағы реакция нәтижесінде шығатын заттардың салмағына әрдайым тең болады.

Е с к с р т у л е р. *Мысалы* деген сөз оңашаланған мүшенің құрамында болмай, жеке қыстырма сөз ретінде келгенде, үтірмен жалғыз өзі ғана бөлінеді: **Мысалы, таза мыс электр тогын жақсы өткізеді. Әрқайсымыз өз шаруамызбен болдық. Мен, мысалы, кітап оқып отырдым.**

5) *Әсіресе, көбінесе, тіпті, оның ішінде* деген сөздер оңашаланған мүше болатын сөз тіркестеріне емес, жалпы сөйлемге қатысты болып келуі мүмкін. Ондайда бұл сөздер ешқандай тыныс белгісімен бөлінбейді:

а) *Ырғызбай ішінен әсіресе осы Қарашоқыға қызығушылар көп болатын* (М.Әуезов). *Алматылықтар жазда көбінесе тауға шығады. Оның ішінде үй іштерімен шығатындар да көп.*

ә) Есімдіктен кейін келген айқындауыштар оңашаланады: *Олар, жас комсомол жігіттер мен жас қыздар, тыңға аттанды. Мен, Олег Кошевой, Жас гвардия мүшелерінің қатарына кірерде... ант етем* (А.Фадеев). *Айтып тұрған мына мен, Бақбергенмін* (М.Әуезов).

б) Кейде керісінше құрылған конструкция да болады, яғни есімдік оңашаланады, бірақ бұл сирек қолданылады. Мысалы: *Балалары, біз, тірі тұрғанда, анам кедейшілікті ойлайтын кісі емес еді* (С.Мұқанов).

в) Жалпы мезгілді, мекенді білдіретіп пысықтауыштардан кейін, сол мезгілдің дәл кезі, сол мекеннің дәл қай жері екенін ашып көрсететін айқындауыштар оңашаланады: *Түнде, сағат 12-де, поезд келді* (түннің басқа кезі емес, дәл сағат 12-де дегенді көрсетеді)

б) Инверсияда оңашаланған мүше үтірмен бөлінеді: – **Мұқанның баласы ғой, менің былтыр өлген ағамның (С.Мұқанов).** (Мұқанның, менің былтыр өлген ағамның, баласы ғой дегенмен салыстырыңыз).

8. *Сияқты, ретінде, қатар, емес, түгіл* деген сөздермен келген және

-дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтары қосылған тізбектер де үтірге алынады.

1) Сияқты, ретінде, қатар, емес (емей), түгіл деген сөздермен келген және *-дай, -дей, -тай, -тей* жұрнақтары қосылған тізбектер де, оңашаланған мүше сияқты, сөйлем ішінде үтірмен бөлінеді. Мысалы: *Жамбыл 70-80-жылдарда, ұсақ өлеңдермен қатар, көлемді жырлар да шығарады* («Қазақ әдебиеті»). *Үйге кіргізу түгіл, жақындатуға рұқсат жоқ* (Ғ.Мүсірепов).

Ескерту. Бұл сөздердің белгілі бір сөйлем мүшесінің құрамында тұрғандағысымен шатастырмау керек. Ондайда бұлар үтірмен ажыратылмайды. Мысалы: **Горький сияқты** талант бүкіл дүние жүзіне ортақ. (*Қандай талант? – Горький сияқты – анықтауыш*). Екеуі **қатар** отыр (*Қалай отыр? – Қатар – пысықтауыш*).

2) Мына сөйлемдердегі тыныс белгілерінің қойылуын салыстырыңыздар: *Үйде, Бәжсей мен Сүйіндіктен басқа, Түсіп бар. Сіздің айтып отырғаныңыз қай Түсіп: өзіміздің ауылдағы Түсіп пе, басқа Түсіп пе?* (М. Әуезов).

9. *Қарамастан, қоспағанда, есептегенде* деген сөздерге аяқталатын сөз тізбектері үтірмен ажыратылады. *Аяғының ауырғанына қарамастан, ол майпаңдап жүріп отырды. Кешігіп қалған екеуді қоспағанда, жорыққа аттанатын шаңғышылар саны он алты.*

10. Үтір кұрмаласқа енген жай сөйлемдердің арасына қойылады.

1) Бір мезгілде немесе бір-біріне ұласа болған істі білдіретін, салаласа құрмаласқан жай сөйлемдердің арасына үтір қойылады. Мысалы: *Итбай мен Горбунов дойбы ойнап отыр еді, терезеден айғай шықты* (С.Мұқанов). *Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман* (Абай).

2) *Да (де, та, те), дәрі, не, немесе, яки, біресе, бірде* жалғаулықтары салаласқа енген жай сөйлемдердің әрқайсысында қайталап келсе де, қайталамай келсе де, жай сөйлемдер арасына үтір қойылады. Мысалы: *Біз Балқашқа баратын поезды күттік те, ол Петропавл поезымен сол күні кешке Алматыға аттанды* (М.Иманжанов). *Күнде шықты, біз де тұрдық. Біресе себелеп жаңбыр жауады, біресе қиыршықтап қар жауады.*

3) Салаласқа енген жай сөйлемдер *бірақ, өйткені, сондықтан, дегенмен, алайда, әйтсе де, ал* деген жалғаулықтармен байланысса, үтір олардан бұрын қойылады. Мысалы: *Жарты сағаттан кейін атқа қондым, ал Савельич қала адамдарының бірі тегін берген көтерем ақсағына мінді* (А.С.Пушкин). *Жұрт Павелді қоршап тоқтай қалды, бірақ ол алға жарып шықты* (М.Горький).

4) *Бірақ, өйткені, сондықтан, дегенмен, алайда, әйтсе де, ал* деген жалғаулықтар жеке сөйлемнің басында келсе, олардан соң үтір қойылмайды. Кейде *бірақ, дегенмен, алайда* жалғаулықтары жеке жай сөйлемнің ортасында келуі мүмкін. Онда да алды-артынан үтір қойылмайды. Мысалы: *Асқар ұзақ уақыт ұйықтай алмады. Бірақ жатқан қалпынан тырп етіп қозғалған жоқ* (С.Мұқанов). *Сондықтан да соңғы бір-екі күн бойында Татьянаны ақын өз елінің тілімен сөйлете бастап еді.* (М.Әуезов).

5) *Е с к е р т у.* *Ал, бірақ, дегенмен, алайда, өйткені, сондықтан* деген жалғаулықтар сөйлем басында келіп, олардан кейін оқшау сөздердің бірі тұрса, жалғаулықтардан кейін үтір қойылады. Бірақ ол жалғаулыққа байланысты қойылған үтір болмайды, оқшау сөздің алдынан қойылған үтір болады. Мысалы: *Бірақ, шынында, олай емес-ті: Сerezжа адастырмайтын* (А.Фадеев). *Ал, шырақ, әңгіменді айта бер. Дегенмен,*

сайып келгенде, еңбек адамымен ұғысу да, достасу да, сырласу да оңай орайласатыны анық (М.Иманжанов).

6) *Ал, бірақ, дегенмен, алайда* деген мағыналас жалғаулықтар қатар келгенде, араларына үтір қойылады. Мысалы: *Ал, бірақ «білімсізбін» деп өзіңізді өзіңіз әдейілеп кемітуіңізге жол болсын (М.Иманжанов). Бірақ, дегенмен өзі қорықпайтын бала екен. Ал, дегенмен әңгімеңді айтып көр.*

7) Құрмаласқа енген алғашқы екі, үш немесе одан да көп сұраулы сөйлемдердің арасына сұрау белгісі емес, үтір қойылады: *[Қарт] үнсіз тұрып калған екі жас сөйлессін деді ме, әлде жылқыны аралап қайтқысы келді ме, Борашқа иегін көтерді де, ылдизға қарай жорта жәнелді (М.Иманжанов). Сам жамырай бастағаны ма, жоқ, батар күннің жауын бұлты арқылы себездегені ме, әйтеуір, батыс жақта, көкжиек үстінде сарғыш мұнар сәуле бар (М. Әуезов).*

8) Сабақтаса құрмаласқан жай сөйлемдердің араларына, негізінен, үтір қойылады. Мысалы: *Сол жылы Есіл мол тасып, жаз жаңбыр да жауып, егін мен шөп тамаша көп шықты. Ойы ұнамды шыққасын, Ботакөз қуанып кетті (С.Мұқанов). Білсең, отыр (Ғ.Мүсірепов). Баймағамбет тұрып есікті ашқанда, ар жағында тыстан қайтып келе жатқан Әйгерім көрінді (М.Әуезов).*

9) Әдетте шартты бағыныңқылы сабақтастың жай сөйлемдерінің арасына үтір қойылады, ал баяндауышы шартты райдан жасалған бағыныңқылы сөйлем ерекше мән беріле айтылса, немесе басыңқыдағы іс шұғыл, күтпеген оқиғаны білдірсе ғана, сызықша қоюға болады. Мысалы: *Ұрса – құлашы, сыбанса – білегі, ашылса – жүрегі, түйсе – жұдырығы көз тойдырады (Ғ.Мүсірепов).* Бұл сөйлем төрт сабақтастан құралған күрделі құрмалас сөйлем. Әр сабақтастың өзі толымсыз бір бағыныңқы, бір басыңқыдан құралған: *Ол ұрса – құлашы көз тойдырады, ол сыбанса – білегі көз тойдырады... Көзімнің оты жарқ ете қап, дуылдай жөнелген мұрнымды алақаныммен тоса қойып ем, жып-жылы бірдеме сорғалай жөнелді, байқасам – шұбырған қан! (С. Мұқанов).*

10) Бағыныңқы сөйлем басыңқының ортасында келсе, үтір екі жағынан қойылады. Мысалы: *Абай, Әбдірахман атқа мінетін болған кезде, үйден бірге ере шықты. Оспан, Жиренше қой деген сайын, сақ-сақ күліп, иттерін өшіктірді. Ол бұл жерге, Абайды керек еткен адвокат келсе, не тергеуші начальник келсе ғана, кіретін (М.Әуезов).*

11) Бастауыш екі жай сөйлемге ортақ болса, ол қайсысымен айтылып тұрса, сонысына қатыстырылады. Мысалы: *Абай Қарқаралыдан қайтқан соң, атқа мініп ел аралаған жоқ (М.Әуезов).* Немесе: *Қарқаралыдан қайтқан соң, Абай атқа мініп ел аралаған жоқ.* Ал осы сөйлемнің тыныс белгісін **Абай**, Қарқаралыдан қайтқан соң, атқа мініп ел аралаған жоқ *деп қою дұрыс емес.*

11. § 35. Екіге бөлінген төл сөздің алғашқы бөлігі хабарлы сөйлем немесе сөйлемнің бір бөлігі болса, одан кейін үтір (және сызықша) қойылады. Екіге бөлінген төл сөздің алғашқы бөлігі өз алдына сөйлем болмай, оған үтір қойылған болса, екінші бөлігінің алдынан да үтір қойылады.

1) Төл сөз бен автор сөзінің орналасу тәртібіне қарай тыныс белгілері былайша қойылады:

А. Әуелі төл сөз, одан кейін автор сөзі келгенде, төл сөз екі жағынан тырнақшаға алынады да, автор сөзінен бұрын, төл сөз болып тұрған сөйлем хабарлы болса, үтір мен сызықша; лепті болса, леп белгісі мен сызықша; сұраулы болса, сұрау белгісі мен сызықша қойылады. Сондай-ақ көп нүкте мен сызықша да қойылады. Мұндайда үтір тырнақшаның сыртына қойылады, ал сұрау, леп белгілері және көп нүкте тырнақшаның ішіне қойылады. Мысалы: *«Мұны мен бұрын бір жерден көрдім», – деп ойлады ұста. «Мұны мен қайдан көрдім?» – деп ойлады ұста. «Мұның кім екенін қайтсем де білуім керек!» – деп өзіне серт берді ұста. «Бұл кім болды екен, әлде...» – деп, ойлай бастады ұста.*

Сызықшаға алынып жазылуға тиісті төл сөздердің тыныс белгілері де дәл осындай. Тек олар екі жағынан тырнақшаға алынбайды. Оның орнына төл сөздің алдына

сызықша қойылады да, жаңа жолдан басталып жазылады. (Сондықтан мысал екеуінен аралас келтіріледі.)

Ә. Төл сөздің алдынан келген автор сөзінен кейін қос нүкте қойылады: **Ұста:** «Мұны қайдан көрдім?» – **деп ойлады.** *Кісілер тарап кеткеннен кейін, ол Павелге қарап: – Павлуша, сен социалистісің? – деп сұрады.*

Б. Сөйлем тырнақшаға алынған төл сөзбен аяқталып тұрса, нүкте тырнақшаның сыртынан, ал леп, сұрау белгілері мен көп нүкте тырнақшаның ішінен қойылады. Мысалы: **Ұстаның ойлағаны:** «Мен мұны бір жерде көрдім». **Ұстаның ойлағаны:** Мұны мен қайдан көрдім?»

В. Автор сөзі төл сөздің ортасында келгенде, тыныс белгілері төрт түрлі қойылады:

а) Автор сөзі төл сөз болып тұрған тұтас сөйлемді екіге бөліп тұрса, автор сөзінің алды-артынан үтір мен сызықша қойылады. Төл сөздің екінші жартысы кіші әріптен басталып жазылады. Мысалы: – *Мені, – деді Амантай далаға шыққан Асқарға, – губернатор шақырған екен. Еріп жүрші, шырағым* (С.Мұқанов). «*Я, – деп ойлады, шелегін босағаға қойып... далаға шыққан Айбала, – қуанатын жөні бар*» (С.Мұқанов).

ә) Екіге бөлінген төл сөздің бірінші жартысы өз алдына хабарлы сөйлем болса, автор сөзінен бұрын үтір мен сызықша, автор сөзінен кейін нүкте мен сызықша қойылады. Төл сөздің екінші жартысы бас әріптен басталып жазылады. Мысалы: – Әрине, түсінем ғой. Бізге қай жерде жасалған танкіні жіберсе де бәрібір ғой. Тек танк болсын. Бірақ әлдене үшін Сталинград танкілерін көргім келеді, – **деп жымыды да,** – туысқаным келердей күтемін, – **деп аяқтады** (Ғ. Мүсірепов).

12. Бірнеше сөзден құралған күрделі қос сөздердің арасына үтір қойылады.

1)Үн жоқ, түн жоқ; ұзын арқау, кең тұсау; сегіз қырлы, бір сырлы; апы кіріп, күпі шығып; алты аласы, бес бересі; күн демей, түн демей; о жақ, бұ жағы сияқты күрделі қос сөздердің арасына, бірыңғай мүшедегідей, үтір қойылады. Мысалы: Ол сегіз қырлы, бір сырлы жігіт еді. Әңгіменің о жақ, бұ жағынан бір шығып отыр. Қос салт атты үн жоқ, түн жоқ жүріп келеді.

13. Бірдей немесе әргелкі тұлғада қайталанып келетін жеке сөздер мен тіркестердің арасына үтір қойылады.

1) Бір сөз бірдей не әр түрлі тұлғада қайталап айтылса, араларына үтір қойылады; олар қатар да, араларына сөз салып та келе береді. Мысалы: Лаула, **жан, костёрден от**, лаула, лаула! Келіндер, кел, **балалар, от жағуға!** Жүйткіді поезд, жүйткіді (*Н.Байганин*). Молдадан оқымасаң, оқымай-ақ **қой, шырағым.** (*С. Мұқанов.*)

Е с к е р т у . Бұларды дефиспен жазылатын қос сөздермен шатастырмау керек.

14. § 38. *Ол – ол ма, бұл – бұл ма, ол – ол болсын* деген тіркестер сөйлем ішіндегі басқа сөздерден үтірмен бөлінеді.

3.2.2.2. Сызықшаның қойылатын жағдайлары

1. Сызықша бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылады.

1) Бастауыш зат есімнен немесе заттанған басқа сөз таптарынан жасалып, баяндауыш та атау тұлғадағы зат есімнен немесе заттанған басқа сөз таптарынан болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады: *Тіл – қозғамдық құбылыс. Қаһарлы суық Мұзды мұхит – үстінен құс ұшпаған қырқасын, жан баспаған жапан түз. Соңғы келген үшеудің ортадағысы – Құнанбайдың тағы бір тоқал шешесінен туған Жақып* (*М.Әуезов*).

2) Атау тұлғадағы бастауыш, не баяндауыш, не екеуі де тәуелдік, көптік жалғаулы болуы мүмкін. Ол күнде де бастауыштан кейін сызықша қойылады: *Монолог – бір адамның пікір түйе сөйлеген сөзі. Әкесінің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың* (*Абай*). *Адамның ішкі сезімінің айнасы – көз* (*С. Мұқанов*).

3) Бастауыш та, баяндауыш та бір сөздің қайталауынан жасалуы мүмкін, бұл жағдайда да бастауыштан кейін сызықша қойылады. *Ар жазасы – бар жазадан ауыр жаза* (*М.Әуезов*). *Ғашықтың тілі – тілсіз тіл* (*Абай*).

4) Баяндауыштың алдында не артында шылаулар тұрса (*ғана* т.б.), сызықша қойыла береді: *Қаланың қасында көз толатын табиғат – шалқар көл ғана* (*С.Мұқанов*). *Даланы*

билеп алған жалғыз үн – күн сайын қатая түскен күзгі желдің уілі ғана (М.Әуезов).

5) Бастауыш I, II жақтық жекеше я көпше тұлғадағы есімдіктен, баяндауыш жіктік жалғауы түсірілген есімдердің біреуінен болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады: **Мен** – тауда ойнаған қарт **марал** (*Махамбет*). **Біз** – қырғауыл, **сіз** – түйғын (*Абай*).

Е с к е р т у. Мұндайда баяндауыш жіктік жалғаулы болса, сызықша қойылмайды: *Мен осы үйдің баласымын. Сіздер тәжірибелі колхозшысыздар. Мен көмірмін қалған өрттен.* (Абай.)

6) Бастауыш та, баяндауыш та атау тұлғадағы сын есімнен жасалғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады: **Жақсы** – ісімен **жақсы** (Мақал). **Сұлу** – **сұлу емес**, **сүйген** – **сұлу** (Мақал).

7) Бастауыш та, баяндауыш та сан есімнен болғанда, екеуінің арасына сызықша қойылады: **Үш** жердегі **үш** – **тоғыз**. **Екі** бесіміз – **он**.

8) Бастауыш *ол, бұл, мынау, сонау, анау* деген сілтеу есімдіктерінен жасалып, баяндауыш атау тұлғадағы зат есім немесе зат есім мағынасындағы басқа сөз табы болғанда, сілтеу есімдіктерінен кейін сызықша қойылады: – **Бұл** – адамның **көз сүйегі**, – **деді ханға** (Абай). **Бірақ бұл** – қайтқаны емес, толғанып қалып, бірнеше тәсіл **тапқаны** (Ғ.Мұстафин).

9) *Ол, бұл* деген сілтеу есімдіктерінен болған бастауыштар өзінен кейінгі сөздің анықтауышына ұқсап, шатасып кететін жағдайда, баяндауышы қай сөз табынан жасалса да, бастауыштан кейін сызықша қойылады.

а) Мұндай бастауыштары бар сөйлем өзінің алдындағы сөйлемдермен логикалық байланыста болады, сондықтан олар контекске қарай ажыратылады. Мысалы: **Бұл** мәселе – Горький романындағы ең күрделі мәселелердің бірі. **Бұл** – романдағы *Саша, Наташа, Софья, Николай Ивановичтердің революциялық істерін суреттеу арқылы көрсетіледі* («Қазақ әдебиеті»).

ә) Тіл-тілдің қайсысында болсын сөз мағынасы көбіне осы метафора арқылы ауысады. *Сөйтіп, бұл* – сөз мағыналарының

ауысу тәсілдерінің ішіндегі метафораның айрықша орын алатындығын көрсетеді (К.Аханов).

10) Бастауыш тұйық етістіктен не тұйық етістік араласқан тізбектен жасалса, баяндауыш атау тұлғадағы зат есімнен, немесе тұйық етістіктен (не тұйық етістік аралас) және керісінше болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады: *Көргеннен, білгеннен аспау, барды қанағат қылу – ой мешеулігі* (Ғ.Мұстафин). *Аз сөзді, көп мағыналы болу – мақал-мәтелдерге тән құбылыс.*

11) Бастауыш *-ған (-ген, -қан, -кен)* жұрнағымен жасалған есімшеден (не есімше аралас күрделі болса), баяндауыш не зат есім, не есімше, не есімдіктен жасалғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады: *Бұған таяу отырған – Ыбырайдың Ысқағы* (М.Әуезов). *Көпір біткен – соғыс тұмсығының қатты қадалатын жері* (Ғ.Мүсірепов). *Менің жазып отырғаным – теңіз үстінде кездескен көріністерден, жолыққан адамдардан білгендерім* (С.Мұқанов).

12) Бастауыш *бірі, біреуі, біріншісі, екіншісі, алдыңғысы, соңғысы* деген заттанған сан, сын есімдерден және *көбі* деген сөзден, баяндауыш атау тұлғадағы зат есімнен не тұйық етістіктен және керісінше болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады: *Пьесада («Шыңырау түбінде») бір-біріне қарсы екі түрлі идея түйіседі: оның бірі – көнбістікті, төзе берушілікті уағыздайтын аяушылық идеясы, екіншісі – адам күшіне сену, оны өмір үшін күреске шақыру идеясы* («Қазақ әдебиеті»). *Біздің әдебиетіміздің негізгі міндеттерінің бірі – қоғамның дамуына кедергі келтіретін жалқаулықтардың адам санасындағы қалдықтарын әшкерелеп отыру.*

13) Баяндауыш өз ішінен сөйлем мүшелеріне ажыратылатын күрделі сөз тіркестері болып келсе, бастауыштан кейін сызықша қойылады (практикада көбінесе шатасып қос нүкте қойылып жүр, ол дұрыс емес): *Біздің жауабымыз – Оралбайды білмейміз* (М.Әуезов). (Мұндағы баяндауыш – [біз] Оралбайды білмейміз; оның өз ішінде бастауышы (біз), толықтауышы (Оралбайды), баяндауышы (білмейміз) бар). *Өсиетім – шындықты, адалды сүй* (Жамбыл).

14) Сөйлемнің бір бөлігі *мұның себебі, оған себеп* деген сияқты сөздерден жасалып, екінші бөлігі тұтас сөйлем болып келетін жағдайлар да осы ережеге сәйкес келеді. Мұндайда да сөйлемнің екі бөлігі бір-бірінен сызықша арқылы айрылады: – **Бірінші себеп** – *Қарағанды жағдайында ашық шахта бола алмайды. Екінші себеп* – *бола алған күнде оны біз емес, жергілікті отын өндірісі министрствосы ашу керек* (Ғ.Мұстафин). *Ішіндегі суы қатқанда, бөтелке сынады. Мұның себебі* – *су қатқан кезде, бөтелке ұлғаяды* («Химия» оқулығынан).

15) Бастауыш өзінен кейінгі сөзбен тіркесіп, сөйлемнің басқа бір мүшесімен шатасып кететін болса, одан кейін сызықша қойылады (мұндайда баяндауыш қай сөз табынан, қандай тұлғадан жасалғаны шарт емес). Айтуда бастауыштан кейін пауза болады. Мысалы: *Жазушы – Шойын, комсомолец Болат арқылы партияның саяси ықпалымен санасы оянған жалшының образдарын жасауға ұмтылады* («Қазақ әдебиеті»). Бұл сөйлемде әңгіме жазушы Ғ.Мұстафин туралы; егер *жазушы* дегеннен кейін сызықша қойылмаса, жазушы Мұстафин емес, Шойын болар еді. Шойын мен Болат – жазушы Мұстафиннің шығармасындағы кейіпкерлер. **Отыз** – *алтыға қалдықсыз бөлінеді* (30 : 6). **Мен білмейтін** – *жер астында* (сөйлемді ашып айтсақ: *Мен білмейтін нәрсе жердің астында жатады* сияқты болар еді. *Мен білмейтін жер астында* деген түрінде *білмейтін* деген бастауыштан кейін сызықша қойылмаса, *білмейтін* нәрсе емес, жер деп түсінілуі мүмкін).

16) Бастауыш зат есім не заттанған басқа сөз табынан болып, баяндауыш болымсыздықты білдіретін *емес* сөзі тіркескен есімдердің бірінен болса, бастауыштан кейін сызықша қойылады: *Туысым – аталасым емес, өзіммен мұны бір, бейнеті бір жатақтар* (М.Әуезов). **Сұлу** – *сұлу емес, сүйген – сұлу* (Мақал).

17) Бастауыш *алд(ы), арт(ы), жан(ы), қас(ы), үст(і), аст(ы)* сияқты көмекші есімдердің жалаң өзінен болып, баяндауыш та есім сөзден болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады: *Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ* (Абай). **Үстім** – *көк, астым – теңіз, атым – кеме. Арқырап ту толқынмен арпалысқан* (Т.Жароков).

18) Мақал-мәтелдерде, афоризмдерде, өлеңдерде сөйлемнің баяндауышы түсіріліп, ықшамдалып айтылады. Мұндай сөйлемдер түсінікті болу үшін, бастауыштан кейін сызықша қойылады: *Ер – егесте [сыналады], нар – кешуде [сыналады]* (М.Әуезов). *Асыл – тастан [шығады], ақыл – жастан [шығады]. Біреуі – көк [тағысы], біреуі – жер тағысы* (Абай).

19) *Ол – ол ма, бұрынғы – бұрынғы ма, бұл – бұл ма* сияқты қыстырма сөз тіркестері де өз алдына сөйлем құрылысы бар (*ол – бастауыш, ол ма – баяндауыш*) тізбек ретінде араларына сызықша қойылып жазылады: *Бұрынғы – бұрынғы ма, оның салтанаты тіпті артып кетеді* (Ертегіден). *Ол – ол ма, әңгіме одан да күшейе түсті.*

20) *Де етістігінің алдында келетін, бірақ төл сөз емес құрылыс өз алдына сөйлем болса, оның бастауышы мен баяндауышының арасына қойылуға тиісті сызықша сақталады: Украина мен Белоруссия, Эстония мен Латвия жеріне 1941 жылы басып кірген жау– Совет Одағын мекендеген барлық халықтардың ортақ жауы, оны қасиетті жерімізден қуу– бәріміздің игі міндетіміз* деген идея көп шығармалардың өзекті тақырыбы болды («Қазақ әдебиеті»).

21) Бастауыш болып тұрған сөз баяндауыштың құрамында қайталап, бастауышпен тете тұрса, бастауыштан кейін сызықша қойылады: *Физикалық денелерден құралған заттар сол қалпында: шыны – шыны қалпында [қалады], парафин – парафин қалпында [қалады], мыс – мыс қалпында қалады* («Химия оқулығы»). *Көрген – көргенін айтады. Жамбыл — Жамбыл болғалы, Есіткен талай батырды (Жамбыл).*

2. Сызықша бірыңғай мүшелерден кейін келген жалпылауыш сөздің алдынан қойылады.

1) Жинақтаушы мәнде қолданылған кейбір зат есімдер де, оның ішінде мөлшерлі сан есіммен келгендері де, жалпылауыш сөз бола алады. Мысалы: *Солтүстік пен оңтүстік, Батыс, шығыс – әлемде Балдан тәтті сөзінің Дәмін алған, ұнатқан (Жамбыл). Екі ақсақ, бір жел аяқ – үш боздақ енді базарға қарай бет алдық (Ғ.Мүсірепов).*

Е с к е р т у . Жалпылау сан есімдерінен болған жалпылауыш сөзден бұрын сызықша қойылмайды: *Ішінде*

отырған Мәкіш, Салтанат, Ербол үшеуі Абайға қарсы қуана ұмтылысты. Мәкіш, Ербол екеуі Абаймен құшақтасып амандасты (М.Әуезов).

2) Бірыңғай мүшелер мен олардан кейін келетін жалпылауыш сөздің арасында қыстырма сөз (не қыстырма сөз тізбектері мен сөйлем) тұрса, қыстырма сөзден бұрын сызықша, соңынан үтір қойылады. Мысалы: Электр станциясының салынып біткен мерекесіне арналған митингіге жас та, кәрі де, оқушылар да, бөбектер де – **қысқасы**, ауыл адамдарының **бәрі** тегіс келді.

3. § 44. Алдында жалпылауыш сөзі бар бірыңғай мүшелерден кейін сөйлем аяқталмаса, ең соңғы бірыңғай мүшеден соң сызықша қойылады.

1) Жалпылауыш сөз бірыңғай мүшелерден бұрын тұрса, жалпылауыш сөзден кейін қос нүкте қойылады. Бірыңғай мүшелерден кейін сөйлем аяқталмаса, бірыңғай келетіндер, көбінесе, *бәрі, барлығы, барша(сы), күллі(сі), бірі* деген есімдіктер және сан есім аралас басқа есімдер болады. Мысалы: Ортасында Құнанбай, Бөжей, Байсал, Қаратай, Сүйіндік, Майбасар – **бәрі** бар (М.Әуезов). Жылаған Тоғжан, жылаған Бөжей қыздары, барлық қаралы көш, ...қаралы киім, тұл ат – **баршасы** осы барлық қауымның қайғысын да Абайға өзгеше терең түсіндірді (М.Әуезов).

4. Диалог төл сөздің алды-артынан (егер төл сөзден кейін автор сөзі тұрса), тырнақшаға алынған төл сөздің артынан сызықша қойылады .

1) § 237. Төл сөз екі түрлі қолданылады: бірі – төл сөзді мәтін ішінен бөлмей, абзацсыз (жаңа жолсыз) қолдану; екіншісі – төл сөзді абзацпен бөліп тастау. Бірінші жағдайда төл сөз тырнақшаға алынады, екіншіде сызықша арқылы жазылады: *Әкей оқта-текте иінін қозғап қалып, күбірлеп сөйлеп те қояды: «Генерал-поручик!.. Ол менің ротамда сержант қана еді! Содан бері көп-ақ өткені ме?..»*

– *Асан үйінде екен, – деді біреу жүгіріп кеп.*

– *Қалима ше?*

– *О да үйінде (С. Мұқанов).*

2) Төл сөз бен автор сөзінің орналасу тәртібіне қарай тыныс белгілері былайша қойылады:

А. Әуелі төл сөз, одан кейін автор сөзі келгенде, төл сөз екі жағынан тырнақшаға алынады да, автор сөзінен бұрын, төл сөз болып тұрған сөйлем хабарлы болса, үтір мен сызықша; лепті болса, леп белгісі мен сызықша; сұраулы болса, сұрау белгісі мен сызықша қойылады. Сондай-ақ көп нүкте мен сызықша да қойылады. Мұндайда үтір тырнақшаның сыртына қойылады, ал сұрау, леп белгілері және көп нүкте тырнақшаның ішіне қойылады. Мысалы: *«Мұны мен бұрын бір жерден көрдім», – деп ойлады ұста. «Мұны мен қайдан көрдім?» – деп ойлады ұста. «Мұның кім екенін қайтсем де білуім керек!» – деп өзіне серт берді ұста. «Бұл кім болды екен, әлде...» – деп, ойлай бастады ұста.*

Сызықшаға алынып жазылуға тиісті төл сөздердің тыныс белгілері де дәл осындай. Тек олар екі жағынан тырнақшаға алынбайды. Оның орнына төл сөздің алдына сызықша қойылады да, жаңа жолдан басталып жазылады (Сондықтан мысал екеуінен аралас келтіріледі).

Ә. Төл сөздің алдынан келген автор сөзінен кейін қос нүкте қойылады: *Ұста: «Мұны қайдан көрдім?» – деп ойлады. Кісілер тарап кеткеннен кейін, ол Павелге қарап: – Павлуша, сен социалистісің? – деп сұрады.*

Сөйлем тырнақшаға алынған төл сөзбен аяқталып тұрса, нүкте тырнақшаның сыртынан, ал леп, сұрау белгілері мен көп нүкте тырнақшаның ішінен қойылады. Мысалы: *Ұстаның ойлағаны: «Мен мұны бір жерде көрдім». Ұстаның ойлағаны: «Мұны мен қайдан көрдім?»*

Б. Автор сөзі төл сөздің ортасында келгенде, тыныс белгілері төрт түрлі қойылады:

а) Автор сөзі төл сөз болып тұрған тұтас сөйлемді екіге бөліп тұрса, автор сөзінің алды-артынан үтір мен сызықша қойылады. Төл сөздің екінші жартысы кіші әріптен басталып жазылады. Мысалы: *– Мені, – деді Амантай далаға шыққан Асқарға, – губернатор шақырған екен. Еріп жүрші, шырағым (С.Мұқанов). «Я, – деп ойлады, шелегін босағаға қойып... далаға шыққан Айбала, – қуанатын жөні бар» (С.Мұқанов).*

ә) Екіге бөлінген төл сөздің бірінші жартысы өз алдына хабарлы сөйлем болса, автор сөзінен бұрын үтір мен сызықша, автор сөзінен кейін нүкте мен сызықша қойылады. Төл сөздің екінші жартысы бас әріптен басталып жазылады: – *Әрине, түсінем зой. Бізге қай жерде жасалған танкіні жіберсе де бәрібір зой. Тек танк болсын, бірақ әлдене үшін Сталинград танкілерін көргім келеді, – деп жымыды да, – туысқаным келердей күтемін, – деп аяқтады* (Ғ.Мүсірепов).

3) Төл сөзді екіге бөліп тұрған автор сөзінің алғашқы жартысы мағына жағынан төл сөздің алдыңғы бөлігіне, соңғы жартысы төл сөздің екінші бөлігіне қатысты болса, автор сөзінің соңына қос нүкте мен сызықша қойылады: – *Жұмыскерлер мал ұстаймын дей ме, құс асырағылары келе ме, сондайларын да сұрап жүру күнә емес шығар? – деп, Сикорскийге қыжырта қарады да, Ушаков бұйрығын бітірді: – Дұрыстап көшіріп жаз да, мына жерге іліп қой* (Ғ.Мүсірепов).

5. Сызықша жалғаулықсыз салаластардың арасына қойылады.

1) Құрмаласқа енген жай сөйлемдерді байланыстырып тұратын *бірақ, сонда да, алайда, сондықтан, дегенмен* сияқты жалғаулықтар түсіп қалып айтылғанда, олардың орнына үтір мен сызықша қойылады. Мысалы: *Үйде шешен, – дауда жоқ* (Мақал). *Тұрайын деп еді, – тұра алмады. Есіктің киізін олай итерем, бұлай итерем, – ашылмайды* (С.Мұқанов). *Аяп келдім, – айта алмадым* (Ғ.Мүсірепов). *Елге мойнымды созам, – көрінбейді. Маңайға мойнымды созам, – дәнеңе жоқ.* (С.Мұқанов). *Біз Алатаудай ел едік, – теңемек болды ойға жау* (Жамбыл). *Аяғы жоқ, – жүреді, – аузы жоқ, – сөйлейді* (Жұмбақ).

2) Салаласқа енген жай сөйлемдегі іс шұғыл болса, немесе біріндегі іске екіншісіндегі қарама-қарсы қойылып айтылса, араларына үтір мен сызықша қойылады. Мысалы: *Тептім, – терекке шықтым* (Жұмбақ). *Толқып теңіз бір уақытта Сарқырап кеп шайқалды ол, – Қалып қойды жағада сол Отыз үш ер кіл қаһарман* (А.С.Пушкин). *Ти десем, – тимейді, тиме десем, – тиеді* (Жұмбақ). *Айтты, – көндім, алды, – бердім, енді өкіндім, өзіме аз* (Абай).

6. Оңашаланған айқындауыш мүшелердің екі жағынан сызықша қойылады.

1) Оңашаланған айқындауыш мүшелер сөйлемнің басқа мүшелерінен көбінесе үтірмен бөлінеді. Мысалы: Абай былтыр боқырауда, **күзем үстінде**, қалаға оқуға кеткенде, дәл осы қоныстан, **Есенбайдан**, кеткен болатын (М.Әуезов). Ұлжан енесіне бағана, **Абай ұйықтап жатқанда**, бар жайды айтқан (М.Әуезов).

2) Өз ішінде үтірлері бар жайылма оңашаланған айқындауыш мүшелер сызықшаға алынып жазылады. Оңашаланған мүше үтірмен бөлінгенде, бірыңғай мүшеге ұқсап кететін жерде де сызықша қоюға болады: *Біз – Мұстафаның екі кіші баласы Ғаббас пен Шәкен, мен үшеуіміз – үйден шықтық* (С.Мұқанов). *Біраз жүрген соң Асан – күндіз көп жүріп, шаршаған бала – ұйықтап қалды* (Ы.Алтынсарин).

7. Бірыңғай сұраулы мүшелерді немесе сұраулы сөйлемдерді жинақтап тұратын *әйтеуір* деген сөз түсіп калған жерге сызықша қойылады: *Ісінгендіктен бе, таяқтан әлсірегендіктен бе – әйтеуір денесі зілдей ауыр екен* (С.Мұқанов).

8. Оңашаланған айқындауыштың алдынан сызықша қойылады.

1) Оңашаланған айқындауыш мүше өзінің алдындағы айқындайтын сөзімен септік, тәуелдік тұлғалары жағынан қиыспай тұрса, яғни айқындалушы сөз атау тұлғада келсе, араларына сызықша қойылады да, айқындауыштан кейін ешқандай тыныс белгісі қойылмайды: *Күлкінің **иесі** – **қызды** біз енді жақсылап көрдік* (С.Ерубәев). Осы сөйлемдегі айқындауыш пен айқындалушы сөздер бірдей тұлғада (екеуі де табыс септікте) берілсе, тыныс белгісі басқаша қойылады: *Күлкінің **иесін**, **қызды**, біз енді жақсылап көрдік*.

2) Ал айқындалатын сөзімен морфологиялық тұлға жағынан қиыспай (бірдей болмай) тұрса да, не екеуі де атау тұлғада келсе, жалқы есімнен болған айқындауыш ешқандай тыныс белгісімен ажыратылмайды: *Менің **інім Марат** биыл мектеп бітіреді. Оның бұл тұрған қалпын*

ағасы Балтабектің әйелі Айбаладан басқа ешкім көрген жоқ (С.Мұқанов). Бұл сөйлемдердегі *Марат, Балтабай, Айбала* деген жалқы есімдер өздерінен бұрынғы *інім, ағасы, әйелі* деген сөздерді дәлдеп, атап айтып айқындап тұр.

9. *Сонда, сонша, сондай, соншалық, сол, мынау, мынадай* деген сөздерге аяқталған тіркестен кейін жеке сөйлем тұрса, бұл сөздерден кейін сызықша қойылады.

1) *Тізбек сонда, соншалық, сонша, сондай, сол, мынау, мынадай, себебі* деген сөздермен аяқталып, әрі қарай өз алдына сөйлем болып кетсе, бұл сөздерден кейін қос нүкте қойылмай, сызықша қойылады. Мысалы: ***Мақал-мәтелдердің ықшам болатын себебі*** – олар келелі ой, кең мазмұнды бір-ақ ауыз сөзбен айтып, «тоқсан ауыз сөзді тобықтай түюі» керек. ***Қойнына салған хаттың оған ыстықтығы сонша*** – төс қалтасында қағаз емес, тірі Дәулеттің соғып тұрған жүрегі сияқты (С.Мұқанов).

10. *Мекен, уақыт, сан* шендестігін білдіретін сөздердің арасына сызықша қойылады (ол -дан жалғауы мен шейін шылауының мағынасын білдіреді): ***Мойынты – Шу темір жолы. Институтта күніне 6 – 8 сағат лекция болады. Машина сағатына 30 – 45 километрден жүріп отырып, жолдың жартысына келіп қалды.***

1) Бұларды белгісіздік-жалпылық және болжалдық мағынадағы қос сөз сан есімдермен шатастырмау керек. Олар дефис арқылы жазылады: *Көрмеге төрт-бес ат қатар байланыпты.* (Мұндағы *төрт-бес* – болжалды сан есім.) ***Екі-үш*** күннен бері жаңбыр жауып тұр (мұнда да *екі-үш* болжалды сан есім).

Сызықшаның қойылмайтын жағдайлары:

1) Бастауыш зат есімнен, баяндауыш сын есімнен болғанда, екеуінің арасына сызықша қойылмайды: *Қар аппақ, бүркіт қара, түлкі қызыл. Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат (Абай). Күз түні ызғарлы, суық.*

2) Бастауыш зат есімнен, баяндауыш атау не жатыс тұлғадағы сан есімнен болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылмайды: *1936 жылы Жамбылдан жазылып алынған жырдың саны он алты. Ағайынды бұл үшеуінің*

жас мөлшерлері бір-біріне жақын: Балтабек жиырма алтыда, Темірбек жиырма төртте, Кенжетай жиырма екіде (С.Мұқанов).

3) Бастауыштан кейін оған тете сұрау есімдігі келген сөйлемдерде, баяндауыш атау тұлғадағы зат есім болғанмен, сызықша қойылмайды: **Жилин** қандай адам? («Әдебиеттік оқу кітабы»). Қала мен колхоздың **арасы** қанша километр? Бүгінгі күн қай күн?

4) *Ол, бұл* деген есімдіктерден болған бастауыштар көпше тұлғада (*олар, бұлар*) тұрса, олардан кейін сызықша қойылмайды: **Бұлар өндіріс озаттары** (**Бұл – өндіріс озаты** дегенмен салыстырыңыз). **Олар би-старшын, бай-бағылан емес, сын кезеңдерде ел салмағын тәуекелшіл сом иықпен берік көтеретін өжет жандар** (М.Әуезов).

Ескерту. Бастауыш *бірі, біреуі, біріншісі, көбі* деген сөздерден, баяндауыш атау тұлғадағы зат есім мен тұйық етістіктен басқа сөз таптарының бірінен болса, бастауыштан кейін сызықша қойылмайды: **Ойыл екеу: бірі ащы, бірі тұщы** (Ғ.Мұстафин).

5) Бастауыш I, II жақтың жекеше я көпше тұлғадағы есімдіктен, баяндауыш жіктік жалғауы түсірілген есімдердің біреуінен болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады: **Мен – тауда ойнаған қарт марал.** (*Махамбет.*) **Біз – қырғауыл, сіз – тұйғын** (*Абай*).

Е с к е р т у. Мұндайда баяндауыш жіктік жалғаулы болса, сызықша қойылмайды: *Мен осы үйдің баласымын. Сіздер тәжірибелі колхозшысыздар. Мен көмірмін қалған өрттен* (*Абай*).

3.2.2.3. Тырнақшаның қойылатын жағдайлары

1. Цитат тырнақшаға алынады. Алынған цитат бірнеше абзацтан құралған болса, әр абзац бөлек-бөлек тырнақшаға алынбайды. Тырнақша цитаттың басталған жерінен ашылып, біткен жерінен бір-ақ жабылады.

1) Тырнақшаға алынатын төл сөздер: «Айтылмаған» сөздер, яғни біреудің ойлағаны, айтуға оқталып, бірақ әлі айтпағаны: расында айтқан пікірін еске аламыз: «*Ой мәдениеті мен халық шығармасын өсіруде көне ертегілерді әр жыныстың, ұлттың, әр таптың өзгертіп қосымша*

жасап қолдануының рөлі өзгеше болғанына күдіктенуге болар ма екен» (М.Әуезов «Ертегілер»).

2. Шығарманың ішіне келтірілген үлкенді-кішілі хаттар тырнақшаға алынады. Кейде тырнақша хаттың әрбір абзацы сайын ашылып отырады да, ең соңынан барып бір-ақ жабылады. Бұл – өте сирек қолданылатын ереже. Мысалы, С.Мұқановтың «Ботакөз» романында Асқардың, Кенжетайдың хаттары: «Ботакөз!.. «Амантай!.. «Екеуіңнің аттарыңды қағазға түсіргеннен кейін, аяғына не сөз қосарымды білмей, бірнеше минут дағдарып отырмын... «Сен берген аманатты Сағит қолыма тапсырды... (осылай кете береді де, тырнақша ең соңғы Омбы 1919 жыл 6 январь дегеннен кейін жабылады.)

3. Диалог емес төл сөз тырнақшаға алынады.

1) Төл сөз екі түрлі қолданылады: бірі – төл сөзді мәтін ішінен бөлмей, абзацсыз (жаңа жолсыз) қолдану; екіншісі – төл сөзді абзацпен бөліп тастау.

Бірінші жағдайда төл сөз тырнақшаға алынады, екіншіде сызықша арқылы жазылады: **Әкей оқта-текте иінін қозғап қалып, күбірлеп сөйлеп те қояды:** «Генерал-поручик!.. Ол менің ротамда сержант қана еді! Содан бері көп-ақ өткені ме?..»

– Асан үйінде екен, – деді біреу жүгіріп кеп.

– Қалима ше?

– О да үйінде (С.Мұқанов).

4. Объект етіп алынған жеке сөйлемдер, сөздер не сөз тізбектері, сондай-ақ әріптер, буындар тырнақшаға алынады: Енді «**шұбар**» деген сөзге «**жаман**» қосылып, «**Жаман шұбар**» аталу тарихынан (С.Мұқанов). «**Жаз шықты**» деген сөйлемнің бастауышы – «**жаз**». Дауысты «**а**» дыбысы – жуан дыбыс. «**Ат**» – көп мағыналы сөз. «**Тарақ**» деген сөздегі «**та**» буыны – ашық буын.

Е с к е р т у . Арнаулы кітаптарда, оқулықтарда (грамматикаларда), әдістемелік құралдарда т.б. бұлар тырнақшаға алынбай, басқа гарнитуралардағы шрифтпен (курсив, кара шрифт т.б.) терілуі мүмкін.

5. Мақал, мәтелдер, афоризмдер сөйлем ішінде келтірілгенде тырнақшаға алынады.

1) Мақалдар да тырнақшаға алынады, бірақ оның алды-артынан төл сөзге тиісті тыныс белгілері қойылмайды. Мысалы: *«Қалауын тапса, қар жанады»* деген мақал – үлкен философия (Ғ.Мұстафин). *«Ит маржанды не қылсын»* деген сөз бар, сәулесі бар жігіттер бір ойланар (Абай). *«Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан»* деп еді, бұл ырыс әкелген күйеу болды ғой! – деп қуанысты жұрт (С.Мұқанов).

6. Цитат ретінде келтірілмей, сөйлемге оның ажыратылмайтын мүшесі ретінде берілген біреудің сөзі тырнақшаға алынады.

1) Біреудің сөзі мағына жағынан сөйлемге жанастырыла алынады. Олар да тырнақша арқылы жазылады, бірақ алды-артынан төл сөзге тән тыныс белгілері қойылмайды және кіші әріптен басталып жазылады. Мысалы: *Қазірде де кейбір талантты жазушылар қаламнан шыққан, мақал-мәтелдерге ұқсас, әрі нәрлі, әрі көркем, «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиерліктей»* сөз түйдектерін кездестіруге болады (К.Аханов). (Бұл сөйлемдегі тырнақшаға алынған сөздер Абайдікі).

а) *Деп*, *дегеніміз* деген сөздер бастауыш пен баяндауыштың арасында дәнекер болып келеді. Мысалы: *Сауатты болу дегеніміз – дұрыс жазып, дұрыс сөйлей білу. Синекдоха деп сөз мағынасының бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны, үлкеннің орнына кішіні қолданудың және керісінше қолданудың негізінде ауысуын айтамыз.*

ә) *Дейміз*, *деп аталады*, *деп атаймыз* деген сөздер күрделі баяндауыштың құрамында келеді. Мысалы: *Дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары басқа-басқа сөздерді омонимдер дейміз. Ғылыми жорамалдар гипотеза деп аталады. Қышқылдардың және сілтілердің әрекетінен түсі өзгертін заттарды индикаторлар деп атайды («Химия» оқулығынан).*

б) *Деген* деген сөз өзінің алдындағы сөзбен қосақталып, күрделі мүшенің құрамында тұрады, ондайда *деген* формасы «деп аталатын, (біреуге не бірдемеге) арналған» деген етістіктердің мағынасын береді. Мысалы: *Сен*

дегенде **ойым таза** (Саған арналған **ойым таза**). *Оспан деген депті бала* (Оспан атты бала **депті бала**).

7. § 58. *Де* дәнекерінсіз айтылып, заттанып кеткен төл сөздер тырнақшаға алынады.

1) Төл сөз *де* етістігінсіз айтылып, заттық мәнге ие болады да, сөйлем мүшесі болып тұрады. Мұндай төл сөзге зат есімге тән септік, тәуелдік т.б. жалғаулар жалғана береді. Бұлар тырнақшаға алынып бас әріптен басталып жазылады, оның өзі сұраулы сөйлем болса, тырнақшаның ішіне сұрау белгісі, лепті сөйлем не сөз болса, леп белгісі қойылады, ал хабарлы сөйлем не жеке сөздер болса, еш нәрсе қойылмайды, алды-артынан төл сөзге тиісті тыныс белгілері де (қос нүкте, сызықша) қойылмайды. Жалғанған қосымшалар тырнақшаның сыртына дефис арқылы жазылады. Мысалы: *Жабайы кісі болса, «Молчать!» – дер еді пристав, Итбайдың Кривоноспен жақындығы барын білетін ол олай жекіре алмады. Бірақ «Молчать»-ты көз қарасымен ұқтырам дегендей, адырая қарады.*

2) Қаратпа сөздер (әсіресе жалаң түрлері) екі рет қайталап та келуі мүмкін. Мұндайда қайталап тұрған қаратпа сөздердің өз араларына да үтір қойылады: *Ер Төстік жақындай түсіп: «Шеше, шеше артыңдағы қыздардың бәрі өзіңіздікі ме?» – дейді («Ер Төстік» ертегісі). – Қош, қалқам, қалқам! – деді Шұға (Б.Майлин).*

8. Біреудің айтқанынан алынған жеке-жеке сөздер тырнақшамен жазылады: *Ырғызбайдың осындай көпшілігі бас қосқан кеңесінде Зере сөйледі. –...Бірі дарақы мақтаншақ, бірі ұр да жық, даңғой атанғанда, осындай көп жиын үстінде масайып, оспадарлық қылам деп, сондай атақ алатын! – деді. Соңғы айтқан «мылжың», «мақтаншақ», «даңғой» дегендері осы арада шынымен төрт көзі түгел отыр еді (М.Әуезов).*

9. Кекету, ажуалау үшін және кері мағынада қолдану үшін айтылған сөз (не сөздер) тырнақшаға алынады. Мысалы: *Ақ көңіл Ақаң «баланың» сырғытпасын сезген жоқ (Ғ.Мұстафин). Қоян «батыр» қорыққаннан зыта жөнелді (Ертегіден). Распутиннің «тәрбиесіне» түскеннен кейін, бақыттың «кілті» кімнің қолында екенін Алексей көрді (С.Мұқанов).*

10. Завод, фабрика, комбинат, трест, ұйым, машина маркасы, самолет т.б. қойылған аттар тырнақшаға алынады. Ал олардың жалпы ресми атаулары тырнақшаға алынбайды: *«Азовсталь» заводы, Алматы ауыр машина жасайтын завод; «Актюбрентген» заводы, Қарағанды кондитер фабрикасы; «Қарағандауголь» тресі, «Ростовуголь» комбинаты, «Победа» машинасы, «Жас гвардия» ұйымы.*

11. Газет, журнал, кітап, шығарма, өлең, қаулы, пьеса, кино, музыкалық шығармалар т.б. аттары тырнақшаға алынады: *«Жұлдыз» журналы, «Абай» романы, Абайдың «Жарқ етпес қара көңлім не қылса да» деген өлеңі.*

12. Кейбір ойын, әдет-салт аттары тырнақшаға алынады: *«Қол ұстату», «шаш сипату»* деген атақты ырымдар осы. Үлкендер зор меженің бірі деп білетін өмір белі *«ұрын бару»* болса, Абай содан асты (*М.Әуезов*). Ұзақты сары күнін балапан қуу, асық ойнаумен өткізген балалардың түнгі ермегі – *«ақ сүйек», «соқыр теке», «бура қотан»* сияқты ойындар (*С.Мұқанов*).

Ескертулер: 1) *Атындағы* деген сөзбен келген атақ тырнақшаға алынбайды:

1) Е.А.Бөкетов атындағы университет, А.Байтұрсынұлы атындағы мектеп, Абай атындағы кеңшар (*ал «Абай» кеңшары*).

2) Мекеме, ұйым т.б. ресми атаулары (толық немесе қысқартылған) тырнақшаға алынбайды: *Тұтынушылар одағының қызметкері, Мемлекеттік банктің бөлімшесі;*

3) Телеграф агенттіктерінің аттары тырнақшаға алынбайды: *Ассошиэйтед Пресс агенттігі, МЕН агенттігі, ТАСС;*

4) Кітаптың аттары библиографиялық тізімдерде, сілтемелерде, рецензияларда, автордың аты-жөнінен кейін жазылғанда тырнақшаға алынбайды: *Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. – Алматы: Жазушы, 1982. – 256 б.*

3.2.2.4. Қос нүктенің қойылатын жағдайлары

1. Бірыңғай мүшелердің алдынан келген жалпылауыш сөзден кейін қос нүкте қойылады. Жалпылауыш сөз бірыңғай мүшелерден бұрын тұрса, жалпылауыш сөзден

кейін қос нүкте қойылады. Бірыңғай мүшелерден кейін сөйлем аяқталмаса, бірыңғай мүшелерден кейін, көбінесе, *бәрі, барлығы, барша (сы), күллі (сі), бірі* деген есімдіктер және сан есім аралас басқа есімдер болады. Мысалы: *Ортасында Құнанбай, Бәсей, Байсал, Қаратай, Сүйіндік, Майбасар – бәрі бар* (М.Әуезов). *Жылаған Тоғжан, жылаған Бәсей қыздары, барлық қаралы көш, ...қаралы киім, тұл ат – баршасы осы барлық қауымның қайғысында Абайға өзгеше терең түсіндірді* (М.Әуезов).

2. Салалас құрмаластағы біріне-бірі түсінік болып келген және *өйткені, себебі* деген жалғаулықтар түсіп қалып жасалған жай сөйлемдердің арасына қос нүкте қойылады.

1) Жалғаулықсыз салаласқан жай сөйлемдер бір-біріне түсінік болып, яғни соңғысы не соңғылары алдыңғы сөйлемнің мазмұнын ашып тұрса, араларына қос нүкте қойылады. Мысалы: *Аюлар үйде жоқ: олар орман ішіне серуенге кеткен еді* (Л.Толстой).

2) Қос нүкте түсіндіріліп тұрған сөйлем мен түсінік болып тұрған сөйлемдердің арасына қойылады, ал түсінік болып тұрған сөйлемдердің өзі бірнеше жай сөйлем болуы мүмкін, олардың өз араларына үтір қойылады. Мысалы: *Құттыбай аулы күздікке екі жарылып қонды: төрт- бес үй Алатаймен бір бөлек, бес-алты үй Асанмен бір бөлек. Ағайынды бұл үшеуінің жас мөлшерлері бір-біріне жақын: Балтабек жиырма алтыда, Темірбек жиырма төртте, Кенжетай жиырма екіде. Мінезі де денесіне ұқсас: орнығып отыра да алмайтын, ұқыптап іс те істей алмайтын сабырсыз, қайғыға да, қуанышқа да шыдай алмайтын күйгелек, жоққа шытырлай қалатын тығыз, өзінен басқаның ісін ұнатпайтын кінәмшыл, басқаға жақсылық қылмайтын қызғанишақ* (С.Мұқанов).

3) *Өйткені, себебі* сияқты жалғаулықтар түсіп қалып жасалған салаластарда жай сөйлемдердің арасына қос нүкте қойылады. Мысалы: *Мен жиналып үлгеретін болдым: поезд кешке жүреді екен. Салған әні жан-жүйемізді балқытты: даусы аса әсем екен.*

3. Төл сөздің алдынан келген автордың сөзінен кейін қос нүкте қойылады.

1) Төл сөз бен автор сөзінің орналасу тәртібіне қарай тыныс белгілері былайша қойылады:

А. Әуелі төл сөз, одан кейін автор сөзі келгенде, төл сөз екі жағынан тырнақшаға алынады да, автор сөзінен бұрын, төл сөз болып тұрған сөйлем хабарлы болса, үтір мен сызықша; лепті болса, леп белгісі мен сызықша; сұраулы болса, сұрау белгісі мен сызықша қойылады. Сондай-ақ көп нүкте мен сызықша да қойылады. Мұндайда үтір тырнақшаның сыртына қойылады, ал сұрау, леп белгілері және көп нүкте тырнақшаның ішіне қойылады. Мысалы: *«Мұны мен бұрын бір жерден көрдім», – деп ойлады ұста. «Мұны мен қайдан көрдім?» – деп ойлады ұста. «Мұның кім екенін қайтсем де білуім керек!» – деп өзіне серт берді ұста. «Бұл кім болды екен, әлде...» – деп, ойлай бастады ұста.*

Ә. Сызықшаға алынып жазылуға тиісті төл сөздердің тыныс белгілері де дәл осындай. Тек олар екі жағынан тырнақшаға алынбайды. Оның орнына төл сөздің алдына сызықша қойылады да, жаңа жолдан басталып жазылады. (Сондықтан мысал екеуінен аралас келтіріледі).

Б. Төл сөздің алдынан келген автор сөзінен кейін қос нүкте қойылады: *Ұста: «Мұны қайдан көрдім?» – деп ойлады. Кісілер тарап кеткеннен кейін, ол Павелге қарап.*

– Павлуша, сен социалистісің? – деп сұрады.

В. Сөйлем тырнақшаға алынған төл сөзбен аяқталып тұрса, нүкте тырнақшаның сыртынан, ал леп, сұрау белгілері мен көп нүкте тырнақшаның ішінен қойылады. Мысалы: *Ұстаның ойлағаны: «Мен мұны бір жерде көрдім». Ұстаның ойлағаны: «Мұны мен қайдан көрдім?»*

Г. Автор сөзі төл сөздің ортасында келгенде, тыныс белгілері төрт түрлі қойылады:

а) Автор сөзі төл сөз болып тұрған тұтас сөйлемді екіге бөліп тұрса, автор сөзінің алды-артынан үтір мен сызықша қойылады. Төл сөздің екінші жартысы кіші әріптен басталып жазылады. *Мысалы:*

– Мені, – деді Амантай далаға шыңаң Асқарға, – губернатор шақырған екен. Еріп жүрші, шырағым (С.Мұқанов). «Я, – деп ойлады, шелегін босағаға қойып... далаға шыққан Айбала, – қуанатын жәні бар» (С. Мұқанов).

ә) *Екіге бөлінген төл сөздің бірінші жартысы өз алдына хабарлы сөйлем болса, автор сөзінен бұрын үтір мен сызықша, автор сөзінен кейін нүкте мен сызықша қойылады. Төл сөздің екінші жартысы бас әріптен басталып жазылады. – Әрине, түсінем зой. Бізге қай жерде жасалған танкіні жіберсе де бәрібір зой. Тек танк болсын, бірақ әлдене үшін Сталинград танкілерін көргім келеді, – деп жымыды да, – туысқаным келердей күтемін, – деп аяқтады* (Ғ.Мүсірепов).

4. Әрі қарай санамалап кететін бірыңғай сөздердің, сөйлемдердің алдынан келетін жалпылауыш мәнді сөйлемнен, сөздерден кейін қос нүкте қойылады.

1) Жалпылауыш сөз бірыңғай мүшелерден бұрын тұрса, жалпылауыш сөзден кейін қос нүкте қойылады. Бірыңғай мүшелерден кейін сөйлем аяқталмаса, көбінесе, *бәрі, барлығы, барша(сы), күллі(сі), бірі* деген есімдіктер және сан есім аралас басқа есімдер болады. Мысалы: *Ортасында Құнанбай, Бәжсей, Байсал, Қаратай, Сүйіндік, Майбасар – бәрі бар* (М.Әуезов). *Жылаған Тоғжан, жылаған Бәжсей қыздары, барлық қаралы көш, ... қаралы киім, тұл ат – баршасы осы барлық қауымның қайғысын да Абайға өзгеше терең түсіндірді* (М.Әуезов).

5. Бірыңғай мүшелерден бұрын келген *мысалы, атап айтқанда* деген қыстырма сөзден кейін қос нүкте қойылады.

1) Бірыңғай мүшелерден бұрын тұрған жалпылауыш сөзден кейін *мысалы, атап айтқанда* деген сөздер келсе, олардың алдынан үтір, соңынан қос нүкте қойылады. Мысалы: Бірсыпыра ірі өзендеріміз, **мысалы:** Лена, Обь, Енисей – Солтүстік Мұзды мұхитқа құяды. Адам баласының тамаша қасиеттері, **атап айтқанда:** табандылық, ерлік, қайсарлық – кеңес жауынгерінің бойынан табылады.

3.2.2.5. Нүктелі үтірдің қойылатын жағдайлары

1. Нүктелі үтір санамаланып айтылған, мағыналары ыңғайлас сөйлемдердің арасына қойылады.

2. Мағынасы, құрылысы жағынан ұқсас келетін сөйлемдердің арасына нүктелі үтір қойылуы мүмкін.

1) Мағына жағынан іліктес болғанмен, азды-көпті бөлектеніп тұратын, көбінесе өз ішінде үтірлері бар жай сөйлемдердің арасына нүктелі үтір қойылады. Мысалы: *Сүйінбай: «Кедей жұртының тілін жақсы ұғын; өзіңнің әдемі жырыңмен тек халқыңа ғана қызмет ет; шыңырау құдықтың терең түбінен су алғандай, жырыңды жүрегіңнің терең қойнауынан шығар!»* – деді (Жамбыл).

3. Жайылмалы, әрі өз ішінде үтірлері бар бірыңғай мүшелердің арасына нүктелі үтір қойылады.

1) Жайылма бірыңғай мүшелердің әрқайсысының (немесе бірқатарының) өз іштерінде үтір кездесетін болса, бірыңғай мүшелердің жігіне нүктелі үтір қойылады. Мысалы: ***Қала деген аты ғана болмаса, Н... қаласы** екі қабат үлкен үйлер көшелерінде ғана бірен-саран кездесетін; өзге үйлерінің көбі бір қабат қана қарағай үйлер болатын; шет жақтарында ағаш үйден шым үй көп кездесетін; аз ғана жаңбыр себелеп өтсе, көшелерінен адам батпақтап жүре алмайтын; бірақ етек-жеңі мол; таусымақтау жерге жалпая салынған; Сибирьде көп кездесетін үлкен бір деревня еді* (С.Мұқанов).

3.2.2.6. Тыныс белгілерінің қабаттаса қолданылуы

1. Құрмалас сөйлемдегі *бірақ, сонда да, алайда, сондықтан, дегенмен* сияқты жалғаулықтар түсіп қалғанда, екі сөйлем арасына (жалғаулықтар айтылмаған жерге) әуелі үтір, одан кейін сызықша қойылады.

1) Құрмаласқа енген жай сөйлемдерді байланыстырып тұратын *бірақ, сонда да, алайда, сондықтан, дегенмен* сияқты жалғаулықтар түсіп қалып айтылғанда, олардың орнына үтір мен сызықша қойылады. Мысалы: *Үйде шешен, – дауда жоқ* (Мақал). *Тұрайын деп еді, – тұра алмады. Есіктің киізін олай итерем, бұлай итерем, – ашылмайды* (С.Мұқанов). *Аяғы жоқ, – жүреді, аузы жоқ, – сөйлейді* (Жұмбақ).

2. Салалас құрмаласқа енген жай сөйлемдердегі іс шұғыл болса, немесе біріндегі іске екіншісіндегі қарама-

қарсы қойылып айтылса, араларына әуелі үтір, одан кейін сызықша қойылады.

1) Салаласқа енген жай сөйлемдегі іс шұғыл болса, немесе біріндегі іске екіншісіндегі қарама-қарсы қойылып айтылса, араларына үтір мен сызықша қойылады. Мысалы: *Тептім, – терекке шықтым (Жұмбақ). Ти десем, – тимейді, тиме десем, – тиеді (Жұмбақ). Айтты, – көндім, алды, – бердім, енді өкіндім, өзіме аз (Абай).*

3. Сызықша нүктемен, үтірмен, сұрау және леп белгілерімен, көп нүктемен қабаттаса келгенде, сол тыныс белгілерінен кейін қойылады: – *Енді сен не істемекшісің? – деді ана баласының сөзін бөліп (М. Горький). – Мен ... – деп, Асқар аз ғана кідіріп бірдемені қиял еткендей бөгеліп тұрды да, – көлді жағалап қайтам, – деді (С.Мұқанов).*

2) Төл сөз екі түрлі қолданылады: бірі – төл сөзді мәтін ішінен бөлмей, абзацсыз (жаңа жолсыз) қолдану; екіншісі – төл сөзді абзацпен бөліп тастау.

Бірінші жағдайда төл сөз тырнақшаға алынады, екіншіде сызықша арқылы жазылады:

А. *Әкей оқта-текте иінін қозғап қалып, күбірлеп сөйлеп те қояды: «Генерал-поручик!.. Ол менің ротамда сержант қана еді! Содан бері көп-ақ өткені ме?..»*

Ә. – *Асан үйінде екен, – деді біреу жүгіріп кеп.*

– *Қалима ше?*

– *О да үйінде (С.Мұқанов).*

5. Тырнақша мен нүкте, үтір, сұрау, леп белгілері және көп нүкте қабаттаса келгенде, олар былайша орналасады:

а) егер леп, сұрау белгілері және көп нүкте тырнақшаға алынған сөйлемге ғана қатысты болса, олар тырнақшадан бұрын қойылады, ал үтір мен нүкте тырнақшадан соң қойылады: *«Өзім алып шығайын», – деп ойлады Бүркітбай (С.Мұқанов). «Өзім алып шықсам қайтеді?» – деп ойлады Бүркітбай. «Ешкім де емес, өзім алып шығам!» – деді Бүркітбай. «Өзім алып шығайын» («Өзім алып шығайын» деп жазған дұрыс емес.)*

Бұлармен қабаттаса сызықша жүрсе, ол тырнақшадан соң қойылады (жоғарыдағы мысалдарды қараңыз).

ә) Тырнақшаға алынуға тиісті құрылым тұтас сөйлем емес, оның ішіндегі жеке сөздер не сөз тізбектері болса,

сөйлем соңына қойылатын леп, сұрау белгілері мен көп нүкте қатар келген тырнақшаның сыртынан қойылады. Мысалы:

– *Әй, қайтып келесің бе «бала»? – деп қалжыңдай айғайлады ол жолдасына. О, шіркін, осы ән ғой «құлақтан кіріп, бойды алар»!*

б) Сөйлем тырнақша жабылған жерден бітіп тұрса, леп, сұрау белгілері мен көп нүкте тырнақшаның іш жағынан қойылғанда, тырнақшаның сыртына басқа тыныс белгісі (сызықшадан бөтен) қойылмайды:

«Олай болса, – деп ойлады Асқар, – мынау көш не?». 1914 жылдан бергі номерлерін Асқар тез-тез жүгіртіп қарап шықты: «Екі жылда Франция қырық миллиард шығын ұстаған...» (С.Мұқанов).

6. Нүкте, леп, сұрау белгілері және көп нүкте жақша ішінде алынған мәтінге қатысты болса, жақшаның ішінен қойылады. Жақшаның сыртына жалпы сөйлемге тиісті тыныс белгісі қойылады:

Байқауымша, әңгіме былай:

Біріншіден (рас қой мұным?),

Орыс үйі көрмей тыным,

Қонақ күткен, сөз қылып ұдай... (А. С. Пушкин.)

7. Баяндаманың, сөйленген сөздердің ішіндегі жақшаға алынған ремаркалар сөйлем соңында келгенде, тыныс белгісі мен жақша былай қабаттасады:

а) ремарканың алдындағы сөйлем соңына қойылатын нүкте жақшаның алдынан қойылмай, соңынан (ремаркадан кейін) бір-ақ қойылуы мүмкін: *Біздер, жазушылар, көркем сөзімізбен тәуелсіздік ісіне қызмет етуге дайынбыз (Қол шапалақтау);*

ә) немесе ремарканың алдынан бір нүкте, жақша ішіне немесе сыртына тағы нүкте қойылып жазылуы да мүмкін: *Біздер, жазушылар, көркем сөзімізбен тәуелсіздік ісіне қызмет етуге дайынбыз. (Қол шапалақтау);*

б) Былай қоюға да болады: *Біздер, жазушылар, көркем сөзімізбен тәуелсіздік ісіне қызмет етуге дайынбыз. (Қол шапалақтау.)*

в) Келтірілген цитаттың қайдан және кімдікі екенін көрсету үшін жақша ішіне алынып жазылған сөздердің

тыныс белгілерінің орналасуы да осындай: *Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы (Абай). Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. (Абай.). Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. (Абай).*

Көбінесе мұның 1- және 2-түрлері жиі қолданылады.

8. Драмалық шығармалардағы жақшаға алынатын ремаркалардың тыныс белгілерінің орналасу тәртібі мынадай:

а) ремарка кейіпкердің атынан кейін қатар келгенде, нүкте жақшаның сыртына қойылады. Кейіпкердің атынан кейін нүкте қойылмайды. *Б а я н (аз ойланып). Үш түрлі шарт қойсам, орындармысың?* (Ғ. Мүсірепов.)

ә) Ремарка кейіпкердің сөзінің ішінде екі сөйлемнің арасында немесе кейіпкер сөзінің аяғында келсе, нүкте жақшаның ішіне қойылады, жақшаның алдынан сөйлемге тиісті тыныс белгісі қойылады: *А м а н к е л д і . Миша! (Жайнаққа.) Әкет мыналарыңды! (Жайнақ Жапарларды айдап кетеді.)*

9. Тырнақшаға алынған цитаттың немесе басқаларының өзі тырнақшаға алынған сөздерден, сөйлемнен басталса, немесе аяқталса, екі тырнақша қатар қойылмай, біреуі-ақ қойылады, яғни ол жалпы цитаттың ішіндегі тырнақшаға алынған сөздерге де тиісті болады. Мысалы: *«Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы» қаулысында партияның Орталық Комитеті әдебиеттегі бейсаясаттық пен идеясыздықты сынады. Мұнда қаулының аты «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы» тұтасымен тырнақшаға алынуға тиіс. Ал қаулының аты «Звезда» деген журналдың атынан басталып тұр. Сонда Звезда деген сөздің алдынан ашылған тырнақша әрі қаулының атын алу үшін, әрі журналдың атын алу үшін ашылып тұр.*

10. Жақша ішіне алынған сөздердің тұрған жеріне қойылатын тыныс белгісі жақшадан соң қойылады. Мысалы: *Аңдағұл атынан рудың он шақты аулы айнала қонып жайлайтын Алуа атты шалқар көл бар (оган кейін ораламыз), көлдің әр тұсынан су азар жырақалар кеп қосылады (С.Мұқанов).*

Егер жақша ішіндегі қыстырма жоқ болса, мұндағы

үтір *шалқар көл бар* деп аяқталатын жай сөйлемнен кейін қойылуы тиіс еді.

11. Сұрау, леп белгілері көп нүктемен қабаттаса келгенде, әуелі сұрау не леп белгісі, одан кейін қатар екі (үш емес) нүкте қойылады. Ал леп белгісі, сұрау белгісі, көп нүкте – үшеуі қатар келгенде, мағынасына қарай әуелі сұрау мен леп белгісі (не леп пен сұрау белгісі), одан кейін бір нүкте қойылады.

1) Көп нүкте қойылуға тиісті сөйлемдер лепті не сұраулы болып келсе, әуелі леп белгісі (сондай-ақ сұрау белгісі), одан кейін қатарынан екі нүкте қойылады : – *Ой, тәйір алғыр!.. Бұл кім өзі?.. – деп ашумен сырт айнала беріп Абайды көрді де: – Ой, Абай, сенбісің?.. Ай, шырағым-ай, бір тыныш жерде отырсаң етті!.. – деді (М.Әуезов).*

2) Кейде көп нүкте қойылуға тиісті сөйлем әрі лепті, сұраулы болып келсе, әуелі мағынасына қарай не леп, не сұрау белгілері, одан соң бір нүкте қойылады: *Ән салған жылқышының дауыстары да кейде шырқала, кейде баяулай естіліп жатады... Ол да маған таныс түндер... Көл ше? Алуа ше?! (С.Мұқанов).*

12. Лептік те, сұраулық та мәні бар сөйлемдерден кейін леп белгісі де, сұрау белгісі де қатар қойылады. Сөйлемнің қай мәні басым болса, әуелі сол мәнге тиісті белгі қойылады.

1) Лептік те, сұраулық та мәні бар сөйлемдерден кейін екі белгі қабат қойылады. Сұраулық мәні басым болса, әуелі сұрау белгісі, кейін леп белгісі және керісінше қойылады:

*Кешіре көр, балық тақсыр,
Не қылмақсың бұл ессізге?! (Пушкин.)*

*Отаным, еркелегем өзге кімге?
Өзіңмен нені болсын көргем бірге!
Қалайша қабырғама батпас менің
Басыңа қатер бұлты төнген күнде!?! (Ғ. Орманов.)*

13. Бірыңғай мүшелердің не құрмаластағы жай сөйлемдердің арасында көп нүкте тұрса, үтір қойылмайды: *Сатылып кеткен бұрыл биенің құлындарын кісінікі деуге қимаймын... іштей өзімсінем... көргім келеді де тұрады және көре де беремі* (С. Мұқанов.)

14. Қаратпа, одағай сөздерден және сөйлем басында келген *иә, жоқ* деген сөздерден кейін көп нүкте тұрса, үтір қойылмайды:

1) – *Жаным! Асылым... барым – бір өзің!* (М. Әуезов.)

2) *О... білем, білем!*

3) – *Ақмола ма?*

– *Жоқ... Омбы, Қызылжардың бірі.* (Ғ. Мүсірепов.)

3.2.2.7. Дефистің қойылатын жағдайлар

Дефис – тыныс белгісі емес, грамматикалық белгі.



21-жаттығу. Мәтіндегі сызықша, үтір, нүкте тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндіріңіз.

Өкініштен бас шайқап отыр

Нарық қыспағы жан алқымынан алып, баға қазіргідей шарықтаған шақта, қоғамымызда оңай олжаның көзін іздеп, ұрлыққа бас қоюшылар көбейіп кетті..

Мәселен, жақында Манкент ауданының тұрғыны Әділжан Пірімқұловтың үйінен белігсіз біреулер екі бірдей сиырын ұрлап кеткен. Сиырдың иесі дереу аудандық ішкі істер бөліміне шағынады. Ал ішкі істер бөлімінің қызметкерлері қырағылық танытып, ұрыны әп-сәтте-ақ қолға түсірді. Ұры осы ауылдың тұрғыны еш жерде жұмыс істемейтін. А. Мырзаметов дейтін болып шықты.

сондай-ақ тұрғылықты мекен-жайы белгісіз. Москвич бадаам аулының тұрғыны Дильвердің үйіне ұрлыққа түскенмен, жолы болмай Ішкі істер бөлімі қызметкерлерінің қолына түсті.

Өткен жылдың желтоқсан айында Калинин ауылының тұрғыны Ерттайұлының қорасынан жылқы ұрланды. Іздестіру шараларының нәтижесінде баукеспе ұрылар Түлкібас

ауданының тұрғыны, жүргізуші Бейсенбаев, Абай ауданының тұрғыны, жүргізуші Ж.Иманалиев пен осы ауданның Қайтпас ауылының бақташысы Пірімбетовпен екен. Иә, қазекем «Ұрлық – түбюі қорлық» деп бекер айтпаған. Айыпкерлер бұл күні ұрлықтарын мойындап, өкініштен бас шайқап отыр.



22-жаттығу. Өлеңдегі сөйлем ішілік тыныс белгілерінің қойылуын түсіндір.

1. Студенттер

Ғашық болсаң, түн пана, терек пана,
Сұлу демі – дем емес – шарапхана
Қызға барсаң кигенің - өзгенікі,
Өзіңдікі – жалғыз-ақ жүрек қана!

Өмір! Өмір!
Деп жастық ұрандай ма,
Көкіректі кернейді бір ән майда.
Бір жігітке он қонақ мейрам күні,
Он жігітке бір билет трамвайда.

(Қадыр Мырзалиев.)

2. Халық өз тіліне өзі иелік етпесе, оған кейде заңның да күші жете бермейді. Туа білген халық тәрбиелей де білуі керек. (Ғ.Мұстафин.)

3. Сүйінген өлеңші болады, күйінген күйші болады. (Халық мақалы.)



23-жаттығу. Мәтін мазмұнын баяндап, тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндір.

Наурызбайдың өлімі

Ағайынды үш арыстан қолға түскеннен кейін Кенесарыны Наурызбайды тынай, Ержанды сарбағаш рулары алады. Үшеуін бірдей өлтіреді. Кенесарының жүрегінің жарымы май екен, жалы бар екен. Наурызбайдың жүрегі бір қарасы жоқ шылғи май болып, ортасын өрлеген шидей қара қылы бар екен. Қырғыздар Кенесарыны өлтіріп тұрып, өлтіргенін Наурызбайға айтып, «бұл жас екен, қоя берелік» деген шешімге келмекші болады. Наурызбай еш тілін тартпастан: «Өлтірсең, мен барамын Құдайға, өлтірмесең, мен қуамын Кенекемнің кегін» дейді. Наурызбайды өлтірер алдында: «Бұрынғы істеріне

өкінішің бар ма?» деген сауалға ол: «Жаманқараңды жайлаған, Орманбекті ойрандатқан, Субанбегінді сұлатқан, Қалпағыңды талпақ қылған қолым осы» депті тайсалмай. Ал «Арманың бар ма?» деген сауалға: «Төрт арманым қалды: біріншісі – апам байға ұзатылған жоқ еді, екіншісі – ұрпағым қалған жоқ, үшіншісі – Тоқсан төбедегі пұл ашылған жоқ, төртінші арманым – алты алаш баласын бастап, Еділ, Жайық, Сарыарқада орыспенен беттеспедім» деген екен. Қалпақтың бәйбішесі Ботакөз «осының қана ішем» деп ашумен айбалтаны ала салып Наурызбайға сілтегенде бір қолын шауып түседі. Сонда артына қараған Наурызбай балта ұстаған әйелді көріп: «Опырай, қырғызда мені өлтіретін еркек жоқ па?!» депті. Содан кейін барып Төлебай деген Қалпақтың жігіті балтамен шауып өлтіреді. Осы жігіттен ұрпақ жоқ деседі. Ол кезде Наурызбай 25 жаста екен.

Адамдар туралы қызықты мәліметтер

- Адамдардың саусақтары сияқты тілдері де бір-біріне ұқсамайды.
- * Балалар тізе сүйегінсіз туады.
- * Адам бойындағы бактериялардың жалпы салмағы 2 кг болады.
- * Адам аузында 40 000 бактерия болады.
- * Әйелдерге қарағанда ер адамдар көбірек терлейді.
- * Ерлерден гөрі әйелдер көзін екі есе көбірек жыпылықтатады.
- * Көзді ашып түшкіру МҮМКІН емес.
- * Адамның бойындағы ең КҮШТІ бұлшық еті – тілі.
- * Басқаларға қарағанда көк көзділер ауруға сезімталдау.
- * Тез оқығанда көз аз шаршайды екен.
- * Адамның өмір бойы өсетін мүшесі – мұрын.
- * Бурыл сақал қара сақалға қарағанда тезірек өседі.
- * Адам қызарғанда оның асқазаны да қызарады.
- * Адам денесіндегі жылудың 80 пайызы басынан шығады.
- * Адамның қалпына келмейтін жалғыз нәрсесі – тісі.
- * Біртал шаш 3 кг салмақты көтере алады.
- * Адамның басы орташа есеппен, 3,6 кг болады.
- * Бір күнде адам аузында 1,5 литр сілекей пайда болады.
- * Адам күлгенде жүректің ЖҰМЫСЫ жақсарады екен.
- Әйелдерге қарағанда ер адамдардың арасында кекештер көп.
- * Адамның көзінің астына қарағанда үстінде кірпік көптеу.

- * Адам жүрегі күніне 2 тонна қан айдайды.
- * Адам жүрегі күніне 100 мыңнан артық соғады.
- * Адамның тоқпан жілігі бетоннан мықтырақ.
- * Қол саусақтарының тырнақтары аяқтікінен төрт есе тез өседі.
- * Оңқайлар солақайларға қарағанда ұзағырақ өмір сүреді.
- * Қараторыларға қарағанда аққұбалардың басында шаш көп.

4.1 Ауызекі сөйлеу стилі.

Кәсіби тілдің стильдік тармақтары

Этникалық топ мүшелерінің бір-бірімен қатынасы процесінде бәріне бірдей түсінікті ортақ тіл жалпы халықтық тіл деп аталады. Жалпы халықтық тілді этникалық қоғам мүшелерінің қолдану аумағы мен аясына қарай әдеби тіл және диалектілер болып бөлінеді. Ал әдеби тіл дегеніміз – халықтың деншілігіне түсінікті, жазу мәдениеті қалыптасқан, жанрлық-стильдік тармақтары бар, нормалары тұрақталған, қоғам өмірінің барлық салаларында белсенді қызмет атқаратын ұлттық тілдің жоғары формасы. Кәсіптік ауқымда қолданылатын ұлттық тіл халықтың әдеби тілінің нормаларын, орфографиялық (емле) принциптері мен ережелерін, тыныс белгі (пунктуация) ережелерін талаптарға сай сақтауы, орындауы керек. Сондықтан да аталмыш курста әдеби тілдің стильдік тармақтарынан басқа нормалары, принциптері, ережелері де сөз етіледі. Әдеби тілдің жанрлық-стильдік тармақтары нормаларының, принциптерінің және ережелерінің орындалуын қазақ тілінің стилистикасы қарастырады. Әдеби тіл адам және қоғам өмірінің барлық салаларында ауызша, жазбаша түрде қызмет етеді, сондықтан да бірнеше жанрлық-стильдік тармақтарға бөлінеді. *«Стиль» - латын сөзі қазақ тіліне аударғанда «жазу мәнері» дегенді білдіреді. Стилистика – тілдің қолданылу заңдылықтарын зерттейтін ғылым, ол тілдік белгілердің дұрыс қолданылу нормасын көздейді. Сондықтан қазақ әдеби тілінің өзіне тән стильдері мен нормалары болады.*

Олар: 1) ауызекі сөйлеу тілі стилі, 2) іс қағаздары және ресми стиль, 3) публицистикалық стиль, 4) ғылыми-педагогикалық стиль, 5) көркем әдебиет стилі. Лингвистикада сөйлеуді ауызша, жазбаша және іштей сөйлеу деген түрлерге бөледі. осы тұрғыдан келгенде,

стильдік тармақтардың ішінде ауызекі сөйлеу стилі ғана ауызша сөйлеуге тиісті де, басқа стиль түрлері жазбаша сөйлеуге жатады.

Жалпы стилистикалық категориялар дара стиль (жазушы стилі), жанрлық стиль, әдеби мектептің стилі, дәуірдің стилі және т.б. болып бөлінеді (Қ.Өмірәлиев).

Қазақ әдеби тілінің стильдері:

1. Ауызекі сөйлеу тілі стилі
2. Көркем әдебиет стилі
3. Публицистикалық стиль
4. Ресми іс қағаздар стилі
5. Ғылыми стиль

1. Ауызекі сөйлеу тілі стилі

Орны:	күнделікті қарым-қатынас
Мақсаты:	тіл табысу
Сипаты:	қарапайым
Тілдік құралы:	Сөйлеу барысында одағай, оқшау сөз, диалект сөздер қолданылады

2. Көркем әдебиет стилі

Орны:	көркем шығарма, айтыс, сахна туындылары
Мақсаты:	адамның сезіміне әсер ету, образды ойлауға үйрету
Сипаты:	образды, көркем
Тілдік құралы:	ауыспалы мағыналы сөздер, троптар, теңеулер, эмоционалды-экспрессивті сөздер

3. Ресми іс қағаздары стилі

Орны:	ресми іс қағаздары, ресми кездесулер
Мақсаты:	іскерлік қарым-қатынасты дамыту, нақты мағлұмат беру

Сипаты:	қысқа да нұсқа
Тілдік құралы:	ресми сөздер, тура мағыналы сөз, кәсіби сөздер, терминдер, қалыпты тіркестер

4. Публицистикалық стиль

Орны:	газет, журналдар, теледидар, радио (БАҚ құралдары)
Мақсаты:	ақпарат, хабар тарату, қоғамдық пікір туғызу
Сипаты:	пафосты, ұранды, экспрессивті
Тілдік құралы:	термин, кәсіби сөздер, тұрақты тіркестер, әдеби орамдар, экспрессивті сөздер

5. Ғылыми стиль

Орны:	ғылыми еңбектер, конференциялар, диссертациялар, монографиялар
Мақсаты:	білім беру, білім тарату
Сипаты:	дәлелді, дәйекті
Тілдік құралы:	терминдер, тура мағынадағы сөздер, кәсіби сөздер

Стиль түрлерінің белгілері

4.2.1. Ауызекі сөйлеу тілі стилі

Ауызекі сөйлеу тілі адамдардың бір-бірімен күнделікті қарым-қатынаста пайдаланылады. Ауызекі сөйлеу тілі стилінің басқа стильдік тармақтардан бірнеше өзіндік ерекшелігі бар: 1) негізгі мақсаты хабар беру, хабар алу, пікір білдіру, пікір алмасу, яғни диалогқа құрылады, 2) сөйлесуде қамтылатын тақырыптар әр түрлі болып келеді, 3) сөйлемнің модальдық түрлерінің (хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты) барлығы қолданылады, 4) экспрессивті (әсерлі), эмоционалды (сезімдік), образды (бейнелі) және нейтралды (бейтарап) сөйлеу элементтерінің барлығы дерлік қамтылады, 5) лексикасында диалект, тұрпайы және варваризм

сөздер де аралас болуы мүмкін.



24-жаттығу. Сөйлемдерді ауызекі сөйлеу стилінің түрлеріне қарай талдаңдар.

Ол кезде біз Сұлутөрдің Қосарық деген жерінде тұратынбыз. Бұлай деп кім, қашан қойып жүргені бізге беймәлім. Бірақ әр жерде бір тапал тамдардың арасымен ирелендеп ағып жататын арық бар болатын. Неше жылдар бойына су шайып, мүжіле - мүжіле арнасының екі жиегі биіктеп, жарқабақтанып кеткен.



25-жаттығу. Ауызекі сөйлеу стилінде түсіндіріңіз.

Бақыт деген - сенің бала күндерің
Бақытсыз - ақ бақытты боп жүргенің,
Бақытын да, басқасын да білмеуің
Бақытсыз - ақ ойнағаның, күлгенің.
Бақыт жайлы менің мынау білгенім,
Бақыт деген - бірде шаттық, бірде мұң.
Бақытты сол – тәрік етіп түндерін,
Бақыт іздеп азаптанса кімде – кім.

Ауызекі сөйлеу тілінің формалары:

- **Жарыссөз** – баяндама, хабарлама, т.б тақырыптар бойынша талқыланған мәселе төңірегінде пікір алмасу.
- **Дәріс/лекция** – көпшілік қауым алдында белгілі бір тақырып бойынша сөз сөйлеу.
- **Әңгімелесу** – орын алған оқиғаны, хабарды, мәліметті баяндап жеткізу.
- **Баяндама** – белгілі бір тақырып бойынша тыңдармандар назарына мәлімет ұсыну.
- **Кеңес /консультация** –білікті маман даярлаған мәтін.



26-жаттығу. *Үзіндіден ауызекі сөйлеу тілі стиліне тән белгілерді ата.*

... – Балам, бойың өсіп, ер жетіп қалыпсың-ау! Молда болдың ба? Бойыңдай боп білімің де өсті ме? – деді – Шүкірлік әке, - деп біраз тұрады да: - Ат барған соң, дәріс тамам болмаса да, қазіреттің рұқсатын, фатикасын алып қайттым, - деді.

Майбасар Абайдың жауабын ұнатып тұрып:

-Өзі тіпті көшелі кісі боп қапты! – дей беріп еді, Құнанбай оның сөзін аяқтатпастан Абайға: - Бар, ана шешелерің жаққа бар, амандас, балам! – деді (М. Әуезов «Абай жолы»).

Асты сызылған сөздердің лексикалық ерекшелігін анықта:

- Биыл сен осы жиырма түлкі алғыздың-ау, Ержан.
- Жиырмаға жете қойған жоқ әлі...— дейді де, Ержан қолын ақмойнаққа созады. Тағы сылқ-сылқ, тағы бүлк-бүлк...

Ақмойнақ қырлы стакандарғатағы да еңкейді

(*Ғ. Мүсірепов*).

Жастау жігіт қойнынан бүктелген қағазды шығарып, Қамилаға қарап күлімсіреді:

- Мынаған доңғал басыңды басып жіберші - деп.
- Жоқ, жолдас, кеңсеге бар, мөрдi қалтаға салмаймын, кеңседе болады, - деп Камила жауапты қысқа қайырды (*Б. Майлин*).

Асты сызылған сөздердің ерекшелігін анықта:

Саңырау – құлағының мүкісі бар, соқыр – көзі көрмейтін адам, өсекші –қосып айтатын адам.

Асты сызылған сөздердің ерекшелігін анықта:

Басың қағыр – басың қалғыр, кеп отыр - келіп отыр, боп па - болып па,

Асты сызылған сөздердің ерекшелігін анықта:

1. Баланың сөзін сөз деп, о несі-ай маған! (Б.Майлин)
2. - Атың кім? - Кімсің?
- Адаммын.

Асты сызылған сөздердің ерекшелігін анықта:

1. Меніңше, бүгін Алматыда жаңбыр жауады.
2. - Балақай, сурет сала білесің бе?

4.2. Ғылыми стиль, оның ерекшеліктері. Ғылыми стиль мәтінін талдау. Ғылыми стиліне мәтін құрастыру.

2.2.3. Ғылыми стиль

Ғылыми стильге белгілі бір ғылым саласына арналған ғылыми мақала, ғылыми очерк, жазба, оқу құралы, оқулықтар, ғылыми баяндама, диссертациялар мен оның авторефераты, монография және т.б. ғылыми еңбектер жатады. Ғылыми стиль жанрларындағы еңбектерге сөздер негізгі, тура мағынасында жұмсалады, мазмұны, ғылыми объекті мен тақырып белгілі бір ғылым саласына тиесілі терминдер арқылы баяндалып түсіндіріледі. Ғылыми еңбектердегі ой-түйіндер анықтама, дәлелдеме, формулаларға негізделеді. Экспрессивтілік, эмоционалдылық және образдылықтан болады.



27-жаттығу. *Мәтіннің стилін анықтаңыз. Қандай нормалар бұзылғандығын тауып, дәлелдеңіз. Терминдермен сөйлем құрастырыңыз. Осы бағыттағы ой өрбітіңдер.*

Білікті кадр – қызметтің тірегі

01.03.2018

Ішкі істер органдарына кәсіби кадр дайындау мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Полиция қызметкерлерінің кәсібиліктерін арттыру, білікті мамандар даярлау – бүгінгі күннің талабы. Ішкі істер органдарына мамандар дайындайтын ІМ Академиялары, Оқу орталықтары осы жауапты міндетті атқаруда қандай қиындықтарға кезігіп отыр? Осы және өзге де мәселелер ІМ жанындағы Қоғамдық кеңестің кезекті отырысында қаралды.

Ішкі істер органдары жұмысы бойынша Қоғамдық кеңестің қабылдау кеңесіне Ішкі істер министрі, полиция генерал-полковнигі Қалмұханбет Қасымов, Қоғамдық кеңес төрағасы Марат Қоғамов, Ішкі істер органдары және Ұлттық ұлан

ардагерлері қазақстандық кеңесінің төрағасы, милиция генерал-майоры Өмірзақ Болсамбеков және ІІМ Академиялары мен Оқу орталықтарының бастықтары, олардың бірінші орынбасарлары қатысты. Қоғамдық қабылдауды алғысөзімен ашқан Қалмұханбет Нұрмұханбетұлы өткен жыл қорытындысы бойынша Қоғамдық кеңестің жұмысына жоғары баға берді. Министр Қоғамдық кеңестің былтыр атқарған жұмысына қысқаша шолу жасай отырып, кеңес жұмысын ұйымдастыруда жемісті еңбек еткен бірқатар азаматты ІІМ-нің «Құрмет» және ІІМ грамотасымен марапаттады. Сондай-ақ, ведомство басшысы 2018 жыл Қоғамдық кеңес үшін былтырғыдай жемісті болатынына сенім білдірді. Әрі қарай Қоғамдық кеңес отырысы тізгінін Марат Шекішұлы өз қолына алды.

«Біз былтыр осы уақытта «Ішкі істер органдарына халықтың сенімі» тақырыбында отырыс өткізген болатынбыз. Бүгінгі кеңеске шығарылып отырған ІІМ жүйесіндегі жоғары оқу орындары басшыларының баяндамасын тыңдау – өткен жылы талқыланған ауқымды тақырыптың жалғасы. Сіз бен біз қолданыстағы ішкі істер органдары жүйесі үшін кәсіби кадр мәселесі қаншалықты маңызды екенін жақсы түсініп отырмыз. Білікті маман – баға жетпес кадр!», – дей келе төраға жиналысқа қатысып отырған ІІМ Академиялары бастықтарын, олардың орынбасарларын тыңдау мүмкіндігі туып отырғанын айтты. Төрағаның сөзіне қарағанда, ол былтыр Қоғамдық кеңестің жұмысы бойынша еліміздегі ІІМ жүйесіне кіретін барлық оқу орындарында болып, материалдық-техникалық базасымен танысып, жеке құрамымен кездесіп, барлығын өз көзімен көрген. Марат Қоғамов бүгінде ішкі істер органдарында қызмет ететіндердің басым бөлігі осы оқу орындарының түлегі екенін алға тарта келе, Қоғамдық кеңес мүшелерінен ІІМ бастықтарын қолдауларын сұрады.


Одан әрі қарай ІІМ Кадр жұмысы департаментінің бастығы полиция полковнигі Алтынғали Әбдіғалиев ІІМ жүйесіндегі Академиялар мен Оқу орталықтарының әлеуеті жөнінде жалпылама мағлұмат берді. «Бүгінде ІІМ-нің 6 жоғары оқу орны бар. Бұл Академиялар жылына 1200 маман шығарады. Сонымен қатар, ІІМ жүйесінің Астана, Алматы, Қостанай, Ақтау, Павлодар, Семей, Теміртау, Шымкент қалаларында 8 оқу орталығы жұмыс істеп тұр. Өткен жылдың қорытындысы бойынша осы орталықтарда 4846 үміткер алғашқы даярлық, 1004 қызметкер

біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Халықаралық келісімдер шеңберінде және халықаралық ұйымдардың шақыртуымен ІІМ қызметкерлері мен оқу орындарының оқытушылары ІІМ құқық қорғау органдарының өзекті мәселелері бойынша оқытудан өтеді. Бүгінде РФ ІІМ-нің оқу орындарында 69 курсант, 9 адъюнкт, 2 магистрант білім алып жүр. Өткен жылы шетелде 48 қызметкер біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Венгрияда – 28, АҚШ-та – 10, Ұлыбританияда – 6, Қытай мен Германияда 1 қызметкер кәсібилігін шыңдады», – деді Алтынғали Үсенұлы. Ол, сондай-ақ, өз сөзінде атқарылып жатқан істерге қарамастан ІІМ жоғары оқу орындарының жұмысын ұйымдастыруда бірқатар проблемалар бар екенін тілге тиек етті. Айтуынша, ІІМ оқу орындарының материалдық-техникалық базасы аз жарақтандырылған. Айталық, Астана, Семей қалаларындағы Оқу орталықтарында ату тирлері, ал Қостанай Академиясында типография жоқ. Сонымен бірге, ІІМ жоғары оқу орындары әлі де электронды құжат айналымының бірыңғай жүйесіне қосылмаған. Осы сияқты мәселелер көлденең тұр. Бұл мәселелердің шешімі ретінде Алтынғали Үсенұлы бірқатар ұсынысын жасады. «ІІМ-нің Оқу орталықтарында қағаз айналымын қысқартып, электронды құжат айналымына өтуді, ғылыми-оқытушылық құрамның кәсіби шеберліктерін арттыру үшін шетелге іссапарларды жиі ұйымдастыруды, ғылыми-оқытушылық құрамның кәсібиліктерін арттыру орталығын құруды ұсынамын», – деп қайырды сөзін.

Содан соң, ІІМ Академияларының басшылары баяндама жасап, ішкі істер органдарына кадр дайындауда қандай мәселелермен бетпе-бет келіп отырғандарын айтты. Қостанай Академиясының бастығы, полиция генерал-майоры Мирлан Қызылов өз баяндамасында: «Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясының алдында тұрған басты міндет – мемлекет пен қоғам ішкі істер органдары алдына қойып отырған міндетті мінсіз атқаратын біліктілігі жоғары маман даярлау. Айта кету керек, ең заманауи білімнің маңызды элементтерінің бірі – ашық кітапхана интерфейсі болып отыр. Алайда, Академияда әдебиеттердің жеткіліксіздігі байқалады. Оған қоса, Академия курсанттары электронды оқулықтарды пайдалана алмайды. Өйткені, интернетке қолжетімділік жоқ. Талап сондай», – деген Академия бастығы бұдан басқа да бірқатар мәселені тізіп шықты. Оның баяндамасынан кейін Қоғамдық кеңес мүшелері сұрақты


қарша боратты. Мәселен, PRI халықаралық түрме реформасының аймақтағы директоры Азамат Шомбылов ҚАЖ жүйесі ІІМ-ге қосылғалы бері Қостанай Академиясы аймақтық ІІД-не мамандар даярлай бастағанын айтып: «Академия пенитенциарлық жүйе үшін тек тергеу изоляторына, колонияға, пробацацияға ғана қызметкерлер дайындауға көңіл бөлу керек пе?», – деген сұрақ қойды. ІІМ Кадр жұмысы департаменті бастығы қайтадан ҚАЖД жүйесіне ғана қызметкерлер даярлау талабы туындап отырмағанын айтты. Қоғамдық кеңестің отырысында ІІМ Академиялары бастықтарының баяндамалары тыңдалды. Олардың сөздеріне қарағанда, барлығына ортақ мәселелер: материалдық-техникалық базаның әлсіздігі, оқыту ісінде компьютер құралдарының жетіспеушілігі, қолданылатын әдебиеттердің аздығы, Академия ғимаратының ескіруі және т.б.

Жадыра МЫРЗАХМЕТ

 **28-жаттығу.** Ғылыми стиліне тән белгілерін пайдалана отырып, берілген тақырыптарға шағын мақала жазыңыздар.

Мақала тақырыптары

1. Полиция қызметкерінің қызметіндегі күйзелісі.
2. Жауап алу кезіндегі қиындықтары.
3. Құқық қорғау қызметіндегі ерекшеліктері.

 **29-жаттығу.** Қаулының мәтінін аяқтаңыз. Берілген сөз тіркестерімен ғылыми стильде құрмалас сөйлемдер құрастырыңыз: Зиян келтіру, ауыр дене жарақаты, күдіктіні анықтады, басшылыққа алу, тізімге тіркеу.

Күдіктіге іздеу жариялау туралы ҚАУЛЫ

Қарағанды қ.
ақпан

2018 жылғы 01

Қарағанды қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция лейтенанты
М.С.Мукашев № 16353603100022 санды қылмыстық істі қарап,

АНЫҚТАДЫМ:

09.04.20__ жылы сағат 19:30 шамасында, Н.К. Қанжекенов және Б.Т. Күшқаев М.Горький көшесі, 56 мекенжайы бойынша орналасқан «Пицца-Блюз» кофеханасында болып, қоғамды ашықтан-ашық сыйламаудың негізінде, азамат Д.А. Әбдрахмановқа бұзақылық ниетпен, қасақана дене жарақатын салды.

Сонымен бірге, осы істегенімен қоймай, Н.К. Қанжекенов үстел үстінде жатқан пышақты алып, азамат Д.А. Әбдрахмановтың ішінен екі рет ұрған, сот-медицина сараптамасының қорытындысына сәйкес осының салдарынан жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтірілген.

09.04.20__ жылы осы дерек Қазақстан Республикасының ҚК 293-бабының 3-бөлімі 2-тармағы бойынша Қарағанды қаласы ІБ-ның сотқа дейінгі тергеп-тексерулерінің бірыңғай тізілімінде тіркелді. 10.04.20__ жылы осы дерек Қазақстан Республикасының ҚК 106-бабы 2-бөлімінің 7-тармағы бойынша Қарағанды қаласы ІБ сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелген. 10.06.20__ жылы Б.Т. Күшқаевқа қатысты Қазақстан Республикасының ҚК 293-бабы 3-бөлімінің 2-тармағы бойынша күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарылды, алайда күдіктінің қайда екенін анықтау мүмкін болмады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдары бойынша Б.Т. Күшқаевтың кінәсін дәлелдейтін жеткілікті айғақтардың жиналғанын ескере отырып, оған іздеу жариялау қажеттілігі туындады.

Осы айтылғандардың негізінде, Қазақстан Республикасының ҚПК 198-бабын және 45-бабы 7-бөлімінің 3-тармағын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТТІМ:

- 1.
- 2.
- 3.

Қарағанды қаласы ІБ ТБ тергеушісі
полиция лейтенанты (қолы)
Н.С.Мұқашев

=====



30– жаттығу. *Ғылыми стильге тән белгілерді табыңыз.*

Есірткілерден абай бол!!!

1. Псилоцибин

Псилоцибин (псилоцибин құрамды саңырауқұлақтар). Галлюциноген. Күзде саңырауқұлақтарды жинап, кептіреді, ұнтақтайды да сусынға қосады. Сонымен қатар оны құрғақ күйінде де қолданады, немесе саңырауқұлақ тұнбасын жасайды. Әсері: көру және есту елестері (галлюцинация) пайда болады. Психикалық «саяхаттаудың» сапасы тұлғаның эмоционалдық және интеллектілік қасиеттеріне байланысты әсер етеді: ол керемет немесе қорқынышты күйге бөлеуі мүмкін. Әсер 6 сағатқа дейін созылады. Псилоцибиндік саңырауқұлақтар психологиялық та, физикалық та бағыныштылық тудырмайды, дегенмен де поганкамен улану қаупі бар.

2. Опийтекті есірткілер

Опийтекті есірткілер (героин, морфий, қолдан жасалған опиаттар) опиум гүлінен өндіріледі. Опиумды тартады немесе одан қолдан жасалған героин дайындайды. Морфий мен героинді венаға салады. Героинді сонымен қатар иіскейді. Бағалары: героиннің грамы 60-120 доллар, ал опиумның грамы 10,5 доллар. Опиум жасалу тәсіліне байланысты баяулап әсер етіп, «рахаты» күшейе түседі, әсері 3 сағаттан 9 сағатқа дейін жетеді. Героин мен морфий - есірткіге үйреніп кету жағынан өте қауіпті есірткі түрі. Опиум мен одан жасалғандардың (героин) мөлшерін үнемі көбейтіп отыру керек болғандықтан, көбіне өлімге ұшыратады. Опиаттардарға психологиялық та, физикалық та бағыныштылық болады. Опийды пайдаланатын адамдардың иммундық жүйесінің жұмысы нашарлап, вена тамырлары бүлінеді. Есірткі тартып үйренгендер үшін жыныстық қатынас қызық та емес, мүмкін де емес.

2. Кокаин

Кокаин. Психостимулятор. Оңтүстік Америкада өсетін *Erythroxylum Coso* деген өсімдіктің жапырағынан жасалады. Жаргондық атауы – сниф (ағылш. *Sniff* — мұрын тартқылау). Кокаин ұнтақтың мұрын қуысының қатпарына түсе салысымен бірден әсер етіп, балқытып қоя береді. Қозғалу белсенділігі бірден артып, ми жылдам жұмыс істеп, жан мен тәннің күші еселенеді.

Бірақ бұл әсер 10-15 минутқа ғана созылып, күйзеліс (депрессия) басталады. Ол 30-40 минут бойы күйзелтеді. Потенцияны көтереді. Кокаинды ұзақ уақыт пайдалану меңіреулікке, сандырақтауға әкеліп соғады, ас қорыту бұзылып, басқарылмайтын қимылдарға ұшыратады. Сонымен бірге есірткіні қабылдау тәсіліне қарай сілекей бездері мен вена тамырлары қатаяды; ұйқы бұзылып, ұйқы қанбайтын болады. Кокаинның қара базардағы бір грамының бағасы шамамен 100-180 доллар.

3. Экстази

Экстази (Е, МДМА, ХТС, витамин Е). Астыртын лабораторияларда жасалады. Адамдармен қарым-қатынасты жеңілдетіп, ой еңбегін жақсартады. Әлем тамаша болып, бәрі дұрыстай көрінеді. Пульс жиілеп, қан қысымы жоғарылайды. Потенция бірден көтеріледі. Экстазидің күшімен бірнеше сағат тоқтаусыз билей беруге болады. Экстази адамның шөлдеу сезімін тежеп, организмнің сусыздануына әкеліп соғуы мүмкін. Организмдегі зат алмасуды, мидағы серотониннің тепе-теңдігін бұзып, кейде ас қорыту мен иммундық жүйені бүлдіреді. Экстазиді барбитурат және тағы басқа антидепрессант, кетаминдермен бірге пайдалануға болмайды. Ішімдікпен араластыру да қауіпті. Қазіргі уақытқа дейін экстазидің психологиялық немесе физикалық бағыныштылыққа ұшырататындығы дәлелденген жоқ. Таблеткасының бағасы – 20-30 доллар.



31 – жаттығу. *Ресми іс қағаздары мен ғылыми стильге тән мәтіндердің өзара айырмашылықтарын көрсетіңіз.*

Қазақстан Республикасы ІІМ
Б.Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының
бастығы, полиция
генерал-майоры
Ж.Т.Кенжетаевқа

Мәлімдеме

Сізден отбасы жағдайына байланысты 1 - бағамның қысқы емтихан-сынақ сессиясын алдын-ала тапсырып, кезекті жазғы демалысқа барып келуіме рұқсат етуіңізді сұраймын.

КОФ 107-оқу тобының
тыңдаушысы, қатардағы
полиция
А.Т.Маханов
26.12. 2014 ж.

Қолхат

Мен, №13 кафедраның кабинет бастығы Зауре Нағашыбайқызы Асанова (жеке куәлік № 08091245, 02.052012 жылы ҚР ӘМ берген), №7 кафедраның оқытушысы, полиция аға лейтенанты Еркін Ахметұлы Жантасовтан 5000 (бес мың) теңгені бір ай көлемінде қайтарамын деп қарызға алдым.

З.Н.Асанова

Күні, айы, жылы



32-жаттығу.

1. *Келесі тіркестермен сөйлем құрастырыңыз.*

Уағдаластықтарды ұсыну, қолданыстағы заңдар, назар аудару, уәкілетті орган, ішкі тасымалдау, банктік шот ашу, кедендік рәсімдеу, шаралар қабылдау, уақытылы қамтамасыз ету, тиесілі және тиімді пайдалану, қаржылық алымдардан босату, күшіне ену, мемлекетішілік рәсімдер, құрметіне ие болу, ықыласын білдіру.

2. *Сөйлемдерді дұрыс құрастырыңыз.*

1. Үкіметінің / Жапон / ұсынуға / мынадай / атынан / рұқсат / уағдаластықтарды / етіңіз.

2. Қазақстан / актілеріне / шараларды / сәйкес / асыруды / Қазақстанның / заңдары / қолданыстағы / нормативтік / мен / келесі / іске / Үкіметі / етеді / қамтамасыз.

3. Қазақстан / Үкіметінің / атына / Республикасы / қана / жобаны / тек / асыру / мақсатында / банктік / пайдаланатын / шот / іске / ашады.

4. Қазақстан / тауарларды / аумағында / бойынша / жоба / ішкі / сатып / алынған / тасымалдауды / ету / уақытылы / кедендік / Республикасының / рәсімдеуді, / қамтамасыз.

5. Қазақстан / алынатын / кеден / және / Республикасында / бажының, / төлемдерінен / ішкі / қаржылық / салықтарынан / өзге де / елдің / алымдарынан / босату;

6. Жоба / сатып / алынған / есебінен / Қазақстан / құрал-жабдықтар / Республикасынан / кері / экспортқа / тысқары / шығарылмайды.

3. Келесі жағдаяттарға байланысты келіссөздер жазыңыз.

1. Құқық органдардың терористермен екіжақты келіссөздері.

2. Құқық қорғау органдардың қылмыскермен кепілдегі адамдарды босату туралы келіссөздер.

3. Қымызды ұлттық брендке айналдыру туралы Қазақстан-Франция келіссөздері.



33-жаттығу. Сөйлемдердегі көп нүктенің орнына естістіктерді қойып сөйлемді аяқтаңыз.

Қылмыстық істі бөлектеп алу туралы ҚАУЛЫ

Қарағанды қ.
ақпан

2018 жылғы 01

Қарағанды қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция лейтенанты
М.С.Мұқашев № 18353603100022 санды қылмыстық істі..... ,

.....:

09.04.20__ жылы сағат 19.30 шамасында, Н.К. Қанжекенов
және Б.Т. Құшқаев М.Горький көшесі, 56 мекенжайы бойынша

орналасқан «Пицца-Блюз» кофеханасында болып, қоғамды ашықтан-ашық сыйламаудың негізінде, азамат Д.А. Әбдрахмановқа бұзақылық ниетпен, қасақана дене жарақатын

Сонымен бірге, осы істегенімен қоймай, Н.К. Қанжекенов үстел үстінде жатқан пышақты алып, азамат Д.А. Әбдрахмановтың ішінен екі рет ұрған, сот-медицина сараптамасының қорытындысына сәйкес осының салдарынан жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян

09.04.20__ жылы осы дерек Қазақстан Республикасының ҚК 293-бабының 3-бөлімі 2-тармағы бойынша Қарағанды қаласы ІБ сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде

10.04.20__ жылы осы дерек Қазақстан Республикасының ҚК 106-бабы 2-бөлімінің 7-тармағы бойынша Қарағанды қаласы ІБ-ның сотқа дейінгі тергеп-тексерулерінің бірыңғай тізілімінде тіркелген. 10.06.20__ жылы Б.Т. Күшқаевқа қатысты Қазақстан Республикасының ҚК 293-бабы 3-бөлімінің 2-тармағы бойынша күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарылды, алайда күдіктінің қайда екенін анықтау мүмкін

Б.Н. Күшқаевтың күдігі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын бөлу сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жан-жақтылығына, толықтығына және істің шешілуіне әсер етпейтіндігін ескеріп, Қазақстан Республикасының ҚПК 44 және 198-баптарын басшылыққа,

..... ::

1. №18631003101152 сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдары Б.Н.Күшқаевқа қатысты қылмыстық іс материалдары бөлектелсін.

2. Қаулының көшірмесі Қарағанды қаласының прокурорына

3. Қабылданған шешім туралы мүдделі тұлғаларға

Қарағанды қаласы ІБ ТБ тергеушісі
полиция лейтенанты (қолы)
Н.С.Мұқашев

=====

4.5. Ресми және іс қағаздары стилі, оның өзіндік ерекшеліктері. Іс қағаздарының типтері мен түрлері

Ресми ісқағаздар стилі

Іс қағаздары дегеніміз – мемлекеттің қоғамдық өміріндегі жеке адамның қызметін, азаматтық қарым-қатынасты және басқару, ұйымдастыру қызметтерін реттейтін ресми құжаттар. Іс қағаздарының өзіндік қызметтері мен сипаттары, құжаттау үдерісінің элементтері, түрлері мен топтары болады.

Ресми іс қағаздар стиліне іс қағаздары, заң құжаттарының тілі жатады. Ісқағаздар стиліне әртүрлі мекемелерде, кәсіпорындарда, ұйымдарда жүргізілетін жазу үлгілері жатады. Ол форманың түрлі үлгілері болады. Ісқағаздарының әрқайсысының бұрыннан қалыптасқан бірыңғай сөздері мен сөйлем үлгілері болады. Ісқағаздары сол үлгі бойынша жазылады. Ресми стильдің көлемі, мазмұны және жазылу формасы жағынан ісқағаздарынан біраз ерекшелігі бар. Ресми ісқағаздары белгілі бір қалыпқа (штампқа) түсіп отырады, онда сөз қолданысы ерекше болады. Ресми стильде көбіне заң, жарғы, үкімет органдарының қаулылары, халықаралық шарт, келісім, дипломатиялық нота, үкімет хабарлары жазылады.

Іс қағаздарының қызметтері:

- жеке тұлғалар арасындағы қатынасты реттеуші;
 - жеке адам мен қоғам арасындағы қатынасты реттеуші;
 - әртүрлі мекеме, ұйымдардың өзара байланысын реттеуші;
 - мекеме, ұйым жұмысын ұйымдастыру тәртібін негіздеуші;
 - **жеке адам мен қоғам өміріне қатысты оқиғаларды айғақтаушы;**
 - мемлекеттік басқару ісін жүйелеуші;
 - тарихи құбылыстарды зерттеудің қайнар көзі;
 - мекеме мен ұйымның атқарған істерінің көрсеткіші;
 - мемлекеттік тілдің жүзеге асуының нақты көрсеткіші
- Ісқағаздарының сипаттары:**
- саяси (мемлекетшілік, мемлекетаралық, халықаралық қатынастарда);
 - әлеуметтік (қоғамдық-әлеуметтік қатынастарда);
 - ұйымдастырушылық (басқару қызметі жүйесінде);

→ құқықтық (заңды және жеке тұлғалар арасындағы қатынастарда);

→ тарихи (әр дәуірдің, қоғамдық сатының өзіндік ерекшелік-теріне сай қатынастарда).

→ ресмилік (міндетті түрде заңды тұрғыда тіркелуінде).

Құжаттау үдерісінің элементтері:

→ құжаттарды дайындау; → құжаттарды жолдау, тіркеу;

→ сырттан келген құжаттарды қабылдау, тіркеу;

→ құжаттарды қолдануға дайындау;

→ құжаттардың жүзеге асырылуын бақылау;

→ құжаттарды мұрағат қорына дайындау.

Өтініш – құжаттың ең көп тараған түрі. Жеке тұлғалардың бас-шыларға, мемлекеттік органдарға қандай да бір өтінішін білдіреді. Ісқағаздарын жүргізудің негізгі ережелерін сақтай отырып, еркін түрде жазылады.

Өтініш дегеніміз – азаматтардың жеке құқықтары мен мүдделерінің жүзеге асырылуы мазмұндалатын, ресми түрде жазбаша ба-яндалатын, өтіну, өтініш білдіру, сұрау туралы лауазымды тұлғаға бағытталған ресми құжат

Өтініш құжат ретінде кеңсе бөлімінің (канцелярия) арнайы журналына тіркеліп, нөмірленгеннен кейін ғана ресми құжат бо-лып есептелінеді. Өтініш мекеме басшысына келіп түскеннен кейін, өтінішке лауазымды тұлға «бұрыштама» қояды. Мысалы: «Қарсы емеспін», «Келісемін», «Бекітілсін» т.б.

Өтінішке мекеме басшысы бұрыштама қойғаннан кейін, сол өтініш негізінде бұйрық шығарылады. Демалыс алу туралы өтініште міндетті түрде демалыс түрі (ке-зекті еңбек демалысы, кезектен тыс демалыс, ақысыз демалыс) мерзімі көрсетілуі тиіс.

Өтініш мынандай жағдайларда жазылады:

- оқуға түскен кезде;
- басқа оқу орнына ауысқанда;
- бір факультеттен басқа факультетке ауысқанда;
- жатақханадан орын сұрағанда;
- жұмысқа қабылдау кезінде;
- басқа жұмысқа ауысқанда;
- кезекті демалыс сұрау кезінде;

- кезектен тыс демалыс сұрағанда;

- материалдық көмек сұрағанда;
- денсаулығына байланысты академиялық демалыс алғанда т.б.

Өтініштің жазылу тәртібі:

Өтініш А-4 қағазының оң жақ шетіне, баған түрінде кімге жазылғаны, одан кейін бір жол тасталып, кімнің жазғаны және қағаздың ортасына қою қара әріптермен құжаттың атауы жазылады. Одан кейін тағы да бір жол тасталып, азат жолдан бас әріппен мәтін басталады.

Іс қағаздарының өзіндік сипаттары

Іс қағаздарының қызметтері:

- жеке тұлғалар арасындағы қатынасты реттеуші;
- жеке адам мен қоғам арасындағы қатынасты реттеуші;
- әртүрлі мекеме, ұйымдардың өзара байланысын реттеуші;
- мекеме, ұйым жұмысын ұйымдастыру тәртібін реттеуші;
- жеке адам мен қоғам өміріне қатысты оқиғаларды айғақтаушы;
- мемлекеттік басқару ісін жүйелеуші;
- тарихи құбылыстарды зерттеудің қайнар көзі;
- мекеме мен ұйымның атқарған істерінің көрсеткіші;
- мемлекеттік тілдің жүзеге асуының нақты көрсеткіші.

Ресми немесе іс қағаздар стилінің ерекшелігі: онда факті дәл көрсетіліп, бір ізбен жүйелі жазуға айрықша мән беріледі.

Іс қағаздарындағы мәлімет қысқа, нақты және белгілі бір ізбен жүйелі жазылуы тиіс.

Ресми құжат стильдеріне тән белгілер:

- мазмұнының *қысқа әрі тұжырымды* баяндалуы;
- тұжырымдардың *дәл, нақты болуы;*
- сөздер мен терминдердің *нақты, тура мағынасында* пайдаланылуы
- терминдер мен тұрақты орамдардың *бірегейлігі;*
- терминнің ең қолданылу *жиілігі жоғары,* Мемлекеттік терминология *комиссиясы бекіткен нұсқасының* пайдаланылуы
- *қалыптасқан* мазмұндық-құрылымдық *нормалардың* қатаң сақталуы.

Іс қағаздарының сипаттары:

- саяси (мемлекетшілік, мемлекетаралық, халықаралық қатынастарда);
- әлеуметтік (қоғамдық-әлеуметтік қатынастарда);
- ұйымдастырушылық (басқару қызметі жүйесінде);
- құқықтық (заңды және жеке тұлғалар арасындағы қатынастарда);
- тарихи (әр дәуірдің, қоғамдық сатының өзіндік ерекшеліктеріне сай қатынастарда);
- ресмилік (міндетті түрде заңды тұрғыда тіркелуінде).

Құжаттау үдерісінің элементтері:

1. құжаттарды дайындау;
2. құжаттарды жолдау, тіркеу;
3. сырттан келген құжаттарды қабылдау, тіркеу;
4. құжаттарды қолдануға дайындау;
5. құжаттардың жүзеге асырылуын бақылау;
6. құжаттарды мұрағат қорына дайындау, тапсыру.

Іс қағаздарының түрлері және оларды топтастыру

Іс қағаздарының түрлері өте көп, олардың негізгі түрлерін мақсаты мен мазмұнына, жасалған орнына, жасалу сатысына, қызметіне, формасына т.б. ерекшеліктеріне қарап топтастыруға болады.

Іс қағаздары мазмұны мен қызметіне қарай үш топқа бөлінеді.

- 1-ші топ. Жеке адам өміріне қатысты құжаттар.
- 2-ші топ. Азаматтық қарым-қатынасты реттейтін құжаттар.
- 3-ші топ. Басқару, ұйымдастыру қызметіне қатысты құжаттар.

<i>Жеке адам өміріне қатысты іс қағаздары</i>	<i>Азаматтық қарым-қатынастарды реттейтін іс қағаздары</i>	<i>Басқару, ұйымдастыру және бақылау қызметіне қатысты іс қағаздары</i>
Түйіндеме Өмірбаян Жеке іс парағы Өтініш Арыз Мінездеме Кепілдеме	Қолхат Кепілхат Сенімхат Өтінім Тапсырыс Келісімшарт Шарт	Хаттама Қызметтік хаттар Хабарландыру Бұйрық Жарлық Үкім Өкім

Визит карточкасы Анықтама Жеделхат	Еңбек шарты Еңбек келісімі	Жарғы Ереже Қаулы Шешім
---	-----------------------------------	--------------------------------------

Формасына қарай:

- **Типтік;**
- **Трафареттік;**
- **Еркін мәтінді** болып бөлінеді.
-

1. Типтік іс қағаздары - қалыптасқан мәтін-үлгі бойынша жазылатын іс қағаздар. Мысалы: арыз, өтініш т.б.

2. Трафареттік іс қағаздары - мәтіннің белгілі бір бөлігі алдын ала баспаханалық әдіспен басылып дайындалған құжаттар. Мәтіннің алдын ала дайындалған бөлігінде өзгермейтін ақпарат жазылады. Мысалы: студенттің белгілі бір оқу орнында оқитынын растайтын студенттік билет, анықтама т.б. Мұнда студенттің аты-жөні, тегі, оқитын бөлімі мен курсы жазылатын арнайы орын қалдырылып, қалған бөлігі баспаханалық әдіспен басылып, алдын ала дайындалады.

3. Еркін мәтінді іс қағаздарына қалыптасқан үлгі бойынша жазылатын құжаттар жатады. Мысалы: пікір. Еркін мәтінді іс қағаздарын безендіруде де жалпы іс қағаздарына қойылатын талаптар сақталады.

Қолданылу орнына қарай:

- **Мекемеішілік;**
- **Мекемеаралық;**
- **Мемлекеттік;**
- **Халықаралық** болып бөлінеді.

Шығу. жасалу сатысына қарай:

- **түпнұсқалық;**
- **көшірмелік** болып бөлінеді.

Түпнұсқалық іс қағаздарына кез келген құжаттың бірінші рет жасалған нұсқасы (оригинал) жатады.

Ал көшірмелік іс қағаздарына түпнұсқаның мәтіні сол күйінде, өзгеріссіз сақталып алынған толық нұсқасы немесе белгілі бір бөлігі жатады. Мысалы: Көшірмелік іс қағаздарына кез келген құжаттың көшірмесін (диплом көшірмесі, бұйрықтың көшірмесі т.б.), үзіндісін (хаттамадан үзінді, бұйрықтан үзінді т.б.), дубликатын жатқызуға болады.

Үзінді - құжаттың қажетті бөлігінің мәтіні өзгертілмей жазылған, қолға берілетін нұсқасы.

Дубликат - құжат жоғалған кезде берілетін құжаттың түпнұсқасымен күші бірдей көшірмесі.

Кез келген мекеме тек өзінде жасалған құжаттың ғана көшірмесін беруге құқы бар. Құжат көшірмелерінің көшірме екендігі расталып, қол қойылып, мөр басылғанда ғана заңды күші бар.

Іс қағаздары стиліне түрлі мекемелерде жүргізілетін жазу үлгілері жатады. Іс қағаздары белгілі бір форма бойынша жазылады. Іс қағаздары формаларының әр түрлі үлгілері болады. Оған өтініш, сенім хат, қол хат, анықтама, мінездеме, шақыру билеті, хабарландыру, мәжіліс хаттамасы, қатынас қағазы, келісім шарт, акт, рапорт, мінездеме, бұйрық, есеп және т.б. жатады. Іс қағаздарының әрқайсысының бұрыннан белгілі бірыңғай сөздері мен сөйлем үлгілері болады. Іс қағаздары, көбінесе, сол үлгі бойынша жазылады.

Ресми стильдің іс қағаздарынан көлемі, мазмұны және жазылу формасы жағынан ерекшеліктері бар. Ресми қағаз белгілі бір қалыпқа (штампқа) түсіріліп, онда сөз қолданысымен ерекшеленеді. Оған заң, қаулы, жарлық, үкім, мұражай құжаттары, халықаралық шарт, нота, үкімет хабарлары жатады. Мәселен, Қазақстан мен Қытай арасындағы шекара туралы үкімет хабары: «1994 жылы 26 сәуірде мемлекет басшылары Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасы туралы келісімге қол қойды, ол 1995 жылғы» қыркүйекте бекіту грамоталарын алмасқаннан кейін күшіне енді. Осы кезде шекараның екі учаскесі бойынша келісімге қол жетпеді. Біріншісі – Сарышілде өзені ауданындағы учаске (Алматы облысының Алакөл ауданы). Екіншісі – Шағыноба және Баймырза асулары

ауданындағы учаске (Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданы).

1998 жылы 4 шілдеде қол қойылған қосымша келісім бойынша келісілмеген екі учаскенің шамамен 944 шаршы шақырым жалпы ауданынан Қазақстанға 537 шаршы шақырым, Қытайға 407 шаршы шақырым бекітілді. Тарихи құжаттарға қарай отырып, шекараның дәлелденуі нәтижесінде тараптар заңдық негізде хатталған шекараға ие боды. (Егемен Қазақстан. 17.07. 1998 ж.). Немесе Кенесары мен Наурызбайдың өліміне қатысты мұражай құжаты: «Жантай Қарабекұлының Батыс Сібір губернаторы П.Д.Горчаковқа 1848 жылдың 10 қазанында жазған хатында Кенесарының басын алған Қожабекке алтын медаль берілгендігі жөнінде хабарлайды. Мүрдесін Қарасу мен Шамшының ортасындағы Борду деген сайдың орта бөксесіне қойған. Наурызбайдың сүйегі Шамшының күншығыс жағындағы Қашатқа қойылған».

(Д.Рамазан «Кенесары және кара қозы», Қазақ әдебиеті газеті, 12.05.2000 ж.)

Іс қағаздары мен ресми стильдің өзара ұқсастықтары мен өзіндік ерекшеліктері де бар. Олардың ұқсастықтары екеуінің де қалыптасқан белгілі бір формада жазылатындығы және ресми құжаттар болып есептелетіндігі. Ерекшеліктері: 1) іс қағаздарын, көлемі негізінен қысқа да шағын, ресми стильдегі құжаттардың көлемді болып келетіндігі, 2) іс қағаздарын қарағанда ресми стильде саяси-публицистикалық лексика мен әкімшілік терминдердің қолданылуы басым, 3) ресми стильмен салыстырғанда іс қағаздары стиліне экспрессивті-эмоционалды және образды мәндегі сөздер қолданылмайды дегуге болады.

Қызметтік хаттар – бұл ол қандай да бір мәселе туралы мекемелермен, ұйымдармен және жеке тұлғалармен пікір алмасу құралы қызметін атқаратын әр түрлі мазмұндағы басқару құжаттарының үлкен тобының жинақталған аты.

ХАБАРЛАМА ХАТ

Хабарлау хатты нақты тиісті мекен-жай иесіне жазады. Ол сұраққа жауап ретінде жиі пайдаланылады.

Хабарлау хаттың қалыпты сөздері: «Сізге ... ескертеміз», «Сізге төмендегі өзгеріс туралы хабарлаймыз...». Сонымен қатар ол «Хабарлаймыз», «Хабардар етеміз», «Сіздің назарыңызға

ұсынамыз» деген сөздер арқылы жазылады. Одан әрі бір фактілер көрсетіледі.

ЖАРНАМАЛЫҚ ХАТ

Жарнамалық хатты нақты мекен жай иесіне жібереді. Ол жарнама қызметтері мен заттардың түрін жарнамалайды. Хаттың мақсаты: адрес иесіне көрсетілген қызмет түрлерін пайдалануға немесе тапсырыс беруге жетелеу. Мәтін нақты, тиісті, толық ақпарат береді. Мәтіннің соңында мекеменің мекен-жайы, телефоны көрсетілуі мүмкін.

ШАҚЫРУ ХАТ

Шақыру хат – жиналысқа, алқалық отырысқа, семинарға, конференцияға шақыру мақсатын көздейтін құжат.

Шақыру қағазын мекемеге, бірнеше адамдарға және тиісті адамға жібереді. Хатта толық күн тәртібі, іс-шараның өтілетін орны, сөз сөйлеушілердің фамилиялары, іс-шараға жауапты адамдардың фамилиясы, телефоны, шақырылған жерге тиісті жол қаражаты және т.б. ақпараттар жазылуы мүмкін.

Хаттың мәтінінде үнемі: Сізді ... шақырамыз; оқушылардың ... жұмысының көрмесіне шақырамыз сияқты тұрақты сөз орамдары пайдаланылады

РАСТАУ ХАТ

Растау хат – жіберушіні құжаттарды, құндылықтарды (аудармалар, хаттар) алғандығы туралы хабардар ететін, нақты іс-әрекеттерді, дәлелдемелерді дәлелдейтін құжат.

Хаттың кілттік сөздері:

Сіздің тапсырысыңыздың алынғандығын хабарлаймыз...;

Мекеме біріккен құрылысқа қарсы емес...;

25.04.2011 телефон әңгімесінің болғандығын... .

Растау хаттың жіберілуі іскерлік қарым-қатынастардың міндетті бөліміне жатады, бақылау сұрағын алып тастауға мүмкіндік береді.

БАСТАМА (ИНИЦИАТИВАЛЫҚ) ХАТ

Инициативалық хат – жауап талап етуші хаттар.

Мұндай хаттардың көп түрі өтінішті білдіреді, жіберілген адамға қандай да бір сұрақты шешуге арналады. Бұл хаттың ең көп тараған түрінің бірі, олардың тақырыптар жиынтығына шек қойылмайды. Сұрақ-жауап хатта сұрақ беруші қандай да бір іс-әрекетті, оқиғаны түсіндіруді сұрайды және жауап берушіні жауап хат жазуға жетелейді.

КОММЕРЦИЯЛЫҚ ХАТ

Коммерциялық хат – келісім-шарт (контракт) жасауда және оны орындауда жазылады. Олар сатып алушылардан сатушыға зат туралы толық ақпарат беруді, затты өткізіп беру, сатушылардың жауабы, талаптар, талаптарға жауаптарды мақсат етеді.

М.Өтемісов атындағы БҚМУ

мәдениет және өнер факультетінің

студенттік деканы А.Ғұмарға

Ақпараттық хат

Сізге, _____ тобы « _____ » мамандығының, 201_ жылдың _____ - _____

_____ аралығындағы студенттердің сабаққа қатысуы туралы ақпаратты

ұсынамын

Топ басшысы: _____

қолы: _____



34-жаттығу. Сөйлемді дұрыс құрастырыңыз.

1. кезектен тыс демалыс / байланысты / отбасы жағдайыма /бе- руіңізді өтінемін. 2. қабылдауыңызды / қызметіне / бағдарламашы / бастап / 2013 жылдың 12 мамырынан / сұраймын.

3. орта мектептің / сұраймын / Ы.Алтынсарин / 11 сыныбына / атындағы / қабылдауыңызды.

4. қызметімнен / атқарып отырған / сұраймын / босатуыңызды. 5. сұраймын / ауыстыруыңызды / бөліміне / техникалық қызмет көрсету



1-тапсырма. Төменде берілген сұрақтарға жауап бере отырып, өмірбаян жазыңыз. 1. Сіздің аты-жөніңіз кім? 2. Сіз қай жерде және қашан дүниеге келдіңіз? 3. Сіздің отбасы жағдайыңыз қандай? 4. Сіздің біліміңіз қандай? 5. Сіз қайда оқыдыңыз, нені бітірдіңіз? 6. Сіздің мамандығыңыз қандай? 7. Сіз қайда жұмыс істедіңіз? 8. Қазір қайда жұмыс істейсіз? 9. Сіз қандай компьютер бағдарламаларын білесіз? 10. Қай тілде еркін сөйлейсіз? 11. Әскери қызметке міндеттісіз бе? 12. Қандай әскери атағыңыз бар? 13. Сүйікті ісіңіз? /хобби/?



35-жаттығу. *Хаттама, мәлімдеме, қолхаттардан іс қағаздарына тән белгілерді табыңыз.*

Қылмыстық істерді біріктіру туралы

ҚАУЛЫ

Қарағанды қ. 2018 жылғы 01
ақпан

Қарағанды қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция лейтенанты
М.С.Мұқашев № 18353603100022 санды қылмыстық істі қарап,

АНЫҚТАДЫМ:

09.04.20__ жылы сағат 19.30 шамасында, белгісіз тұлғалар М.Горький көшесі, 56 мекенжайы бойынша орналасқан «Пицца-Блюз» кофеханасында болып, азамат Д.А. Әбдрахмановқа бұзақылық ниетпен, пышақты қасақана қолдана отырып, дене жарақатын салды.

09.04.20__ жылы осы дерек Қазақстан Республикасының ҚК 293-бабының 3-бөлімі 2-тармағы бойынша Қарағанды қаласы ІІБ сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелді.

Сот-медицина сараптамасының қорытындысына сәйкес, азамат Д.А. Әбдрахмановқа өміріне қауіп төндіру белгісі бойынша жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтірген дене жарақаты салынды.

10.04.20__ жылы осы дерек Қазақстан Республикасының ҚК 106-бабы 2-бөлімінің 7-тармағы бойынша Қарағанды қаласы ІБ-ның сотқа дейінгі тергеп-тексерулерінің бірыңғай тізілімінде тіркелген. Тергеліп отырған құқық бұзушылықтың екеуін де жасаған бір белгісіз тұлғалар екендігін назарға ала отырып, Қазақстан Республикасының ҚПК 43 және 198-баптарын басшылыққа алып,

ҚАУЛЫ ЕТТІМ:


1. Оларға ортақ №16353603100022 нөмірін бере отырып, №16353603100022 сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдары мен №16353603100055 материалы бір іс жүргізуге біріктірілсін.

2. Іс бойынша іс жүргізу мерзімі №16353603100022 материалының сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелген күнінен бастап саналсын.

3. Қаулының көшірмесі Қарағанды қаласының прокурорына жіберілсін.

4. Қабылданған шешім туралы мүдделі тұлғаларға хабарлансын.

Қарағанды қаласы ІБ ТБ тергеушісі
полиция лейтенанты (қолы)
Н.С.Мұқашев


 **36-жаттығу.** *Тілек, алғыс сөздерді оқып, қайсысын кімдер және қандай кезде қолданылатынын анықтаңыздар. Бес-алтауын негізге ала отырып сөйлем құрастырыңыздар.*

1. Бауы берік болсын! 2. Шаңырағы биік, босағасы берік болсын! 3. Қадамы құтты болсын! 4. Бағы жансын! 5. Айы оңынан тусын! 6. Алла разы болсын! 7. Тәңір жарылқасын! 8. Мерейі үстем болсын! 9. Мұратына жетсін! 10. Екі дүниенің қызығын көрсін! 11.

Көсегең көгерсін! 12. Нұр жаусын! 13. Өркені өссін! 14. Бақытты болсын! 15. Періштелер жебесін! 16. Қатарының алды болсын! 17. Жұлдызы жансын! 18. Жұлдызы жоғары болсын! 19. Уайымы тамақ болсын!

Бақылау сұрақтары:

1. Ресми стильді анықтайтын лингвистикалық және экстралингвистикалық белгілерге не жатады?
2. Ресми стильдің шағын түрлерін атаңыз.
3. Ресми стиль мәдениеті дегенді түсіндіріңіз.
4. Ресми стильдің ауызша және жазбаша түрлерінің айырмашылығынеде?
5. Ресми стильдің негізгі қызметтеріне не жатады?

 **37-тапсырма.** Ресми іс қағаздары стилінде сөйлемдерді мағынасы бойынша аяқтаңыз.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді қайта бастау туралы ҚАУЛЫ

Қарағанды қ. 2018 жылғы 01
ақпан

Қарағанды қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция лейтенанты
М.С.Мұқашев № 18353603100022 санды қылмыстық істі қарап,

АНЫҚТАДЫМ:

09.04.20__ жылы сағат 19.30 шамасында, белгісіз тұлғалар
М.Горький көшесі, 56 мекенжайы бойынша орналасқан «Пицца-
Блюз» кофеханасында болып,

.....
09.04.20__ жылы осы дерек Қазақстан
Республикасының..... . 16.05.20__ жылы сотқа
дейінгі тергеп-тексерудің мерзімі Қазақстан Республикасының
ҚПК 45-бабының 7-бөлімі 1-тармағының негізінде мерзімі үзілген.

Қазіргі уақытта бірқатар тергеу іс-әрекетін жүргізу қажеттілігі туындады, Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімі үзілген негіз болған жағдайларды назарға ала отырып, Қазақстан Республикасының ҚПК 45 бабының 9 бөлімі мен 198-бабын. ,

ҚАУЛЫ ЕТТІМ:


1. №18631003101152 сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдары..... .

2. Қабылданған шешім туралы мүдделі

3. Қаулының көшірмесі Қарағанды

Қарағанды қаласы ІБ ТБ тергеушісі
полиция лейтенанты (қолы)
Н.С.Мұқашев

4.6 . Ресми және іс қағаздары мәтінін талдау. Ресми және іс қағаздары мәтінін талдау.

 **38-жаттығу.** Мәтінді оқып, құжат құрылымымен танысыңыз.

ӨМІРБАЯН

Өмірбаян – жеке адамның өмір жолы хронологиялық тәртіпте қысқаша жазылған ресми құжат. Өмірбаян әдетте оқуға түсу, жаңа қызметке тұру кезінде жазылады.

Міндетті мәліметтер:

1. Құжаттың аты (өмірбаян)
2. Аты-жөні, тегі, туған жылы, айы, күні, туған жері

3. Ұлты
4. Білімі, оқыған оқу орындары
5. Қоғамдық-саяси қызметі
6. Ата-анасы, жұбайы, балалары туралы мәлімет
7. Қазіргі жұмысы, мекенжайы



39-жаттығу. *Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз*

1. Қандай құжат өмірбаян деп аталады?
2. Өмірбаянның типтік үлгісі бар ма?
3. Мақсатына байланысты өмірбаян қандай нұсқада болуы мүмкін?
4. Әдетте өмірбаянда қандай мәліметтер көрсетіледі?



40-жаттығу. *Берілген сөздер мен сөз тіркестерінен қайда? деген сұраққа жауап беретін сөз формасын жасаңыз.*

Қостанай қаласы, Наурызым ауданы, Алматы, Петропавловск, Қазақстан Республикасы, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Ауыл шаруашылық департаменті, Ғылыми-жобалау институты, «Даяна» сән үйі, Қызылорда облысы, Ресей Федерациясы, жұмысы, сырт, іш, әкімшілік, Астана.



41-жаттығу. *Сөз формаларының тиістісін таңдап алып, жақшаны ашыңыз.*

Өмірбаян – жеке (адамның, адамға, адаммен, адамда) өмір жолы хронологиялық (тәртіпке, тәртіпте, тәртібі, тәртіпсіз, тәртіптен) қысқаша жазылған ресми құжат. Өмірбаян әдетте (оқудан, оқумен, оқуға, оқуды, оқуда) түсу, жаңа қызметке тұру (кезімен, кезінде, кезінен, кезін, кезінің) жазылады. Ол таза қағазға (қолдан, қолға, қолы, қолмен, қолын, қолдың) жазылады. (Өмірбаянға, өмірбаянды, өмірбаянның, өмірбаяны, өмірбаянда) мазмұны автордың өмір жолын, іскерлік (қасиеттерінің, қасиеттерімен, қасиеттерінде, қасиеттерін, қасиетім) жан-жақты баяндап беруге тиіс.



42-жаттығу. *Үлгіні пайдаланып, өз өмірбаяныңызды жазыңыз.*

ӨМІРБАЯН

Мен, Марат Дәулетұлы Тағаев, 1963 жылы 1 мамырда Алматы облысы, Райымбек ауданы, Нарынқол ауылында тудым. Ұлтым – қазақ. 1970 жылдан 1980 жылға дейін Нарынқол орта мектебінде оқыдым. 1980 жылы Қазақ политехника институтының компьютерлік техника факультетіне оқуға түстім. Институтты бітіргеннен кейін 1985 – 1988 жылдар аралығында Ғылыми-жобалау институтында жұмыс істедім. 1988 жылғы 1 қыркүйекте Қазақ политехника институтының металлургия өнеркәсібі кафедрасына ауыстым. Қазір осы кафедраның аға оқытушысымын. Ата-анам бар: Әкем Тағаев Дәулет – Ұлы Отан соғысының ардагері, құрметті зейнеткер; анам – Тағаева Сатылхан – ұзақ жылдар бойы Нарынқол орта мектебінде мұғалім болып жұмыс істеді. Отбасым бар: жұбайым – Жүнісқызы Тұрағалды, жоғары білімді маман, дәрігер. Үш балам бар, олар орта мектепте оқиды.

Әскери қызметке міндеттімін. Аға лейтенанттық әскери шенім бар.

Қосымша мәліметтер: қазақ, орыс, ұйғыр және ағылшын тілдерін жетік білемін. Компьютерлік бағдарламаларды толық меңгергенмін, Интернетте жұмыс істей аламын.

Мекен-жайым: Алматы қаласы, Байтұрсынов көшесі, 172 үй.



43-жаттығу. *Тақырыптық өмірбаян үлгілерін құрастырыңыз.*

1. Өзіңізбен бірге оқитын бір студенттің бірінші жақта өмірбаянын құрастырыңыз.

2. Сіңліңіз «Қазақ тілі» пәні бойынша республикалық олимпиадаға қатысуы үшін құжат дайындауы керек. Оның өмірбаянын құрастырыңыз.

3. Дүкенге сатушы болып жұмысқа орналасуына байланысты өмірбаян құрастырыңыз.

4. Анаңыздың жеке меншік фирмаға есепші қызметіне жұмысқа орналасуына байланысты бірінші жақта өмірбаянын құрастырыңыз.



44-жаттығу. Мәтінді оқып, құжат құрылымымен танысыңыз.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бүгінгі нарық заманында мемлекеттік органдарға, кәсіпорындарға қызметкерлер қабылдау үшін түйіндеме талап етеді. Бұнда өмірбаян мәліметтері ықшам, әрі толық түрде беріледі. Қазіргі уақытта резюме коммерциялық кәсіпорындарға жұмысқа қабылдауда талап етілетін кеңінен тараған құжат болып табылады. Резюмеңің ерекшелігі білімі және еңбек жолы туралы мәліметтерді хронологиялық тәртіппен жазу болып табылады. «Қосымша мәліметтер» бағанында кез келген ақпаратты беруге болады: шет тілдерін білуі, жарық көрген еңбектерінің болуы, басқа мамандық бойынша кәсіби дағдысының болуы және т.б.

Түйіндемеде үміткердің:

- Аты-жөні;
- Туған жылы, күні, айы, туған жері;
- Ұлты;
- Жынысы;
- Мекенжайы, телефоны;
- Отбасы жағдайы;
- Азаматтығы;
- Білімі;
- Бітірген оқу орындары;
- Кәсіби біліктілігі мен кәсіби тәжірибесі;
- Тілдік дағдылары;
- Компьютерлік сауаттылығы;
- Жеке қасиеттері;
- Қызығушылығы;
- Мақсаты.



45-жаттығу. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қандай құжат түйіндеме деп аталады?
2. Түйіндеменің ерекшелігі неде?
3. «Қосымша мәліметтер» бағанында қандай ақпаратты беруге болады?



46- жаттығу. Екі бағанадан сөз тіркестерін құрастырыңыз.

Отбасы	білімді
Туған	жолы
Ана	тілдері
Жұмыс	қасиеттері
Жеке	дағды
Қосымша	телефоны
Мекен	мамандығы
Жұмысқа	жылы
Жоғары	қасиеттері
Еңбек	қабылдау
Шет	ақпараттар
Кәсіби	тілі
Үйінің	жайы
Сапалық	жағдайы
Негізгі	тәжірибесі



47-жаттығу. Түйіндеме үлгісімен танысыңыз. Осы үлгі бойынша өзіңіздің түйіндемеңізді жазыңыз.

ТҮЙІНДЕМЕ

Аты-жөні Аманова Аружан Аманқызы

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
Қостанай қаласы, Абай
даңғылы, 1-үй, 1- пәтер

Телефон: 502030

Жалпы ақпарат

*Туған жылы 1980 жылғы 6 тамыз

*Ұлты казак

*Жынысы әйел

*Отбасы жағдайы тұрмысқа шықпаған
(үйленбеген)

*Азаматтығы Қазақстан
Республикасы

Білімі: 2001 жылы Қостанай мемлекеттік

университеті, Құқық институты
Кәсіби тәжірибесі: 2001-2005 жж. «Әділет»
нотариалдық кеңсесі,
кеңесші-заңгер
(Қостанай қаласы)

Тілдік дағдылары: қазақ тілі – ана тілі,
орыс тілінде еркін
сөйлейді, ағылшынша
түсінеді, сөздік арқылы
сөйлеседі

Компьютерлік сауаттылығы: Windows 98,
Excel, Internet

Жеке қасиеттері: жауапкершілік, ұстамды-
лық, ұйымдастырушылық
және басқарушылық
қабілеттер т.б.

Қосымша ақпараттар: 2007 ж. - Қостанай мемлекеттік
университеті,
Құқық Магистрі бөлімі

Қызығушылығы: кітап оқу, саяхатқа
шығу, спортпен
айналысу, ән айту, музы-
ка аспаптарында ойнау



48- жаттығу. Түйіндемеңізді толтырыңыз!

Тегі, аты-жөні...

Мекен-жайы ...

Телефоны...

Туған жылы, айы, күні.

Ұлты ...

Отбасы жағдайы... Білімі...

Кәсіби біліктілігі... Қызмет жолдары:

*

*

*

*

Қосымша мәліметтер

*
*
*

Отбасы жағдайы ...
Әскери міндеті...



49-жаттығу. Мәтінді оқып, құжат құрылымымен танысыңыз.

МІНЕЗДЕМЕ

Мінездеме - мекемеде, кәсіпорында жұмыс істейтін адам туралы әкімшілік немесе қоғамдық ұйым тарапынан берілетін, жеке адамның іскерлігін, біліктілігін, кәсіби деңгейін сипаттайтын ресми құжат.

Мінездеме нақты, объективті, дәл және толық болуы керек. Мінездеме басқа мекеме (сот, прокуратура) сұраған жағдайда, оқуға, аспирантураға түсу кезінде, сондай-ақ қызметкердің, маманның кәсіби біліктілігін көтеру мақсатында беріледі.

Мінездеме А4 қалыпты жалпы бланкіге толтырылады.

Мінездеме мәтініндегі логикалық байланыстағы бөлімдерді бөліп көрсетуге болады.

Басқы бөлім – анкеталық мәліметтер (аты-жөні, туған жылы, білімі, т.б.). Кейбір мінездемелерде бұл мәліметтер құжат атауынан бір интервал төменге басылады.

Екінші бөлімде – еңбек қызметі туралы мәліметтер (мамандануы, жұмыс істеу мерзімі, қызметі бойынша өсуі, т.б.) және еңбегіне берілген баға жазылады.

Үшінші бөлімде – қоғамдық белсенділігі, тұрмыстағы тәртібі, әріптестерімен қарым-қатынасына баға беріледі.

Қорытынды бөлімде тұжырымдама және мінездеменің берілу мақсаты жазылады.

Мінездеменің міндетті деректемелері:

Мінездемеде көрсетілетін міндетті мәліметтер:

1. Жеке адам туралы негізгі мәліметтер:
 - аты-жөні;
 - ұлты;
 - әскери қызметке қатысы;
 - отбасы жағдайы;

- білімі;
- лауазымы;
- туған жылы;
- туған жері;
- отбасы жағдайы;
- азаматтығы.

2. Қызмет істеген орны, қызмет атқарған жылдары.

3. Жеке басының қасиеттері. Өз міндетіне, қоғамдық тапсырмаларға қарым-қатынасы.

4. Мінездеме қайда берілді.

5. Мекеме басшының қолы.

6. Мінездеме берілген мерзім (айы, күні, жылы).

7. Мекеменің мөрі.

1-тапсырма. *Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз*

1. Қызметкердің қызметтік, қоғамдық әрекеттерін ресми түрде бағалап, іскерлік қабілеті мен моральдық сапасын ерекшелеп көрсететін құжат түрі қалай аталады?

2. Мінездеме қандай мекемелерде сирек қолданылады?

3. Мінездеме қандай жағдайларда қажет болады?

4. Мінездеме қандай бланкіге толтырылады?

5. Мінездеменің деректемелерін атап көрсетіңіз.

6. Мінездеменің басқы бөлімінде қандай мәліметтер беріледі?

7. Мінездеменің екінші бөлімінде нелер жазылады?

8. Үшінші бөлімде қызметкердің қандай сапалық қасиеттеріне баға беріледі?

9. Қорытынды бөлімде не жазылады?



2-тапсырма. *Үлгіні пайдаланып, әріптесіңізге мінездеме жазыңыз.*

Мінездеме

Самат Айдынұлы Мәуленбаев, 1970 жылы туған, ұлты – қазақ, білімі – жоғары. Қазақстан Республикасының азаматы. Самат Айдынұлы Мәуленбаев – 1970 жылғы қаңтар айының 15-інде Қазақстан Республикасы Алматы облысы, Райымбек ауданы,

Нарынқол ауылында туған. Орта мектепті бітіргеннен кейін 1987

жылы қазіргі Ұлттық политехника университетінің компьютерлік техника факультетіне оқуға түсіп, оны 1992 жылы үздік дипломмен бітірген. 1993-98 жылдар аралығында Ғылыми-жобалау институтының аға ғылыми қызметкері. Қазір – Қазақ ұлттық университеті металлургия өнеркәсібі факультетінің аға оқытушысы. 1998 – 2001 жылдар аралығында ҚазҰПУ-дің өндірістен қол үзбей оқитын аспирантурасында оқып, 1991 жылы кандидаттық диссертация қорғады.

С. А. Мәуленбаев - өз ісін жетік білетін, тәжірибелі маман. Ол – бірнеше ғылыми еңбектердің авторы. С.А. Мәуленбаевтың “Металлургия өнеркәсібінің терминдері” деп аталатын еңбегі Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлыққа ие болды.

С. А. Мәуленбаев – қазақ, орыс, ағылшын тілін жетік біледі. Студенттер мен әріптестерінің арасында беделді; үлгілі отбасы иесі.

Мінездеме Ғылыми-техникалық орталықтың бас маманы қызметіне ұсыну үшін беріледі.

Мекеме басшысы

/аты-жөні, қолы/

Айы, күні, жылы



50-жаттығу. *Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құраңыз.*

Мінездеме жазу, мінездеме беру, мінездемеге қол қою, жоғары білімді, өз ісін жетік білетін маман, тәжірибелі маман, орта білімді, беделді, қазақ тілін жетік меңгерген.



51- жаттығу. *Мінездеме үлгілерімен танысыңыз*

атындағы

Ахмет Байтұрсынов

университетінің

Қостанай мемлекеттік

факультетінің

Гуманитарлық-әлеуметтік

3 курс студенті А. Өтеповаға

Мінездеме

Анар Өтепова Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің Гуманитарлық-әлеуметтік факультетінің 3 курс студенті. Факультеттегі ең үлгілі, жауапты студенті. Оқу озаты, топ жетекшісі. Әр қашан сабақтарға жақсы дайындалады. Қоғамдық жұмысқа белсене араласады.


Өз жанынан шығарған өлеңін домбыраға қосып айтудан Астана қаласында өткен жастар фестивалінің жеңімпазы. Университет, факультет көлемінде өткен конференцияларға қатысып, үнемі жүлделі орындарға иеленеді. Қазір «Ахмет Байтұрсынов» атындағы стипендияны алады. Сабақтан тыс үйірмелерге, спорт секцияларына қатысады. Студенттерге көмектесуге үнемі әзір тұрады. Студенттермен, оқытушылармен өте жақсы тіл табыса алады.

Болашақта Анардың білімді маман болатынына сеніміміз мол.

Факультет деканы: /аты жөні,
қолы/

Топ әдвайзері: /аты жөні,
қолы/

_____20_____ жылы

 **52-жаттығу.** Мәтінді оқып, құжат құрылымымен танысыңыз.

ӨТІНІШ

Өтініш – жазбаша, ресми түрде баяндалған, өтіну, өтініш білдіру, сұрау туралы ресми құжат. Өтініш мәтінде жұмысқа алу туралы үміткердің тілегі баяндалады, мамандығы, кәсібі, біліктілігі мен өзі сұрап отырған қызмет түрі көрсетіледі.

Өтініш қолмен жазылады және төмендегідей деректемелерден тұрады: қабылдаушы (кімге); авторы, автордың мекен жайы; құжаттың түрі (өтініш); мәтіні; өтініш иесінің қолы; жазылу мерзімі.

Өтініште «кімнен» деген үлгідегі көрсеткіштер жазылмайды, сондай-ақ «Сізден өтініп сұраймын», «алдын ала рахмет айтамын», «соған қоса» және т.б. архаизмдер қолданылмайды. Өтініш А4 форматтағы қалыпты қағаз парағына толтырылады.

Өтініш жазылатын негізгі жағдайлар:

- оқуға түсу;
- жатақханадан орын сұрау;
- сынақ, емтиханды қайта тапсыруға рұқсат сұрау;
- академиялық демалыс сұрау;
- сырттай бөлімге ауысу;
- басқа жоғары оқу орнына ауысу;
- отбасы жағдайына байланысты демалыс сұрау;
- жұмысқа қабылдау;
- жұмыстан босату;
- басқа жұмысқа ауыстыру;
- кезекті демалыс сұрау;
- кезектен тыс демалыс сұрау;
- материалдық көмек сұрау;
- жалақыны көтеру туралы өтініш айту және т.б.



1-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Өтініш кімдердің тарапынан жазылады?
2. Өтініш қалай жасалады?
3. Өтініш сөзінің орыс тіліндегі баламасын атаңыз



2-тапсырма. Үлгіні пайдаланып, «Жұмысқа қабылдау туралы» өтініш жазыңыз.


«Жетісу» фирмасының
Бас директоры
Б.Қ. Уәлибаев мырзаға
Омарова Ләйлә Маратқызынан,
мекен-жайы: 418048, Алматы қ.
Қастеев көшесі, 12-үй, 7-пәтер

ӨТІНІШ


Мені бухгалтерия бөліміне бас есепші қызметіне жұмысқа алуыңызды сұраймын.

00.00.0.

Қолы

 **53- жаттығу.** Берілген сөйлемдердің құрамындағы сөздерді орын тәртібіне қарай дұрыс орналастырыңыз.

Демалыс туралы бланкіге толтырылады алу өтініш арнайы. Қызметтен туралы босату өтініш жұмысқа туралы алу ұқсас өтінішке. Кезекті еңбек алу демалысын туралы бекітілген өтініш демалыс кестесі арқылы шешіледі.

 **54-жаттығу.** Үлгіні пайдаланып, «Кезекті еңбек демалысын алу туралы» өтініш жазыңыз.

Қостанай облыстық
салық комитетінің
бастығы
Ғ. Т. Ақаевқа
Кадрлар бөлімінің
инспекторы
Ғ.С. Сералиевтен

ӨТІНІШ

Бекітілген еңбек демалысы кестесіне сәйкес мен 21.10.2006 – 20.01.2007 аралығында кезекті еңбек демалысына жіберуіңізді сұраймын.

00.00.0.

Қолы

БҰЙРЫҚ

Бұйрық кәсіпорынның басқару құжаттарының ішіндегі ең маңызды әрі көп тараған түрі болып табылады. Бұйрық – қандай да бір міндетті (өндірістік немесе кәсіпорын қызметкерлеріне байланысты) шешу үшін кәсіпорын басшысы шығаратын нормативтік құжат. Бұйрық мекеменің немесе оның құрылымдық бөлімшелерінің құрылу, таратылу, қайта ұйымдастырылу; оларға өзгеріс енгізу мақсатында ережелерді, нұсқаулықтарды, қағидаларды бекіту; кәсіпорынның жұмысын ұйымдастыру, қаржыландыру, жоспарлау, есеп беру, жабдықтау, өнімдерді сату және басқа да өндірістік мәселелер бойынша шығарылады. Бұйрық шығару арқылы басшы қызметкерлердің алдына негізгі міндеттерді қояды, түбегейлі мәселелерді шешу жолдарын көрсетеді. Бұйрық – кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті.

Мазмұны жағынан бұйрықтар 2 түрге бөлінеді: негізгі қызмет бойынша және жеке қызметкерлер құрамы бойынша бұйрықтар.

Бұйрықты дайындау

1. мәселенің мәнін зерделеу;
2. қажетті мәліметтерді жинау;
3. бұйрықтың жобасын дайындау;
4. жобаны келісу;
5. басшының қол қоюы.

Бұйрықтың міндетті түрде «не туралы?» деген сұраққа жауап беретін тақырыбы болады. Мысалы, «Кәсіпорынды тарату туралы», «Жұмысқа қабылдау туралы», «Жазғы киім нысанын киюге көшу туралы», «Штаттық кестеге өзгерістер енгізу туралы», «Үстемақы белгілеу туралы» т.б.

«Бұйырамын» сөзі бас әріппен жазылады. Негізгі қызмет жөніндегі бұйрық негізі, әдетте, «байланысты», «... жүзеге асыруда», «жақсарту мақсатында», «орындау мақсатында», «жетілдіру мақсатында»,

«үшін», «сәйкес» деген сияқты тұжырым-даулармен басталады.

Барлық бұйрықтардың мәтінінде етістік бұйрық райдың 3 жағында жазылады.

Мысалы: **жүргізілетін болсын, тыйым салынсын, қабылдансын, босатылсын, белгіленсін, жүктелсін, тағайындалсын, ауыстырылсын, қарастырылсын және т.б.**

Сонымен қатар жеке құрам бойынша бұйрықтарда оның себептері көрсетіледі.

- Басқа жұмысқа ауысуына
- ресми сапарға кетуіне
- зейнеткерлікке шығуына
- келісімшарт мерзімінің аяқталуына
- бала күтімі үшін демалыс алуына
- еңбек тәртібін ұдайы бұза бергендігіне
- себепсіз жұмыстан қалуына
- айрықша жұмыс жағдайлары үшін
- өз өтініші бойынша

Сондай-ақ күтпеген оқиғаларға (тасқын, сел, жер сілкінісі т.б) байланысты шығарылатын бұйрықтар төтенше жағдайға байланысты бұйрықтар деп аталады.

Грамматикалық мәлімет

Бұйрық рай бұйрық, өтініш, кеңес, талапты білдіреді.



55-жаттығу. *Бұйрық үлгісімен танысыңыз.*

Бұйрық үлгісі

БҰЙРЫҚ

14.12. 2007. № 159 ж/қ

Қостанай қаласы

Жұмысқа қабылдау туралы

1. 2007 жылдың 28 қарашасындағы № 736 келісім-шарт бойынша бас бухгалтер қызметіне азаматша Байділдаева Қаракөз Мәсімбайқызы тағайындалсын.

2. 2010 жылдың 29 қарашасына дейін белгіленген келісім-шартты орындауды қамтамасыз ету мақсатында бас бухгалтер мына жобаларды жүзеге асырсын:

- бөлімшелерді, қызметтерді, лауазымды тұлғаларды және басқа да қызметкерлерді олардың келісім-шарттарымен таныстыруды көздеген басшының өкімін;

- бас бухгалтердің келісім-шартта белгіленген құқықтары мен міндеттерін, сонымен бірге келісім-шарттың басқа да

талаптарының орындалуын қамтамасыз ететін бастықтың бұйрығын дайындасын.

Негіздеме: 2006 жылдың 28 қарашасындағы №736-жеке еңбек шарты

Бастық қолы аты-жөні

Бас бухгалтер қолы аты-жөні

14.12.2007.

Бұйрықпен таныстым

Жұмысқа қабылданушының қолы

17.12. 2007.



1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер

1. Бұйрық деп қандай құжатты айтамыз?
2. Мазмұнына қарай бұйрықтар қалай бөлінеді?
3. Бұйрық қандай мәселерге қатысты шығарылады?
4. Жеке құрам бойынша қандай бұйрықтар шығарылады?



56-жаттығу. *Үлгілермен танысыңыз. Бұйрықтағы мәтіндердің орналасу тәртібіне назар аударыңыз.*

1. Ақпарат бөлімінің бас маманы Болатова Әлияның бала күтіміне байланысты 3 жылға демалыс алуына байланысты штаттағы көрсетілген қызмет орнына Мақсатқызы Динара уақытша қабылдансын. Айлық еңбекақысы штат кестесі бойынша белгіленсін.

Негіздеме: Ә. Болатованың өтініші

Д.Мақсатқызының өтініші

2. Еңбек тәртібін ұдайы бұза бергендігіне байланысты қаржы бөлімінің қызметкері М. Болатовқа кәсіподақ комитетінің келісімімен ескерту жариялансын.

Негіздеме: қаржы бөлімінің басшысы

Е. Дәулетовтің баяндау хаты

3. Құқық бөлімінің бастығы Абай Мақсатұлы Қазақстан Республикасы ЕТЗК-нің тиісті бабына сәйкес зейнеткерлік жасына келуіне байланысты өз өтініші бойынша жұмыстан босатылсын.

Негіздеме:

А. Мақсатұлының өтініші

4. Омарова Әлия Маратқызы ЖШС-тің қаржылық реттеу бөліміне 2 ай сынау мерзімі белгіленіп штаттық кестеге сәйкес жалақы көлемінде жетекші маман қызметіне 2007 жылғы 20 мамырдан бастап қабылдансын.

Негіздеме: Ә.М.Омарованың өтініші

5. Ә.Болатоваға отбасы жағдайына байланысты 2007 жылғы 20.04-10.05 аралығында кезектен тыс демалыс берілсін.

Негіздеме: Ә.Болатованың жеке өтініші

6. «Қостанай» шағын кәсіпорнының директоры А.А.Болатовтың Алматы қаласына іссапарға баруына байланысты кәсіпорын директорының қызметін уақытша атқару 2007 жылғы мамырдың 20-сынан маусымның 15-сіне дейін директордың орынбасары А.Мақсатовқа жүктелсін.

7. Үстемақы белгілеу туралы

Кадр бөлімінің бастығы М.Болатұлына айрықша жұмыс жағдайлары үшін осы жылдың 25 мамырдан бастап штаттық кестеге сәйкес жалақының 5% көлемінде үстемақы белгіленсін.

8. Жұмыстан босату туралы.

Кәсіпорынның жойылуына байланысты А.Арманұлы 2007 жылғы

маусымнан бастап атқаратын қызметінен босатылсын.

КЕЛІСІМШАРТ

Келісімшарт – жеке тұлғалардың және заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуді, өзгертуді және тоқтатуды реттейтін, нотариалды түрде куәландырылатын ресми құжат.

Келісімшарт мынадай жағдайларда жасалады:

1. Жылжымайтын мүлік жөніндегі мәмілер: тұрғын үйді сатып алу- сату, сыйға беру, ауыстыру туралы.

2. Жер учаскелері туралы мәмілелер: жер учаскесін сатып алу- сату, сыйға беру, ауыстыру туралы.

3. Көлік құралдары жөніндегі мәмілелер т.б.

Пәтерді сату-сатып алу туралы келісімшартта пәтерге қатысты бірнеше мәлімет беріледі: пәтер кімнің жекеменшігі, ТИБ-те

тіркелген нөмірі, ТИБ-тің анықтамасы бойынша пәтердің құны, пәтердің жалпы аумағы және сол уақытқа дейін көрсетілген пәтердің ешкімге сатылмағаны, қарыз өтеуге берілмегені, дау-таласта, тыйым салуда болмағаны көрсетіледі.

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Келісімшарт қандай құжат?
2. Ол қандай жағдайларда жасалады?
3. Келісімшарттар қайда куәландырылады?
4. Келісімшарт неше дана болып жасалады?
5. Келісімшартта қандай мәліметтер беріледі?
6. Қай кезден бастап күшіне енеді?
7. Қандай жағдайларда келісімшарт мерзімінен бұрын тоқтатылады?



57-жаттығу. *Үлгімен танысыңыз. Мазмұнын ауызша айтыңыз.*

Автокөлікті сату-сатып алу туралы келісімшарт

Қостанай қаласы, Абай даңғылы, 11-үй, 2007 жылғы 29 мамыр.

Біз, төменде қол қоюшылар,-----

төмендегілер туралы келісімшарт жасадық:

1. Мен, азамат Болат Мақсатұлы, «Жигули» маркалы жеңіл автокөлігімді сатамын, кузовының типі....., шығарылған типі....., шасси нөмірі....., двигатель нөмірі. , мемлекеттік нөмірі, мен, азамат, Дәулет Омаров, көрсетілген автокөлікті сатып аламын.

2. Көрсетілген автокөлік Мемлекеттік автоинспекция 2006 жылғы 20 сәуірде берген №7777 техникалық паспорттың негізінде маған, Болат Мақсатұлына тиесілі.

3. Автокөлік жеті жүз мың (700 000) теңгеге сатылады. Көрсетілген теңгені қол қою кезінде азамат Дәулет Омаров төлейді.

4. Осы уақытқа дейін көрсетілген автокөлік ешкімге сатылған жоқ, тұтқынға алынған жоқ, қарыз өтеуге берілген жоқ.

5. Осы келісімшартты ресімдеудің шығынын азамат Дәулет Омаров төлейді.

6. Осы келісімшарт 3 дана етіп жасалған, бір данасы нотариалдық кеңсенің ісінде сақталады, екінші данасы азамат Болат Мақсатұлына, үшінші данасы азамат Дәулет Омаровқа берілді.

Тараптардың қолы сатушы.....
сатып алушы.....

2007 жылғы 29 мамырда осы келісімшартты мен, Әмірбек Айдана Болатқызы, Қостанай қаласындағы лицензия №55 «Әділ» нотариалдық кеңсенің нотариусы куәландырдым.

Осы келісімшартқа менің қатысуым кезінде Тараптар қол қойды. Тараптардың жеке басы анықталды, құқықтық іс-әрекетке қабілеттілігі және сатылатын автокөліктің сатушыға тиесілі екендігі тексерілді.

Келісімшарт мәтіні дауыстап оқылды. №337 тізбеге тіркелді. Тариф бойынша 1000 мың теңге мемлекеттік салық алынды.

Нотариус (қолы)



58-жаттығу. *Келісімшарттағы қажетті сөздерді қойыңыз.*

1. Аталған пәтер..... құқығы бойынша азамат Мақсат Сұлтановқа 2. Осы келісімшарт жасалғанға дейін пәтер ешкімге..... жоқ, қарыз.....,алынған жоқ. 3. Тараптардың анықталды, тексерілді, пәтердің сатушыға екендігі тексерілді. 4. Тариф бойынша 500 теңге 5. Келісімшарт мәтіні оқылды. 6. ТИБ-тің бойынша пәтердің құны 2 000 теңге. 7. Келісімшартты азамат Нұрбол Болатов төлейді. 8. № 9 бабының мазмұны Еңбек келісімі-тараптардың еңбек құқығы қатынастары туралы келісімді реттейтін құжат.

ЖЕКЕ ЕҢБЕК КЕЛІСІМІ

Жеке еңбек келісімі-қызметкер мен жұмыс берушінің арасында жазбаша нысанда жасалатын екі жақты келісім, ол бойынша қызметкер жұмыс берушінің актісін атқара отырып, белгілі бір мамандық, біліктілік, немесе лауазым бойынша жұмысты орындауға міндеттейді, ал жұмыс беруші қызметкерге

жалақысын және заңдар мен тараптардың келісімінде көзделген өзге де ақшалай төлемдерді уақытында және толық көлемінде төлеуге, еңбек туралы заңдар мен ұжымдық шартта көзделген еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Келісімге отыратын жұмысшылар мынадай категорияларға бөлінеді:

- тұрақты түрде жұмыс істейтіндер
- уақытша жұмыс істейтіндер
- негізгі жұмыс орны бойынша жұмыс істейтіндер
- қоса атқарушылық бойынша жұмыс істейтіндер

Еңбек келісімі 2 дана болып жасалады. Оған жұмыс беруші мен қызметкердің қолы қойылып, мөрмен куәландырылады.

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Еңбек келісімі нені реттейді?
2. Жұмысшылар қандай категорияларға бөлінеді?
3. Еңбек келісімінде қандай мәліметтер көрсетілуі тиіс?
4. Келісім кімде сақталады?
5. Тараптар бір-біріне қандай кепілдік береді?

ҚОЛХАТ

Қолхат – белгілі бір құндылықтардың (құжат, мүлік, зат, ақша) алынғанын куәландыратын ресми құжаттың бір түрі.

Мазмұны мен құрылымы жағынан қолхат және кепілхат бір-біріне ұқсас.

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз

1. Қолхат қандай құжат?
2. Қолхатта қолхат беруші мен қолхат алушы туралы қандай мәліметтер көрсетілуі тиіс?
3. Қолхат кімде сақталады?

2-тапсырма. Үлгілерімен танысыңыз.

Мен, Болатова Айдана, Л.Толстой атындағы облыстық кітапхананың сирек кітаптар қорынан Абай шығармаларының алғашқы басылы-мын алдым. Келісілген мерзімде қайтаруға міндеттенемін.

1. Мен, Сұлтанғазина Амина, А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің қазақ филологиясы

кафедрасының аға оқытушысы, университет кітапханасынан сабақ үстінде пайдалануға 20 (жиырма) дана «Қазақ тілі» оқулығын алдым. Оқулықтарды 2006-2007 оқу жылының соңында қайтаруға міндеттенемін.

Қазақстан Республикасының ПМ 1999 жылғы 10 қазанда берген жеке куәлігімнің № 11526478

2. Мен, азамат, Мақсат Болатұлы, мекен – жайым Қостанай қаласы, Абай даңғылы, 15 – үй , 5 – пәтер, Қазақстан Республикасының ПМ 2000 жылғы 10 наурызда берген жеке куәлігімнің №13456781, Қостанай қаласы Таран көшесі, 14 – үй, 10-пәтерде тұратын азамат Абай Амановтан, Қазақстан Республикасының ПМ 2001 жылғы 5 қазанда берген жеке куәлігімнің № 1789456, жетпіс мың (70 000) теңге алдым.

Мен алынған ақшаны 2007 жылғы 20 тамызда қайтаруға, қайтармаған жағдайда 20 % көлемінде айып төлеуге;

- мекен-жайым өзгерген жағдайда бұл туралы 3 күн мерзім ішінде хабарлауға міндеттенемін.

- Осы қолхат 3 дана етіп жасалған, бір данасы №1 нотариалдық кеңседе тіркелген, екінші данасы азамат Мақсат Болатұлында, үшінші данасы Абай Амановта сақталады.



3-тапсырма. Жағдаяттар бойынша қолхат жазыңыз.

- Қарызға ақша алу
- Мекемеден уақытша пайдалануға компьютер алу

Мекеме бухгалтериясынан несие алу Сенімхат-сенім білдірілген тұлғаға сенім білдіруші атынан (кәсіпорын, азамат) қандай да бір іс-әрекетті жүзеге асыруға құқық беретін құжат.

Тірек сөздер мен сөз тіркестері

пәтерімді сатуға,
пәтерімді жеке адамдарға
уақытша жалға беруіне,
банкідегі есептерімді
пайдалануына,

барлық мекемелерде
менің істерімді жүргізуге,
зейнетақыны алуға, барлық
сот мекемелерінде менің
өкілім болуға, мен үшін қол
қоюға, менің атымнан өтініш
жазуға, анықтамалар мен
құжаттар алуға,

мұрагерлікке құқық туралы
куәлікті алуға, менің мұрагерлік
құқығымды ресімдеуге, пәтерімді
жекешелендіруге,

қажетті құжаттарды
мемлекеттік органдарға тіркеуге,
мүлік иесі ретінде мені салық
инспекциясына белгілеуге,
менің атымнан мәміле жасауға,
мәміле барысында келісімшарт
талаптарына қажетті өзгерістер
енгізуге, өкілетті етемін.

СЕНІМХАТ

Сенімхат – сенімді тұлғаға сеніп тапсырушының (кәсіпорынның немесе азаматтың) атынан қандай да бір іс-әрекеттерді жасауға құқық беруі туралы құжат.

Сенімхат үшінші тұлға алдында сеніп тапсырушының атынан сенімді тұлғаға берілген құжат болып табылады.

Сенімхаттың екі түрі бар: кәсіпорындар беретін ресми сенімхат және азаматтар (жеке тұлғалар) беретін жеке сенімхат.

Ресми сенімхат мәмілелер жасауға, ақша, материалдық-тауар құндылықтарын алуға немесе басқа да іс-әрекеттерді жүргізуге кәсіпорын атынан сол кәсіпорынның өкіліне беріледі. Оның мынадай деректемелері болады:

- ұйымның атауы;
- ұйым туралы анықтамалық деректер;
- құжат түрінің атауы;
- құжаттың күні;
- құжаттың тіркеу нөмірі;
- құжаттың мәтіні;
- лауазымды тұлғалардың қолы;

- кәсіпорынның мөрі.

Сенімхаттың мәтінінде:

- сенімді тұлғаның лауазымы және төлқұжат деректері;
- сенімхат бойынша іс-әрекет жүргізілетін ұйымның атауы;
- іс-әрекет түрі;
- сенімхаттың қолдану мерзімі көрсетіледі.

Сенімхатты кәсіпорынның бланкісінде ресімдеуге болады. Сенімхатта көрсетілген іс-әрекет ақшаға немесе материалдық құндылықтарға қатысты болса, оған кәсіпорынның басшысы мен бас бухгалтері қол қояды. Көбінесе, сенімхаттардың үлгі бланкілері пайдаланылады.

Жеке сенімхаттар сеніп тапсырушының (азаматтың) атынан жалақы алуға немесе еңбек қатынастарына қатысты басқа да төлемдерді, зейнетақыларды, жәрдемақыларды, стипендияларды, банктегі салымдарды, хат-хабарларды, оның ішінде ақша аударымдары мен заттай сәлемдемелерді алуға беріледі. Аталған сенімхаттар нотариаттың куәландыруын қажет етпейді.



1-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз .

1. Қандай құжат сенімхат деп аталады?
2. Сенімхат кімнен кімге беріледі?
3. Сенімхаттың қандай түрлері бар?
4. Ресми сенімхат кімнің атынан кімге беріледі?
5. Ресми сенімхаттың қандай деректемелері болады?
6. Сенімхаттың мәтінінде нелер көрсетіледі?
7. Сенімхатқа кәсіпорынның басшысы мен бас бухгалтері қандай жағдайда қол қояды?
8. Көбіне сенімхаттардың қандай бланкілері пайдаланылады?
9. Жеке сенімхаттар қандай мақсаттарда беріледі?
10. Жеке сенімхаттар нотариаттың куәландыруын қажет ете ме?




59-жаттығу. Берілген үлгі бойынша сенімхат жазыңыз .

СЕНИМХАТ

00.00.00.

Мен, Керімбаев Жанат Асқарбекұлы, 2006 жылдың желтоқсан айындағы маған тиісті қырық мың теңге мөлшеріндегі еңбекақыны алуды Езмахунов Марс Юсупұлына сеніп тапсырамын.

Хатшы	қолы	Б.Ж. Жүнісов
Ж.А. Керімбаевтың қолын		
куәландырамын		
КБ-нің инспекторы	қолы	Т.Т. Сейсембай
М.О.		

 **60-жаттығу.** *Сенімхат үлгісімен танысыңыз. Көп нүктенің орнын толтырыңыз.*

Сенімхат

200....жылғы шілде, Қостанай қаласы

Мен, азамат , мекен-жайым:....., Қазақстан Республикасының ІІМ 1999 жылғы 10 сәуірде берген жеке куәлігімнің №.,

Қостанай қаласы, Абай даңғылы, 28-үй, 11-пәтерде тұратын азамат..... ,

Қазақстан Республикасының ІІМ 1995 жылғы 20 мамырда берген жеке куәлігінің №....., Қостанай қаласы, Қайырбеков көшесі, 55 мекен-жайымдағы үйімді сату ісін жүргізуге сенім білдіремін.

Бұл үшін азамат..... менің атымнан мәміле жасауға; анықтамалар мен құжаттар алуға; менің орныма қол қоюға өкілетті етемін.

Сенімхат 20.. жылдың ... тамызына дейін берілген.

20.... жылғы 00

қолы.....

Осы сенімхатты 20.. жылғы қаңтарда мен, Абаева Ардақ,қаласындағы лицензия №..... «Әділ» нотариалдық кеңсенің нотариусы, куәландырдым. Сенімхатқа менің қатысуым кезінде азамат..... қол қойды.

Сенім білдірушінің жеке басы анықталды, құқықтық іс-әрекетке қабілеттілігі тексерілді. Сенімхат мәтіні дауыстап оқылды, №17 тізбеге тіркелді. Мемлекеттік салық алынды: 300 (үш жүз) теңге.

АНЫҚТАМА

Анықтама – қандай да бір белгілі бір мәселелер бойынша, істің жағдайы туралы, өзіне тән көрсеткіштер, өзге де фактілер мен оқиғаларды сипаттау мен растау туралы мәтіні бар және/немесе кесте түріндегі жалпы ақпараты бар құжат. Анықтама істің жайын объективті түрде көрсетуі тиіс, сондықтан оны жасау мәліметтерді мұқият жинау және тексеру, алынған деректерді салыстыру және талдауды талап етеді.

Анықтаманы әдетте екі топқа бөледі. Бірінші топта қандай да бір заңды фактіні куәландыратын қызметтік сипаттағы фактілер мен оқиғалар туралы ақпарат болады және мүдделі адамдар мен мекемелерге беріледі. Анықтамалардың екінші тобы атқаратын қызметі, жалақысы, тұратын жері, асырауында адамдардың болуы туралы растайды. Кәсіпорынның басшысы қызметкердің сұрауы бойынша мамандығын, лауазымын, біліктілігін, жұмыс уақытын және жалақысының мөлшерін көрсете отырып, осы ұйымдағы жұмысы туралы анықтама беруге міндетті.

Анықтаманың мәтіні әдетте мәліметтер берілетін тұлғаның атау септігіндегі аты-жөнін көрсетуден басталады. Анықтаманың соңында не оң жақ жоғары бұрышында анықтама берілетін мекеменің атауы жазылады. Анықтамаларды беру туралы журнал бойынша есеп жүргізілген кезде анықтаманың күнін көрсете отырып, оған реттік сан қойылады. Осындай анықтамалар бір дана болады. Анықтамаға оны жасаған және берілген мәліметтерге жауап беретін тұлға қол қояды. Анықтаманың мәтіні қолмен және мөрмен расталады. Бухгалтерия көбінесе жеке тұлғалардың бір жылдағы кірістері туралы салық инспекциясына анықтама береді.



1-тапсырма. Төмендегі сұрақтар бойынша жауап беріңіз.

1. Қандай құжат анықтама деп аталады?
2. Анықтама істің жайын қалай көрсетуі тиіс?
3. Анықтаманы жасау нені талап етеді?
4. Анықтаманы неше топқа бөледі?

5. Бірінші топқа қандай анықтамалар жатады және олар кімдерге беріледі?
6. Анықтамалардың екінші тобы нені растайды?
7. Кәсіпорынның басшысы қызметкердің сұрауы бойынша не беруге міндетті?
8. Анықтаманың мәтіні әдетте нені көрсетуден басталады?
9. Анықтама берілетін мекеменің атауы қайда жазылады?
10. Анықтамаларды беру туралы журнал бойынша есеп қалай жүргізіледі?
11. Мұндай анықтамалар неше дана болады?
12. Анықтамаға кімдер қол қояды?
13. Анықтаманың мәтіні немен расталады?
14. Бухгалтерия салық инспекциясына не туралы анықтама береді?



2-тапсырма. Анықтама үлгілерімен танысыңыз.

№ 1 Анықтама

10 қыркүйек 2010 жыл

Осы анықтама азамат Аманов Болат Аманұлына берілді.
Аманов Болат Аманұлы шын мәнінде Қостанай мемлекеттік университеті заң факультетінің 2 курсында оқиды.
Анықтама кітапханаға тапсыру үшін берілді.
Анықтама 1 жыл өз күшінде.

№ 2 Анықтама

20 мамыр 2010 жыл

Осы анықтама Қостанай қаласы Абай даңғылындағы 10 – үй, 10 – пәтердің тұрғыны Болатов Мақсат Аманұлына берілді.
Оның отбасында өзінен басқа 2 адам бар:
1. Жұбайы – Болатова Айдана, 1980 жылы туылған.
2. Ұлы – Болатов Дәулет, 2006 жылы туылған.
Анықтама әлеуметтік қамсыздандыру бөліміне тапсыру үшін берілді.
Анықтама 1 ай өз күшінде.

№ 3 Анықтама

15 наурыз 2010 жыл

Осы анықтама азаматша Асанова Аружан Мақсатқызына берілді.

Асанова Аружан Мақсатқызы шын мәнінде Қостанай мемлекеттік университетінде оқытушы болып жұмыс істейді.

Анықтама Қостанай қаласының әкімшілігіне тапсыру үшін берілді.

Анықтама 3 ай өз күшінде.



3-тапсырма. Тақырыптық анықтама үлгісін құрастырыңыз.

1. Жұмыс орныңызға тапсыру үшін анықтама беріңіз.
2. Әскери комиссариатқа тапсыру үшін анықтама беріңіз.
3. Салық полициясына тапсыру үшін анықтама беріңіз.

Тірек сөздер мен сөз тіркестері.

Комиссия құрылсын – создать комиссию	Бақылауға алыңыз – возьмите под контроль
Ұсыныстар даярлансын – подготовить предложения	Жұмыс жоспарына қосыңыз – включите в план работы
Қатаң бақылауға алынсын – взять под строгий контроль	Тиісті өзгерістер енгізіңіз – внести соответствующие изменения

Бұрыштама

Бұрыштама – келіп түскен іс қағаздарының бұрышына жазатын мекеме басшысының қысқаша нұсқауы. Бұрыштама құжаттың бірінші бетінің жоғары жағына жазылады. Брошюра түріндегі құжаттардың мұқабасына жазылады. Онда нұсқауды орындауға тиіс адам мен орындалу мерзімі анық көрсетілуі керек. Не істеу керектігі нақты көрсетілуі тиіс. Бұрыштама соңына күні жазылып, басшы қолы қойылады немесе тегі жазылады.



1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Бұрыштама қандай құжат?
2. Бұрыштама іс қағазының қай жеріне жазылуы тиіс?



2-тапсырма. Жақшадағы сөздерді қазақшаға аударыңыз.

1. (опытный) бағдарламашы
2. (квалифицированный) заңгер
3. (социальные) мәселелер
4. (с высшим образованием) маман
5. (ответственный) жас қызметкер
6. (секретный) құжат
7. (высококвалифицированный) қызметкер
8. (политическая) тұрақтылық
10. (государственные) ұйымдар



3-тапсырма. Бұрыштама үлгісімен танысыңыз.

ҚАРСЫ ЕМЕСПІН

18.01.10.

Ш.Құдайбердиев

атындағы

Семей мемлекеттік

университетінің ректоры,

проф. А.С.Садықовқа

қазақ тілі кафедрасының

оқытушысы А.Шығарбаевадан

Өтініш

Мені отбасылық жағдайыма байланысты 20 қаңтардан 27 қаңтарға дейін ақысыз демалысқа жіберуіңізді сұраймын.

18.01.10.ж.

А.Шығарбаева

ҚОЛЫ

ҚҰТТЫҚТАУХАТ

Құттықтау хат мерейтойларда, үкімет наградасымен марапатталғанда, маңызды мерекелерде және тағы басқа жағдайларда жолданады.

Құттықтау хат құрметі, қадірлі, аса қадірлі, қымбатты деген сөздермен басталады. Содан кейін құттықтау себебі жазылады және

құттықтаушы қуаныш иесінің жетістіктері туралы хабардар екенін білдіруі қажет. Мысалы:

- Сіз осы жылдар аралығында зор жетістіктерге (табыстарға) жеттіңіз

- Біз сізді әділ басшы, іскер маман ретінде көрсете білдіңіз

- Сіз өзіңізді іскер маман ретінде көрсете білдіңіз

- Қызметкерлер арасында сіздің беделіңіз жоғары

- Сіздің экономика (филология, ветеринария т.б) саласына, фирманың (кәсіпорынның, мемлекеттің) өркендеуіне қосқан үлесіңіз зор т.б.

Осыдан кейін ізгі тілектер жазылады. Соңында құттықтаушының аты-жөні шын жүректен, ізгі тілекпен, шынайы көңілден деген сөздермен аяқталады.



1-тапсырма. *Сұрақтарға жауап беріңіз*

1. Құттықтау хат қандай жағдайларда жазылады?

2. Құттықтау хат қандай сөздермен басталады?

3. Құттықтау хаттың құрылымы қандай?



2-тапсырма. *Құттықтау хат үлгісімен танысыңыз*

Құрметті Абай Дәулетұлы!

А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университеті ұжымы атынан Сізді 50 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Біз Сізді әділ басшы, білікті маман ретінде жоғары бағалаймыз. Сіз осы уақыт аралығында биік жетістіктерге жеттіңіз.

Біздің ұжым атынан сізге зор денсаулық, шығармашылық табыс, отбасылық бақыт тілейміз. Ғұмырыңыз ұзақ болсын.

Ізгі ниетпен,

А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің ұжымы



3-тапсырма. *Төмендегі тапсырмалар бойынша құттықтау хат үлгілерін құрастырыңыз.*

1. Жеке тұлғаның атынан белгілі бір мекеменің қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтаңыз.
2. Досыңызды мүшелтойымен құттықтаңыз.
3. Оқытушыңызды ұстаздар күнімен құттықтаңыз.

Қызметтік хаттар

Ақпараттық-анықтамалық құжаттарға хаттар, жеделхаттар, телефонограммалар, актілер, анықтамалар, мағлұмат хаттар, арыздар т.б. жатады. Ішкі, тысқы ақпараттық-анықтамалық қатынас хаттар басқару құжаттары көлемінің 80 пайызын құрайды.

Қызметтік хаттар басқару қызметінде туындайтын көптеген жедел мәселелерді шешу үшін қолданылады. Мазмұны мен мақсатына қарай хаттар: **кепілдік беру, ақпараттық, жарнамалық, коммерциялық, сұрату хаттары, шақыру хаттары, жауап хаттар, өтініш хаттар, хабарлама хаттар, бастама хаттар, еске салу хаттары** болып бөлінеді.

Қызметтік хаттың мәтіні қарапайым жазылады, бір мәселеге ғана арналады. Хаттың мәтіні жүйелі, нақты және нық болуы тиіс.

Хат арнайы бланкіде толтырылады және оның тақырыбы, адресаттың аты көрсетіледі, қол қойған тұлғаның аты-жөні және құрастырушының телефон нөмірі жазылады.

Қызметтік хаттардың негізгі мақсаты іс-әрекетке кірісудің қажеттігін сендіру, көрсету, түсіндіру. Хатта сөздерді нақты мағынада анық қолданған дұрыс. Көпсөзділік хаттың мәнін түсінуге қиындық тудырады.

Хаттарда «Адресат» (хатты алушының) деректемесінің құрамдас бөліктері дұрыс көрсетілуі керек: фирма; құрылымдық бөлімшелер; лауазымы; аты-жөні; алушының почталық мекен-жайы.

Мекемеден жіберілетін барлық хаттар **бастама** және **жауап хаттар** болып екі топқа бөлінеді. Жауап хатты жіберуші өзі алған бастама хаттың күні мен нөмірін көрсетеді. Бұл деректеме хат түпкілікті ресімделгеннен кейін бланкіге толтырылады.

Қызметтік хат үлгісі

ҚЫЗМЕТТІК ХАТ

Кәсіпорынның атауы
Директор
Кәсіпорынның мекен-жайы
Ә.Н. Сардаровқа
Тел.
Факс:
001111, Қостанай,

00.00.00 № 21/1 – 3

№ _____

00.00.00

Алтынсарин, 12

Жиһаз жеткізуді кешіктіру туралы

Құрметті Әнуар Нұрбекұлы!

Біз Сізге 00.00.00-дағы № __ келісім-шарт бойынша келісілген үш офис жиһазының жиынтығын, өкінішке орай, уақытында жеткізіп бере алмағаныңыз туралы хабарлаймыз. Өзара келісілген мерзімнен бері екі апта уақыт өтіп кеткенін естеріңізге саламыз.

Жеткізуді кешіктіру бұдан әрі жалғасатын болса, бірлескен қызметіміз доғарылуы мүмкін.

Біз Сіздер қажетті шаралар қолданып, оның нәтижесі туралы бізге хабарлайды деп есептейміз.

Директор
аты-жөні

ҚОЛЫ

Байтұрсынов 265 5192



3-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ақпараттық-анықтамалық құжаттарға қандай құжаттар жатады?
2. Басқару құжаттары көлемінің 80 пайызын қандай хаттар құрайды?
3. Қызметтік хаттар қандай мақсаттарда қолданылады?
4. Мазмұны мен мақсатына қарай хаттар қалай болып бөлінеді?
5. Қызметтік хаттың мәтіні қандай болуы тиіс?
6. Қызметтік хат қандай бланкіде толтырылады және онда нелер көрсетіледі?
7. Қызметтік хаттардың негізгі мақсаты не?
8. Мекемеден жіберілетін барлық хаттар нешеге бөлінеді?



61-жаттығу. *Берілген мәлімдемеде қандай нормалар бұзылған.*

Қазақстан Республикасы ІІМ
Б.Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының
бастығы, полиция полковнигі
Д.Ж. Кенжетаевқа

Мәлімдеме

Отбасы жағдайына байланысты 1-бағамның 2-жартысындағы сынақ-емтихандарды алдын-ала тапсырып, кезекті жазғы демалысқа барып келуіме рұқсат етуіңізді сұраймын.

КОФ 107-оқу тобының
курсанты, қатардағы
полиция сержанты
А.Т. Маханов
26.05. 2012 ж.

Қолхат

Мен, кафедраның кабинет бастығы Зәуре Нағашыбайқызы Асанова, тілдік дайындық кафедрасының оқытушысы, полиция аға лейтенанты Еркін Ахметұлы Жантасовтан 5000 (бес мың) теңгені бір ай көлемінде қайтарамын деп қарызға алдым.

З.Н. Асанова
14.09. 2012 ж.

2 – жаттығу. Мәтіндерден іс қағаздары стиліне және ресми стильге тән белгілерді табыңыз.

Қарағанды қаласы
Кеңес АІБ ТБ-нің тергеушісі
полиция лейтенанты
М.А. Әлімқұлов мырзаға

МӘЛІМДЕМЕ

«_» _____ 2002 жылы жіберген Сіздің жеке тапсырмаңыз негізінде жәбірленуші К.О.Кориновты тонаған қылмыскерді анықтау бойынша 23.03.2002 жылы жедел іздестіру шараларын жүргізу барысында Қарағанды қаласы, Кривогуз көшесі 5-үй, 9-пәтер тұрғыны 1983 жылы туылған Ғалиев Марат Айдынұлы анықталды және ұсталды.

Онымен жеке әңгімелесу барысында өзінің жасаған қылмысын толық мойындайды және тартып алған етікті өз еркімен қайтарып бергенін баяндаймыз.

Қарағанды қаласы
Қазыбек би АІБ ҚІБ-нің жедел
өкілдері, полиция аға
лейтенанттары
Е.М.Нұрбаев, Е.С.Бектаев
23.03.2002 ж.



62 – жаттығу. Мәтіндерден іс қағаздары стиліне және ресми стильге тән белгілерді табыңыз.

1. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі

129- бап. Жала жабу

1. Жала жабу, яғни басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін көрінеу жалған мәліметтер тарату - жүз айлық есептік көрсеткіштен екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз жиырма сағаттан жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.

2. Көпшілік алдында сөз сөйлегенде не көпшілікке таратылатын шығармада, не бұқаралық ақпарат құралдарында жала жабу - екі жүз айлық есептік көрсеткіштен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз сексен сағаттан екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

3. Адамды сыбайлас жемқорлық, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасады деп айыптаумен ұштасқан жала жабу - үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

130-бап. Қорлау

1. Қорлау, яғни басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту - жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не алты айға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.

2. Көпшілік алдында сөз сөйлегенде не көпшілікке таратылатын шығармада, не бұқаралық ақпарат құралдарында қорлау - жүз айлық есептік көрсеткіштен төрт жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не сол мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

164-бап. Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыру

1. Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, діни араздықты немесе алауыздықты қоздыруға, азаматтардың ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиетін не діни сезімдерін қорлауға бағытталған қасақана іс-әрекеттер, сол сияқты азаматтардың дінге көзқарасына, тектік-топтық, ұлттық, рулық немесе нәсілдік қатыстылығы белгілері бойынша олардың айрықшалығын, артықшылығын немесе кемдігін насихаттау, егер осы әрекеттер көпшілік алдында немесе бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып, сол сияқты әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни араздықты немесе алауыздықты насихаттайтын әдебиет пен өзге ақпарат жеткізгіштерді тарату жолымен жасалса - бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына не жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Адамдар тобымен немесе бірнеше рет жасалған, немесе күш көрсетумен не оны қолданамын деп қорқытумен ұштасқан, сол сияқты өзінің қызмет бабын пайдалана отырып, адам не қоғамдық бірлестіктің жетекшісі жасаған нақ сол іс-әрекеттер - бес жүзден

үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, ауыр зардаптарға әкеп соққан іс-әрекеттер - үш жылға дейінгі мерзімге белгілі лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3.4. Публицистикалық стильдің өзіндік ерекшеліктері. Публицистикалық мәтінді талдау. Публицистикалық стиліне мәтін құрастыру.

Публицистикалық стиль

Публицистикалық латын тіліне аударғанда «көпшілік, әлеумет» деген мағына береді. Яғни публицистикалық стиль дегеніміз – көпшілікке арналған қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық тақырыптарға арналған газет-журнал беттеріндегі журналистика жанрларында (очерк, бас мақала, мақала, ақпарат хабар, халықаралық жолу, деректі, әңгіме және т.б.) жазылған жарияланымдар. Публицистикалық стильдегі жарияланымдардың мазмұны қоғам, адам өмірінің түрлі жағдайларын үгіттеу-насихаттау сипатында болып, тілдегі әсерлі, сезімдік және бейнелі сөздерді қолдану басым болады да, баяндалған мәселелер нақты фактілер мен құжаттарға негізделеді. Публицистикалық стильдің алғашқы белгілері оны ресми стильге жақындатса, соңғы белгісі оны ғылыми стильге оны ғылыми стильге жақын екенін көрсетеді.

Публицистикалық стильдің ауызша түрі – шешендік сөз өнері. «Өнер алды-қызыл тіл» деп білген қазақ халқының би-шешендер мен ақындарының шығармашылығында шешендік, ділмарлық, тілмарлық, өнердің үлгілері жетерлік.



63-жаттығу. Төмендегі мәтіндерді стиль түрлеріне ажыратыңыз.

1-мәтін

...Сағат түңгі екі болып қалды. Жұрт аяғы басылды. Алдымыздағы көшемен ең соңғы трамвай өтіп барады. Вагондарда үш-төрт адамның басы көрінді.

Күндізгі қаптап жүрген трамвай, троллейбус, автобустар қайда қазір? Олардың әрқайсысының арнаулы тұрағы – демалуға жайғасатын орны бар. Олар сонда жиналады. Мұнда түні бойы ұйықтамай, қызмет ететін адамдар бар. Олар әлі машиналарды таңертеңгі сапарға әзірлейді. Күндіз бүлінген жерлері болса, жөндейді. Іші-сыртын сүртіп, еденің жуып тазалайды. Таңертең троллейбус, трамвай, автобустар тап-таза болып, жарқырап шығады.

2-мәтін

«Ақпараттық технология» деген терминді В. Тлушков енгізді. Ол оған мынандай анықтама берді: «Ақпараттық технология дегеніміз — ақпаратты өңдеумен байланысты үрдістер». Сонда оқытуда ақпараттық технологиялар үнемі қолданылған деуге болады, себебі оқыту дегеніміз — ақпаратты оқытушыдан тәлімгерге немесе оқушыға жеткізу. В.Апатов, В.Глушковтың берген анықтамасын жоққа шығармай, оны нақтылай түседі: «Ақпараттық технология дегеніміз — ақпаратты өңдеу үрдісі арқылы жүзеге асатын құралдар мен әдістер жиынтығы».

3-мәтін

Қуанышбек пен Забира үш баласын жақсы шаңырақта тірбиелігісі келеді. Ол үшін жақсы дәстүрлерді бұзбай ұстауға тырысады. Отбасында туған күн әрдайым тойлану керек. Үйге қонақ шақырып, қазақ дастарқанын даярлауды балаларына үйретеді. Өздері де сыйластық сақтауды дәстүр қылған. Бұл отбасында жексенбі сайын қонақ шақыру, оларды күту дістүрі қалыптасқан. Сенбі күні кешке әке-шешесімен, балаларымен отбасылық сұхбат құрып, кітап оқиды. Теледидар, радио арқылы жаңалықтарымен танысады. Алыс-жақындағы туыстармен хабарласады. Қуанышбек өзі де, балалары да компьютерді меңгерген. Ғылым мен техника жаңалықтарын отбасында үнемі айтып отыру, мүмкін болса қолдану – отбасы өмірін сәнді ете түседі. Жақсы дәстүр – отбасының шаңыраққа айналуына тірек болады.

4-мәтін

- Ішуге бір нәрсе алдырайық.

- Мен көк шай ішемін.
- Мен балмұздақ жегім келеді.
- Коктейль ішейік
- Екі бутерброд әкеліңізші.
- Сіздерде десертке не бар ?
- Екі кісіге джем салынған құймақ әкеліңізші.
- Интернет-кафеде кездесеміз.
- Сенің жеке e-mailің бар ма?
- Интернет істеп тұр ма?
- Мен бос уақытымды сонда өткіземін.
- Сен олардың сайтың көрдің бе ?
- Интернетпен зат сатып алуға да болады ?
- Ғаламтор арқылы адамдар танысады.
- Басқа елдердегі достарыммен хат жазысамын.
- Мен скайп арқылы ағаммен сөйлесемін.
- Қызықты ақпараттарды интернет арқылы тауып алуға болады.



64-жаттығу. *Стиль түрлеріне газет-жорналдардан, ғылыми еңбектерден, көркем әдебиеттен мысалдар келтіріңіз.*



65-жаттығу. *Құжатты дұрыс жазылу құрылымы бойынша жазыңыз.*

«К Е Л І С Е М І Н»

Қарағанды қаласының прокуроры әділет кеңесшісі

_____ А. Әміров

20__ж.«____» қараша

**Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді (қылмыстық қудалауды)
тоқтату туралы
ҚАУЛЫ**

ҚАУЛЫ ЕТтім:

1. Қазақстан Республикасының ҚК 3-бөлімінің 385-бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бойынша № 16270001100254 қылмыстық іс жөніндегі іс жүргізу, А.Б.Сағындықовқа қатысты, оны қылмыстық жауапкершілікке тартқан мерзімнің өтуіне байланысты тоқтатылсын.

2. А.Б.Сағындықовке қатысты, көріну түріндегі міндеттеме түріндегі процессуалдық мәжбүрлеу шарасының күші жойылсын.

3. Қабылданған шешім туралы мүдделі тұлғаларға хабарлансын.

4. Осы қаулының көшірмесі прокурорға жіберілсін.

Сонымен, А.Б.Сағындықов, 22.02.1978 ж.т., «Опиді қолдану салдарынан психикасының және тәртібінің бұзылуы. Тәуелділік синдромы»» диагнозымен «Облыстық наркологиялық диспансер» МҚКК-де 05.02.2012 жылдан бері есепте тұратындығын анық біле тұра, жүргізуші куәлігін алу мақсатында, «Расвет» ЖШС-да медициналық тексеруден өту кезінде оның наркологиялық диспансерде есепте тұрмағандығы туралы 09.09.2011 жылғы №27653 жалған құжатты көрсеткен.

Кейіннен, «Расвет» ЖШС-ның медициналық анықтамасының негізінде А.Б.Сағындықов «Облыстық наркологиялық диспансер» МҚКК-де есепте тұрмайтын тұлға ретінде жүргізуші куәлігін алған.

Осылайша А.Б. Сағындықовтың іс-әрекетінде Қазақстан Республикасының ҚК 3-бөлімінің 385-бабында көзделген қылмыс құрамының белгілері, яғни жүргізуші куәлігін алуға құқық беретін жалған құжатты пайдалану байқалады.

Қазақстан Республикасының ҚК 71-бабына сәйкес тұлға егер жеңіл қылмыс жасағаннан кейін қылмыс жасаған күнінен бастап екі жыл өтсе, онда ол қылмыстық жауапкершіліктен босатылады.

Қазақстан Республикасының ҚК 11-бабының 2-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының ҚК 3-бөлімінің 325-бабында көзделген қылмыс жеңіл қылмыс санатына жатады, ол үшін берілетін жаза 2 жыл бас бостандығынан айырудан аспайды.

А.Б.Сағындықовтің 2012 жылы қылмыс жасағандығын және содан бері 3 жылдан аса уақыт өткендігін ескере отырып, ол қылмыстық жауапкершілікке тартылған мерзімінің өткені үшін қылмыстық жауапкершіліктен босатылуы тиіс.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, Қазақстан Республикасының ҚПК 35, 198, 288-баптары 1-бөлімінің 4-тармағын басшылыққа ала отырып,

Қарағанды қ. 2018 жылғы 01 ақпан

Қарағанды қаласы ІБ ТБ тергеушісі полиция лейтенанты М.С.Мұқашев № 18353603100022 санды қылмыстық істі қарап,

АНЫҚТАДЫМ:

Қарағанды қаласы ІБ ТБ тергеушісі
полиция лейтенанты (қолы)
Н.С.Мұқашев

Осы қаулымен таныстым, қаулыға шағымдану құқығы маған түсіндірілді:

« _____ » _____ 20__ ж.

(Аты-жөні)

 **65 – жаттығу. Публицистикалық стильге тән белгілерді табыңыз.**

«Алаш» партиясы программасының жобасы

I. Мемлекет қалпы

Россия демократическая, федеративная республика болу. (Демократия мағынасы мемлекетті жұрт билеу. Федерация мағынасы құрдас мемлекеттер бірлесуі. Федеративтік республикада һәр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болад. Һәр қайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді).

Үкімет басында учредительное собрание мен Г.Дума қалауынша келісімді жылға сайланатын предидент болу. Президент

халықты министрлер арқылы бағу, ол министрлер учредительное собрание мен Г.Дума алдында жауаптар болу.

Депутаттар тегіс, тең, төте, һәм хуфия сайлаумен болады. Сайлау хақында қан, дін, еркек-әйел талғаусыз болады.

Законды жалғыз ғана Г.Дума шығаруы һәм. Г.Дума хұкмет үстінен қарап, іс тексеруі, запрос (сұрау) жасау хақы да Г.Думада болады. Мемлекет салығы Г.Думада салынбау.

II. Жергілікті бостандық

Қазақ жүрген облыстардың бәрі бір байланып, өз тізгіні өзінде болып Россия республикасының федерациялық бір ағзасы болуы. Реті келсе, қазақ автономиясы сыбайлас жұрттар мен әзірге бірлесе болуы, реті келмесе, бірден-ақ өз алдына жеке болуы. Қайткенде де осы күнгі земстволықты қабыл алуы.

«Алаш» партиясы қазақтың би, болыс ауылнайлары сияқты орындарында қызмет ететін адамдар жұртқа пайдалы, жұрт үшін қызмет етерге көңілді адамдар болуына жаһид (?) қылады. Земстволардың управаларында, милицияларында таза қызметші боларлық адамдардың атын халық қалауына салады.

«Алаш» партиясы ғаділдікке жақ, нашарларға жолдас, жебірлерге жау болады. Күш-қуатын игілік жолына жұмсап, жұрт тарқы ету жағына бастайды.

III. Негізгі хұқық

Россия республикасында дінге, қанға қарамай, еркек-әйел демей адам баласы тең болу.

Жиналыс жасауға, қауым ашуға жария сөйлерге, газет шығаруға, кітап бастыруға – еркіншілік; хұқымет қызметшілері, иесінен рұқсатсыз, һеш кім табалдырығын аттаушылық; сот сұрамай, билік айтылмай, тұтқын қылмаушылық; қылмысты болған адам судья бар жерде 24 сағат ішінде, судьясыз жерде бір жетіден қалмай судьяға тапсырылып жаба (?) судья үкімі мен жабылуы.

Кісі хатын ашқанға айып, оқығанға жаза болуы.

IV. Дін ісі

Дін ісі мемлекет ісінен айырылуы болуы. Дін біткенге тең хұқық. Дін жоюға ерік. Кіру-шығу жағына бостандық.

Муфтилік қазақта өз алдына болуы. Неке, талақ, жаназа, балаға ат қою сияқты істер моллада болуы, жесір дауы сотта қаралуы.

Ү. Билік һәм сот

Һәр жұрттың билік пен соты тұрмыс ыңғайына қарай болуы. Би һәм судья жергілікті жұрттың тілін білу. Аралас жерде соттың тергеу – тексеруі һәм хүкімі жергілікті жұрттың қай көбінің тілінде айтылуы. Би һәм судья орнынан тергеусіз түспеу. Билік һәм сот жүзінде жұрт біткен тең болуы; Құдайдан соңғы күшті би һәм судья болып, кімде болса, олардың хүкіміне мойын сұнуы. Айтылған хүкім тез орнына келуі. Зор жазалы қылмыстар присяжный сотпен қаралуы. Қазақ көп жерде сот тілі қазақ тілі болуы. Присяжныйлар қазақтан алуынуы. Қырдағы ауыл, болыс ішінде билік пен сот жұрт ұйғарған ереже жолымен айтылуы.

ҮІ. Ел қорғау

Ел қорғау үшін әскер осы күнгі түрде ұсталмауы. Әскерлік жасына жеткен жастар жерінде үйретіліп, жерінде қызмет ету: әскер табына бөлгенде туысқан табына қарай бөлу. Әскерлік міндетін қазақ атты милиция түрінде атқаруы.

ҮІІ. Салық

Салық мал-ауқат, табысқа қарай байға-байша, кедейге-кедейше ғаділ жолмен таратылу.

ҮІІІ. Жұмысшылар

Жұмысшылар закон панасында болу. (Қазақ жерінде завод – фабрика аз, сондықтан қазақтың жұмысшылары да аз. «Алаш» партиясы жұмысшылар турасында социал-демократтардың меншевик табының программасын жақтайды).

ІХ. Ғылым – білім үйрету

Оқу орындарының есігі кімге де болса ашық һәм ақысыз болуы; жұртқа жалпы оқу жайылуы. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқуы; қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашуы; оқу жолы өз алды автономия түрінде болуы; хүкімет оқу ісінде кіріспеу; мұғалімдер –профессорлар өз ара сайлау мен қойылуы; ел ішінде кітапханалар ашылуы.

Х. Жер мәселесі

Учредительное собрание негізгі закон жасағанда жер сыбағасы

алдымен жергілікті жұртқа берілсіндеуі; қазақ жер сыбағасын отырған жерлерден алып орналасқанша, қазақ жеріне ауған мұжық келмеуі; бұрын алынған жерлердің мұжық отырмағандары қазаққа қайтуы; қазаққа тиетін жер сыбағасын жергілікті комитеттер кесуі; сыбаға өлшеу – норма жердің топырағы мен шаруалық түріне қарай жасалу; сыбағадан артылған жер земство қолында болу; Артық тұрған жерден ел өскенде ауық-ауық сыбаға кесіліп берілуі; Түркістанда жер мен бірге су сыбағасы да кесілуі; жерді қазақ үй басына иеленбей ауыл-аймақ, туысқан табына меншіктеп алу; азара әділдік жолымен пайдалану.

Жер законінде жер сату деген болмау, һәр кім өзі пайдалану. Пайдасынан артық жер сатылмай, земствоға алыну. Жердің кені, астығы, байлығы қазнанікі болып, билігі земство қолында болу.

Аса зор ағаш, зор өзендер мемлекеттікі болып, аз ағаш һәм көл байлықтары земство мүлкіне саналу.

Жоба жасаушылар:

Ғалихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов,

Міржақып Дулатов, Елдес Ғұмаров,

Есенғали Тұрмұхамедов,

Ғабдулхамид Жүндібәев, Ғазымбек Бірімжанов.

«Қазақ», 1917, 21 қараша, сейсенбі.

4.3. Көркем әдебиет стилінің жанрлық ерекшеліктері. Көркем әдебиет мәтінін талдау. Көркем әдебиет стиліне мәтін құрастыру

Көркем әдебиет стилі – адам мен қоғамның және табиғаттың тіршілігін көркем сөз негізінде ой сезімді көркем кейіпкер арқылы бейнелейтін стил түрі. Көркем әдебиет стиліне көркем әдебиеттің поэзиялық, прозалық және драмалық жанрларының барлығы жатады. Бұл стильге қатысты жазбалардың қамтитын тақырыптары мен көлемі алуан түрлі болып келеді де, көркемдегіш құралдардың, әдіс-тәсілдердің барлығы да, қолданылады. Көркем шығарма тілі экспрессивті, эмоционалды және образды болып келеді.



66-жаттығу. Ауызекі сөйлеу стилінде «Аружан анықтама алды» десек, іс қағаздары стилінде «Бектаева Аружанға анықтама берілді» деп жазылады. Мысалы, өмірбаян тілдің бірнеше стилінде дерлік қолданылады. Төменде көрсетілген өмірбаянның

ерекшеліктеріне қарай қайсы нұсқасы қандай стиль түріне жататынын табыңыз.

«А» нұсқасы

Мен ескіше жыл басы деп есептелетін «Наурыз күні» киіз үйде туыппын. Қазақ даласының ең суық жағын жайлайтын біздің елдердің бірсыпырасы ХХ ғасырдың бас кезінде де қыс айларын киіз үйде өткізеді екен. 79 Кәсіби қазақ тілі Ол күні жер сілкінбеген, күн түгіл ай да тұтылмаған, есте қаларлық боран да болмаған, ең аяғы қалжа сүйегіне иттер де таласа алмаған. Менсіз де үбірлі-шүбірлі бір қора үйде тағы бір бала туа салған да, басқа балалардың атына ұйқастыра ат берілген. Әрине, ол күннен менің есімде қалған еш нәрсе жоқ. Болысым кім, патшам кім... табым кім, онда менің жұмысым болмауы керек. Кейін ондайды ұнатпасам да, ол кезде тістеген мен шаққанға да енжар болған сияқтымын, жылауық болмаппын.

«Ә» нұсқасы


Шыңғыс Айтматов 1928 жылы 12 желтоқсанда қырғыз жеріндегі Шекер ауылында дүниеге келген. Әкесі Төрекұл өте парасатты, пайымды адам болған екен. Төрекұл ел басқару қызметінде болып, 1937-1938 жылдардағы «халық жауы» деген жазықсыз жазаның құрбаны болды. Кішкентай Шыңғыс бауырларымен бірге көп қиындық көріп өседі. Ш.Айтматовтың шын мамандығы – табиғат сыйлаған жазушылық өнер. Ол осы өнерін жетілдіру үшін М.Горький атындағы Әдебиет институтында оқиды. Шыңғыстың 1956 жылы жазылған «Жәмила» хикаясы бірден жұрт назарын аударып, көп ұзамай орыс тіліне, іле-шала Парижде француз тілінде жарық көріп, жас суреткердің есімін әлемге паш етті. Бұл күнде Шыңғыс Айтматовтың есімі дүниежүзіне мәшһүр. Шыңғыс ең көп аударылған қаламгерлердің бірі. Жазушы бейнелеген кейіпкерлер, тек қырғыз халқының перзенттері емес, әлем халықтарына тән мінезбен, адамзаттық болмыспен бірігіп жатқан бейнелер. Сондықтан да оны ешбір халық жатсынбайды.

«Б» нұсқасы

Мен, Сұлтанова Әлия Айханқызы, 1964 жылы 20 сәуірде Талдықорған облысы Ақсу ауданының Қызылтаң ауылында тудым. Ұлтым – қазақ. Әкем – Сұлтанов Айхан, орта мектепте мұғалім, шешем – Омарова Гүлсім, ауылдық ауруханада дәрігер. 80 Жағыпарова Майра 1981 жылы Ақсу ауданы І.Жансүгіров


атындағы орта мектепті бітіріп, Қыздар педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түстім. 1986 жылы институтты үздік бітіріп, аспирантураға қабылдандым. 1989 жылы Қыздар педагогикалық институтына оқытушылыққа қабылдандым. 1995 жылы «Шырай категориясы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғадым. Тұрмыстамын, жолдасым – Омаров Серік 1961 жылы туған, «Алматықұрылыс» акционерлік бірлестігінде бөлім меңгерушісі. Ұлым – Омаров Нұрлан Серікұлы 1992 жылы туған, №34 гимназия оқушысы.

Мекенжайым: Алматы қаласы, Манас көшесі, 21 үй, 2 пәтер.

 **67-жаттығу.** Қазақ тілінде шығатын газет, журнал, ғылыми еңбектер, көркем әдебиеттерден стиль түрлеріне үзінділер келтіріңіз.

 **68-жаттығу.** Мәтінді жалғастырыңыз.

Үзілген үміт Әпкеміз аяқ-асты жүрек емдеу клиникасына түсті дегенді ести салысымен сол жаққа қарай аласұрып бет алдық. Өз аяғымен емдом алуға келген кісіні бірер сағаттан соң жансақтау бөліміне түседі деп кім ойлаған? «Жүрегінде ақау бар, дереу ота жасаймыз», – деген дәрігердің сөзі бәлкім «үкім» сияқты естілгендей болды ма...

 **69-жаттығу.** Берілген құжатты оқып, мазмұнын баяндаңыз. Берілген сөздерге синонимдердік қатарды табыңыз: қылмыс, байқауға болады, құқық бұзушылық, қызмет, анықтау, зақымдану, ақпарат, хабарлау, сыбайлас.

Тергеуге алыну жөніндегі материалдарды беру туралы ҚАУЛЫ

"13" маусым 20__ж.

Қарағанды қ.

Қарағанды бойынша КБД ККБ ТБ-ның аға маманы-анықтаушысы, кеден қызметінің лейтенанты Е.Е.Тоқтаубаевтың №14630006100009 қылмыстық іс материалдарын қарай отырып,

АНЫҚТАҒАНЫ:

2013 жылғы желтоқсан айында «Қарағанды» кеден бекетінде, «ішкі тұтынуға арналған өнім» кедендік рәсімі бойынша тауарларға (51428/311213/0004797 – «DODGE RAM 1500 LARAMIE» 2013 жылы шыққан, VINкод – 1C66RR7NTXES161810; 51428/201213/0004606 – «TOYOTA TUNDRA» 2013 жылы шыққан, VINкод - 5TFAW5F11EX326095; 51428/201213/0004608 - «TOYOTA TUNDRA» 2013 жылы шыққан, VINкод - 5TFAW5F13EX327507; 51428/201213/0004605 - «TOYOTA TUNDRA» 2013 жылы шыққан, VINкод - 5TFAW5F1XEX325009) декларация ресімделді.

Тауарға ілесуші құжаттарға сәйкес, жоғарыда аталған көлік құралдарының тіркеу сертификаттарында ұсынылған декларацияларда «SALVAGE» деген таңба бар, яғни көлік құралдары тұзды сумен зақымдалған, алайда, Ғаламтор желісіндегі «5VIN.BIZ» сайтынан алынған «CARFAX» есептерінен атап өткен көлік құралдарының тарихында жол-көлік оқиғалары, сондай-ақ қандай да бір механикалық зақымданулар туралы ақпараттың жоқ екендігін байқауға болады.

ҚР ҚМ КБК ККБ-ның 07.06.20__ жылы құнға түзету жүргізуіне сәйкес, автокөліктердің кедендік құны 18.547.686 теңгені құрады, төленбеген кедендік төлемдер мен салықтар сомасы 4.404.721 теңгені құрады.

12.06.20__ жылы осы дерек ҚР ҚК 234-бабы 2-бөлімінің 4-тармағы бойынша ҚАРАҒАНДЫ бойынша КБД-ның сотқа дейінгі тергеп-тексерулерінің бірыңғай тізілімінде тіркелді.

Осылайша, ҚР ҚПК 187-бабының 3-бөлімі нормаларының талаптарына сәйкес, 234-бабында (*екінші және үшінші бөлімдерінде*) көзделген қылмыстық құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаржы полициясының тергеу органдары алдын ала тергеу жүргізетіндігін ескере, ҚР ҚПК 186-бабы 1-бөлімінің 2-тармағын және 198-бабын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 20__ жылғы «12» маусымдағы №14630006100009 тергеуге алыну жөніндегі сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалы, экономикалық контрабанда дерегі бойынша, қадағалау прокуроры арқылы ҚАРАҒАНДЫ бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаментіне жіберілсін.

2. Қабылданған шешім туралы мүдделі тұлғаларға хабарлансын.

3. Қаулының көшірмесі прокурорға жіберілсін.

Қарағанды қаласы ІІБ ТБ тергеушісі
полиция лейтенанты (қолы)
Н.С.Мұқашев

Қосымша: №17630006100009 сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалы 98 бет



70-жаттығу. «Қазақстанның жеті кереметі» тақырыбын толықтырыңыз.

1-керемет: Қожа Ахмет Яссауи кесенесі. Атақты шығыс қолбасшысы Ақсақ Темір салғызған. Көлемі – 46,5х65,5 метр. Орталық залдың айналасына әртүрлі мақсатқа пайдаланылған үлкенді-кішілі 35 бөлме орналасқан.

2-керемет: Тайқазан. Қожа Ахмет Яссауи кесенесіндегі бағалы ескерткіш- тердің бірі – тайқазан. Өзі екі тонналық қазанға үш тонна су сыяды. 88 Жағыпарова Майра

3-керемет: Айша бибі мазары. Кесене ХІІ ғасырда салынған. Айша бибі тарихтан белгілі Қараханның әйелі болған. Күмбезді Қарахан салғызған, сәулетші туралы нақты дерек жоқ.

4-керемет: Тамғалы кешеніндегі жартасқа салынған суреттер. Бұл адамзаттың рухани мәдениетін, анық дүниетаны- мын білдіретін аса маңызды деректер жиынтығы саналады. 89 Кәсіби қазақ тілі


5-керемет: Алтын адам. 1960 жылы Есіктен табылған бұл ескерткіштің ерекшелігі: осыдан 2500 жыл бұрын жерленген адамның киімі түгелдей алтынмен апталған.

6-керемет: Домбыра. Ғалымдар осыдан кемінде 2 мың жыл бұрынғы бейнелердегі қос ішекті аспаптың қазақ домбырасымен ұқсастығын айта келіп, оның Қазақстан жеріндегі байырғы көшпелілер арасында кең тараған аспаптың бірі болғандығын дәлелдеді. 90 Жағыпарова Майра


7-керемет: Күлтегін ескерткіші. Күлтегін – көшпенділер тарихындағы ең көрнекті көсем, баһадүр тұлғалардың бірі.

 **71-жаттығу.** Төмендегі жағдайлардың әрқайсысына бірнеше сөйлем құраңыздар.

1. Туған күн Баласы – әкесіне Курстас – курстас жолдасына Ағасы – інісіне 2. Мекеменің ашылуы Директор – қызметкерлерге Басқа бір мекеме өкілі – директорға, мекеме қызметкерлеріне

 **72-жаттығу.** Қазақ халқының тыйым сөздерінің мәнін түсініп оқып, есте сақтаңыздар.

1. Үлкеннің алдын кеспе. 2. Жағынды таянба. 3. Суға түкірме. 4. Тізенді құшақтама. 5. Бүйіріңді таянба. 6. Түнде суға барма. 7. Малды басқа ұрма. 8. Босағаға сүйенбе. 9. Шашыңды жайма. 10. Сырт киімді желбегей жамылма. 11. Босағаны керме. 12. Саусағыңды шошайтпа. 13. Күлді баспа. 14. Тандайыңды қақпа. 15. Табалдырықты баспа. 16. Ошақтағы отты өшірме. 17. Кір суды баспа. 18. Аяқ киімді төрге шығарма. 19. Бас киімді жерге тастама. 20. Бет-аузыңды қисаңдатпа. 21. Тіліңді шығарма. 22. Ерніңді шығарма. 23. Үлкеннің сөзін бөлме. 24. Көкті жұлма. 25. Көкті баспа. 26. Айға қолыңды шошайтпа. 27. Асты аттама. 28. Нанды баспа. 29. Басыңды шайқама. 30. Киімді теріс киме. 31. Отқа түкірме. 32. Кісіні аттама. 33. Адамды санама.

 **73-жаттығу.** Мәтіннен ауызекі сөйлеу тілі стиліне тән белгілерді табыңыз.

Жол полициясы қандыбалақ қылмыскерлерді ұстады
Қаңтардың 20 күні сағат 16.30 шамасында Алматы-Ташкент күре жолының бойындағы 438 шақырымда қызмет бабымен тұрған аға лейтенант Д.Махатов пен полиция старшинасы А.Юсупов жылдамдығын шамадан тыс арттырып, жүйткіп келе жатқан “Тойота Королла” (мемлекеттік нөмірі А 722 UVN) автокөлігін тоқтатты. Тексеру барысында мәшине “тізгінін” ұстаған Мадияр Ташаевты көлік жүргізуге рұқсат беретін құжаттары болмай шықты. Бірақ ол бұл тәртіп бұзушылыққа айылын да жимастан, Шымкентке асығыс аттанып бара жатқандықтан мәшиненің техникалық құжаттарын үйінде ұмыт қалдырғанын, сондықтан

МАИ қызметкерлерінің бір жолға аяушылық жасағаны үшін 500 теңге беретінін айтты.

– Жарайды, – деді көкейлеріне күдік ұялаған жамбылдық жол полициялары, – бірақ жібермес бұрын мәшинені тексеріп көрейік.

Тексеру барысында автокөлік қорапшасынан “Тойота Королланың” (мемлекеттік нөмірі А 722 UVN) басқа адамның атына тіркелген құжаттары табылды. Ал жүк салғыштың ішінен қан дақтары мен кірпіш шықты. Кірпішке де қан жұғыпты. Д. Махатов пен А.Юсуповтың күдіктері енді бұрынғыдан да ұлғая түсті.

Осы кезде күдікті М.Ташаев пен Б.Шаршиев мәшинені ұрлап келе жатқандарын мойындап, 5 мың АҚШ долларына босатуларын өтінді.

– Жарайды, – деді, – МАИ қызметкерлі келіскен болып, – ақшаларың дайын ба?

– Жоқ, бірақ әкеліп береміз.

– Жақсы, онда мына көлікті “аманат” ретінде Тараз қаласындағы бір үйге апарып қоямыз да, сендер ақшаны әкелгенше күтеміз. Келістік пе?

–Келістік.

Бірақ қандыбалақ бауқеспелер сәлден кейін өздерін Жамбыл облыстық ішкі істер департаментінің жол полициясы ғимаратына алып келгенде ақшаға сатылмайтын, халық қызметіне адал, қырағы МАИ қызметкерлерінің де бар екенін бір-ақ білді.

Тергеу кезінде әзірге анықталғаны мынау болды. Қақпанға түскендер Алматы қаласындағы Абай мен Правда көшелерінің қиылысындағы “Мегабит” клубының қасында “Тойота Королла” (мемлекеттік нөмірі А 722 UVN) автокөлігінің Димаш есімді иесін соққыға жығып, оны жүк салғышқа тығып тастайды да, Алматы облысына қарасты “Ұзынағаш” жол полициясы тексеру-өткеру пунктіне жақындағанда мәйітті жол шетіне лақтырып тастап кетеді. Жиырма жастағы М.Ташаев пен он жеті жастағы Б.Шаршиев – Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы, Мичурин ауылының тұрғындары болып шықты. Қазір олар қарақшылықпен кісі өлтіріп, автокөлік ұрлағаны үшін тұтқындалды. Бұл туралы Алматы қалалық ішкі істер бөлімі де хабардар болды.

Кәсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ



74-жаттығу. Мәтіндерден көркем әдебиет стиліне тән белгілерді табыңыз.

Тұспалдап түсіндіру

Баяғыда Аюбай, Түлкібай, Итбай деген үш ағайынды адам өмір сүріпті. Бұлар бір терең сайдың ішінде өмір сүріпті. Бір күні ақсақалдар үйде әңгімелесіп отырса, далада иттер үріп қоймай қойыпты. Сонда бір ақсақалдың бірі сол үйдегі келінге қарап: «Келінжан, иттер неге үріп кетті, далаға шығып қарашы» депті. Келін далаға шығып қараса, алыста үлкен аю түлкіні қуалап барады екен, ал иттер соларға қарап үріп тұр екен. Бұны көрген келін япырау бұлардың бәрі менің ааталарымның аттары ғой, енді қалай айтсам екен деп қысыла үйге енеді. «Иә, балам иттер неге үріпті» деп сұрапты төрде отырған ақсақалдың бірі. Сонда сасқан келін: «Ауыл сыртындағы тауда атам жәкемді қуып барады екен, ал осы ауылдағы тәтелерімнің бәрі соларға қарап үріп тұр екен» депті.

Жеті жоқ

1. Жерде өлшеуіш жоқ. 2. Аспанда тіреуіш жоқ. 3. Таста тамыр жоқ. 4. Тасбақада талақ жоқ. 5. Аллада бауыр жоқ. 6. Құста сүт жоқ. 7. Жылқыда өт жоқ.

Жеті жүт

1. Құрғақшылық. 2. Жүт (мал қырылу). 3. Өрт. 4. Оба (ауру). 5. Соғыс. 6. Топан су. 7. Зілзала (жер сілкіну).

Жеті жетім

Тыңдамаған сөз жетім,
Киюсіз тозған боз жетім,
Иесіз қалған жер жетім,
Басшысы жоқ ел жетім,
Аққу-қазсыз көл жетім,
Елсіз қалған ер жетім,
Замандасы қалмаса
Кемпір менен шал жетім.

Жеті қазына

1. Ер жігіт. 2. Сұлу әйел. 3. Ақыл-білім. 4. Қыран-бүркіт. 5. Берен мылтық. 6. Жүйрік ат. 7. Жүйрік тазы.

Үш дауасыз

1. Мінез. 2. Кәрілік. 3. Ажал.

Үш қадірсіз

1. Жігіттік. 2. Денсаулық. 3. Жақсы жар.

Үш тәтті

1. Жан тәтті. 2. Мал тәтті. 3. Жар тәтті.

Үш қадірсіз

1. Жігіттік. 2. Денсаулық. 3. Жақсы жар.

5. Сот лингвистикалық сараптама

5.1. Сот сараптаманың түрлері. Заңнамалық лингвистика (юрислингвистика)

Сот сараптамасы дегеніміз – сот үдерісінде жаңа дәлел алудың және бар дәлелдерді нақтылаудың, тексерудің іс жүргізудің жеке формасы. Сот сараптамасы соттың (судьялардың) анықтауымен немесе тергеушінің (анықтаушының, прокурордың) қаулысымен жүргізіледі. Сот сараптамасын жүргізуші субъект сарапшы деп аталады. Сарапшының өзіндік құқықтары мен міндеттері бар, әдейі жалған қорытынды жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Ол өз зерттеулерінің нәтижелерін сарапшының қорытындысымен рәсімдейді. Сарапшы қорытындысы заңда қарастырылған дәлелдердің дереккөздері болып, оның мәліметтері дәлелдер болып табылады. Сот лингвистикалық сараптамаға да осы сипаттар тән. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы «Сот сараптамасы органдарында жүргізілетін сот сараптамалары түрлерінің тізбесін бекіту туралы» №52 бұйрығында сараптаманың 27 түрі санамаланған. Олар: құжаттардың сот сараптамасы, сот портреттік сараптамасы, сот бейнефонографиялық сараптамасы, сот фототехникалық сараптамасы, сот трасологиялық сараптамасы, сот баллистикалық сараптамасы, заттар мен материалдардың сот сараптамасы, жол-көлік оқиғасы жағдайлары мен көлік құралдарының сот сараптамасы, сот экономикалық сараптамасы, сот тауартану сараптамасы, сот құрылыс сараптамасы, сот технологиялық сараптамасы, сот өрт-техникалық сараптамасы, сот жарылыс-техникалық сараптама, есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлардың сот сараптамасы, сот биологиялық сараптамасы, сот молекулярлық-генетикалық сараптама, адамның психофизиологиялық процесстерінің сот сараптамасы, сот экологиялық сараптамасы, генетикалық өзгерген организмдердің сот сараптамасы, сот дінтанушылық сараптамасы, сот техногендік апаттар сараптамасы, мәйіттің сот-медициналық сараптамасы, жәбірленушілердің, айыпталушылар мен басқа да адамдардың сот медициналық сараптамасы, қылмыстық, азаматтық және әкімшілік іс материалдары бойынша сот медициналық сараптамасы, заттай айғақтардың сот медициналық сараптамасы, биологиялық объектілердің сот биохимиялық сараптамасы. Бұйрықтың атынан көрініп тұрғанындай, Бұлар – сот сараптамасы органдарында жүргізілетін сот сараптамалары түрлері. Ал сот процесінде прокурордың немесе тергешінің талабымен сот лингвистикалық сараптама да талап етілуі мүмкін.

Ресей Федерациясы сот сараптамасының бастапқы, кешенді, комиссиялық, қосымша және қайта сараптама деген типтерге, сот сараптамасының автотехникалық, криминалистикалық, қолтаңбатану, құжаттардың көнелігін тану, құжаттарды сараптау, фоноскопикалық, фототехникалық, трансологиялық, лингвистикалық, автортану, жерге орналастырушылық, құрылыс, инженерлік-техникалық, бағалау, экономикалық және медициналық 17 түрге бөледі. Ал лингвистикалық сараптамаларды лингвистикалық сараптама, кешенді фоноскопикалық және лингвистикалық сараптама, ақпараттық-қатынастық мәліметтердің лингвистикалық сараптамасы, балағаттаулар, жала туралы істер, арнамысты қорғау және іскерлік абыройды қорғау бойынша лингвистикалық сараптама, құжаттар мен нормативті құқықтық актілерге лингвистикалық сараптама, атауларды лингвистикалық сараптама (неймингтік сараптама), әдеби шығармаларды лингвистикалық сараптама, қысқа мәтіндерге лингвистикалық сараптама, экстремистік мәліметтерге лингвистикалық сараптама деп 9 түрге жіктейді. **Заңнамалық лингвистика (юрислингвистика)** XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басынан бастап заңнамалық лингвистика (юрислингвистика) деген ғылым саласы пайда болды. Бұл сала тіл мен құқықтың тоғысқан тұсынан пайда болғандықтан, ол пән аралық сипаттарға ие. Тіл мен құқықтың байланысы мәселелерімен лингвистер де, заңгерлер де шұғылданып келеді. Заңнамалық лингвистика тілдік мәтіндердің (ауызша, жазбаша) коммуникативтік және функционалдық-әрекеттік сипаттарына құқық кеңістігінде лингвистикалық баға беру үшін 1) заң құжаттарына лингвистикалық сараптама, 2) заңдық және нормативті-құқықтық актілерге ұсыныстар, 3) заңдық мәтіндерді аударма, 4) құқықтық баға берілуге тиіс мәтіндерге сараптама жасайды. Тілдік мәтіннің коммуникативтік сипаты дегеніміз – қарым-қатынас құралдары арқылы қоғамдық өмірде оқу-ағарту, білім-ғылым, адамдар арасында жағымды, жағымсыз немесе бейтарап мазмұнды ақпарат беру, тарату; ал функционалдық-әрекеттік сипаты дегеніміз – мәтін мазмұны арқылы іс-әрекетке шақыру, іске асыру. Құқықтық кеңістіктегі тіл мен сөйлеу мәтіндерін саралау, жүйелеу үшін тіл мамандары, кеңесшілері, аудармашылары, сарапшылары қажет. Тілдік мәтіндердің мазмұны қарама-қайшылықты, даулы болған жағдайды құқықтық кеңістікте реттеу үшін, лингвистикалық баға беру үшін

соттық лингвистикалық сараптама жасау қажеттілігі туындайды.

Даулы мәтіндер дегеніміз – қоғам мен адам өміріндегі ауызша және жазбаша сөйлеу қарым-қатынасында туындайтын азаматтардың адамгершілік-моральдық құқықтарының сақталмауынан, соның салдарынан азаматтардың моральдық, материалдық зардап, зиян шегуіне әкеліп соғатын тілдік қатынас.

Қазақстан Республикасының заңнамасында сөйлеу әрекетімен жасалатын жиырмадан астам құқық бұзушылық бар. Қылмыстық заңнамада бұл жала жабу, балағаттау, әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік немесе діни өшпенділік қоздыру, мемлекеттің конституциялық құрылысын күшпен құлату немесе өзгертуге, территориясының тұтастығын бұзуға және өзгертуге т.б. шақыру секілді қылмыстар, азаматтық заңнамада азаматтардың ар-намысына тию және іскерлік абыройын төмендету, заңды тұлғалардың іскерлік абыройына нұқсан келтіретін мәліметтер тарату және т.б. жолдармен беделін төмендету секілді құқық бұзушылықтар қарастырылған. Бұл құқық бұзушылықтардың басты ерекшелігі – олардың сөйлеу әрекеті арқылы, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таралатындығы. Сөйлеу әрекетінің мәтіндері - зерттеудің басты пәні, оған заң тұрғысынан баға беру болады.

5.2. Лингвистикалық сараптаманың сипаттары

Сот лингвистикалық сараптаманың пәні – табиғи немесе жасанды тілдің қолданылу және пайдаланылу заңдылықтарын зерттеу негізінде нақты анықталған мәліметтер мен мағлұматтар (обстоятельства). Ал лингвистикалық сараптаманың пәні зерттелетін объектінің белгілі бір лингвистикалық бөлігі болады. Оның мақсаты – сөз бен сөйлеу мазмұнының *шын/жалған, мүмкін/мүмкін емес* екендігін сипатталушы объектіге қатысты мұқият зерттеу жүргізу.

Лингвистикалық сараптаманың ерекшеліктері:

- лингвистикалық сараптаманың мәтіннің мағыналық мазмұнына баға беру тұрғысындағы нысаны – жарияланымдар, бейне, дыбыс жазбалар, жекелеген сөздер мен сөз тіркестері, сөйлемдер болумен қатар оқиғаның даму динамикасын сөзбен баяндау;
- адам тобы немесе жеке адам жеке тұлға ретінде лингвистикалық сараптаманың нысаны болмайды;

Лингвистикалық сараптама міндеттері

Лингвистикалық сараптама міндеттеріне, кең мағынада алғанда, мәтіндерді түсіндіру, талдау, аудару, оларды мазмұны мен қолданылуы жағынан түсіндіру, мәтін авторын анықтау және дәлелдеу, плагиатты айқындау.

Лингвистикалық сараптаманың түрлері

Лингвистикалық сараптаманың басқа сот сараптамалары секілді 8 түрі бар. Олар: 1) жеке сараптама – бір сарапшының қатысуымен жасалуы, 2) комиссиялық сараптама – екі немесе одан да көп сарапшылардың бір мамандық негізінде қатысуымен жасалуы, 3) негізгі сараптама – сарапшылық қорытындылар жағдайының бастамасы, 4) қосымша сараптама – негізгі сараптама қорытындысында айқын емес сауалдар туындағанда тағайындалатын сараптама, 5) бастапқы сараптама – мазмұнында қарама-қайшылықты белгілері жоқ сараптама, 6) қайталама сараптама – бастапқы сараптамада күдікті қарама-қайшылықтар болғанда, сарапшының хабардарлығы күмәнді мәліметтерді тексеру, 7) бір текті сараптама – сараптаманың бір ғылым саласында қарастырылуы, 8) кешенді сараптама – ең кемінде екі ғылым саласы зерделейтін сараптама түрі.

Лингвистикалық сараптама – заңдық маңызы бар мәліметтерді нақтылау мақсатында өкілетті тұлға немесе орган тағайындайтын лингвистикалық зерттеудің, процессуалдық-заңдық аспектіде құқықтың тиесілі процессуалдық салаларымен реттелетін қызметтің түрі. Лингвистикалық сараптама – дәлелдік информация алудың тәсілі немесе құралы, сараптама дәлелдік информацияны басқа жолдармен (тәсілдермен) алу мүмкін болмаған жағдайда тағайындалады. Лингвистикалық сараптаманың нысаны даулы мәтін болғандықтан, ол міндетті емес сараптамалық зерттеудің түріне жатады. Лингвистикалық сараптама қорытындысының заңдық күшіне, әлеуетіне тергеуші, сот органдары процессуалдық істің басқа дәлелдерімен салыстыра отырып баға береді. Лингвистикалық сараптама – лингвистикалық аспектіде айтылған сөздің объектіге (объектілерге) қатысты алғанда шын/жалған немесе мүмкін/мүмкін емес екендігін сипаттайтын объектілерді зерттеудің түрі, сондықтан лингвистикалық сараптама өндірісі тіл теориясында осы уақытқа дейін қалыптасқан лингвистикалық нысандарды зерттеудің тіл біліміндегі әдістемелерін негізге алады.

Адам өзі туралы қандай да бір жағымсыз ақпарат таратылса, әдетте оны өзінің ар-намысы, абыройы, қадір-қасиеті, іскерлік беделі тапталды, қорланды, төмендетілді деп қабылдайды. Ол жағымсыз ақпараттар жала жабу, балағаттау, әлеуметтік, ұлттық, діни өшпенділікті қоздыру мазмұнында болуы мүмкін. Жала жабудың өзі қылмыстық кодексте (129-бап) үш түрлі жіктелім бойынша жазаланады: 1) басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін көрінеу жалған мәліметтер тарату арқылы жала жабу, 2) көпшілік алдында сөз сөйлегенде не көпшілікке таратылатын шығармада, не бұқаралық ақпарат құралдарында жала жабу, 3) адамды сыбайлас жемқорлық, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасады деп айыптаумен ұштасқан жала жабу; ал қорлау басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетінәдепсіз түрде кемсіту (130-1-бап), көпшілік алдында сөз сөйлегенде не көпшілікке таратылатын шығармада, не бұқаралық ақпарат құралдарында қорлау (130-2-бап) деген екі жіктеліммен жазаланады. 164-баптағы әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыру да үш жіктеліммен сотқа тартылады. Сарапшы лингвистің басты құзыреті – бұл қылмыс түрлеріне заңдық тұрғыда баға беру емес, жала жабудың, қорлаудың бар-жоғын анықтап қорытынды жасау. Зерттелетін іс объектісі бейне және жазба ақпарат тасымалдағышта жазылған немесе бейнеленген болуы керек.

Сарапшы лингвистке қойылатын талаптар

Лингвист маман азаматтық және қылмыстық істерді тергеу барысында оның арнайы білімі 4 түрлі мақсатта қатысы болуы мүмкін: 1) сот сарапшысы ретінде тергеу істеріне сараптамалық қорытынды жасау; 2) зерттеуші маман ретінде зерттеудің бастамашысының (инициаторының), яғни адвокаттың, не жеке тұлғаның, не заңды тұлғаның жазбаша өтініші бойынша сарапшы қорытындысын беру; 3) кеңесші маман ретінде азаматтық істерде (ҚР АІЖК-інің 207-бабы) [8] ауызша немесе жазбаша түрде кеңес беру. Жазбаша берілген кеңес сот мәжілісінде оқылып, іске тіркеледі, ал ауызша берілген түсіндірулер мен кеңестер сот мәжілісінің хаттамасына жазылады; 4) соттық іс жүргізу әрекеттеріне қатысу – соттық іс жүргізуде құжат мәтіндерінің стильдік жағынан сауатты толтырылуына судьяға, тергеушіге көмек көрсету.

Қылмыстық, әкімшілік және азаматтық істерге соттық лингвистикалық сараптама тағайындаудың негізі мен реті Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу, азаматтық іс жүргізу және әкімшілік іс жүргізу кодекстерімен анықталады.

Қылмыстық іс жүргізуде лингвистикалық сараптама алдын ала тергеу сатысында да, сот барысында да жүргізілуі мүмкін. Лингвистикалық сараптама алдын ала тергеу сатысында сараптаманы тергеушінің, прокурордың бастамасымен (міндетті тағайындау ретімен) тағайындайды (ҚР АІЖК-інің 197, 242-баптары) немесе процеске қатысушылардың бастамасымен белгіленеді. Процеске қатысушы тергеушіге оның ойынша сарапшы қорытындысы керек сұрақты жазбаша тапсырады. Тергеуші ұсынылған сұрақтарды қарап, қылмыстық іске қатысы жоқ немесе сарапшының құзыретіне кірмейтін сұрақтарды алып тастап, қаулыны заңнамалық формаға сай рәсімдейді.

Қылмыстық іс бойынша сарапшы тағайындау туралы тергеуші қаулысының немесе сот анықтамасының азаматтық іс бойынша сараптама тағайындау туралы анықтамасынан (қаулысынан) ерекше өзгешелігі жоқ. Сарапшы лингвистке сұрақтар дайындауда біраз қиындықтар туындайды. Себебі қаулыдағы (анықтамадағы) сұрақтар соттың лингвистикалық сараптаманың пәніне сәйкес келіп, сарапшы лингвист құзыреті шегінен шықпау керек. Сарапшы лингвистке: «Жағымсыз ақпарат шындыққа сәйкес келе ме?», «Оның негізі бар ма?», «Онда қылмыстың белгілері бар ма?», «Ол ақпараттар жеке адамға немесе заңды тұлғаның абыройына, беделіне нұқсан келтіретін, балағаттайтын, жала жабатын, беделін түсіретін бе?» деген сұрақтар қоюға болмайды. Сұрақтар нақты, айқын, анық және екі ұшты болмауы керек. Егер сұрақтар өзара байланысты болса, олар логикалық сабақтастықта қойылуы керек. Егер сот анықтамасындағы (тергеуші қаулысындағы) сұрақтар сауатсыз немесе қате қойылған болса, сарапшы лингвист оны дұрыстай, түзете алмайды. Сарапшы қорытынды жасау барысында қойылған сұрақтарды сөзбе-сөз келтіріп, сұрақты қалай түсінетіндігіне сипаттама беріп кетуі керек. Мысалы, лингвистикалық сараптама тағайындау туралы қаулыда: «Газеттік жарияланым мәтінінде А. деген азаматқа жала жабу туралы ой бар ма?» деген сұрақ қойылса, қойылған сұрақты толық келтіріп, ол сұрақты сарапшы: «Жарияланым мәтінінің мазмұнын мәліметтер растай ма, бұл сөздер А. деген азамат туралы жағымсыз ақпарат бере ме, онда А. деген азаматтың іс-әрекетіне жағымсыз баға берілген бе?» деп түсінемін деп өз ойын сипаттауы керек. Сот сараптамасы мемлекеттік сот сараптамасы мекемесінен басқа 2010 жылы 10 қаңтарда қол қойылған «Қазақстан Республикасындағы соттық-сараптамалық қызмет туралы» заңның [5] 10-бабының 2-тармағының талаптарына жауап беретін арнайы ғылыми білімі бар тұлғаларға тапсырылуы мүмкін. Ол тұлғаларға жеке сарапшылар және сараптаманы бір реттік жолмен жасайтын мамандар жатады. Лингвистикалық сараптама іс жүзінде ҚР сот сараптамасы орталығында, оның аймақтық бөліністерінде жасалады. Сараптама кейде бір реттік жолмен сараптамалық емес мекеме қызметкерлеріне, яғни ЖОО-ының оқытушылары мен ғалымдарына, ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлеріне беріледі. Егер сараптама соттың қаулысымен немесе тергеушінің анықтамасымен жүргізілетін болса, сараптама жасаушы

субъектілер сот сарапшысы мәртебесіне ие болады.

Сот лингвистикалық сараптамасының қорытындысы 4 бөлімнен тұрады: *кіріспе, зерттеу, жинақтау, тұжырым.*

Қорытындының кіріспе бөлімінде сараптама *қашан* (күні, айы, жылы), *қайда* (сараптама мекеменің мәліметтері), *қандай жағдайда* (сот мәжілісінде ме, әлде одан тыс жерде ме) өткізілгені, сараптама өндірісін *кім* (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, білімі, мамандығы, оқу орны, сарапшылық мамандануы, сарапшылық жұмыс өтілі) жасап, *кімдер* (тегі, аты, әкесінің аты) қатысты деген деректер болады.

Бұдан кейін сараптама материалдары санамаланып, сараптаманы тағайындау туралы анықтаманың (қаулының) сұрақтары еш өзгеріссіз, қалай қойылған болса, сол күйінде жазылады. Сарапшы өз бастамасымен қойылған сұрақтар да қорытындының кіріспе бөліміне келтіріледі.

Егер сарапшыға қойылған сұрақтардың кейбір сөйлемдері (толық немесе жартылай) оның арнайы білімінің шеңберінен тыс болса, ол туралы да қорытындыда ескерту жасалады.

Қорытындының зерттеу бөлімінде ұсынылған объектілер, қойылған сұрақтардың әрқайсысы бойынша зерттеудің барысы мен мазмұны баяндалып, зерттеу объектісіне қолданылатын ғылыми ережелер мен әдістер сипатталады. Жасалған зерттеу негізінде айқындалған белгілерге ғылыми түсініктеме беріледі, сипаттама логикалық негізді болып, соңғы түйіндерге жеткізуі керек. Егер сараптама кешенді зерттеу түрінде жүргізілсе, қорытындының зерттеу бөлімі жинақтаушы бөліммен аяқталады. Онда түрлі мамандықтағы мамандар немесе сараптаманың бірнеше түрі жүргізілгендіктен, қойылған сұраққа жауап жеке-дара алынған ақпараттар негізінде жалпы тұжырымдалады.

Қорытындының соңғы бөлімінде тұжырымдар жасалады, яғни қойылған барлық сұрақтарға жауаптар беріледі. Кейбір сұрақтарға жауап беру мүмкін болмаған жағдайда, сарапшы қорытындының зерттеу бөлімінде жауап бермеудің себебін жазуы керек. Сарапшы қойылмаған сұраққа өз бастамасымен тұжырым жасаса, оны қорытындының соңында келтіруі қажет.

Сарапшы тұжырымдары *айқындылығына қарай нақты (оң, теріс) және ықтималды (болжаулы)* болып бөлінеді. Лингвистикалық сараптаманың ерекшелігі айқындалмаған сұрақтарға лингвист сарапшы нақты жауап бере алады, яғни оң немесе теріс қорытындылар бере алады. Мәселен, «Жағымсыз ақпарат бар ма, жоқ па?» деген сұраққа сарапшы қорытындысында: «Жағымсыз ақпарат жоқ» деп, жағымсыз ақпараттың мақұлдау немесе болжау, не бағалау тұжырым ретінде жоқ екенін жазады. Ықтималды формадағы тұжырымдарда соттық лингвистикалық сараптама объектісінің ерекшелігіне сай заңдық күші болмайды. Сөйлеу актісіне қатысты не «иә», не «жоқ», не «мүмкін» немесе «ықтимал» деп жауап берілуі керек.

Ар-намысты, абыройды және іскерлік беделді қорғау туралы азаматтық істерде (ҚР АҚ-інің 143-бабы) лингвистикалық сараптамада жауап беру үшін төмендегідей типтік сұрақтар қойылады:

1. Мәтінде (Т.А.Ә., заңды тұлға атауы) ... туралы, оның қызметі және оның жеке іскерлік, моральдық сапалары туралы жағымсыз мәліметтер бар ма? Бұл мәліметтер нақты қай сөзде, сөйлемде айтылған, оның мағыналық бағыты қандай?

2. Егер жоғарыда айтылған сөздер мен сөйлемдерде (Т.А.Ә., заңды тұлға атауы) ... туралы мәліметтер болса, онда олар қандай формада айтылған (жазылған, көрсетілген): не дәлел, не болжам, не сұрақ ретінде ме?

3. Мәтінді лингвостилистикалық талдау (Т.А.Ә.)-нің қолданыстағы заңнамаларды, моральдық нормалар мен қағидаларды бұзғаны туралы мәліметтерде дәлелді сөздер ме, сөйлемдер бар ма?

4. Жарияланған мәтіндегі сөздер (сөз тіркестері, сөйлемдер, абзацтар) қандай мағына қолданылған?

5. Мақала (мақалалар) мәтінінің композициялық құрылымы қандай? Автор қандай стилистикалық тәсілдер қолданған? Ол жарияланым кейіпкерлеріне қандай мінездеме (сипаттама) береді?

6. Мәтінде баяндалған мәліметтер фактілік дәлел ретінде айтылған ба? Егер олай болса, онда ол қандай, мақала авторының бағалау пайымдары, пікірлері ме?

Осы сұрақтарға жауап бермес бұрын заңгер мен сарапшы лингвистің құзыреттерін шектеп алған дұрыс. Сарапшы лингвист құзыретіне сұрақтарға жауап беру барысында әрекеттерді заң тұрғысында жіктеу (квалификация) жатпайтыны жалпыға белгілі. Егер сарапшы қорытындысында құқықтық баға беретін болса, онда ол сарапшы қорытындысын сот іс бойынша дәлел ететін құжат ретінде мойындамайды, себебі кінәлы адам жауапкершіліктен құтылып кетуі мүмкін.

Мысалы, «Централ Азия монитор» газетінің (2005 жыл 16.XII) «НЛО (Неопознанные личностные объекты)» деген айдарында «Ерасыл Әбілқасымов – жоба адам» деген мақала шыққан. Е. Әбілқасымов: «Аталған газет осы мақала атымен және мазмұнымен менің ар-намысыма, абыройыма және іскерлік беделіме нұқсан келтірді» деп арыз берген. Сот сарапшы лингвистке: «Централ Азия монитор газетінің (16.XII.2005 ж.) «НЛО» деген айдарында «Ерасыл Әбілқасымов – жоба адам» деген мақала атында, жарияланған мақаланың мазмұнында талап арызшының ар-намысы, абыройы және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтер бар ма?» деген сұраққа сараптама жүргізуді тапсырған. Мамандардың пайымдауынша, бұл қойылған сұрақтар – лингвистикалық сараптаманың міндеттері мен әдістемесіне кірмейтін, сарапшы құзыреттілігінің шегінен тыс сұрақтар. Оның себебі *нұқсан келтіретін мәліметтер* 2 параметрмен, яғни 1) заңдарды, қоғамның моральдық қағидаларын бұзу туралы ақпараттармен, 2) жалған, шындыққа сай емес сипатты ақпараттармен бағаланады. Бірінші параметр бойынша лингвистикалық сараптама лингвистикалық тұрғыда ақпарат фактілер немесе оқиғаларды дәйектеп тұр ма немесе болжау ма дегенді айқындайды. Ал екінші параметр бойынша ақпараттың шын, шын емес екендігін анықтау лингвистикалық сараптаманың құзыретіне жатпайды. Лингвист тек қана жеке тұлғаның арызына сәйкес жазбаша немесе ауызша ақпарат мәтінінің мазмұны, ондағы сөздер, сөйлемдер немесе абзацтардың мағынасы тілдік тұрғыдан келгенде адамның ар-намысына, абыройына және іскерлік беделіне нұқсан келтіретінін, келтірмейтінін филологиялық білім аясында анықтап береді.

№ 1 САРАПШЫЛАР КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Комиссия құрамы: филология ғылымдарының кандидаты, доцент Қарымсақова Рахилия Дәулетбекқызы (мамандығы: 10.02.06 – түркі тілдері, 10.02.01 – орыс тілі. Мамандық бойынша еңбек өтілі – 33 жыл), филология ғылымдарының докторы Ли Валентина Сергеевналар (мамандығы: 10.02.01 – орыс тілі. Мамандық бойынша еңбек өтілі – 35 жыл) соттық комиссияның лингвистикалық сараптамасын жасады.

ҚР АІЖК-інің 92-бабында қарастырылған сарапшының құқықтары мен міндеттері түсіндірілді. ҚР ҚК-інің 354-бабында қарастырылған әдейі жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертілді.

Қарымсақова

_____ Р.Д.

_____ В.С. Ли

Соттық комиссияның лингвистикалық сараптама өндірісінің негіздемесі:

- «Жума-таймс» газеті редакторы орынбасарының хаты;
- Алматы қаласы Медеу ауданы прокурорының «Жума-таймс» газетінде жарияланған (№44 (51). 03.11.05) материалда әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы қаулысы;
- Алматы арнайы аудан аралық әкімшілік соттың анықтамасы;
- «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау халықаралық қор жанындағы ақпараттық дауларды сараптау қоғамдық орталығының жетекшісі Г. Х. Әженованың тапсырмасы.

Соттық комиссияның лингвистикалық сараптамасында жауап беруге төмендегі сұрақтар қойылды:

1. Газет мақаласы қандай әдеби (журналистік) жанрда орындалған?
2. «Кенеге кім тапсырыс берді?» атты газет мақаласының негізгі мақсаты және жалпы бағыты қандай?
3. Мәтінде суреттері жарияланған Л. В. Бородин, В. Бородиндер туралы ақпарат бар ма?
4. Мақалада талап арызшы туралы жағымсыз ақпарат бар ма?

5. Мақалада сөз болған тұлғалар туралы ақпарат мақұлдау немесе болжау формасының қайсысында берілген?
6. «Кене» сөзінің мағынасы қандай?
7. «Тапсырыс берді», «авторитет» сөздері талап арызшыға балағаттау мінездемесін бере ме?
8. Автор газет мақаласын жазуда қандай әдеби тәсілдер қолданған және бұл тәсілдер автор таңдаған жанрға сәйкес келе ме?

ЗЕРТТЕУ БӨЛІМІ

Кез келген журналистік материал – тұтас сөйлеу шығармасы, яғни оны құрайтын тілдік бірліктер, тәсілдер, оларды қолдану әдістері бір-біріне тікелей қатысты, сондықтан олар белгілі бір мәтінде өзара байланыста қарастырылады. Зерттеу барысында мәтіндегі әрбір даулы тілдік деталь (сөз, сөз тіркесі, сөйлем, абзац) кіші мәтін (микротекст) аясында (сөйлем) және барлық мәтін контекстінде талданады.

Қойылған сұрақтарға жауап беру үшін мәтінге лингвистикалық зерттеу, яғни сөздерді, сөз тіркестерін, фразаларды, сөйлемдерді, синтаксистік күрделі бірліктерді, абзацтарды талдау лексика-семантикалық, семантикалық-синтаксистік, лингвостилистикалық, логика-грамматикалық әдістермен жүргізіледі.

1-сұрақ. Газет мақаласы қандай әдеби (журналистік) жанрда орындалған?

Бұл жарияланым *бейнелеу формасы* бойынша объектіні, ситуацияны, фактіні сипаттау, *баяндау формасы* бойынша ақпараттың сұқбат идеясын іске асырған. Ақпараттық сұқбаттың объектісі: тікелей оқиғалар, жаңалық фактілер, қоғамдық маңызға ие жаңалықтар. Жарияланым мәтіні оқиғалардың сұқбаттық кезектесумен баяндалған: оқиға үзінділері (В. Бородиннің жерленуі), оған байланысты қосымша мәліметтер, яғни өлтірілген адам туралы деректер, адам өлтіру туралы деректер хабарланады.

2-сұрақ. «Кенеге кім тапсырыс берді?» атты газет мақаласының негізгі мақсаты және жалпы бағыты қандай?

Сұқбат мәтінінде көп орынды деректік ақпараттар: жерлеуді сипаттау, жекелеген өмірбаяндық мәліметтер, куәлар сөзімен баяндалған өлтірілу көрінісін суреттеу және т.б. Бірақ мақала авторы мәліметтерді келтірумен ғана шектелмей, қала тұрғындары үшін бұл өлімнің мүмкін боларлық салдарлары жөнінде де ой толғайды («Клопқа тапсырыс берген кім, бұл өлім Оралда кезекті атыс-табыстың толқынын тудырмай ма?»).

Автор В.Бородин өлімін жан-жақты қарастырып, оны талдауға түрлі ақпараттарды қатыстырып баяндайды. Журналист сонымен қатар ақпараттарды баяндай отырып, оқырмандардың өздері деректерді салыстыра келіп, қандай да бір түйінге келуіне ой тастайды. Мәтінде суреттеліп отырған оқиғаға авторлық баға беру жоқ. Автор өз пікірін негізінен сауалдар тастау арқылы білдіреді. Сұрақтарды оқырмандарға қою арқылы ой қозғауға, қалада қылмыстың өсуі секілді өзекті мәселеге деген қатынасын оятуға көмектеседі.

Түйіндей келгенде, сұқбаттың мақсаты және жалпы бағыты болған оқиға арқылы (В. Бородиннің өлтірілуіне) оқырмандарға әсер ету ақпараты болған. Адамның өлтірілу фактісі қалада қылмыстың өсу мүмкіндігіне мазаланған ойды мәселе етіп қоюға негіз болған.

3-сұрақ. Мәтінде суреттері жарияланған Л. В. Бородина, В. Бородиндер туралы ақпарат бар ма?

Л. В. Бородина туралы ақпарат жобамен айтқанда төмендегі фразда ғана бар: «Құдайым-ай, енді бізді кім қорғайды?! – деп өксіді табыт жанында қара жамылған кексе әйел». Жарияланымның негізгі бөлігі – В. Бородин туралы ақпарат.

4-сұрақ. Мақалада талап арызшы туралы жағымсыз ақпарат бар ма?

Жоғарыда келтірілген сөйленімде талап арызшы туралы жағымсыз ақпарат жоқ. Сөйленімде баяндалған деректердің сипатында бағалаушылық жоқ. Жарияланым мәтінінде талап арызшы жайлы жағымсыз ақпарат беретін сөйлемдер жоқ.

5-сұрақ. Мақалада сөз болған тұлғалар туралы ақпарат мақұлдау немесе болжау формасының қайсысында берілген?

Талап арызшы жарияланымның «Кенеге кім тапсырыс берді?» деген атауына дау айтады. Бұл сөйленім сұраулы сөйлеммен құралған. Сұраулы сөйлем тұжырым емес, яғни сенімді бекіту емес, сенімді тұжырым болмайды. «Сұраулы сөйлемдер әдетте қандай да бір ойлармен (тұжырымдармен) бірлікте туындайды, жеке өздері тұжырым болмайды. Тұжырымға бір нәрсе, бір нәрсе туралы мақұлдау (бекіту) немесе жоққа шығару тән.» *Ал сұрақта* мақұлдауды (бекітуді) немесе жоққа шығаруды, келісімді немесе келісім бермеуді *күту ғана бар*. Тұжырымға не шындық, не жалғандық тән. Сұрақта мақұлдау (бекіту) болмағандықтан, онда тек біздің білгіміз, танығымыз келген зат туралы сауал салу, іздену, белгісіз белгілерді айқындау бағытында ғана болады. Сондықтан сұрақты не шындық, не жалғандық деуге болмайды [12:28]. Демек, даулы болып тұрған «Кенеге кім тапсырыс берді?» деген мақала атауы – акпаратты баяндау формасы бойынша сұраулы сөйлем, яғни мақұлдау (бекіту) мазмұны жоқ сөйлем. Талап арызшы дау айтып отырған тағы бір мақала фрагменті: «Өткен жылғы күзде жастар арасында болған қанқұйлы атыс-шабысқа дәл соның өзі «рұқсат» берген болып шығады да» деген сөйлем. Бұл сөйлемді: «Дегенмен де полицияның айтуына қарағанда, соңғы уақытқа дейін мәселелерді «қараушы» ретінде шешіп келген 53-жастағы Кененің артында түрлі тізбектелген қылмыстар бар. Өткен жылғы күзде жастар арасында болған қанқұйлы атыс-шабысқа дәл соның өзі «рұқсат» берген болып шығады. Олардың екеуі суық және ату құралдарын қолданғандықтан үш жігіттің өлімімен аяқталған болатын». Даулы сөйлемнің логикалық түйіні – болжау формасында, ондай мазмұнды алдыңғы сөйлемнен де, абзацтан да түсінуге болады. Мәселен, алдыңғы абзацта фактілік сипаттағы мәліметтер баяндалады: «Вячаслав Бородиннің өмірбаянында онша қашық емес орындарға барып-қайтудың бірнешеуі болған. Полиция дерегі бойынша, ол соңғы рет 1997 жылы жауапқа тартылған. Құқық қорғау органдарындағы дереккөзге сенсек, ол ұрлау, тонау, қарақшылық шабуыл үшін отырып шыққан. ... Оған түрлі қылмысты мәселелермен құқық қорғау органдары шеше алмаған немесе шешкісі келмеген жағдайларда жүгініп отырған. Сондықтан да «Строитель» шағын ауданында Вячеслав Викторович Бородиннің 20 жылдан астам уақыт І топтағы мүгедек болса да тұрақты қорған болу абыройы сақталып қалған». Даулы фрагмент мазмұны – мақалада баяндалған барлық оқиғалардың, тұтас

мақаланың нәтижесі. Соңғы абзацтағы сөйлем: «Бородинді жерлеу кезінде бізге оның 2003 жылға дейін «қараушы» болғанын, бұрынғы әдетімен кейде мәселені «түсініктер» бойынша шешіп жүргенін де әңгімеледі» делінеді. Тұжырымдардың болжам екендігіне «болып шығады» дегенді «демек, яғни» деген мағыналарда қолданылғандығы дәлел. Тұжырымдардың болжам сипатында екендігіне келесі сұраулы сөйлемдер де дәйек болады: «Вячаслав Бородин шындығында да осы және басқа қылмыстардың бастамашысы болды ма? Бұл құпияны ол өзімен көрге бірге ала кетті».

Түйіндей келгенде, «Өткен жылғы күзде жастар арасында болған қанқұйлы атыс-шабысқа дәл соның өзі «рұқсат» берген болып шығады да» деген даулы фрагмент - болжам тұжырым, жарияланымдағы деректік ақпараттардан туындаған мазмұнның баяндалуы. Журналист бұл ақпаратты мәліметтер алынған дереккөздерге сілтеме жасай отырып баяндайды: «полицияның мәліметінше, полиция хабарлады» деген секілді.

6-сұрақ. «Кене» сөзінің мағынасы қандай?

Талап арызшы дау пәнін ауыстырып отыр. В. Бородинді сұқбат авторы «Кене» демейді. Жарияланым авторы мақала атауында да, мәтінінде де В. Бородиннің «Кене» деген кличкасын пайдаланады. *Кличка* – адамға әзілдеп, мазақтап немесе жасырын ат ретінде берілетін лақап ат [13]. Лақап ат – адамға әзілдеу, мазақтау мақсатында берілген атау (әдетте адамның мінезінде, сырт пішінінде, іс-әрекетінде және т.б. көрініп тұратын қандай да бір белгісін нұсқайды) [13]. Адамдардың жеке лақап аты көбіне сипаттаушы қызмет атқарады. Ал «кене» сөзінің түсіндірмесі: «1. Адамның, жануардың қанымен немесе өсімдіктің сөлімен қоректенетін насеком. 2. *Әзіл*. Кішкентай бала, сәби» [13]. Газет мақаласының мәтінінде Кене кличкасы жалқы есім ретінде қолданылып, атауыштық қызмет атқарады. Егер сөз сипаттаушы қызмет атқаратын болса, ол предикат немесе баяндауыш қызметін атқарған болар еді. Мысалы, Біздің Асан кене; Ол – Алдаркөсе; Ол – ұры, қанышер. Ал біз талдап отырған мәтіннің абзацында, сөйлемдерінде «кене» сөзі предикаттық немесе сипаттаушы қызметте кездеспейді. Демек, мақала мәтінінде В. Бородинге қатысты кличка ретінде қолданылған «Кене» сөзінде балағаттаушылық сипат жоқ.

7-сұрақ. «Тапсырыс берді», «авторитет» сөздері талап арызшыға балағаттау мінездемесін бере ме?

Жарияланым мәтініндегі авторитет сөзі: «2. Мойындалған, ықпалды адам. Авторитеттердің пікірі. Авторитеттер алдында иілу. Қылмыстық әлемнің авторитеттері» [13] мағынасында қолданылған. *Авторитет* сөзі В. Бородинге қатысты қолданылуы жарияланым мәтінінде баяндалған және ісінің материалдарымен дәлелденген фактілерді, заңды бұзу жағдайларын, жерлеуді суреттеуді негізге алады («Өткен сейсенбіде қабір басында жерлеу процессиясы болды, оған 100-ден астам машина жиналды»).

«Тапсырыс» деген сөзде ешқандай да жағымсыз мән жоқ: «1. Біреуге бір нәрсе жасау, дайындау туралы тапсырма беру» [13]. Дегенмен де кейінгі жылдарда «тапсырыс беру» сөзінің, одан туындаған сөздердің жаңа, ауыспалы мағыналары пайда болды: «2. Тапсырыспен өлтіру. Ақша төлеп адам өлтіртуді орындау. Немесе біреуді өлтіруді кәсіби қанышерге (киллерге) ақша төлеп тапсыру». Ал мақала мәтіндегі адамның өлтірілуін сипаттаудан адам өлтірушінің алдын ала дайындалған қылмысы екеніне еш күмән жоқ.

Демек, жарияланым мәтініндегі сөйлемдер ішінде *авторитет*, *тапсырыс* деген сөздердің қолданылуы өмір шындығын нақты бейнелеп тұр, сондықтан да бұл сөздер талап арызшыға қатысты алғанда балағаттайтын сипаттағы, мәндегі сөздер емес.

8-сұрақ. Автор газет мақаласын жазуда қандай әдеби тәсілдер қолданған және бұл тәсілдер автор таңдаған жанрға сәйкес келе ме?

Жарияланым мәтінінде сөз мағыналарының мәндік, реңдік әсерін күшейтетін ерекше стильдік тәсілдер қолданылмаған. Мәтіннің жекелеген стильдік ерекшелігін атап өтсек, тілдің ауызекі сөйлеу құралдарын қолданған, атап айтқанда, қарапайым сөздер, төменгі стильдегі жаргондық лексиканың бірліктері. Мәселен, «онша қашық емес орындарға барып-қайтудың (ходка) бірнешеуі болған», «қараушы» (смотрящий) болғанын, «мәселені «түсініктер» (по понятием) бойынша шешіп жүргенін (разводил) әңгімеледі». Мұндай баяндау, яғни төменгі стильде суреттеу – қазіргі БАҚ-тың негізгі сипаты. Талданып отырған жарияланым да соның бір көрінісі. Қылмыстық өткені бар В. Бородиннің өлтірілуі және оның жерленуі туралы сұқбаттың жанрына стилі сай келеді.

ТҰЖЫРЫМДАР

1. «Кенеге кім тапсырыс берді?» атты жарияланым ақпараттық сұқпат жанрында жазылған, оның объектісі ретінде тікелей оқиғалар, жаңалық фактілер, қоғамдық мәндегі жаңалықтар алынған.

2. Сұқбаттың мақсаты мен жалпы бағыты – оқырмандарға болған оқиға туралы (В. Бородиннің өлтірілуі) әсер етерлік ақпарат беру, адам өлтіру фактісінің өзі қалада өршіп кетуі мүмкін қылмыстық әрекеттерді мәселе етіп қою.

3. Л. В. Бородина жайлы болмашы ақпарат: «Құдайым-ай, енді бізді кім қорғайды?! – деп өксіді табыт жанында қара жамылған кексе әйел» деген сөйлемде ғана бар. Жарияланымның негізгі бөлігі В. Бородин туралы ақпараттардан тұрады.

4. Жарияланымда талап арызшы туралы жағымсыз ақпарат мазмұндағы сөздер жоқ.

5. Даулы фрагмент болып отырған «Кенеге кім тапсырыс берді?» деген мақала аты ақпараттың айтылу формасы бойынша сұраулы сөйлем, яғни мақұлдау мазмұнды сөйлем емес.

Келесі даулы фрагмент: «Өткен жылғы күзде жастар арасында болған қанқұйлы атыс-шабысқа дәл соның өзі «рұқсат» берген болып шығады да» деген сөйлем – жарияланым мазмұнында баяндалған фактілік ақпараттардан туындаған болжам тұжырым.

6. *Кене* сөзінің мағынасы зерттеу бөлімінде баяндалды. *Кене* сөзі В. Бородиннің кличкасы, лақап аты ретінде қолданылғандықтан, оның балағаттау сипаты жоқ.

7. *Авторитет, тапсырыс беру* сөздерінің мағыналары түсіндірме сөздіктерде айқындалған. Бұл сөздердің жарияланым мәтінінде қолданылуы өмір шындығы мен оқиғаны дәл баяндағандықтан, оның талап арызшыға қатысты балағаттау сипаты жоқ.

8. Жарияланым мәтінінде төмен, қарапайым лексиканың қолданылуы қылмысты өткені бар В. Бородиннің өлтірілуі мен жерленуі туралы сұқбаттың жанрына сай келеді.

Объектілерге лингвистикалық зерттеу жүргізу барысында қолданылған

5.3. Лингвистикалық сараптаманың заңдық негіздері

Қазақстан Республикасының заңнамасында сөйлеу әрекетімен жасалатын жиырмадан астам құқық бұзушылық бар. Мәселен, 2011 жылдың 11 қыркүйегінде қол қойылған Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінде жала жабу (129-бап), қорлау (130-бап), әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыру (164-бап), Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен құлатуға немесе өзгертуге не оның аумақтық тұтастығын күшпен бұзуға шақыру (170-бап), Қазақстан Республикасы Президентінің ар-ұжданы мен қадір-қасиетіне қол сұғу және оның қызметіне кедергі жасау (318-бап), депутаттың ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғу және оның қызметіне кедергі жасау (319-бап), Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің қызметіне кедергі жасау (319-1-бап), өкімет өкілін қорлау (320-бап), жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу не мәжбүр ету (354-бап) сияқты қылмыстарға жазалар, Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінде ар-намысты, қадір-қасиетті және іскерлік беделді қорғау (143-бап), бөтен тауар таңбасын, қызмет көрсету таңбасын, тауар шығарылған жердің атауын немесе фирмалық атауды заңсыз пайдалану (145-бап), ұсақ бұзақылық (330-бап), бұқаралық ақпарат құралдарында ұлттық араздықты тұтандыруға бағытталған материалдарды жариялауға рұқсат беру (343-бап), бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдерін, сол сияқты өзге де өнімдерді Қазақстан Республикасының аумағында даярлау, сақтау, әкелу, тасымалдау, тарату (344-бап), бұқаралық ақпарат құралдарына көрінеу жалған мәліметтер және материалдар беру (347-бап), куәнің, жәбірленушінің көрінеу жалған айғақтары, сарапшының көрінеу жалған қорытындысы немесе қате аударма жасау (516-бап) сияқты әкімшілік тәртіп, құқық бұзушылықтарға жазалар қарастырылған. Тілдік мәтіннің ақпараттық құрал ретіндегі құқықтық нормалары сонымен қатар Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы», «Бұқаралық ақпарат құралдары», «Ономастика туралы» заңдарында реттелген.

Азаматтардың адамгершілік-моральдық, іскерлік беделін қылмыстық, азаматтық және әкімшілік құқықтарын құқықтық кеңістіктің сот үдерісінде қорғауда негізінен соттық сараптама қолданылады. Соттық сараптаманың отыз шақты түрі бар. Соның бірі – соттық лингвистикалық сараптама. Соттық сараптама дегеніміз – сот үдерісінде жаңа дәлел алудың және бар дәлелдерді нақтылаудың, тексерудің іс жүргізудегі жеке формасы. Соттық лингвистикалық сараптама дегеніміз – табиғи немесе жасанды тілдің қолданылу және пайдаланылу заңдылықтарын зерттеу негізінде нақты анықталған мәліметтер мен мағлұматтарды сөз бен сөйлеу мазмұнының шын/жалған, мүмкін/мүмкін емес екендігін сипатталушы объектіге қатысты анықтау. Сараптама, оның ішінде лингвистикалық сараптама да прокурордың немесе тергеушінің бастамасымен алдын ала тергеу немесе сот барысында да тағайындалып жүргізілуі мүмкін. Сарапшыға, сараптамаға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінде жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу не мәжбүр ету (354-бап), Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексінде сарапшы (83-бап), маман (84-бап), сараптаманы тағайындау (240-бап), сараптаманы міндетті түрде тағайындау (241-бап), сараптаманы тағайындау тәртібі (242-бап), сот сараптамасын жүргізу тапсырылуы мүмкін адамдар (243-бап), сезіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, қорғаушының және жәбірленушінің өкілінің сараптама тағайындау және жүргізу кезіндегі құқықтары (244-бап), өздеріне қатысты сот сараптамасы жүргізілетін адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдігі (244-1-бап), сот сараптамасы органының сараптама жүргізуі, сот сараптамасы органы басшысының құқықтары мен міндеттері (245-бап), сот сараптамасын жүргізу кезінде процеске қатысушылардың қатысуы (246-1-бап), сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға орналастыру (247-бап), сараптама объектілері (248-бап), жеке және комиссиялық сараптама (249-бап), кешенді сараптама (250-бап), сарапшы қорытындысының мазмұны (251-бап), қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарлама (252-бап), сарапшыдан жауап алу (253-бап), сезіктіге, айыпталушыға, жәбірленушіге сарапшының қорытындысын көрсету (254-бап), қосымша және қайталама сараптама (255-бап), Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу кодексінде сараптама

тағайындау (91-бап), үлгілерді алу (91-1-бап), дәрігердің немесе басқа маманның, сондай-ақ сарапшының үлгілерді алуы (91-2-бап), үлгілерді алу кезінде тұлғаның құқықтарын қорғау (91-3-бап), сарапшының құқықтары мен міндеттері (92-бап), маманның консультациясы (түсіндірмесі) (207-бап), дәлелдеменің жалғандығын мәлімдеу (208-бап), Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінде куәнің, жәбірленушінің көрінеу жалған айғақтары, сарапшының көрінеу жалған қорытындысы немесе қате аударма жасауы (516-бап), әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша дәлелдемелерді бұрмалау (516-1-бап), маман (596-бап), сарапшы (597-бап), аудармашы (598-бап) секілді мазмұндағы баптарда, сонымен қатар «Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметі туралы» деген арнайы заң да бар.

6.2.Көпшілік алдында сөйлеу әдебі

1-сағат тәжірибелік сабақ.

Көпшілік алдында сөйлеу мәнері

Көпшілік алдында көбінесе баяндама, дәріс оқылады. Оны қоғамдық, экономикалық, мәдени мәселелерді көтеруге байланысты қарым-қатынас орнатуда, ақпарат құралдарында да қолданады. Мұндағы маңызды мәселе, айтатын сөздің мазмұндылығы, қажеттілігі, көпті қызықтыруы. Сөздің көп түрі мынадай ерекшеліктерге ие: - мағлұматтылығы, құжаттық-дәлелдік, нақтылық, жинақылық, пайдаланған материалдардың ресмилігі; - шынайы өмір құбылыстары мен дәлелдер; оқиға, хабар, көргендердің әңгімесін пайдалану; - талқылау, іс-әрекет, зерттеу, түсіну, жүйе т.с.с. сөздерді пайдалану; - нақты біреуге бағыттау. Мысалы нақты әріптесіне арналған сөз; - эмоционалды, қуатты, түсінікті, әртістік мәнерде айтылатын сөздер. Мысалы, мақал-мәтелдер, үзінділер, даналық сөздер, т.б. Көпшілік алдында сөз сөйлеу үшін арнайы дайындық қажет. Артық сөздерді алып тастап, ойды жүйелеп, логикалық байланысын дайындап алған абзал. Сонымен қатар қалжың, сықақ, өткір сөздерді де пайдаланған дұрыс. Сөзіңізді тыңдаушы көңіл қойып тыңдап, ұғынуы үшін ым-ишараны орынды пайдалануыңыз тиіс. Халқымыз "Ымды түсінбеген, дымды түсінбейді" дейді. Сөз сөйлейтін орныңызды алдын ала тексеріңіз: - көрнекі құралдарыңыздың аудиторияда

анық көрінетініне көз жеткізу; - терезелерді тексеру. Терезеден түсетін жарықтан немесе терезе алдындағы ойды бөлер қозғалыстан құтылу үшін, перделердің жабылатындығын байқау керек; - залдың ыстық немесе суық екенін ескеріңіз; - мінбенің бар-жоғын, оны қолданудың қажет, қажетсіздігін алдын ала жоспарлаңыз. Егер де ол тым аласа болса, оны жоғарылатудың амалын қарастырыңыз. Сөз сөйлеу барысында басыңыз көрінетіндей болып тұруы қажет. Ал егер де мінбе денеңіздің көп бөлігін жауып кететін болса, онда аяғыңыздың астына бір нәрсе қойған жөн; Ойды бөлетін, алаңдататын өзге элементтердің болмауын қадағалаңыз: - залға кешігіп келген адамдардың өзгелердің көңілін бөлмей, назарын аудартпай, соңғы бос орындарға отыра қалуды қолмен нұсқап көрсетіңіз; - сөз сөйленер тұста есік тарсылдап, қайта-қайта ашылып, жабылмауына көз жеткізіңіз. - егер су қажет болса, оны да алдын ала әкеліп қойыңыз.

Ғалия Абилбакиева

Жұрт алдында сөйлеу мәдениеті.

Жұрт алдында сөйлеуге негіз болатын екі түрлі себеп бар:

1. Өз сезіміңді білдіру қажеттігі.
2. Ойыңды басқа біреумен бөлісу тілегі.

Кез келген адамның көпшілік алдына шығып сөйлеуге батылы жете бермейді. Жұрт алдына шығып сөйлеудегі қиындықтар :

1. Сөйлеуші мен тыңдаушының байланысы бетпе-бет болғандықтан, елді ұйыта білуі қажет.
2. Ауызша сөйлейтіндіктен, көп ізденіп, жаттығу керек.
3. Тыңдаушыны жалықтырып алмау үшін дауысты құбылту керек.

Жұрт алдында сөйлеуге әзірленгенде, топ ерекшелігі ескерілуі тиіс. Сөзді тыңдату үшін мыналар қажет :

1. Қарым- қатынасқа түсе білу.

2. Тыңдаушының назарын аудара білу.
3. Сыпайылық таныту, мәдениеттілік.
4. Тыңдаушының көңілінен шыға білу.

Жұрт алдында сөйлеуге машықтану жолдары.

Жұрт алдында сөйлеуге дайындық бірнеше сатыдан тұрады:

- психологиялық дайындық;
- нақты сөзге дайындық;
- күнделікті дайындық.

Шешен өзіне сенетіндей жағдайға жетуі тиіс. Тапқырлық сабырлылық, батылдық қажет.

Психологиялық дайындық тыңдарман жөніндегі мәліметтерге сай жүргізіледі, онда тыңдаушы орта, жастары, мамандықтары ескеріледі. Сөйлеуші минутына 100-200 сөз айтуға әзірленуі тиіс. Сөйлеу техникасын, дауыс мәнерін меңгеруі қажет. Бет- жүз құбылысын анықтау үшін айнаға қарап тұрып сөйлеу керек. Алға- артқа жүріп те жаттығу керек.

Жылы жүзбен, жұмсақ дауыспен сөйлеуге дайындалып, дағдылану қажет. Сұрақ- жауап ретінде қатынасты дамытуды үйренуі керек. Үйретуші ретінде баруға болмайды, тым білгіш болу да қауіпті, көптің көңілінен шықпай қалуы мүмкін.

Нақты сөзге дайындық:

1. Сөйленетін сөздің тақырыбын анықтау.
2. Мақсатты айқындау.
3. Материалды іріктеу.
4. Әдебиетпен жұмыс.
5. Өз ұстанымының болуы.

6. Жоспар арқылы сөйлеуге әзірлік.

7. Дауысты құбылта білу.

Күнделікті дайындық.

Шешеннің дарыны күделікті үздіксіз дайындық арқылы келеді, жарқырап ашыла түседі. Ғылыми-көпшілік әдебиеттерден, баспасөз, ақпарат құралдарынан, көркем әдебиеттерден қажетті сөздерді, фактілерді, үзінділерді жазып алып, жаттап, қысылған кезде жол табуға мүмкіндік алатындай қоры болуы керек. Мұндай ізденіс адамның жеке мұрағатын жасауға негіз болады. Даналық сөздер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер көп сұраққа жауап бола алады.

Күнделікті дайындықтың жүйесін құрайтын әрекеттер: күнделік, пікір, хат, толғау, тілек түрінде ойды қағазға түсіре беру. Ой толығып, есте берік сақталады.

Дайындықтың тағы бір түрі- басқа шешендердің сөзін тыңдап, оларға сыни талдау жасау. Табыстан үлгі, қатеден сабақ алуға дағдылану.

Жұрт алдында сөйлеу әдісін меңгеру дайындық кезеңдерін дұрыс ұйымдастыру, жоспарын жасау, сөзді бастап, баяндау, аяқтаудың әр бөлігін ойластыру, аудиторияны еркін билеудің тәсілдерін анықтаумен тығыз байланысты.

Көпшілік алдында сөйлейтін сөздің құрылымы.

Көпшілік алдында сөйлейтін сөздің құрылымы ойдың дами беруінің ішкі заңдылықтарын ескере отырып жасалатын бірнеше бөліктің бірлігінен тұрады. Мазмұны тұтас бір сөздің бөлшектерін құрайтындықтан, олардың орналасуын анықтау автордың өз еркінде. Сөз құрылымы кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерден тұрады.

Кіріспе сөз.

Қол бастау қиын емес,

Шабатын жерден ел табылады,

Ел бастау қиын емес,

Қонатын жерден көл табылады.

Шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргенім жоқ,- деген екен Бұқар жырау.

Сөз этикалық сөз орамдарынан басталады. “Құрметті әріптестері”, “Ханымдар мен мырзалар!”, “Танысып қоялық..”, “Сіздермен кездескеніме қуаныштымын”, “Бүгін сәтті күн..” т.б.

Тыңдаушының назарын бірден аударуда мақал-мәтел, қызықты әңгіме, естімеген жаңалық тосын сұрақ т.б. сәтті қолданудың орны ерекше.

Негізгі бөлім.

Негізгі бөлімнің басты мақсаты- айтылатын сөздің түйінді мәселелерін, ой өзегін таратып, жүйелеп түсіндіру. Негізгі бөлімнің ерекшеліктері : егер тыңдаушыға тақырып беймәлім болса, әңгімені негізгі ойдан бастау, ал тақырып таныс болса, өзекті ойды ашу.

Баяндаудың логикалық формалары.

Ұғым құалыптастырудың негізгі логикалық тәсілдеріне анализ, синтез, салыстыру, жинақтау жатады.

Анализ- нәрсені ғылыми түрде зерттеу, талдау.

Синтез- заттарды бірлікте, тұтастықта қарау.

Салыстыру- нәрселер, құбылыстардың басты белгілерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ойша сараптау.

Жинақтау- қорытындылау, айтылған ойды түйіндеу.

Түсіндіру тәсілдері.

Шешендік өнерде сызбалар, модельдер, жоспар қолданса, сөз қуаты арта түседі.

Дедукция- жалпыдан жалқыға, бүтіннен бөлшекке, теориядан мысалға көшу.

Индукция- жалқыдан жалпыға, белгіліден белгісізге көшу.

Аналогия- ұқсас заттардың белгілерін салыстырып, белгілі бір затқа тән қасиетті ашу.

Дәлелдеме және оның мәні.

Шешен сөзінің шыныдық сипатын арттырудың және тындаушының сенімін қалыптастырудың бір жолы- дәлелдемелерді орынды қолдану.

Дәлелдеме- айтылатын сөздің шындығына көз жеткізетін анықтама, куәлік.

Дәлелдеменің екі түрі болады:

1. Затқа, құбылысқа қатысты дәлелдемелер. Фактілер, статистикалық материалдар, құжаттар т.б.

2. Адамға қатысты дәлелдемелер. Ой-пікірлер, қасиеттер.

Қорытынды сөз.

Қорытынды бөлімнің міндеті- сөздің тұжырымын, түйінін жасау, тыңдарманға ой салу. Қорытынды сөзге тән белгілер: сөз қысқалығы, ой шымырлығы. Қорытынды- сөздің бүкіл күшін топтастырушы, мәндә бөлім. Қорыта айтқанда, ойымызды түйіндей келсек, сөз соңында айтарым, айтылған мәселлерден шығатын қорытынды т.б. сөздер айтылады.

Пікірталас мәдениеті.

Демократиялық қоғамның басты белгілерінің бірі- сөз еркіндігі. Өзінің айтары бар, жеке ой- пікірлері ұтымды, қоғамдық көзқарасы қалыптасқан адамдарға, топтарға өзін танытуға мүмкіндік бар.

Орынды айтылған сөзге тоқтау- біліктілік белгісі, арлылықтың айғағы. Пікірталасу- адамның ақыл- ой қабілеті дамуының басты тетігі. Полемика- сөз қақтығысы. Әр түрлі пі- кірдің болуы жеке адамдардың, топтардың арасында сөз қақтығыстарының болуына әкеледі. Сөз майданында тек ақылдылар ғана емес, ойы алымды,

сөзі шалымды шеберлер жеңіс тұғырына көтеріледі, сондықтан полемикалық шеберлікті үйренудің маңызы ерекше.

Шешенге қажетті ең қажетті іскерліктер:

1. Өз пікірін дәлелдей алуы.
2. Пікірінің дұрыстығына өзгелердің көзін жеткізе білуі.
3. Сөзіне ұйытып, сендіруі.
4. Қарсыласына тойтарыс бере білуі.

Пікірталас- белгілі бір қоғамдық мәні бар мәселені, ғылыми жұмысты талқылау барысындағы айтыс, тартыс, дау. Пікірталасқа қатысушы төмендегідей мәселені білуі шарт :

1. Өзі қатысатын пікірталастың мәнін түсіну.
2. Пікірталастың түрін, ерекшелігін ескеру.
1. Қажетті полемикалық тәсілдерді меңгеру.
2. Пікірталас тақырыбын анықтау.
3. Пікірталас мәдениеті талаптарын орындау.

Пікірталас мәдениеті талаптары.

Пікірталасқа қатысушы адамның бойында батылдық пен сыпайылық, салқынқандылық пен тапқырлық, шешендік пен сөзге тоқтай білу сияқты қасиеттер тоғысып жатуы тиіс. Сөз додасына түсетін адамның сөзді орынды, дәл қолдана білуі, терминдерді дұрыс түсінуі, тілдік жағдаятта сөз орамдарын жарасымды келтіре білуі, еркіндігі жеңіске жету мүмкіндігін молайтады. Қарсыласының сөз астарын тез ұғып, жылдам жауап беріп, сөз қақтығысынан жол тауып шыға білуі, қателіктерді тез сезініп, шұғыл шешім қабылдау іскерлігінің де көмегі көп.

Сөзталасқа түсер алдында мынадай мәселелерге назар аударған жөн :

1. Бұл мәселе айтысуға тұра ма, қажеттігі қандай?

2. Айтысты ұйымдастырудағы мақсат не?
3. Қарсыласатың деңгейі қандай?
4. Қарсыластың позициясы қандай?
5. Қарсыластың мықты және осал тұстары неде?

Айтыскерден тікелей талап етілетін нәрселер :

1. Тақырыптан ауытқымау.
2. Өзінің позициясының болуы.
3. Өзін дұрыс ұстай білуі.
4. Сөйлеу шеберлігі.
5. Жоғары мәдениеттілік.
6. Қарсыласын, аудиторияны сыйлауы.
7. Қара басының намысымен қатар ортақ пікірге деген мүдделілік.
8. Қарсыласына кезек беруі.
9. Регламент сақтау.

едің?

Қарсыласқа тойтарыс берудің шарттары, тәсілдері:

1. Сұрақтың дұрыс қойылуы.
2. Логикалық заңдардың басшылыққа алынуы.
3. Ойды баяндау тәсілдерінің ұтымды қолданылуы.
4. Ой тығырығына тіреу амалдарын ойластыру.
5. Логикалық қателіктер жібермеу.

Қарсыласқа тойтарыс берудің ұтымды тәсілдері ретінде оның ойын жоққа шығару, тұжырымын сынау, өз сөзімен өзін ұру, сұрақпен

төпелеу аталады. Психологиялық қыспаққа алуда әзіл, сықақ, мысқылды қолдану қажет.

Пікірдің өтімділігін арттыратын тілдік құралдарға орынды дәлелдемелер, риторикалық фигуралар, этикеттік сөз орамдары жатады. Сөз саптау, сөз мазмұнын үйлестіру, ұйқастыра сөйлеу пікірдің әсерін арттырады.

Шешенге қойылатын талаптарды ескере отырып берілген тақырыптың біреуін таңдап көпшілік алдында тосылмай шешен сөйлеп көрейік. Тақырыптар:

1. Компьютер заманында шешендік өнер қажет пе?
2. «Соңғы қоңырау» жиынында сөйленетін сөзің.
3. Асылым, ардағым – ана тілім!
4. Агенттің пайдасы мен зияны
5. Еркін тақырып



-жаттығу. Эссе жаздыру.

“Бүкіл әлем тек сенің иелігіңде болса...”



6-жаттығу. *Берілген жағдаяттар бойынша сөз сөйлеуге дайындық жасаңыз.*

1. Учаскелік инспектор өз қарамағыңыздағы үй тұрғындарымен мөлтек ауданындағы криминалдық жағдай туралы әңгіме өткізуі керек.
2. Ішімдіктің кесірінен әйеліне қол жұмсаған азаматпен және оның әйелімен әңгімелесу қажет.
3. Аулада тұрған автокөліктің терезесін үйлердің болкондарының бірінен белгісіз біреу қатты зат лақтырып сындырған. Оның кім екенін аулада ойнап жүрген балалар көрген. Болған оқиғаға куә болған балаларды тауып, автокөліктің терезісін сындырған адамның кім екенін анықтау керек.
4. Сенің қарамағыңдағы учаскідегі дәмханада бір топ жастар бұзақылық жасаған. Дәмхана қызметкерлерімен әңгімелесу керек.



1-жаттығу. Мәтінді оқып, жоспар құрыңыз. Кіріспе, негізгі, қорытынды бөліктерін ажыратыңыз. Мәтіннен екі сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз.

Мал ұрлығы азаймай тұр

Облыстық ішкі істер департаментінде өңіріміздегі мал ұрлығының азаймай тұрғандығы, осыған байланысты жергілікті әкімдіктер мен полиция бөлімдерінде қандай алдын алу шараларының жүргізіліп жатқандығы жайында жиын өтті.

Облыстық департаменттің криминалды полиция басқармасы қасақана жасалған қылмыстарды ашу бөлімінің бастығы, полиция майоры С.Федоров пен осы басқарманың жедел өкілі, капитан Ә.Талапбеков облыс аумағында орын алып отырған мал ұрлығына қатысты бірқатар жайттарды жайып салды.

Соңғы кездері, әсіресе, ауылды жерлерде жаппай етек алған мал ұрлығы тәртіп сақшыларын да қатты алаңдатып отырған көрінеді. Жыл басынан бері 196 мал ұрлығы тіркелген болса, соның бар болғаны 86-сы ғана ашылған. Бұл облысымызда өткен жылмен салыстырғанда ұрлық арқылы мал табушылар санының 49,6 пайызға өскендігін көрсетеді. Осыған байланысты аудан, ауыл әкімдерімен және жергілікті полиция қызметкерлерімен бірлесе отырып, аталмыш қылмыстың алдын алу мақсатында бірқатар шаралар ұйымдастырылып жатқан көрінеді.

– Жыл басынан бастап, осы уақытқа дейін тіркелген мал ұрлығының 50 пайызы – ауылды жерлердегі жеке меншіктің үлесіндегі, яғни, ешқандай бақташысыз, қараусыз өріске шығара салған малдар. Қазір ауылдық әкімдіктер мен жергілікті құқық қорғау саласының мамандары ауыл тұрғындарымен малды кезектесіп бағу мәселесін шешуді күн тәртібіне қойып отыр. Бұл мәселе шешімін тапқасын, «малдың әр басына қанша ақы төленуі тиіс және оны кімдер бағады?» деген сұрақтардың айналасында келіссөздер жүргізілетін болады. Мал ұрлығына байланысты жоғарыда келтірілген пайыздық көрсеткіштердің барлығын ұрлыққа жатқызуға да болмайды. Өйткені, қайсыбіреулердің малдары «ұрлап әкетті!» деп арыз түсіргеннен кейін, араға біраз уақыт салып, табылып та жатады. Сондықтан ұрлық пен жоғалып кетуді шатастырмау керек. Айталық, Ұлан ауданында мал қораларының есігін бекітпегендіктен шығып кеткен немесе өзенге

ағып кеткен малдың өлексесі табылған жағдайлар да болған, – дейді криминалдық полиция басқармасының мамандары.



4-жаттығу. Мәтінді оқыңыз.

Сөз атасы – құлақ

Мазмұнды сөзге құлақ қойып, ықыласпен тыңдай білуге де дағды керек. **Орамды тілдің эстетикалық әсеріне**, айтылған ойдың мазмұнына қанық болу үшін кісінің «көкірегі сезімді» болуға тиіс. Абай ақыл сөзді кімнің қалай ұғатыны туралы былай дейді: «Қарны тоқ аса маңғаз ұқпас сөзді, сөзді ұғар көкірегі болса көзді...» Солай болғандықтан сөзді әркім әртүрлі тыңдауы мүмкін. Айтылған ғибратты асыл сөз бір құлақтан кіріп, бір құлақтан шығып жатса, онда не пайда?

Сондықтан кісіні тыңдай білу де – мәдениеттілік. Көбіміз басқа біреудің айтқанын тыңдай білмейміз, оның сөзін орынсыз бөліп, жөн-жосықсыз бірденелерді қыстырмалап білгішсінетіндер де болады. Бәрінен де ойсыз, **есалаң сөзге есеңгіреген жаман.**

Ертегілер айтқандай, адамның аузы біреу, құлағы екеу болғандықтан, мылжыңдап көп сөйлемей, көп тыңдай білу де керек. **Сөйлей білу адамға қаншалықты керек болса, тыңдай білу де соншалықты керек.**

Тапсырма

1. Қарамен терілген сөз тіркестері мен сөйлемдерге түсініктеме беріңдер.
2. Мәтіндегі айтылған ойдың «тыңдау әдебі» деген ұғыммен қандай байланысы барына салыстырмалы түрде өз пікірлеріңді айтыңдар.
3. «Сөз атасы – құлақ» сөзін қалай түсіндіңдер?



-жаттығу.

Шығармашылық жұмыс. Ойды өзіңше аяқта

Тату болса, ағайын жақын.
Ақылшы болса, апайың жақын.
Бауырмал болса, інің жақын.
Инабатты болса, келінің жақын.

.....

Арадан шыққан жау қиын,

Таусылмайтын дау қиын,
Шанышқылаған сөз қиын
Жазылмаса дерт қиын.

.....

Ой толғау. Шешендерше жауап беру.

Дау мұраты не?
Саудагер мұраты не?
Қыз мұраты не?
Жол мұраты не?

Қол бастау қиын ба?

Жол бастау қиын ба?
Сөз бастау қиын ба?

Жерден ауыр не?

Судан терең не?
Оттан ыстық не?
Көктен биік не?

-тапсырма. Үлгі бойынша хаттаманы толтырыңыз.

Нәрселерді қарап-тексеру хаттамасы
ХАТТАМАСЫ

Қарағанды қ.
ақпан.

2017 жылғы 01

Басталды: «10 « сағат «00» минут.

Аяқталды: «11» сағат «15» минут.

Қарағанды қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция лейтенанты Н.Н.Мұқашев № 8 кабинетінде ҚР ҚПК 199, 219 және 220 баптардың талаптарын сақтай отырып, келесі куәгерлердің қатысуымен:

1. Қанат Алпысұлы Баубеков – мекен-жайы Қарағанды қаласы, Муканова көш. 19 үй, 276 пәтер;

2. Дастан Құдайбенгенұлы Есенов - мекен-жайы Қарағанды қал, Муканова көш. 19 үй, 296 пәтер

Жоғарыда көрсетілген куәгерлердің қатысуымен азамат Ж.К. Сартабаевтан алынған етіктерге қарау жүргіздім. Сол жүргізілген әрекет туралы ҚР ҚПК 199, 224 б. сай хаттаманы толтырдым.

Қарау жүргізу алдында куәгерлер Қ.А. Баубеков пен Д.Қ.Есеновке ҚР ҚПК 82 б. сәйкес олар тергеу іс әрекеттерін жүргізуге қатысуға, тергеу іс әрекеті жөнінде хаттамаға енгізуге жататын мәлімдемелер мен ескертулер жасауға, өзі қатысқан тергеу іс әрекетінің хаттамасымен танысуға, қылмыстық ізге түсу органның іс әрекетіне шағым жасауға, қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде өзіне келтірілген шығындарға өтем алуға құқығы бар екені түсіндірілді. Сонымен қатар оларға ҚР ҚПК 82 б. көзделген міндеттері түсіндірілді және олар өз міндеттерін орындаудан немесе дәлелді себептерсіз келуден бас тартқаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылатыны туралы ескертілді.

Куәгерлер: _____ Қ.А. Баубеков

_____ Д.Қ. Есенов

ҚАРАУМЕН АНЫҚТАЛДЫ:

Қараудың объектісі қара түсті былғары етіктер болып табылады. Етіктер көтерісінің екі жағынан ілгекке салынады. Оң жақ етіктің алдының оң жағында сызық түрінде 2 см. ұзындығы кесілген жері бар. Аяқ киімнің табаны тұтас қара қоңыр түсті. Оң жақ етіктің алды шеті бойынша 7 см. ұзындыққа кесілген. Аяқ киімнің іші ақ қоңыр түсті терімен қапталған. Ұлтрақтары тозған күйде. Етіктер қарау уақытында тозған күйінде екені анықталды.

Қарау күндізгі уақытта, бұлтсыз шуақ күнде және табиғи жарықта жүргізілді.

Қарау барысында қатысушылардан еш ескертпе мен өтініш түскен жоқ.

Хаттаманы тергеуші дауыстап оқыды, дұрыс жазылған. Өзгертулер мен толықтырулар жоқ.

Куәгерлер: 1. _____

2. _____

Қарауды жүргізген:

Қарағанды қаласы ІІБ ТБ тергеушісі

полиция лейтенанты (қолы)

Н.С.Мұқашев

3-сағат КӨЖ.



2-жаттығу. Әңгімені оқып, өз ойыңызды білдіріңіз.

Әзірет Әлінің ілімнің қақпасы атанып кеткенін сынау мақсатында жерлестері оған он адамды кезекпен жібермекші болған, олардың бәрі Әзірет Әліге бір сұрақ: «Білім артық па, байлық артық па?» — деп сұрайтын болып келіскен. Егер осы сұраққа он түрлі жауап берсе ғана халифаны мойындамақ болыпты. Сонда Әзірет Әлі сұрақтарға былай деген екен:

1. Білім артық, өйткені ол пайғамбарлардан қалған мирас, байлық бақылдардан қалған мұра.

2. Білім сені бағады, байлықты сен бағасың, сондықтан да білім артық.

3. Білім артық, ол досыңды көбейтеді, байлық дұшпаныңды көбейтеді.

4. Білім іздей берсең көбейеді, оны жұмсағанмен азаймайды, байлық жұмсасаң азаяды, білім артық болатыны осыдан.

5. Білім артық, оны ұрыдан сақтаудың керегі жоқ, ал жиған дүниенді ұрылардан күнде қорғау керек.

6. Білімнің көп болса сені құрметтейді, байлығың көп болса қызғанады, білімнің артық болатыны сол.

7. Білім артық, білімнің көп болғанмен есеп-қисап жүргізбейсің, байлығыңа ұдайы есеп жүргізіп тұруың керек.

8. Білім қанша көп болса да іріп-шіріп бүлінбейді, дүние-мал бүлінеді, сондықтан да білім артық.

9. Білім артық, ол жаныңды байытады, байлық жан-дүниенді шектейді, өзінді тура жолдан тайдыруы мүмкін.

10. Білімді адам орнымен сөйлейді, мәдениеті артады, байлығы мол адам оған мақтанып малданады, астамшылық көрсетеді, сондықтан білім артық, — деген екен.

Білімнің артықшылығын бұдан артық дәлелдеуге болмас. Діни хадисте: білім өмірде — таяныш, жолда — дос, жалғыздықта — жолдас, қуанышта — бастаушы, қайғыда — медет, күресте — құрал, зұлымдыққа қарсы — айла деп бекерге айтылмаған.



3-жаттығу. Мәтінді оқып, жоспар құрыңыз. Мына сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Лаңкестік деген не?
2. Лаңкестік қай ғасырдан басталды?
3. Лаңкестікке төтеп беру үшін қандай іс-шаралар жүргізу қажет?

Лаңкестік

Лаңкестік – терроршылдық саяси-әлеуметтік себептерге байланысты жеке адамға, көпшілікке немесе мемлекетке қысым жасау, үрей туғызу мақсатында қасақана жасалатын қылмыстық іс-әрекет.

XIX ғ. Екінші жартысынан бастап, лаңкестік қоғамдық-саяси өмірге ықпал етуші тұрақты факторлардың біріне айналды. Ресейде халықшылдар, Ирландия, Македония, Сербияда ұлтшылдар, Франция, Италия, АҚШ-та анархистер т.б. солшыл радикалы қозғалыстар пайда болып, өз үкіметтерінің қызметіне ықпал етуге ұмтылды. Бұл қозғалыстардың идеялық негізінде әртүрлі идеал, тұғырнама жатқанымен, олар лаңкестікті «қоғам игілігі үшін өзін-өзі құрбан ету» деп түсінді.

XX ғ. Лаңкестік әдістерін пайдалану ауқымы кеңейіп, лаңкестік мемлекеттік деңгейге жетті. Олардың мақсаты – қайсыбір елде қорқыныш-үрей, жалпы тұрақсыздық тудыру болды. Лаңкестік іс-әрекет тактикасы да едәуір кеңейді: кепілге адам алу, қоғамдық орындарды жарылыстар ұйымдастыру, кісі өлтіру, шет елдердің елшіліктеріне, халықаралық ұйымдардың бас пәтерлеріне

шабуылдар жасау, ұшақ жару, қару-жарақ қоймаларын басып алу секілді лаңкестіктің жаңа түрлері пайда болды.

Лаңкестіктің өсуіне мынадай факторлар әсер етеді: саяси-экономикалық, әлеуметтік дағдарыс, халықтың өмір сүру деңгейінің күрт төмендеуі мен жұмыссыздықтың өсуі, ұлттық және діни қайшылықтардың шиеленісуі. Дүниежүзілік қауымдастық лаңкестікке қарсы бірқатар халықаралық-құқықтық құжаттар қабылданып, күрес шаралары белгіленді.

-тапсырма. Хаттаманы орыс тіліне аударыңыз.

**Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік
келтірген адамды процестік ұстап алу
ХАТТАМАСЫ**

Қарағанды қ.
ақпан.

2017 жылғы 01

Басталды: «10 « сағат «00» минут.

Аяқталды: «11» сағат «15» минут.

Қарағанды қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция лейтенанты Н.Н.Мұқашев Қарағанды қ. ІІБ әкімшілік ғимаратының № 17 қызметтік бөлмесінде Қазақстан Республикасы ҚПК 64, 128-132, 134, 197, 199-баптарының талаптарын сақтай отырып, осы процестік ұстап алу туралы хаттаманы жасады:

Т.А.Ә. А.: Бакиров Дамир Қайратұлы

Туған кезі: 1989 жылғы «15»

желтоқсанда туған

Туған жері: ҚАРАҒАНДЫ, Қарағанды қ.

Жеке басты куәландыратын құжат: Қазақстан Республикасының ӘМ берген №258957033 паспорт

Ұлты: Қазақ

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: орташа

Жұмыс орны, лауазымы (оқу орны): жұмыс істемейді

Тіркелген жері: Тұратын жері (нақты тұратын жері):
Қарағанды қ., Жанибеков көш., 24-үй, 12-пәтер

Отбасылық жағдайы: үйленбеген

Әскери міндеттілікке қатысы: әскери міндетті

Соттылығы: бұрын сотталмаған

Қазақстан Республикасының ҚК 188-бабы 4-бөлігі 3-тармағында көзделген қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін күдікті.

Жеткізілген уақыты: 20 сағат 00 минут,
Нақты ұстап алынған уақыты: 19 сағат 30 минут.

Қарағанды қ., Жанибеков көш, 24-үй, 12-пәтер

(ұстап алынған жері)

Ұстап алуға негіз:

1) адам қылмыс жасау кезінде немесе тікелей оны жасалғаннан кейін ұсталса,

2) көзімен көргендер (куәлар) оның ішінде жәбірленуші осы адамды қылмыс жасаған адам ретінде көрсетсе, не бұл адам ҚПК 130-бабында көзделген тәртіппен ұсталса,

3) оның бетінде немесе киімінде, оның бойында немесе оның тұрғынжайында қылмыстың анық іздері табылса;

4) шұғыл-ізвестіру қызметінің және (немесе) жасырын тергеу әрекеттерінің заңға сәйкес алынған материалдарында аталған адамға қатысты жасалған немесе жасауға дайындап жатқан қылмыс туралы анық деректер болса.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының ҚПК 128-бабы 4-бөлігіне сәйкес адамға қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтіруге негіз беретін өзге де деректер болған кезде ол адам жасырынуға әрекет жасаса не оның тұрақты тұрғылықты жері болмаса немесе күдіктінің жеке басы анықталмаса не сотқа күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхат жіберілсе ұстап алынуы мүмкін.

Ұстап алу себептері:

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруден және соттан жасырыну мүмкіндігі.

2. Бостандықта жүрген кезде қылмыстық істік объективті тергеп-тексерілуіне кедергі жасау мүмкіндігі.

Ұстап алынған: Д.Қ.Бакировка Қазақстан Республикасының ҚПК 131-бабы 1-бөлігіне сәйкес қандай құқық бұзушылық жасауға күдікті екені ауызша хабарланды, сондай-ақ қорғаушыны шақырту

құқығы, үнсіздік сақтау құқығы және оның айтқандары сотта оған қарсы қолданылу мүмкіндігі түсіндірілді.

Д.Қ.Бакиров _____
(ұстап алынушының қолы)

Қазақстан Республикасының ҚПК 64-бабы 9-бөлігіне сәйкес ұстап алынған: Д.Қ.Бакировқа күдіктінің мынадай құқықтары түсіндірілді:

1) ұстап алуды жүзеге асырған адамнан өзіне тиесілі құқықтар туралы түсіндірме алу;

2) өзіне не үшін күдік келтірілгенін білу;

3) өз бетінше немесе өзінің туыстары немесе сенім білдірген адамдары арқылы қорғаушы шақыруға құқылы. Егер қорғаушыны күдікті, оның туыстары немесе сенім білдірген тұлғалары шақырмаса, қылмыстық қудалау органы осы Кодекстің 67-бабының үшінші бөлігінде көзделген тәртіппен қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті;

4) іс бойынша азаматтық талап қойылуына байланысты өзін азаматтық жауапкер деп таныған жағдайда оның құқықтарын пайдалану;

5) таңдаған немесе тағайындалған қорғаушысымен, оның ішінде жауап алу басталғанға дейін оңаша және құпия кездесу;

6) күдікті қорғаушыдан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, қорғаушысы қатысып отырған кезде ғана айғақ беру;

7) күдікті, азаматтық жауапкер деп тану туралы, іс-әрекетін саралау туралы қаулылардың, ұстап алу хаттамасының, бұлтартпау шарасын таңдау және оның мерзімін ұзарту туралы өтінішхаттың және қаулының, қылмыстық істі тоқтату туралы қаулының көшірмелерін алу;

8) айғақ беруден бас тарту;

9) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамнан кепіл түріндегі бұлтартпау шарасын және күзетпен ұстауға байланысты емес басқа шараларды қолдану тәртібі мен шарттары туралы түсіндірме алу;

10) дәлелдемелерді ұсыну;

11) өтінішхатты, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхатты және қарсылық білдірулерді мәлімдеу;

12) ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беру;

13) аудармашының тегін көмегін пайдалану;

14) өз өтінішхаты бойынша немесе қорғаушысының не заңды өкілінің өтінішхаты бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қылмыстық қудалау органының рұқсатымен қатысу;

15) заңда көзделген жағдайларда, оның ішінде медиация тәртібімен жәбірленушімен татуласу;

16) тергеп-тексерудің кез келген сатысында жазалаудың түрі мен шарасы туралы өз ұсыныстарын баяндай отырып, прокурорға процестік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге не оны жасасуға келісім білдіруге және процестік келісімді жасасу;

17) өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және хаттамаларға ескертулер беру;

18) тергеушінің, анықтаушының, прокурордың және соттың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағым келтіру;

19) өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қорғау;

20) сараптама тағайындалған және жүргізілген кезде, сондай-ақ өзіне сарапшының қорытындысы ұсынылған кезде осы Кодекстің 274, 286-баптарында көзделген әрекеттерді жүзеге асыру;

21) тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін осы Кодексте белгіленген тәртіппен іс материалдарымен танысуға және одан, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, кез келген мәліметтерді көшіріп алу, сондай-ақ ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, олардың көшірмелерін түсіру;

22) қылмыстық қудалауды тоқтатуға қарсылық білдіру;

23) жасырын тергеу әрекеттеріне қатысты мәселелерді қоспағанда, өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын процестік шешімдердің қабылданғаны туралы өзін қылмыстық процесті жүргізетін органның кейінге қалдырмай хабардар етуіне, сондай-ақ олардың көшірмелерін алу;

24) өзіне қарсы айғақ берген куәден қосымша жауап алу туралы, өзі көрсеткен адамдарды куә ретінде шақыру және олардан жауап алу, олармен беттестіру туралы өтінішхат беру.

Ұстап алынған: Д.Қ.Бакировка Қазақстан Республикасының ҚПК 131-бабы 2-бөлігіне сәйкес ол өз денсаулығының жалпы жағдайын және дене жарақаттарының бар-жоғын анықтау үшін

дәрігердің куәландыруынан өту туралы тиісті өтінішхатты
мәлімдеу құқығы түсіндірілді.

Д.Қ.Бакировка

Дені	(ұстап алынушының қолы)	сау,	дене	жарақаттары	жоқ
------	-------------------------	------	------	-------------	-----

(ұстап алынушының денсаулық жағдайы туралы мәліметтерді
көрсеті, медициналық куәландыру өткізілген жағдайда оның
қорытындысы қоса беріледі)

Қазақстан Республикасының ҚПК 131-бабы 2-бөлігінің 4-
тармағына сәйкес жеке тінту нәтижелерін көрсету:

тінту кезінде ештеңе табылған жоқ және ештеңе алынған жоқ

Хаттаманы жасаған :

Қарағанды қаласы ІБ ТБ тергеушісі
полиция лейтенанты (қолы)
Н.С.Мұқашев

Хаттама көшірмесін алдым:

Д.Қ.Бакиров

(қолы) (ұстап алынған адамның тегі, аты-жөні)

Ұстап алу туралы хабарлама прокурорға

20__жылғы "16" шілдедегі
шығыс № 44/3- 14578 нөмірімен

20___жылғы 16 шілдеде жіберілді.

Қарағанды қаласы ІІБ ТБ тергеушісі
полиция лейтенанты (қолы)
Н.С.Мұқашев

6.37 Пікірталас (полемика). Пікірсайыс (дискуссия).
Реплика.
Тәжірибелік сабақ – 1 сағат.

Пікір алмасу-латын сөзі (discussio), беретін мағынасы "зерттеу", "талқылау", "талдау". Пікір алмасу көпшілік арасында өтеді. Мақсаты-әр түрлі қозғалыстарды салыстыра зерттей отырып, шындық пікірді көрсету, талас мәселенің шешімін іздеп табу. Пікір алмасу-дұрыстыққа көз жеткізудің ең тиімді тәсілі, өйткені қатысқандар көзі жеткендіктен де бір пікірге өздері келеді. Ойталқы сөзі латын тілінен алынған (disputatio), мағынасы-"ой жүгірту", "жарыс сөз", "айтыс". Ойталқы ғылыми және қоғамдық мәні бар тақырыптардың төңірегінде көпшілік арасында өтетін сөз жарысы. Сөз жарысына қатысқандар белгілі бір пікірге тоқталады. Пікірсайыс – көне гректің сөзі. (polemikos) мағынасы- "жаулық", "дұшпандық". Әрине бүгінгі мағынасы басқаша: бірдеңені талқылау мақсатында жиналыстарда, баспасөз беттерінде орын алатын сайыс. Мұнда қарсы жақты жеңіп шығу, өз пікірінде қалып, соны бекіту. Сайысшылар әлеуметтік мәселелерді шешеді, қоғамның дамуына жол бермей отырған кедергілермен күреседі. Ойбөліс- француз сөзі (debat), мағынасы - "айтыс", "жарыс сөз". Ойбөліс- көпшілік алдында екі адамның не екі топтың бірдеңе туралы ой пікірлерін ортаға салуы. Сөзталас-орыс сөз (прения), мағынасы бірдеңені, қандай да бір мәселені көпшілік арасында талқылау. Сөзталас, ойбөліс сияқты, баяндамаларды талқылағанда, хабарламалар жасағанда, жиналыстар мен конференцияларда орын алады. Айтыс-қазақтың сөзі. Мағынасы-екі адамның, екі топтың арасында суырыпсалма өлеңмен кезектесе айтылатын сөз

жарысы, өнер сайысы.



-жаттығу.

Шығармашылық тапсырма

«Шын достық көрінісі» деген тақырыпта эссе жазыңдар.

-жаттығу.

Топпен жұмыс: «Алғашқы өркениет қайдан бастау алады?» немесе «Соңғы сәнмен киіну: батылдық па, талғам ба, еліктеу ме?» осы екі тақырыптың біріне пікірталас өткізеді.

2сағат-КООЖ.

1 - тапсырма. «Пікірталас мәдениеті» дегенді қалай түсінесіздер? Осы ұғымды ашатындай ереже - анықтама құрап жазыңдар

3 - тапсырма. Өздеріңіз күнделікті өмірден, БАҚ құралдарынан немесе мерзімді баспасөз беттерінен кездестіріп жүрген пікірталас түрлерін жазыңыздар.

5 - тапсырма. Пікірталасқа қатысушыға қойылатын талаптарды оқып, олардың ішіндегі өздеріңіз ең басты талап деп санайтын біреуіне түсінік беріңіздер (3мин.).

Мақсаты: пікірталас мәдениеті талаптарымен таныстыру.

Бағалау критерийлері:

- Талаптардың мәнін түсінуі;
- Өз ойларын дәлелдей алуы.

Айтыскерге қойылатын талаптар:

- Тақырыптан ауытқымау;
- Өзіндік айқын көзқарастың, позицияның болуы;
- Өзін - өзі дұрыс ұстай білуі;
- Сөйлеу шеберлігі;
- Жоғары мәдениеттілік (сөзге тоқтау, дауыс көтермеу, ашуланбау);
- Қарсыласын да, аудиторияны да сыйлау, т. б.;
- Қара басының намысымен қатар ортақ пікірге деген мүдделілік;
- Қарсыласына кезек беріп отыру;
- Регламент сақтау.

6 - тапсырма. Берілген сөз орамдарының қайсыларын пікірталас үстінде мүлде қолдануға болмайды деп санайсыздар? Себебін шешендікпен, сөз мәдениетімен байланыстырып

түсіндіріңіздер (2мин.).

Мақсаты: алған білімдеріне сүйеніп, пікірталаста қолданылатын сөз орамдарын талғай алуға үйрету.

Бағалау критерийлері:

- Этикеттік сөз орамдарының мағынасын түсіне білуі;
- Өз пікірлерін өткен материалдарды пайдалана отырып бекіте алуы.

1 - топқа ұсынылатын сөз орамдары:

«Менің ойымша, Сіз бір нәрсеге мән бермей тұрған сияқтысыз»,
«Сөзіңізді нақтылай түспес пе екенсіз...». «Бұлай деуге мүлде болмайды», «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні неде?»

2 - топқа ұсынылатын сөз орамдары:

«Сіздіңше, барлық шиеленіс біздің әрекетімізден басталады екен ғой...». «Басқа пәле тілден» деген, байқап сөйлеңіз, әйтпесе...»,
«Сөзіміз сұлу сарайдай, бірақ жылуы қандай?», «Ойланайықшы...»

-тапсырма. Үлгі бойынша хаттаманы толтырыңыз.

Ұстап алынған адамның жеке басын тінту ХАТТАМАСЫ

Қарағанды қ.
ақпан.

2017 жылғы 01

Басталды: «10 « сағат «00» минут.

Аяқталды: «11» сағат «15» минут.

Қарағанды қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция лейтенанты Н.Н.Мукашев Қарағанды қ. ІІБ әкімшілік ғимаратының №17 қызметтік бөлмесінде Қазақстан Республикасының ҚПК 199, 255-бабының талаптарын сақтай отырып, мына куәгерлердің қатысуымен:

1) Қайратов Т.Н., 1989 ж.т., Қарағанды қ., Байсерке көш., 7-үйде тұрады

2) Болатов З.К. 1990 ж.т., Қарағанды қ., Мирзоян көш., 1-үйде тұрады.

Қарағанды қ. ІІБ үй-жайында және куәгерлердің қатысуымен азамат Д.Қ. Бакировқа жеке басын тінту жүргізді.

Жоғарыда аталған адамдарға олардың тергеу әрекетін жүргізуге қатысуы; тергеу әрекеттеріне орай хаттамаға енгізуге жататын өтініштер мен ескертпелер жасау; өздері қатысатын тергеу әрекеттерінің хаттамасымен танысу; қылмыстық қудалау органының әрекетіне шағым келтіру; қылмыстық іс бойынша оны жүргізу кезінде олар шеккен шығыстарға өтем алу; қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхат мәлімдеу құқықтары түсіндірілді. Оларға жеке тінту жүргізу кезінде қажетті жағдайларда оның барысы мен нәтижелерін тіркеудің техникалық құралдары қолданылатыны туралы да хабарланды.

Оған қоса, куәгерлер Т.Н.Қайратов пен З.К.Болатовқа Қазақстан Республикасының ҚПК 82-бабына сәйкес қылмыстық қудалау органының шақыртуы бойынша олардың келу; тергеу әрекеттерін жүргізуге қатысу; бұл әрекеттер жүргізу, оның барысы мен нәтижелері фактісін тергеу әрекеті хаттамасында өзінің қолымен куәландыру; анықтаушының, тергеушінің, прокурордың рұқсатынсыз сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын жария етпеу; тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде тәртіп сақтау міндеттері түсіндірілді және оларға өз міндеттерін орындаудан дәлелсіз себептермен бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін Қазақстан Республикасының ҚПК 160-бабында көзделген тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылатыны туралы ескертілді.

Куәгерлер: 1. (қолы) Т.Н.Қайратов
2. (қолы) З.К.Болатов

Жеке басын тінту алдында тергеуші 20__ 16 шілдедегі жеке тінту жүргізу туралы қаулыны көрсетті, одан кейін азамат Д.Қ.Бакировқа тыйым салынған не іс үшін маңызы бар заттарды өз еркімен беру ұсынылды, азамат Д.Қ.Бакиров: өз күртесінің сол жақ сыртқы қалтасында «Сони-Ериксон» маркалы ұялы телефон бар екенін мәлімдеді.

Бұдан кейін Қарағанды қ. ІІБ ТБ тергеушісі полиция лейтенанты Ж.Мухтаров жеке басын тінту жүргізуге кірісті.

Жеке басын тінту нәтижесінде Д.Қ.Бакировтың сол жақ сыртқы қалтасынан мынадай заттар табылды:

1) «Сони-Ериксон» маркалы ұялы телефон

Табылған заттар бойынша Д.Қ.Бакиров бұл телефонды ол 20__ жылы 16 шілдеде Төле би мен Сейфуллин көшелерінің қиылысында белгісіз жас жігіттен ұрлап алғанын айтты.

Жеке басын тінту барысында мыналар алынды:

2) «Сони-Ериксон» маркалы ұялы телефон

Барлық алынған зат оралды, №2 мөрмен және куәгерлердің қолдарымен бекемделді.

Тінту барысында «Панасоник» маркалы бейнекамера қолданылды.

Жеке басын тінту барысында түскен ескертпелер: **түскен жоқ**

Куәгерлер: Т.Н.Қайратов (қолы)

З.К.Болатов (қолы)

Қатысқандар:

Жеке басын тінту жүргізілген адам

Қарағанды қаласы ІІБ ТБ тергеушісі

полиция лейтенанты (қолы)

Н.С.Мұқашев

Жеке басын тінту хаттамасының көшірмесін алдым:

Д.Қ.Бакиров (қолы)

Шағым беру тәртібі түсіндірілді:

Д.Қ.Бакиров (қолы)

=====

=====

3-сағат КӨЖ.

Берілген тақырып бойынша өз пікірлерін жазу
«Менің болашақ мамандығымның қоғамдағы рөлі»

Әр топқа бір тақырып беріледі. Тақырып бойынша пікіралмасу өткізу

- 1) «Қазіргі кездегі мемлекеттік тілдің мәселесі»
- 2) «Зиянды әдеттер – денсаулықтың жаулары»
- 3) «Ғаламтордың пайдасы мен зияны»

Мамандық жайында әңгіме қозғау. Мамандық дегеніміз не?

Мамандық таңдау дегеніміз не?

Шығармашылық жұмыс

“ Менің болашақ мамандығым” тақырыбында ойтолғау, жоба қорғау, өлең шығару ,т .б. жұмыстар орындалады.

1-тапсырма. Ойбөліс өткізу

1-тақырып: “ Компьютердің пайдасы мен зияны.”

2-тақырып. Мамандық таңдау – адам өміріндегі ең жауапты кезең. Қандай десек те ересек адам өмірінің үштен- бірі жұмыста өтеді.

2-тапсырма. Бүгінгі «Шын дос болу-бақыт» атты тақырыпта ой өрбетіңіз. Абай атамыз айтқандай:

Бес мүшеден бөлекше бас та өзгеше,

Қиғаш біткен маңдайға қас та өзгеше.

Кеңшілікте дос та дос, қасыңда дос,

Таршылықта қайырылмаған дос та өзгеше.

Немесе оны Жүсіп Баласағұни былай деп толықтырады:

Дос табу оңай-сақтауы қиын,

Жау табу оңай-тоқтауы қиын.

Ал, Мұқағалиша айтсақ:

Досым саған сенемін, сеніп өтем!

Жолы бөтен демеймін, жөні бөтен.

Достық деген-адамның көрігі екен.

Достық деген-ақылдың серігі екен.

Өз ойларыңды ортаға салып отырсаңыздар. Жоғарыда айтылған өлең жолдарынан не ұқтыңыздар?

Дос деген кім?

1. Сыр бөлісетін адам.
2. Мені өте жақсы түсінетін адам.
3. Көмекке ардайым дайын адам.
4. Қандай жағдай болмасын бірге болатын адам.
5. Сенімді адам.

Аңыз. «Екі дос»

Ертеде жаугершілік заманда қазақтың екі жауынгері төс қағысып дос болыпты. Бірде әскерлер бір өзеннің бойында шатыр тігіп дамылдапты. Тұтқиылдан жаудың қалың қолы шабуыл жасапты. Олардың мал-мүліктерін тиеп, қолға түскен азаматтарды айдап әкетіпті. Екі достың біреуі жау қолына түседі. Оны естіген досы күздің қара суығын елеместен, өзенді малтып өтіп, жау жатқан жағаға келеді. Анталаған жау әскерлері оны тарпа бас салады. Жауынгер өзін қолбасыларына апаруын өтінеді. Келген соң ол: «Мен қолдарыңа түскен бір жауынгерге құн төлеп сатып алуға келдім, менің оған айырбасқа берер малым да мүлкім де жоқ. Бір-ақ нәрсе беремін, ол-өзімнің өмірім. Досымды босатыңдар! Ол үшін өзімнің өмірімді қияр едім»-дейді.

Қолбасы оны сынамақ болып: -Жарайды мен сені қыршыныңнан қимай ақ қояйын, маған сол өміріңнің бір бөлшегін ғана берсең болады-дейді. –Ол не?-дейді досын құтқаруға келген, асыққан жігіт.

-Маған сенің көздерің керек, екі көзіңді ойып аламын, -дейді қолбасы.

-Олай болса, көзімді тезірек алда, досымды босат-дейді.

Жігіт бұл сыннан да мүдірмей өтеді. Әлгі жауынгер тұтқыннан босаған досының иығына қолын артып, соқыр күйінде қуанып, күлімдеп келе жатады. Мұны көрген қолбасы: «Мынадай ерлері бар халықты тұтқиылдан келіп, қапыда бас салған жағдайда болмаса, бетпе-бет ұрыста жеңу қиынға соғады»-деп ой түйеді.

Сөйтіп өз әскерлеріне шегінуге бұйрық берген. Бұндай достармен мақтануға болады, солай емеспе?

-Достықтың екі түрі бар, олар: адал достық және амал достық.

Адал достық өмірлік нұсқа болады,

Амал достық өрісі қысқа болады.

Тапсырма. «Ойлан, тап!» (Мақал-мәтелдерді жалғастыру)

1. Өз басыңды дауға берсең де,

2. Досы көпті жау алмайды,

3. Күлме досыңа,

4. Біреу жаныңа жолдас,

5. Дос басқа қарайды,

6. Жақсымен дос болсаң,

Жаманмен дос болсаң,

7. Доссыз адам-тамыры жоқ

8. Досы жоқпен сырлас,

9. Ерегескен ел болмайды,

10. Заттың жаңасы жақсы,

11. Екі ердің достығы

Керекті сөздер: асулардан асырар, достың ескісі жақсы, досыңды жауға берме, келер басыңа, ақылы көпті дау алмайды, біреу малыңа жолдас, дұшпан аяққа қарайды, ағашпен тең, досы көппен сыйлас, есептескен дос болмайды, қаларсың ұятқа, жетерсің мұратқа.

-жаттығу. «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады»

қасыңдағы курстасына бірінші жаман қасиетін, екінші жақсы қасиетін айтыңыздар. «Сын түзелмей, мін түзелмейді»-демекші сынды ашуланбай қабылдаңыз да, болашақта кемшілікті жоюға тырысыңыздар. Сонымен қатар, «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын!»-деп халқымыз айтқандай, жақсы қасиетінде айтып, мадақтап қойыңыздар.



4-жаттығу. Мәтінді оқыңыз. Мазмұнын баяндаңыз. Стилін анықтап, 3 құрамалас сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз.

Қолды болған миллиондар

“Арселор Миталл Стил” АҚ-тан бес жылдан бері ірі көлемде металл өнімдерін ұрлаумен айналысып келген ұйымдасқан қылмыстық топ әшкереленді. Олар әр түн сайын металл өнімдері тиелген 2-3 көлікті сыртқа заңсыз шығарып келген. Ал ондай бір көліктің өнім құны 1 миллионнан астам теңгені құрайды. Сонда бес жылдан аса уақыт бойы қаншама өнім заңсыз талан-таражға салынған? Оның ақшасы кімнің қалтасына түскен? Бұл туралы кеше журналистермен кездескен ІІМ криминалдық полиция комитетінің төрағасы Сұлтан Күсетов айтып берді. Мұндай ұйымдасқан топтың қылмыстық әрекетін ашу құқық қорғаушыларға оңайға түспеген көрінеді. Бірақ, Елбасы Н.Назарбаевтың алға қойған тапсырмасын орындау мақсатында атқа қонған криминалды полиция комитетінің қызметкерлері сыбайласқан алаяқтардың ісін аз уақыттың ішінде ашып берді. Қолға түскен Соляник деп аталған қылмыстық топтың басшысы шығыс жекпе-жек өнерін жетік меңгерген екен әрі сол орталықтың жетекшісі болып келіпті. Және ол басқаратын жалған ЖШС металл өнімдерін сатып алу, сатумен айналысқан. Соляник өзінің серіктестерімен бірге металл өнімдерін ұрлау үшін қажетті қауіпсіз жағдайды әбден жасап алған. Оның қарамағына құқық қорғау қызметкерлерінен бастап өндірістік цехтың басшылары және түрлі кәсіп иелері мен аталған кәсіпорынның күзетшілеріне дейін енген. Өздерінің ісіне әбден сенімді болған олар заңсыз кірістерінің көлемін одан әрі ұлғайта түсуді көздейді. Ондағы мақсат өздеріне бәсекелес екінші бір қылмыстық топтың көзін жоюды ойлайды. Бірақ, оған өзге қылмыстық топ өкілдері көне қоймайды. Сөйтіп, арада қақтығыс басталады. Қару қолдану одан әрі ауыр қылмысқа соқтырады. Бәсекелес топтың су жаңа “Мерседес” көлігін тартып алады. Және өзге де қылмыстық топтарға “бізге көнбегендердің әрқайсысы осындай жағдайға ұшырайды” дегендей, айбат танытып, қыр көрсетеді. Бұдан кейін қылмыскерлер ушыққан жағдай біраз тынышталсын деді ме, жасырынуға көшеді. Алайда, қылмыстық топтың ішіне білдіртпей енген криминалдық полиция қызметкерлері барлық құпияны

анықтайды. Металды қалай, қайтіп ұрлайтындығын, оған әзірлік тетігі қалай жасалатынын, кімдер қолұшын беретінін – бәрін біледі. Сөйтіп, олардың соңына шам алып түскен сақшылар көп ұзамай әлгілердің қашып барып тығылған жерлерін де анықтайды. Қылмыстық топ жетекшісі Соляник Алматы қаласында ұсталады. Қазір олардың басқа да ауыр қылмыстарға қатысы бар яки жоқтығы тексерілуде.

Тапсырма.

1. Мәтінді мән-мәтінге бөліңіз.
2. Осы мәтіннің негізінде сезіктеден жауап алу хаттамасын жазыңыз.

-тапсырма. Үлгі бойынша хаттаманы толтырыңыз.

Адамды тану үшін көрсету ХАТТАМАСЫ

Қарағанды қ.
ақпан.

2017 жылғы 01

Басталды: «10» сағат «00» минут.

Аяқталды: «11» сағат «15» минут.

Қарағанды қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция лейтенанты Н.Н.Мұқашев, №151510031000__ қылмыстық іс материалдарын қарай отырып, ҚПК 199-бабы, 229, 230-бабының 10-бөлігін сақтаумен, "Panasonic" М-3000 бейнекамерасын қолдану арқылы күндізгі жарықтың көмегімен жәбірленуші З.Мартбековқа күдікті 15.06.1989 ж.т. Дамир Қайратұлы Баировты тану үшін көрсету жүргізілді.

Ғылыми-техникалық құралдарды қолданар алдында ҚПК 199-бабы бөлігіне сәйкес тергеу әрекетін жүргізуге қатысатын адамдарға бұл туралы хабарланды.

Тергеу әрекетін жүргізуге қатысатын адамдардың қолдары

230-баптың 1-бөлігіне сәйкес танылуға тиіс адам танушы адамға сыртқы түрі бойынша айқын айырмасы жоқ адамдармен бірге көрсетіледі:

1) Есенғарин Бахтияр Қалиұлы, 1989 жылғы 23 сәуірде туған, мына: Қарағанды қ., 5 ықшамаудан, 34 үй, 45 пәтер мекенжайы бойынша тұрады, бойы 180 см., шашы қысқа, қоңыр түсті, қой көзді, қоңыр түсті күрте, ашық-қоңыр түсті шалбар және қара туфли киген;

2) Нұрсейітов Жамбыл Какешұлы, 1989 жылы 08 ақпандатуған, мына: Қарағанды қ., Маресьев көш., 34 үй, 54 пәтер мекенжайы бойынша тұрады, бойы 175 см., шашы қысқа, қара түсті, көзі қара, қара түсті күрте, қою-сұр түсті шалбар және қара етік киген;

3) Бакиров Дамир Қайратұлы, 15.06.1989 жылы туған, мына: Қарағанды қ., 12 ықшамаудан, 46 үй, 15 пәтер мекенжайы бойынша тұрады, бойы 177 см., шашы қысқа, қоңыр түсті, көзі қара, қою-жасыл түсті күрте, қою-көк түсті шалбар және қоңыр етік киген;

Тану жүргізудің басында Д.Қ.Бакировқа тану үшін көрсетілетін адамдардың арасынан кез келген орынды таңдау ұсынылды. Ол өз қалауы бойынша Ж.К. Нұрсейітовтың сол жағындағы шеткі орынға орналасты.

Оған қоса, тану басталар алдында жәбірленуші З.Мартбеке ҚК 419-бабына сәйкес айғақ беруден бас тартқаны, көрінеу жалған айғақтар бергені үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертілді, оған өзіне қарсы, жұбайына (зайыбына) және өзінің жақын туыстарына қарсы куәлік етпеу құқығы түсіндірілді. (қолы) З.Мартбеков.

Барлық қатысушы адамдарға олардың құқықтары, міндеттері, жауаптылығы мен адамды тану жүргізу тәртібі түсіндірілді.

Танылушы: _____ Д.Қ.Бакиров

Өзге де қатысушы адамдар: _____
Б.Есенғарин

_____ Ж.Нұрсейітов

Одан соң танушы адам тану үшін көрсетілетін адамдар тұрған үй-жайға шақырылды.

Тану жүргізудің басында танушыға оның құқықтары, міндеттері, жауаптылығы мен адамды тану жүргізу тәртібі түсіндірілді.

Танушы: _____ 3.Мартбеков

Танушы бұрын тану үшін көрсетілетін адамдардың ішінен олардың бірін бұрын көрдіңіз бе, егер көрсеңіз қандай жағдайлар кезінде көрдіңіз деген сұраққа, 3.Мартбеков тану үшін көрсетілетін адамдарды қарап, сол жақта шеткі тұрған адам 20__ жылғы 5 қаңтарда кешкі 17 сағатта вокзал маңындағы алаңда маған жалға пәтер ұсынды, алдау арқылы менің ұялы телефонымды алып кетті және маған 23 000 теңге залал келтірді деп мәлімдеді. Мен оны таныдым – бойы менен аласа, жасы шамамен 30-35-терде, тығыз денелі, бет әлпеті: көзі – кара, бастары қалың, сондай-ақ шаш қою мәнері: қысқа. Қылмыс болғанға дейін мен бұл қызды ешқашан көрген жоқпын, бірақ алаяқтық болған кезде оны жақсы еске сақтап қалдым. Бұл нақ сол адам екенін сенімді түрде растаймын".

Танушы: _____ 3.Мартбеков

Тану нәтижесі: Дамир Қайратұлы Бакиров танылды.

Тану алдында, оның барысында не аяқталғаннан кейін қатысушы адамдардан арыз түскен жоқ.

Танушы: _____ 3.Мартбеков

Танылушы: _____ Д.Қ.Бакиров

Өзге қатысушы адамдар: _____ Б. Есенғарин

_____ Ж.Нұрсейітов

Тану аяқталғаннан кейін тергеу әрекетінің хаттамасы оған қатысушыларға оқу үшін берілді.

Хаттаманы тергеуші дауыстап оқыды. Хаттамаға ескертулер жоқ.

Танушы: _____ 3.Мартбеков

Танылушы: _____ Д.Қ.Бакиров

Осы хаттама Қазақстан Республикасының ҚПК 199, 230-баптарына сәйкес жасалды.

Қарағанды қаласы ІБ ТБ тергеушісі

полиция лейтенанты

(қолы)

Н.С.Мұқашев

=====
=====

1 тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңыз.

2 тапсырма. Мәтіннен етіс категорияларының түрін анықтаңыз, құрамына қарай талдаңыз.

3 тапсырма. Мәтінді оқып, өз ойыңызды білдіріңіз.

Тоғыз сауда үйі тексерілді

29.03.2018

Ресейдің Кемерово қаласында болған өртке байланысты Астана қаласы ТЖД-де өрттің алдын алу бойынша консультациялық көмек көрсетуге (ұсынымдар беру) қатысты мәселелер талқылануда.

27 наурызда Астана қаласы ТЖ департаменті бастығының орынбасары Мейрамбек Қайсановтың басшылығымен брифинг өтті. Қазіргі таңда Астана қаласы аумағында 9 сауда ойын-сауық орталығы орналасқан. М. Қайсанов аталған объектілер қауіп жоғары деңгейге жататындығын және жыл сайын ерекше тәртіппен тексерілетінін атап кетті. Сонымен қатар, спикер тексеріс жүргізу кезінде басты назар эвакуациялау жолдарының бар болуына, автоматтық жүйелердің дұрыстығына және қызмет көрсету персоналдардың өрт қауіпсіздік ережелерін білуіне аударылатынын айтты. Брифингте айтылғандай, 2017 жылы 9 үлкен СОО-ның 6-уы ерекше тәртіппен тексерілген, 3-і объективті себептерге байланысты тексерілмеді. 3 объектідегі жүргізілген тексеру қорытындысы бойынша 32 бұзушылық анықталды. Кейін олардың бәрі жойылды. Брифинг аяқталған соң М. Қайсанов үлкен СОО-да өрт қауіпсіздік нормалары мен тәртібі бойынша ұсыныстар берді. Сауда орталықтарында жыл мезгіліне қарамастан барлық кіреберіс есіктері ашық болуы тиіс. Келушілер алдын ала эвакуациялық шығыстармен танысуы қажет және ТЖ болған кезде лифт пен эскалаторды пайдалануға болмайды. Барлық тәртіптерді сақтағанда адамдардың ғимараттардан шығу уақыты бес минуттан аспауы тиіс.

Астана қаласы ТЖД баспасөз қызметі



4-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті етіс жұрнақтарын қойыңыз.

Біз ұзақ әңгімеле...тік. Қошта...арда көзімізге жас ал...тық. Бұрын хат жаз...ып тұрғанбыз. Көр...пегелі көп болған.



2-тапсырма: Мына ұлағатты сөздерді өз ойларыңмен, өз стильдеріңмен жазып жалғастырып көріңдер, әдеби шығармалардан, баспасөз беттеріндегі материалдардан үзінділер ойлап байланыстырыңдар.

а) Басқа ұлттың баласына бауырмал бол, ол сенің досың әрі көршің, қонағың. Қиналғанда қол ұшын бер, бірақ өзің сұраншақ болма. Көп ұлтты әлеумет ортасында өмір сүре біл...

б) Құдайға құлшылық еткен пенденің көңілін кірлетпе. Өз сенімі бар адамды сыйла, еш нәрсеге сенбейтін, ешкімді сыйламайтын кісіден қорық.

в) Ұлым, ата-анаңа мейірімді, халқыңа қайырымды бол. Қарындасқа «сен» деп сызданбай, «сіз» деп ілтипат көрсет. «Сіз» деп сөйлеу кішіліктің емес, кісіліктің белгісі.



1-тапсырма: Түсіндірме сөздіктен сөйлеу тіліне тән ерекшеліктері бар 20 сөз алып, түсіндіріп көріңіздер. Ол сөздерді сөйлем құрау арқылы айтып орфоэпиялық нормаға сай қолдана біліңдер.




2-тапсырма. Төмендегі мәтіннен ауызекі тілге тән сөздерді көрсетіп, мағынасын түсіндіріңдер. Оны дыбыстық тілмен, сахналық тілмен айтып көріңдер.

Сырым мен молда


Сырым жол жүріп келе жатып, бір мешітке кез болып, намаз оқуға тұрады. Сырымның жеңінің ұзындығы етігімен бірдей екен. Мешітке кіріп намаз оқығанда жеңін түрмей, қолын жеңінен шығармай оқиды.

Молда Сырымның мұнысына наразы болып:

- Намаз оқығанда қолды жеңнен шығарып оқу керек, - деп ескертеді.
- Қолды жеңнен шығармай оқудың қандай зияны бар? - дейді Сырым.
- Қолыңды шығарып оқысаң, қолға нұр құйылады, алақаныңмен бет сипағанда нұр бетіңе тарайды, - дейді молда.
- Ол нұр қайдан келеді? - дейді Сырым.
- Көктен келеді, - дейді молда.
- Япыр-ау, молдеке, мен бұл шарифатыңызға түсіне алмадым. Сіздің айтуыңызша, жеті қат көктен, үш қабат мешіттің төбесінен түсіп тұрған нұр менің жалаң қабат шекпенімнің жеңінен өте алмас дейсіз бе? - депті сонда Сырым батыр. Молда қысылып, жауап қайтара алмай қалыпты.

 *1-тапсырма:* Төмендегі тұрақты сөз тіркестерін пайдаланып, шағын мәтін құрастырыңдар. Әрбір сөйлемнің арасындағы грамматикалық байланысқа көңіл бөліңдер.

Сіркесі су көтермеу, қара қылды қақ жару, жүрегі жарылып кете жаздау, жүзі шыдамау, беті бүлк етпеу, қырық пышақ болу, көзіне көк шыбын үймелеу, асты-үстіне түсу, қол аяғын бауырына алу, аузына қақпақ болу, ат тонын ала қашу, сай-сүйегі сырқырау, ішіне пышақ айналмау, жерден алып, жерге салу, ұры-қарыға қара таппау т.б.

 *2-тапсырма:* Төмендегі сөздердің мағынасын мақал-мәтелдермен жеткізіп, алмастырып көріңдер. Сөз мағынасын бірнеше нұсқада жеткізуге дағдыланыңдар.

Үлгі: Жоқшылық, кедейлік - «Қысқа жіп күрмеуге келмейді», «Жоқшылық жомарт ердің қолын байлайды», «Бәрі арығын білдірмес, сыртқы жүнін қампайтып».

Қадыр, бедел, ниет, қанағат, мылжың, өштік, кекесін сөз, менсінбеушілік, адалдық, ақ көңілділік, әпербақан, күш көрсету, жуас, көкіректік, қайырымдылық, ізденіс, ашушандылық, ойын, жалғыздық, байлық, мырзалық, қонақжайлық, бекершілік, үй болу т.б.

? **1-тапсырма.** Үлгі бойынша хаттаманы толтырыңыз. Стилін анықтаңыз.

Кепілді қабылдау туралы



ХАТТАМА

Қарағанды қ.
ақпан.

2017 жылғы 01

Басталды: «10» сағат «00» минут.

Аяқталды: «11» сағат «15» минут.

Қарағанды қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция лейтенанты
Н.Н.Мұқашев Қарағанды қ. ІІБ үй-жайында, № 35 кабинетте

_____ қатысуымен

(т.а.э.а., лауазымы)

№ 151032001583 қылмыстық іс материалдарын қарап,
24.07.1985 ж.т. Д.З.Қанағатовқа қатысты кепіл түріндегі бұлтартпау
шарасын қолдану туралы қаулының негізінде, Қазақстан
Республикасының ҚПК 145, 199 баптарына сәйкес мына адамнан
кепілді қабылдау туралы осы хаттаманы жасады:

Кепілді беруші:	Заңғар Жұмабекұлы Қанағатов;
Туған жылы, айы, күні	28.09.1963 ж.т.,
Туған жері	Қарағанды қ.
Азаматтығы:	Қазақстан Республикасы
Білімі:	орташа
Жұмыс орны:	жұмыс істемейді

Отбасылық жағдайы: үйленген
Тұрғылықты жері: Қарағанды қ., 5-шағын ауданы, 16-үй, 21-пәтер
Соттылығы: сотталмаған
Жеке басын куәландыратын құжат жеке куәлігі № 0035678932
Қазақстан Республикасының ІІМ
23.05.2012 ж.
берген
Заңды тұлғаның деректемелері

Кепіл беруші Қарағанды қ., 5-шағын ауданы, 16-үй, 21-пәтер мекенжайында орналасқан үш миллион теңге соманы құрайтын жылжымайтын мүлік ұсынды.

Жылжымайтын мүлік түріндегі кепіл: Қарағанды қ., 5-шағын ауданы, 16-үй, 21-пәтер З.Ж.Қанағатовқа сақтауға берілді.

Кепілді беруші З.Ж.Қанағатовқа мыналар түсіндірілді:

1) шақыру бойынша күдіктінің (сотталушының) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырушы адамға, прокурорға немесе сотқа келуі туралы міндеті;

2) қандайда бір қылмыстық құқық бұзушылықты жасауда күдікті (күдікті, сотталушы) болып табылмайтын адам күдікті болса, оған жасаған әрекеті үшін заңда көзделген жаза;

3) күдіктінің (сотталушының) тергеушінің, прокурордың немесе соттың рұқсатынсыз тұрақты немесе уақытша тұратын жерінен кетпеу, белгіленген мерзімде көрсетілген тұлғалардың шақыртуы бойынша келу, өзге жолмен қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге бөгет болмау міндеті;

4) күдіктінің (сотталушының) шақыру бойынша келуден жалтаруы жағдайында кепіл Қазақстан Республикасының ҚПК 145-бабының 11-б, белгіленген тәртіпте мемлекет кірісіне аударылатыны.

Хаттамаға Қарағанды қ., 5-шағын ауданы, 16-үй, 21-пәтер мекенжайы бойынша жылжымайтын мүлікке 20.09.2010 жылғы сатып алу–сату шарты, «Моторное бюро» ЖШС тәуелсіз

сараптамасының жылжымайтын мүлікті бағалау актісі, Қарағанды қалалық сотының 20.09.20__ж. қаулысы қоса берілді.

Хаттама оқылды: ескертулер мен толықтырулар түскен жоқ.

Кепіл беруші 3.Ж.Қанағатов

Күдікті (сотталған) Д.З.Қанағатов

Өзге адамдар	де	қатысушы
_____ қолы)	_____	(тегі, аты-жөні,
_____ қолы)	_____	(тегі, аты-жөні,
_____ қолы)	_____	(тегі, аты-жөні,
_____ қолы)	_____	(тегі, аты-жөні,

Қарағанды қаласы ІБ ТБ тергеушісі
полиция лейтенанты (қолы)
Н.С.Мұқашев

? 1 -тапсырма. Үлгі бойынша хаттама толтырыңыз.

Адамдарды куәландыру ХАТТАМАСЫ

Қарағанды қ.
ақпан.

2017 жылғы 01

Басталды: «10 « сағат «00» минут.

Аяқталды: «11» сағат «15» минут.

Қарағанды қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция лейтенанты Н.Н.Мұқашев №16481004101587 қылмыстық істі тергеуге байланысты жылғы 10 тамыздағы Қарағанды қ. Прокуроры рұқсат еткен куәландыруды жүргізу туралы қаулысының негізінде, Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 199, 223, 224-баптарның талаптарына сәйкес, маман – соттық-медициналық сарапшы (дәрігер) С.Қ. Аймағанбетовтің, сондай-ақ қатысушы куәгерлер Қарағанды қ., Н. Әбдірова 7 үй 116 пәтерде тұратын А.Ө. Смағұловтың қатысуымен, Қарағанды қ., Университет көш. 21 үй 105 пәтерде тұратын, Р.С. Аршкеновтың қатысуымен куәландыру жүргізді: Д.Т. Әбішев, ол туралы Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 199 және 224-баптарына сәйкес осы хаттама жасалды.

Тексеру барысында барлық қатысушыға тексеру процесінде жүргізілетін барлық іс-қимыл кезінде олардың болу, хаттамаға енгізуге жататын ескертулер жасау құқығы туралы түсіндірілді. Тексеру жүргізуге қатысатын адамдарға да Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 201-бабының талаптары: олардың жүргізілген процестік әрекеттері туралы мәліметті таратпау міндеттері туралы, сондай-ақ тіркеудің техникалық құралдарын, оларды пайдалану шарттары мен тәртіптерін қолдану туралы түсіндірілді:

«SONI» маркалы бейнекамера.

Куәгер: _____ А.Ө.

Смағұлов

(қолы)

Куәгер: _____ Р.С. Аршкенов

(қолы)

Тергеуші Қарағанды қ. прокуроры рұқсат берген Д.Т. Әбішевке куәландыруды жүргізу және оның өз еркімен куәландырудан өтуді ұсынғандығы туралы қаулыны ұсынды.

Жүргізілген куәландырумен мыналар белгіленді:

Д.Т. Әбішевте екі жоғарғы қол ұштарының, денесінің, сол жақ санының қанталауы, басының оң жақ бөлігінде қара жарақат, екі құлақ қалқаны, беті, сол жақ тізе буыны жарақаттары түрінде дене зақымдары белгіленді.

Анықталған іздер немесе ерекше белгілері фотосуретке түсірілді **(бейнетүсіру пайдаланылды)** одан кейін тергеу әрекеті бейнежазбасы бар СД-дискі № 1 конвертке салынып, оған сүргі соғылды.

Хаттамамен таныстым: Д.Т. Әбішев пен С.Қ. Аймағанбетовтің жеке оқуы арқылы

Қатысушылар:

1. Д.Т. Әбішев _____ /
_____/ (қолы)

2. С.Қ. Аймағанбетов _____ /
_____/ (қолы)

Куәгерлер:

1. А.Ө. Смағұлов _____ /
_____/ (қолы)

2. Р.С. Аршкенов _____ /
_____/ (қолы)

Қарағанды қаласы ІБ ТБ тергеушісі
полиция лейтенанты (қолы)
Н.С.Мұқашев

7-тақырып. Кәсіптік мәтіндерді аударма жасаудың өзіндік ерекшеліктері

Аударма – бір тілде бейнеленген мазмұнды екінші бір тілге әрі дәл әрі толық қайталай бейнелейтін тілдік қимыл.

Тіл ғалымдарының деректерін негізге ала отырып, қазіргі таңда дүниеде 2796 тіл бар екенін ескерек, аударма қызметінің қаншалықты маңызды екенін білеміз. Аударма әрқашанда адамдар, қауымдар, халықтар арасындағы тәжірибе алмасудың дәнекері. Аударма сөз, әдебиет, публицистика ғылымдарының ажырамас бір бөлігі. Әрі халықты рухани жағынан дамытудың күшті құралы. Аударма халықтың мәдени өмірінің бір саласы, халықтар арасындағы үзілмейтін үрдістің бірі. Адамзат аударма арқылы араласып құралады.

Көркем аударма – әдеби шығарманың бір тілден екінші тілге аударылған нұсқасы, көркем әдеби шығармашылықтың бір саласы. Орта ғасырлардан бастап қазақ әдебиетінде де шығыста бұрыннан белгілі сюжетті арқау ете отырып шығарма жазу дәстүрі болған. Оларды бүгінгі дәуірде қалыптасқан мағынада аударма деуге келмейді. Олар кейде еркін аударма деп саналғанмен, шынында төлтума шығарма сипатына ие болған. Шынайы аударма қалайда түпнұсқаға сәйкес болуы шарт. Көркем аударма түпнұсқаға мағынасы қаншалық жақын келетініне орай дәлме-дәл аударма, еркін аударма, сәйкес аударма деп ажыратылады. Көркем аудармада әдеби шығарма бастан аяқ сөзбе-сөз тәжімаланбайды, сөздердің мағынасын, көркемдік қуатын, бейнелік әсерін неғұрлым толық жеткізу мақсат етіледі. Аударма жасаушы адам кем дегенде екі тілді жақсы білуі қажет. Онсыз аударма сапасы ойдағыдай шықпайды, түпнұсқаның ұлттық сипаты, өзіндік өзгешеліктері сақталмайды. Аудармада сөз қолдану, ойдың мағынасын толық жеткізу, көркемділігін жоғалтпау, маңызын төмендетпеу сияқты талантар толық сақталуы шарт. Аударма - әдебиеттің кең арналы, мол саласының бірі. Аударма арқылы бір халықтың таңдаулы әдеби шығармаларынан басқа халықтың өкілдері сусындай алады. Көркем аударманың қасиетін арттырып, түп-нұсқаның мағыналық байлығын, ой-толғамдары мен сезім иірімдерін, көркемдік өзгешеліктерін жаңғыртып, жарқырататын қайта туғызатын суреткерлік шеберлік. Көркем аударманың бүгінгі әдеби процесте алатын орны үлкен. Қазақ әдебиетінде қазіргі заманғы көркем аударма жасау дәстүрі 19 ғ-дан басталады. Абай неміс ақыны Гётенің, орыс ақындары Ю.Лермонтовтың, А.Пушкиннің жекелеген

шығармаларын қазақ тіліне ерекше көркемдікпен аударды, Ы.Алтынсарин орыс педагогы К.Д.Ушинскийдің, Шәкәрім Құдайбердіұлы Л.Толстойдың ("Асархадон патша", "Үш сауал"), А.С.Пушкиннің ("Дубровский", "Боран"), Тұрағұл Абайұлы М.Горькийдің ("Челкаш"), АС. Неверовтың ("Марья-большевичка", "Мен өмірге жерікпін"), Б.Прустың ("Антек") шығармаларын аударып, көркем аударманың дамуына ықпал етті. 20 ғ-да аударма ерекше серпінмен дамып, А.Байтұрсынұлы (И.Крылов мысалдары), М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Әуезовтер көркем аударманың арнасын кеңейтті. Х.Өзденбаев, Т.Нұртазин, Ғ.Жарылғапов, Ә.Жұмабаев, Г.Бельгер, Н.Шәкеев, Ж.Ысмағұлов, С.Ақтаев, т.б. қаламгерлер көркем аударма саласын жаңа санаға көтеріп, соны ізденістерге барды. Қазақ әдебиеттану ғылымында көркем аударма тарихы мен теориясын зерттеу ісі жолға қойылған. Филолог ғылым докторы Н.Сағындықованың "Көркем аударманың негіздері" (1995) аталатын монография жарық көрді. 2002 жылдан бастап "Аударма" баспасы әлем әдебиетіндегі көркем шығармалардың озық үлгілерін қазақ тілінде шығарып келеді. (қ. "Аударма").

Аударма теориясының объектісі – аударма, ал міндеті – аударма практикасында өмір сүріп отырған әртүрлі құбылыстарды реттеп, сұрыптап жинақтай отырып, оларды практикаға жетекшілік ете алатын теория деңгейіне көтеру. Ал, аудармашылар болса, осы теория негізінде, практика барысында кездесетін әртүрлі нақтылы мәселелерді жан-жақты дұрыс шешуі қажет. Аударма теориясы үздіксіз кемелденіп отырады. Түп-төркіні аударма практикасынан келіп шыққан аударма теориясы процесіне жетекшілік ету барысында тағы да үздіксіз жетіліп, толықтанып, дамып отырады. Бүгінге дейінгі аударма теориясының жетіп отырған деңгейінің дәуірлік шектемелігі бар деуіміз де сондықтан, Аударма дегеніміз екі тілге қатысты әрекет болғандықтан аударма теориясын зерттеу жұмысы да сол тілдердің тұлғасына тығыз байланысты болады. Екі тілдің лексикалық, грамматикалық, стилистикалық ерекшеліктерін қатар қарастырады. Сол себепті де, аударма теориясының міндеттерін мынадай түйіндерге жинақтап көрсетуге болады:

1) Тіл ғылымын негізге ала отырып, түпнұсқаны лексика, грамматика, стилистика, логика жақтарынан салыстыра зерттеп, екі тілдегі ұқсастықтары мен ерекшеліктерін тауып шығып, оларды терең зерттеп, аудару тәсілін жан-жақты қарастыру; 2) Осындай

салыстыру принципі негізінде аударма практикасында кезіккен алуан түрлі мәселелерге жан-жақтылы талдау жүргізіп, дұрыс қорытынды шығарып, оларды бейнелеу тәсілін қарастыруды негіз езу; 3) теорияның практикаға жетекшілік ету рөлін нұрландырып, аударма нұсқасында әділ баға беріп, аударма сапасын үздіксіз жоғарылату;

Әртүрлі ғалымдардың (Л.С.Бархударов, Р.К.Миньяр-Белоручев, т.б.) белгілеген межелеріне сай аударма жіктемелерінің бірнеше түрі бар.

Аудармашылық тәжірибе мен қазіргі аударматанудың ұғымдық саласы аудармалардың бірегей типологиясын құруға мүмкіндік береді. Ол аударманың дайындық деңгейінің, орындалуының, презентациясы мен қызмет етуінің түрлі жақтарын қамтиды және де ол аудармашылық қызметтің басқа да сыңарларымен тығыз байланысты.

Ғалымдар В.М.Нечаева [Нечаева: 1994], А.Паршин [Паршин: 2000], М.Ю.Семенова [Семенова: 2009], т.б. аудармалардың типологизациясы төмендегі өлшемдер бойынша жүзеге асырылатынын айтады:

- 1) аударма тілі мен түпнұсқа тілінің қатыстылығы бойынша;
- 2) аудармашылық қызмет субъектісінің сипаты мен оның аударылып отырған мәтін авторына қарым-қатынасы бойынша;
- 3) аударма орындаушы және оның түпнұсқа авторына қарым-қатынасы бойынша
- 4) аудармашылық бөлшектеу түрі мен аударылып отырған материалды өңдеу бойынша;
- 5) түпнұсқа мәтін мен аударма мәтінінің көрініс табуы бойынша;
- 6) аударма мәтінінің түпнұсқа мәтінге сәйкестігінің сипаты бойынша;
- 7) аударылып отырған материалдың жанрлық-стилистикалық ерекшеліктері бойынша;
- 8) негізгі прагматикалық қызметі бойынша;
- 9) түпнұсқа мәтінінің біріншілігі бойынша.

1. Аударма тілі мен түпнұсқа тілінің қатыстылығы бойынша ажыратылатын аудармалар:

- **тілішілік аударма;**
- **тіларалық аударма.**

Тілішілік аударма– бір ұлттық тіл шеңберіндегі жасалатын аударма, яғни бастапқы тіл мен аударма тілі тарихи дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі бір ұлттық тілге жатады, немесе түрлі функционалды-стилистикалық және жанрлық ерекшеліктері бар мәтіндер болып табылады.

Тілішілік аударманың келесі түрлері ажыратылады: *диахрондық тәржіме* және *транспозиция*.

Диахрондық (тарихи) аударма – өткен дәуір тілімен жазылған тарихи мәтінді қазіргі дәуір тіліне аударып жазу.

Тілдің лексикасы мен грамматикасында едәуір өзгерістерге ұшырағатындықтан, қазіргі тіл иелері тарихи мәтіндерді толықтай қабылдап және түсіне алмауына байланысты аударманың аталмыш түрінің қажеттілігі туындайды.

Мысалы, ғалым Ғ.Қалиевтың көрсетуінше, 1974 ж. А. Ибатовтың «Қутбтың «Хусрау уа Шірін» поэмасының сөздігінде» (4400-ден астам сөздік мақаладан тұрады) 14 ғ. Алтын Орда дәуірінен қалған әдеби мұрадағы ... және мысалдар оғыз-қыпшақ аралас тілде жазылған деп саналатын қазіргі қазақ тілінде айтылу үлгісімен берілген.

1997-1998 жж. М.Кашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» (11 ғ.-дан Қараханидтер дәуірінде жазылған әдеби мұра) үштомдық сөздігін қазақ тіліне жазушы, ғалым А.Егеубай аударған. Сөздікте қыпшақ-оғыз т.б. тілдердің дыбыстық құрамы салыстырылып, негізгі ерекшеліктері, сөйкестіктері, алмасу заңдылықтары, келтірілген мысалдары қазіргі қазақ тіліндегі айтылу үлгісімен түсіндірілген [Ғ.Қалиев: 2006, б.242-243].

Сондай-ақ, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында көне түркі тілінен қазіргі қазақ тіліне «Тәзкире-и-Бұғра ханды» (Сұлтан Сатұқ Бура ханғазының шежіресі) тәржімеленген (ауд.Серікбай Қосан).

Транспозиция – белгілі бір жанрдағы немесе функционалды стильдегі мәтінді басқа бір жанр немесе функционалды стильге аудару.

Аударманың бұл түрі көбінесе әдеби пародияларда немесе адамдардың шағын топтары арасындағы жаргон тілінде құрастырылған және жалпыхалықтық тілде сөйлеушілерге түсініксіз мәтіндерде кездеседі.

Бұл топта мейлінше көп тараған аударманың түрі диахрондық тәржіме болып табылады.

Тілралалық аударма – екі тілдің арасында жүзеге асатын аударма, яғни бастапқы тіл мен аударма тілі екі түрлі таңбалық жүйелер арқылы құрастырылған. Сондықтан бастапқы тіл мен аударма тілі ретінде *табиғи*, сондай-ақ *жасанды тілдер* қолданылуы мүмкін.

Табиғи жолмен пайда болған, белгілі бір этносқа тән күнделікті қарым-қатынаста қолданылатын тілді *табиғи тіл* деп атаймыз.

Жасанды тілдер– нақты бір этносқа қатысы жоқ, арнайы бір ортада немесе қарым-қатынас жағдайында қолданылатын және жасанды жолмен түзілген көмекші тілдер, әдетте олар – халықаралық тілдер.

Жасанды тілдер мамандырылған және мамандырылмаған болуы мүмкін.

Мамандырылмаған жасанды тілдер ақпарат алмасу кезінде жалпы қолданысқа арналған халықаралық тілдер болып табылады (мыс., эсперанто, бейсик инглиш, би тілі, т.т.). *Мамандырылған жасанды тілдер* – бұл математика, химия, физика, т.б. ғылымдардың символды тілдері, яғни арнайы қарым-қатынас аясында қолданынылатын халықаралық тілдер.

БТ мен АТ сипаты бойынша тіларалық аударманың келесі түрлері ажыратылады:

- **көстiлді (бинарлы) аударма;**
- **интерсемиотикалық аударма;**
- **трансмутация.**

Көстiлді, жұптас (бинарлы) аударма – белгілі бір табиғи тілден екінші табиғи тілге аудару, яғни БТ мен АТ белгілі бір этноспен байланысты (мыс., қазақ тілінен араб тіліне, жапон тілінен корей тіліне аудармалары).

Интерсемиотикалық аударма – табиғи тілден жасанды тілге не болмаса керісінше жасалатын аударма, яғни БТ мен АТ әртүрлі таңбалық жүйелерге жатады (мыс., табиғи тілден ым-ишара тіліне (сурдоаударма), математикалық таңбалар тіліне, т.б. және керісінше аудару).

Трансмутация– нақты бір жасанды тілден екінші бір жасанды тілге аудару (мыс., эсперанто тілінен ым-ишара тіліне, т.т. аудару).

? **1-тапсырма.** Мәтінді оқып, мазмұнын баяндаңыздар.

2-тапсырма. Әрбір салаға қатысты терминдерді тауып, мағынасын түсіндіріңіздер.

3-тапсырма. Ғылыми стильге тән есім сөздер мен етістіктерді табыңыздар.

4-тапсырма. *Криминологиялық танымның тағы бір ерекшелігі сол, онда осы ғылым зерделейтін әлеуметтік-құқықтық құбылыстардың себептерін түсіндіруге көбірек ден қойылады* деген сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыздар.

Криминология (лат. *crimen/criminis* – қылмыс + гр. *logos* – сөз, ұғым, ілім) - қылмысты, оның себептерін, қылмыскердің жеке басын зерттейтін, сондай-ақ оның алдын алу шараларын жасайтын ғылым. Криминология қылмыстылықты адамдардың мінез-құлқында қордаланатын қоғамға қауіпті, қылмыстық заңның талаптарына қайшы келетін құбылыс ретінде зерттейді. Қылмыстың ахуалын, құрылымын, серпінін, аумақтық бөлінімін сипаттайтын сандық әрі сапалық көрсеткіштерді айқындау мен ғылыми саралау мәселелері қылмыстылықты зерттеуде қамтылады. Ол қылмыстылықты, қылмыскердің жеке басын зерттеуге неғұрлым ауқымды да дәйекті социологиялық тұрғыдан келеді. Бұл орайда оның қылмыстық құқық ғылымынан өзгешелігі бар. Қылмыстық құқық ғылымы социологиялық әдісті қолданғанымен, онда, негізінен, заң нормаларын, қылмыстық құқықтың қылмыс, жаза туралы ережелерін талдауға баса назар аударылады. Криминологиялық танымның тағы бір ерекшелігі сол, онда осы ғылым зерделейтін әлеуметтік-құқықтық құбылыстардың себептерін түсіндіруге көбірек ден қойылады.

Криминологияда, сондай-ақ қылмыстылыққа қарсы күресте оның алдын алу міндеті бірінші орынға қойылады. Сайып келгенде, аталмыш және басқа заң ғылымдарынан өзгеше түрде криминология қылмыстылықтың алдын алудың, оны болдырмаудың құқықтық шараларын ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік-экономикалық, мәдени-тәрбиелік, т.б. шараларын да әзірлеуге қатысады. Криминологиялық зерттеу әдістемесінде жалпы ғылыми тәсілдер де (нысанды логика, анализ бен синтез, индукция мен дедукция,

ұқсастыру, үлгілеу, т.б.) социологиялық таным тәсілдері де («сауалдама, сұхбаттасу, сынақтама, құжаттарды зерделеу, қадағалау, эксперимент жүргізу» сияқты әлеуметтік-құқықтық ақпарат алу әдістері) қамтылады. Криминологиялық зерттеулерде талдау және ең алдымен, қылмыстық статистика тәсілдері маңызды рөл атқарады. Демек, криминология құқықтық ғылымның мәліметтерін, сондай-ақ социология ғылымының, философияның, экономиканың, әлеуметтің психологияның, педагогиканың ережелерін пайдаланатын кешенді пән болып табылады.

Тапсырма. Берілген хаттаманы оқып, заң терминдерін тауып, мағынасын түсіндіріңіз. Берілген үлгі бойынша хаттама толтырыңыз.

Күдіктіні және оның қорғаушысын сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарымен таныстыру ХАТТАМАСЫ

Қарағанды қ.
ақпан.

2017 жылғы 01

Басталды: «10 « сағат «00» минут.
Аяқталды: «11» сағат «15» минут.

Қарағанды қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция лейтенанты Н.С.Мұқашев Қарағанды қаласы ІІБ полиция бөлімінің ТБ ұй-жайында №313 кабинетінде ҚПК-нің 199, 113, 294, 296-баптарының талаптарын сақтай отырып, күдікті Данияр Ертайұлы Казбековті және оның қорғаушысы Е.С.Болатовқа Қазақстан Республикасының ҚК-нің 188-бабының 2-бөлігі 3-тармағымен көзделген қылмысты жасады деп айыптау ісінің барлық материалдарын 94 парақтан тұратын бір томда тігілген және нөмірленген түрінде таныстыру үшін көрсетті.

Таныстыруды бастау алдында күдіктіге және оның қорғаушысына Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 64, 296-баптарында көзделген құқықтар түсіндірілді, оның ішінде, олар кез келген мәліметтерді және кез келген көлемде жазып алуға,

құжаттардан көшірмелер жасауға, оның ішінде техникалық құралдар арқылы көшірме жасауға құқылы.

Күдікті Д.Е.Казбеков және оның қорғаушысы Е.С.Болатов іс материалдарымен бірге танысты.

Материалдармен таныстыру басталды:

11 сағат 00 минут, 10.10.20__ жылы.

Таныстыру аяқталды:

11 сағат 40 минут, 10.10.20__ жылы.

Күдікті мен оның қорғаушысы іс материалдарымен танысқаннан кейін, олар тергеуді толықтыру туралы және нақты немен толықтыру туралы өтініш білдірме деген сұраққа күдікті Д.Е.Казбеков және оның қорғаушысы Е.С.Болатов былай мәлімдеді:

№15631003103716 сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарымен таныстық, мәлімдемелер, шағымдар мен өтініштер жоқ.

Хаттаманы тергеуші дауыстап оқыды, дұрыс жазылды, ескертулер жоқ.

Күдікті: 10.10.20__
жылы

(қолы) Д.Е.Казбеков

Қорғаушы:

10.10.20__ жылы

(қолы) Е.С.Болатов

Қарағанды қаласы ІБ ТБ тергеушісі
полиция лейтенанты (қолы)
Н.С.Мұқашев

=====

Ауыр зардаптар – Қылмыстық Кодексте көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгісі ретінде көрсетілмеген жағдайлардағы мынадай зардаптар: адам өлімі; екі немесе одан да көп адамның өлімі; жәбірленушінің немесе оның жақынының (жақындарының) өзін-өзі өлтіруі; денсаулыққа ауыр

зиян келтіру; екі немесе одан да көп адамның денсаулығына ауыр

зиян келтіру; адамдардың жаппай сырқаттануы, ауру жұқтыруы, сәулеленуі немесе улануы; халық денсаулығы мен қоршаған орта жай-күйінің нашарлауы; қаламаған жүктіліктің болуы; техногендік немесе экологиялық зілзаланың, төтенше экологиялық ахуалдың туындауы; ірі немесе аса ірі залал келтіру; жоғары қолбасшылық қойған міндеттерді орындамай қалдыру; мемлекет қауіпсіздігіне қатер төндіру, апаттар немесе авариялар; әскери бөлімдер мен бөлімшелердің жауынгерлік әзірлігі мен жауынгерлік қабілеті деңгейінің ұзақ уақыт төмендеуі; жауынгерлік міндеттерді орындамай қалдыру; жауынгерлік техниканың істен шығуы; келтірілген зиянның ауырлығын куәландыратын өзге де зардаптар;

денсаулыққа ауыр зиян – адамның денсаулығына, оның өміріне қауіпті зиян не денсаулыққа: көру, сөйлеу, есту қабілетінен немесе қандай да бір ағзадан айырылуға; ағзаның өз функцияларын жоғалтуына; бет-әлпетінің қалпына келмейтіндей бұзылуына; жалпы еңбек қабілетінің кемінде үштен бірін айтарлықтай тұрақты түрде жоғалтумен ұласқан денсаулықтың бұзылуына; кәсіби еңбек қабілетін толық жоғалтуға; жүктілікті үзуге; психиканың бұзылуына; нашақорлықпен немесе уытқұмарлықпен ауыруға әкеп соққан өзге де зиян;

денсаулыққа ауырлығы орташа зиян – адамның денсаулығына, оның өміріне қауіпті емес, денсаулықтың ұзақ уақыт (жиырма бір күннен астам мерзімге) бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін (үштен бір бөлігінен кем) тұрақты түрде айтарлықтай жоғалтуға әкеп соққан зиян;

денсаулыққа жеңіл зиян – денсаулықтың қысқа мерзімге (жиырма бір күннен аспайтын мерзімге) бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін (оннан бір бөлігінен кем) тұрақты түрде болмашы жоғалтуға әкеп соққан адамның денсаулығына келтірілген зиян;

елеулі зиян – осы Кодексте көзделген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгісі ретінде көрсетілмеген жағдайлардағы зардаптар:

№1 тапсырма. Берілген заң терминдерінен ауыр зардаптың түрлеріне тоқталып, құрмалас сөйлем құраңыздар.

№2 тапсырма. Баспасөз ақпарат құралдарынан ауыр зардап, зиянның түрлері бойынша мақалаларды тауып, талдаңыздар.

№3 тапсырма. Мәтіндегі сөз тіркестерінің байланысу түрлеріне тоқталыңыздар.

Суицид

Суицид (лат.: sui caedere - өзін өлтіру) – адамның өзіне-өзінің қиянат жасап, өз өмірін қиюы. Суицид деген термин XVII ғасырда пайда болған, бірақ XVIII ғасырдың ортасына дейін бұл ұғым қоғамда кеңінен пайдаланылған емес. Тек XX ғасырдың басында адамдардың өз-өзіне қол жұмсауының етек алуына байланысты ғылымда «суицидология» атты дербес зерттеу саласы қалыптасты.

Қазақстандағы суицид саны жалпыәлемдік стандартпен салыстырғанда, өте жоғары деңгейде. Қазір әлемнің барлық елдерінде, оның ішінде Қазақстанда да суицид пен нашакорлық проблемасы маңызды мәселеге айналып отыр. Себебі бұлар адам санын азайтатындықтан, мемлекетті моральдық және экономикалық жағынан шығынға ұшыратып отыр.

Қазіргі кезде Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымының дерегі бойынша Қазақстан азаматтарының өз өмірлерін қиюы бойынша әлемде **үшінші орынды** алады. Ал осыдан үш жыл бұрынғы деректер бойынша Қазақстан бесінші орында болған. Ол кезде орта есеппен 100 000 адамға шаққандағы суицид жасаушылардың саны 30 адамды құраған.

Жалпы әлемде жыл сайын шамамен миллионға жуық адам өз-өзіне қол салып көз жұмады. Олардың 8 мыңы – қазақстандықтар, яғни республикада әр сағат сайын бір адам өз еркімен өмірмен қош айтысып жатады.

Ғалымдардың айтуынша суицидтің үш түрі бар:

1. Шынайы суицид. Оған барған адам өмірден түңіледі, үнемі көңілсіз болып жүреді, өлгісі келеді. Нақтырақ айтқанда өмірдің мәнін жоғалтады.

2. Жариялық суицид. Өзін-өзі өлтіргісі келгендердің көбі өлместен бұрын өзгелердің назарын өзіне аударғысы келеді (мысалы, біреумен ренжіссе, қолына суық қару алып, болмаса арқан, жіп ала жүгіріп, «өлем» деуі).

3. Жасырын суицид. Бұл түрінде адам өз-өзін өлтіру жақсы іс еместігін түсінеді, бірақ қиындықтан шығар шара, жол жоқ болып көрінгендіктен, өлімге апаратын істерге бас тігеді (мысалы, нашакорлық, алкоголизм т.б).

«Өз-өзіне қол салу – түсініспеушілік пен жалғыздықтан туындайтын проблема. Әрдайым адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасында түсініспеушілік орын алып жатса, ата-ана баласын түсіне алмаса, күйеуі әйелін түсінбесе немесе керісінше дегендей, жақын жандардың бір-бірін түсінбеуі осындай қайғылы оқиғаларға алып келеді», - деп Қазақстан психоаналитиктер ассоциациясының президенті Анна Құдиярова айтып кеткен.

Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының мамандары адамдардың өз өміріне қол жұмсауына себеп болатын мынадай факторларды көрсетеді: 1,2% – денсаулығының нашарлығынан; 3% – қаражат қиындығынан; 1,4% – өмір сүрудің ауырлығынан; 6% – құмарлықтан; 18% – отбасы келіспеушілігінен; 18% – рухани

дерттен; 19% – жазасын өтеуден жалтару мақсатында осындай қатерлі қадамға барады екен. Ал өзін-өзі өлтіру фактілерінің 41%-ы неден болатыны белгісіз күйде қалып отыр.

Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу (ҚК-тің 102-бабы). Қылмыстың мәні-қорқыту, қатыгездікпен қару немесе жәбірленушінің адамдық қасиетін кемсіту жолымен тұлғаны өзін-өзі өлтіруге немесе өзін-өзі өлтіруге қастандық жасауға жеткізуде. Қылмыстың объективті жағы-қорқыту, қатыгездікпен қарау немесе жәбірленушінің адамдық қасиетін ұдайы кемсіту жолымен тұлғаны өзін-өзі өлтіруге немесе өзін-өзі өлтіруге қастандық жасауға жеткізумен сипатталады. Сондықтан да, қорқыту сипаты барынша әр түрлі болуы мүмкін деп айтуға болады: күш қолданумен, бостандығын шектеумен немесе бостандығынан айырумен, тіршілік ету құралына айырумен және т.б.

Жәбірленушіге қатыгездікпен қарау, оны ұрып-соғудан, азаптау, денеге жарақат салудан, оны тамақтан, үй-жайдан айыру, бостандығын шектеуден т.б. көрінеді. Жәбірленушінің адамдық қасиетін ұдайы кемсіту, кінәлінің жәбірленушімен екі жүзділік қарым-қатынаста болуы: оның жеке басын кемсіту, оның кемшіліктерін келеке қылу, оны басыну, оны масқаралайтын мәліметтер тарату т.б. жағдайларда орын алады. Сонымен қатар мұндай фактілер біреу емес, ұдайы, яғни екі реттен көп болуы тиіс. Жоғарыда аталған әрекеттер әрекет жасау жолымен, сондай-ақ әрекетсіздік жолымен де жасалуы мүмкін. Жәбірленушінің өзін-өзі өлтіруі немесе өзін-өзі өлтіруге қастандық жасауы осы қылмыстың объективті жағының міндетті белгісі болып табылады. Кінәлінің мінез-құлқы мен аталған зардаптың арасында себептік байланыс анықталуға тиіс.

(Нұржан ЖОЛДАСБАЙ)

№1 тапсырма. Мәтінді оқып, жоспар құрып, мазмұнын баяндаңыздар.

№2 тапсырма. *Жеке басын кемсіту, кемшіліктерін келеке қылу, оны басыну, оны масқаралайтын мәліметтер тарату, ұрып-*

соғу, азаптау, денеге жарақат салу, оны тамақтан, үй-жайдан айыру, бостандығын шектеу сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріп, сөйлем құрастырыңыздар.

№3 тапсырма. Мәтіндегі сөздерге қосымшалардың жалғануындағы лексикалық-семантикалық нормалардың орындалуын дәлелдеңіздер.

№4 тапсырма. Мәтіндегі 2 сөйлемге морфологиялық талдау жасаңыздар.

№5 тапсырма. «Суицидтің алдын-алу жолдары» тақырыбында ғылыми баяндама дайындаңыздар.

Аударма, оның түрлері

Аудармашылық қызмет субъектісінің сипаты мен оның аударылып отырған мәтін авторына қарым-қатынасы бойынша ажыратылатын аудармалар:

- **дәстүрлі аударма;**
- **машиналық аударма;**
- **аралас аударма.**

Дәстүрлі (қолжазбалы) аударма – адам жасайтын аударма.

Дәстүрлі аударманың келесі түрлері ажыратылады:

- **авторлық емес аударма;**
- **авторлық аударма;**
- **автор мақұлдаған аударма.**

Авторлық емес аударма(немесе **жәй аударма**) – түпнұсқа мәтінінің авторы болып табылмайтын аудармашының тәржімесі.

Авторлық аударма (немесе**автоаударма**) – түпнұсқа мәтіні авторының өзі жасаған аудармасы.

Автор мақұлдаған) аударма – автор талқылауынан өткентүпнұсқа мәтінінің аудармасы;

Машиналық (автоматты) аударма – арнайы бағдарлама бойынша компьютер жасаған аударма.

Аралас аударма – мәтіннің дәстүрлі (немесе машиналық) өңдеуінің едәуір үлесін пайдалану арқылы жасалған аударма.

Аудармашылық бөлшектеу түрі мен аударылып отырған материалды өңдеу бойынша жүзеге асырылатын аудармалар:

- **морфемалық аударма;**
- **дара сөздер аудармасы;**

- **фразалық аударма;**
- **тұтастай мәтінді аудару.**

Морфемалық аударма – құрылымдық байланысын ескерместен, жеке морфемалар деңгейінде жүзеге асырылатын аударма. Бұл тәсіл түпнұсқа мәтінінде аудармашыға бейтаныс, сирек қолданылатын сөздерді аудару барысында пайдаланады. Мұндай сөздер сөздіктерге әлі енбеген авторлық неологизмдер де болуы мүмкін

Неологизм – «қоғамдық қатынастар, ғылым мен техника, мәдениет пен шаруашылықтың дамуымен байланысты тілде пайда болған жаңа сөздер мен сөз оралымдары. Жалпы алғанда, неологизмдер тілде бұрыннан белгілі сөздерден сөзжасам тәсілдері арқылы туады» [Қалиев: 2005, 227]. Сондықтан аудармашы сөзді жекелеген морфемаларға бөліп, олардың мағыналарын бастапқы тілде анықтайды. Содан соң аударма тілінде баламалы сәйкестікті (мағынасы жағынан сәйкес келетін морфемалар және сөзжасам тәсілін) іріктеп алады, мыс., *глобализация – жаһандану*.

Дара сөздер аудармасы – сөздердің арасындағы мағыналық, синтаксистік және стилистикалық байланыстар ескерілмей жүзеге асырылатын жеке сөздер деңгейіндегі аударма. Бұл тәсіл бастапқы мәтіндегі түсініксіз бөлшектерінің айқындауда жиірек қолданылады. Әрбір жеке сөз үшін аударма тіліндегі барлық баламалар алынады, соның ішінен аудармашы контекстке қажетті мағыналарды таңдап алады.

Фразалық аударма – бірінен кейін бірі тәржімеленетін жеке сөйлемдер немесе фразалар деңгейінде іске асырылатын аударма.

Тұтастай мәтінді аудару – мәтінді жеке сөздерге, сөйлемдер мен абзацтарға бөліп алмай, тұтастай тәржімелеу (көбінесе жазбаша түрінде жазылған шағын мәтіндерді аудару кезінде).

Түпнұсқа мәтіні мен аударма мәтінінің көрініс табуы бойынша анықталатын аударма түрлері:

- **жазбаша аударма;**
- **ауызша аударма.**

Жазбаша аударма – жазбаша түрде жасалған тәржіме түрі. Оның түрлері: *жазба-жазбаша аударма* және *ауызша-жазбаша аударма*.

Жазба-жазбаша аударма - жазылған мәтіннің жазбаша аудармасы.

Ауызша-жазбаша аударма – ауызша мәтіннің жазбаша түрінде жасалған аудармасы.

Ауызша аударма – ауызша түрде жасалған тәржіме. Оның түрлері: *жазбаша-ауызша* және *ауызба-ауыз аударма*.

Жазбаша-ауызша аударма – жазба мәтіннің ауызша түрде орындалған аудармасы.

Ауызба-ауыз аударма - ауызша мәтіннің ауызша түрде жасалған аудармасы. Ауызба-ауыз аударманың түрлері: *біржақты аударма, екіжақты аударма, ілеспе аударма, ізбе-із аударма*.

Біржақты аударма – бір ғана бағытта жүзеге асырылатын, яғни белгілі бір тілден екінші тілге ауызша жасалатын аударма.

Екіжақты аударма – бір тілден екінші тілге және керісінше кезекпен жүзеге асырылатын әңгіменің қосарласқан ауызша аудармасы.

Ілеспе аударма – түпнұсқа мәтінінің айтылуымен бір уақытта іске асырылатын ауызша аударма түрі.

Ілеспе аударманы бірнеше түрге бөлуге болады: *тыңдау арқылы ілеспе аударма жасау; парақтан ілеспе аударма жасау; алдын ала аударылған мәтінді ілесе оқу*.

Тыңдау арқылы ілеспе аударма жасау – аудармашыдан жинақылық пен шапшаңдықты талап ететін, аз ғана уақыт аралығында дыбысталатын бастапқы мәтінмен бірге (бір мезгілде) іске асырылатын аударма;

Парақтан ілеспе аударма жасау – дыбысталатын бастапқы мәтінмен бірге бір уақытта іске асырылатын аударма, алайда, бұл жағдайда аудармашы өзіне берілген түпнұсқаның жазба нұсқасына сүйене отырады. Сондай-ақ аударманың бұл түрі бастапқы мәтінде берілген ақпаратты толығырақ беруге мүмкіндік тудырады.

Алдын ала аударылған мәтінді ілесе оқу – бастапқы мәтіннің дыбысталуымен бірге (бір уақытта) дайын аударма мәтінін оқу. Аударманың мұндай түрі дыбысталатын түпнұсқаның мазмұнын едәуір толық бере алады.

Ізбе-із аударма– мәтін бірліктері тыңдалып болғаннан кейінгі осы бірліктер арасындағы кідіріс кезінде орындалатын ауызша аударма түрі. Ізбе-із аударманың түрлері: *ізбе-із аудармадағы жазуды пайдалану, абзацты-фразалы аударма*.

Ізбе-із аудармадағы жазуды пайдалану – бастапқы мәтінді қабылдау барысында жазба жүйесін пайдалана отырып, мәтінді тыңдап болған соң бір тілден екінші тілге аудару.

Абзацты-фразалы ізбе-із аударма – мәтін тыңдалып немесе оқылып болғаннан кейін толығымен емес, әдетте абзацтар немесе фразаларға бөлшектеніп тәржемеленетін ізбе-із аударманың қарапайым түрі.

Аударма мәтінінің түпнұсқа мәтінге сәйкестігінің сипаты бойынша бойынша ажыратылатын аудармалар:

- **еркін аударма;**
- **дәлме-дәл аударма;**
- **барабар аударма;**
- **расталған аударма;**
- **аутентикалық аударма;**
- **канондық аударма.**

Еркін аударма – бастапқы мәтіннің жалпы мазмұнын беретін, алайда бастапқы формасын сақтамайтын (мысалы, өлеңнің прозалық аудармасы) аударма түрі. Бұл шын мәнінде субъективті сипаты бар, бастапқы мәтінді алмастыру-аудару болып табылады. Негізінен көркем мәтіндерді аудару саласында қолданылады. Еркін аударма нәтижесінде көбінесе жаңа көркем туынды пайда болады, ол түпнұсқа негізінде жазылған, бірақ одан формасы, тілдік құралдары, стилистикалық қасиеттерімен ерекшеленеді.

Дәлме-дәл аударма – семантикалық дәлдік қасиетімен сипатталатын, яғни түпнұсқа мазмұнының жоспарын семантикалық тұрғыдан дәл әрі толық жеткізетін аударма;

Барабар аударма – аударма тілінің ережелерін мүлтіксіз сақтай отырып, түпнұсқа мазмұнын, сол сияқты тілдік формасын (құрылым, стиль, лексика және грамматика ерекшеліктерін) толықтай қамтитын аударма. Аударманың мұндай түрі адресатта түпнұсқа авторының коммуникативті бағытына сәйкес келетін интеллектуалды және эмоциялық реакция тудырады.

Расталған аударма – түпнұсқаға сәйкестігі заңды түрде нотариуспен куәландырылған аударма;

Аутентикалық аударма – түпнұсқа мәтінімен бірдей заңды күші бар ресми құжат аудармасы. Мәселен, екі жақтың да ресми өкілі болып табылатын тұлғалардың қолдарымен расталған және мамандар тексерісіне сәйкес келетін екі ұйымның я мекеменің арасындағы келісімшарттың аудармасы.

Канондық аударма – бірден-бір дұрыс деп бекітілген және танылған, халықаралық маңызы бар құжатты тәржімелеу (мысалы,

Адам құқықтары туралы декларация). Аудармашы түпнұсқа мәтіндегі үзінділерді немесе сол құжаттың мәтінін өз тарапынан аудармайды. Ол аталған құжаттың жарияланған канондық аудармасына сүйене отырып оны өз аудармасының мәтінінде дәйексөз ретінде пайдаланады.

Аударылып отырған материалдың жанрлық-стистикалық ерекшеліктері бойынша бөлінетін аудармалар:

- **ақпараттық аударма;**
- **көркем аударма.**

Ақпараттық аударма - негізгі қызметі қабылдаушыға көркем-эстетикалық әсер беру емес, белгілі бір мәліметтерді хабарлау болып табылатын түпнұсқа мәтіндердің аудармасы.

Ақпараттық аударманың түрлеріне **ресми-іскери, қоғамдық-ақпараттық, ғылыми және тұрмыстық** аудармалар жатады.

Ресми-іскери аудармаға мемлекеттік, саяси, дипломатиялық, коммерциялық, заң және т.б. мәтіндерді тәржімелеу жатады. Мұндай мәтіндер жазбаша түрде құрастырылады және олардың негізгі қызметі заттық-логикалық ақпаратты хабарлау болып табылады. Ауызша ресми-іскери аударма өндіріс, қаржы, экономикалық, т.б. салаларда ауызекі қарым-қатынас кезінде қажет болады.

Қоғамдық-ақпараттық аударма, бұл – бұқаралық ақпарат құралдары арқылы (газет, журнал, радио, теледидар) берілетін түрлі ақпараттардан құралған мәтіндерді тәржімелеу. Мұндай хабарлама мәтіндердің негізгі қызметі - шынайы болмыс туралы ақпарат беру. Бұл қызметтің күрделілігі қандай да бір маңызды мәселелер туралы белгілі бір қоғамдық пікірді қалыптастыру мақсатында қоғамдық санаға ықпал етумен байланысты. Мұндай мәтіндер негізінен жазба түрде құрастырылып, жазбаша аударма болып саналады. Радио немесе теледидардан берілетін ауызша мәтіндер, әдетте, алдын ала жазылған мәтіндер негізінде оқылады. Қоғамдық-ақпараттық аудармада бастапқы мәтіннің екі қызметі де (ақпаратты хабарлау және қоғамдық санаға әсер ету) есепке алынады.

Ғылыми (ғылыми-техникалық) аударма – ғылым салалары бойынша бөлінетін ғылыми мәтіндердің (техникалық, медициналық, экономикалық, философиялық, т.б.) аудармасы.

Ғылыми мәтіндердің екі негізгі түрі болады:

· белгілі бір саладағы кәсіби мамандардың қабылдауына арналған **өзіндік, ғылыми мәтін**;

· бұқаралық оқырманға арналған **ғылыми-көпшілік мәтін**.

Бұл салаға кіретін барлық мәтіндер үшін хабарлау қызметі мен мазмұнды дәлелді, нақты, ізбе-із, логикалық баяндауға бағытталған ерекше синтаксистік құрылымдар тән. Аударманың бұл түрінің өзгешелігі мәтіннің логикалық ұйымдастыруын және молынан кездесетін арнайы терминдердің мазмұнын жеткізу қажеттілігімен байланысты. Негізінен ғылыми мәтіндер жазба түрде құрастырылып, жазбаша формада аударылады. Ғылыми мәтіндердің ауызша аудармалары көбінесе халықаралық ғылыми конференциялар, симпозиумдер, конгрестер кезінде қолданылады.

Тұрмыстық аударма – тұрмыстық немесе іскери ауызекі сөйлеу тақырыптарына тіларалық және мәдениетаралық қарым-қатынастың диалогтік формасы жағдайында туындайды. Мұндай жағдайларда негізінен қандай да бір мақсатқа қол жеткізуге арналған өзара қарым-қатынасқа бағыттылған ауызша мәтіндер жасалады.

Көркем аударма – негізгі қызметі оқырманға көркем-эстетикалық әсер ету болып табылатын көркем әдебиет шығармаларының мәтіндерді тәржімелеу (бұл аударма түрі туралы 3 тараудың § 9.5 қараңыз).

Ақпараттық аударманың барлық түрлеріне қарама-қарсы қойылатын аударманың бір түрі – көркем аударма болып табылады. Көркем аудармада интеллектуалды, заттық-логикалық ақпаратқа қарағанда, эмоционалдық ақпаратты жеткізу аса маңызды. Көркем аударманың қолданыс аясы көркем мәтіндердің жанрлық көптүрлілігі, әдеби сын шығармалары мен көсемсөз (публицистика) болып табылады. Көркем шығарманы аударғанда бірінші кезекте шығарма мазмұнын жеткізу жолдарына аса көп мән беріледі. Көркем шығарманы аудару кезінде қиыншылық тудыратын мәселе – көркем мәтіндерде ерекше стилистикалық жүйені құрайтын, жаңа мағыналық және стильдік мәнге ие болатын тілдік құралдарын мен бірліктерін пайдалану. Көркем мәтіндердің аудармасы адамзаттың ұжымдық есте сақтауын кеңейтіп, әлемді мәдени жағынан тану құралы ретінде мәдениетаралық коммуникацияның ерекше түрі – мәдени-этикалық және көркем-эстетикалық қарым-қатынасы болып табылады.

Негізгі прагматикалық қызметі бойынша орындалатын аудармалар:

- практикалық аударма;*
- оқу барысындағы аударма.*

Аударма мәтіні қандай мақсатта даярлануы және оның бұдан былай қалай пайдалануына байланысты аударманың негізгі екі түрі – практикалық аударма және оқу барысындағы аударма болып бөлінеді.

Практикалық аударма - ақпараттың қайнар көзі ретінде практика жүзінде қолдануға арналған. Мұндай аударманың нәтижесі (аударма мәтіні) аудио-, бейнежазба түрінде тарату, баспа беттеріне жариялау мен көбейтуге арналуы немесе арналмауы да мүмкін. Осыған сәйкес, аударма мәтінін түрлі өңдеуден, яғни редакциялаудың әртүрлі дәрежесінен өтуіне тура келеді. Көбейту мен таратуға арналған аударма мәтіні аса мұқият редакциялауға ұшырайды (бұл бірнеше рет болуы мүмкін). Сондықтан, аударма мәтінін жоспарлап қойып пайдалану мен оны өңдеу тәсілі бойынша практикалық аударманың екі түрін көрсетуге болады - алғашқы жазылған түрі (қарабайыр, редакцияланбаған) және таза, аяқталған түрі (баспаға дайын, редакцияланған). Мынаны есте сақтаған дұрыс: ресми-іскери аударма саласында аударма мәтінінің таратылуы мен жариялануға арналуына қарамастан, тек таза аяқталған тәржімесі қолданылады, өйткені кез келген құжаттың өзіне тән ерекше әлеуметтік маңызы болады.

Оқу барысындағы аударма– тәржімешілерді даярлауда жоғары оқу орындары мен мектепте шет тілін үйрету кезіндегі оқу үдерісінде қолданылатын аударма. Оқу барысындағы аударманың пайдалану мақсатына қарай үш түрі болуы мүмкін – үйренушілік, эксперименттік, эталондық.

Үйренушілік аудармасы білім алушылардың аударманың әр түріне машықтануына арналған.

Эксперименттік аударма зерттеу мақсатында аударманың жолдары мен тәсілдерін және олардың тілдік материалды қолдануға негіздеме болу дәрежесін анықтау үшін орындалады.

Эталондық аударма, бұл – үйренушілік немесе эксперименттік тәржіменің сапасын бағалау кезінде салыстыру үшін пайдаланатын аударманың үлгі ретінде көрсетілетін түрі.

Тапсырма. Төменде берілген хаттамаларды аударма түрлері бойынша орыс тіліне аударыңыз.

Қазақстан Республикасының ҚК 68 - бап талаптарын түсіндіру ХАТТАМАСЫ

Қарағанды қ.
ақпан.

2017 жылғы 01

Басталды: «10» сағат «00» минут.

Аяқталды: «11» сағат «15» минут.

Қарағанды қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция лейтенанты Н.С.Мұқашев жәбірленуші Сағындық Нұрланұлы Касперовқа Қазақстан Республикасының ҚК 68-бабының «Татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату» талаптарын түсіндірді.

1. Қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады. 2. Қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, жас балалары бар әйелдер, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектер, егер олар жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Қылмыстық жауаптылықтан босату кезінде кәмелетке толмаған адамға тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары қолданылады. 3. Қылмыстық құқық бұзушылықпен қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтірілген жағдайларда, осы баптың бірінші немесе екінші бөлігінде көрсетілген адам, егер ол шынайы өкінсе және қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. 4. Осы баптың ережелері абайсызда адам өліміне не екі және одан да көп адамның

өліміне әкеп соққан қылмыс, сыбайлас жемқорлық қылмыс, террористік қылмыс, экстремистік қылмыс, қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыс, жас балаларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды.

Сондықтан, Қазақстан Республикасының ҚК 68-бабының заңдық негіздерінің күші бар, сонымен қатар Қазақстан Республикасының ҚПК 35-бабы 1-бөлімі 12-тармағына сәйкес, жәбірленуші қылмыстық құқық бұзушылық тұлғамен татуласқан жағдайда, қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы шығарылуы мүмкін.

Жәбірленуші / Касперов С. / көрсетілген заң талаптарымен танысып болғасын айтты: Татуласуға келіспейтіндігін, қылмыстық жауапкершілікке және сот отырысында қарастыру туралы білдірді.

Жәбірленушінің қолы: _____(Касперов С.)

Құқығын түсіндірген:

**Қарағанды қаласы ІІБ
ТБ тергеушісі полиция лейтенанты
Н.С.Мұқашев**

**Сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарымен
жәбірленушіні таныстыру
ХАТТАМАСЫ**

Қарағанды қ.
ақпан.

2017 жылғы 01

Басталды: «10» сағат «00» минут.

Аяқталды: «11» сағат «15» минут.

Қарағанды қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция лейтенанты Н.С.Мұқашев полиция бөлімінің ТБ үй-жайында №313 кабинетінде ҚПК-нің 71, 295-баптарының талаптарын сақтай отырып, жәбірленуші Мәди Кенжебекұлы Елубаевқа №15631003103716 сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын 94 парақтан тұратын бір томда тігілген және нөмірленген түрінде таныстыру үшін көрсетті.

Материалдармен таныстыру басталды:

10 сағат 00 минут, 10.10.20__ жылы.

Таныстыру аяқталды:

10 сағат 30 минут, 10.10.20__ жылы.

Жәбірленуші сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарымен танысқаннан кейін, ол тергеуді толықтыру туралы және нақты немен толықтыру туралы өтініш білдіре ме деген сұраққа жәбірленуші былай мәлімдеді:

04.06.1994 ж.т. Данияр Ертайұлы Казбековті Қазақстан Республикасының ҚК-нің 188-бабының 2-бөлігі 3-тармағымен көзделген қылмысты жасады деп айыптау бойынша №15631003103716 сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарымен таныстым, мәлімдемелер, шағымдар мен өтініштер жоқ.

Хаттаманы тергеуші дауыстап оқыды, дұрыс жазылды, ескертулер жоқ.

Жәбірленуші:

10.10.20__ жыл

(қолы) М.К.Елубаев

Қарағанды қаласы ІІБ ТБ тергеушісі

полиция лейтенанты (қолы)

Н.С.Мұқашев

=====

Ресми және іс қағаздарын аудару

Қазақ ісқағаздары терминдерін жасау, қалыптастыру, жүйелеу, реттеу жұмыстарын дұрыс жолға қою, жалпы даму бағытын белгілеу – бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Соңғы он-он бес жыл көлемінде термин мәселесіне айрықша көңіл бөлініп, тілші-ғалымдардың, ісқағаздарын жүргізушілердің, аудармашылардың, жалпы көпшіліктің жаппай пікір білдіріп ат салысып жатқандығына қарамастан, қазақ ісқағаздары терминдерін қалыптастырудың өзіндік проблемалары аз емес. Қазақ ісқағаздары терминдерін қалыптастыру үшін термин шығармашылығында іске қосылатын амал-тәсілдер мен пайдаланылатын ішкі мүмкіншіліктерді айқындап, өзіндік ерекшеліктерін көрсетудің

маңызы ерекше. «Термин ең алдымен белгілі ғылым саласының ұғымдар жүйесінен туындайды. Ол осы құбылысты таңбалау үшін құрастырылған немесе сол жағдай үшін арнайы ойлап табылған шартты белгілер емес. Олар тілде бұрыннан бар белгілі бір мағынаға ие сөздер мен түбірлер негізінде пайда болады», - деп жазады Ө.Айтбаев «Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы» атты еңбегінде. Ғалым өз еңбегінде терминнің басты белгілері дәлдік, қысқалық және жүйелілік екендігін атап көрсете отырып, қысқа әрі ыңғайлы термин жасау үшін түркологияда, жалпы тіл білімінде қолданылып жүрген негізгі әдістерге тоқталады. Олардың негізгілері: термин құрауға қатыстырылатын кейбір элементтерді қысқарту, термин құрамының қайсыбірін басқа элементтермен алмастыру, термин құрамындағы жеке сөздерді қосымшалармен алмастыру, бір синтаксистік конструкцияны екіншісімен ауыстыру.

Қазақ халқы өз даму тарихының әр кезеңінде түрлі елдермен араласып, әртүрлі қарым-қатынас жасағаны белгілі. Бұл қарым-қатынас нәтижесінде қазақ тілінің сөздік құрамында бірқатар кірме сөздер пайда болды. Олар негізінен VIII-XI ғасырларда ислам дінінің енгізілуімен байланысты енген араб-парсы және XVIII ғасырдан бастап Ресеймен арадағы қарым-қатынастың күшеюіне байланысты енген орыс сөздері. Араб-парсы тілінен енген сөздердің көпшілігі қазіргі кезде ана тілінің төл сөздеріндей болып, негізгі сөздік қордан түпкілікті орын теуіп отыр. Солардың бірқатары ресми-ісқағаздар тілінде қолданылатын, жалпы халыққа түсінікті бола отырып, әлеуметтік өмірдің, шаруашылық пен өндірістің түрлі саласында жұмсалатын терминдер мен терминдік сипаты бар сөздер. Олар: *нарық, қарыз, емтихан, ақпар, құн, қазына, жәрдем, жарнама, хабар, куә, мөр, саясат, кеден, өкімет, өкіл, құқық, әкім, мәртебе, азамат, айып, мырза, мекеме, мағлұмат, мәжіліс, мемлекет, бұқара, салтанат, абырой, әйел* т.б. Қазір қолданыста жүрген іс қағаз атауларының бірқатары араб-парсы тілінен енген сөздерден жасалған. Мысалы, *арыз, есеп, ереже, үкім, өкім, шарт, кепілдеме, мәлімет* т.б. Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде ислам діні халық арасына кең таралып, оқу негізінен мұсылманша болғандықтан қазақ ісқағаздар тілінде араб-парсы элементтері көп қолданылды. Уақыт ілгерілеген сайын араб-парсы элементтерінің жаңасы кірмей, олар сан жағынан азая бастағаны байқалады. Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңде ісқағаздар

тілінде қазақтың төл сөздері мен орыс тілінен енген сөздер біршама көбейе бастайды.

Қазіргі таңда белең алған бір құбылыс ісқағаздарын, олардағы терминдерді түгелдей орыс тілінен аударып алып жатырмыз. Тіпті бір сөзін, бір тіркесін мүлт жібергіміз келмейді, түгендеп отырамыз, кейде осыны қатаң ұстанамыз деп шарттылыққа, түсінбеушілікке ұрынамыз. Мысалы, орыс тіліндегі *делопроизводство* термині *ісқағаздарын жүргізу* болып қалыптасқан, соңғы кезде орыс тіліндегі нұсқасында *қағаз* сөзі жоқ болғандықтан оны алып тастап *іс жүргізу* деп айту, жазу, белең алып жүр. Негізінде *іс жүргізу* заң саласында қолданылатын термин ретінде қалыптасқан. Беретін мағынасы да көпшілікке түсінікті – белгілі бір қылмысты істі жүргізу. Осыған орай *істі болды, ісі сотта қаралды, қылмысты іс тоқтатылды, істі жүргізу Пәленшеевке тапсырылды* деген сияқты тіркестерді жиі қолданамыз. Олай болса *делопроизводство* терминін *іс жүргізу* деп алудың қанша қажеттілігі бар? *Делопроизводство* терминінің *ісқағаздарын жүргізу* деп қолданылғаны дұрыс. Себебі *ісқағаздарын жүргізу* термин ретінде бұрыннан қалыптасып, тілге сіңісті болған, екіншіден өз мағынасын толық, айқын бере алады, үшіншіден *іс жүргізу* заң термині ретінде қалыптасқан, өзінің беретін мағынасы, атқаратын қызметі, қолданылу ерекшелігі бар, төртіншіден әрқайсысының өз атауы тұрғанда екі терминді бір сөзбен беру қажеттілігі жоқ. *Делопроизводство – ісқағаздарын жүргізу, деловые бумаги – іс қағаздары* болып қолданылуы тиіс.

Кеңес дәуірінде басшылыққа алынып келген терминжасаудың негізгі принциптерінің біразы бүгінгі күні ескерілмей, қазақ тілінде термин қалыптастырудың ғылыми негізделген жаңа принциптері әлі қалыптаса қоймағандықтан, бүгінгі таңда қазақ терминологиясы күрделі кезенді бастан өткеріп жатыр. Осының нәтижесінде терминжасау бейберекет, бұқаралық әрекетке айналып бара жатқаны да жасырын емес. Бұған соңғы жылдары жарық көрген түрлі сөздіктерді, оқулықтарды, оқу құралдарын, ісқағаздарында қолданылып жүрген түрлі сөз қолданыстарын салыстыру арқылы көз жеткізуге болады.

Мемлекеттік тілдің өз мәртебесіне лайық толыққанды қызмет атқарып, кеңінен қолданысқа түсу деңгейі ұлттық терминологияның дамуымен тығыз байланысты екені даусыз. Қазақ

ісқағаздары тіліндегі көптеген терминдер орыс тілінен, орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген. Олардың көпшілігінің қазақшаланған нұсқасы бар. Кейбірінің орыс тіліндегі нұсқасы да қазақшаланған нұсқасы да қатар қолданылып жүр. Мысалы, *резолюция* – *бұрыштама*, *резюме* – *түйіндеме*, *акт-кесім* т.б.

Кез келген құжаттың алғашқы, яғни негізгі нұсқасы болады. «Оригинал документа: 1. Первоначальный экземпляр документа. 2. Экземпляр документа, являющийся исходным материалом для копирования» [68, 54-б.]. Бұл негізгі нұсқа да ісқағаздарында әртүрлі жазылып жүр. Кейде *оригинал* күйінде, яғни орыс тілінен аударылмай сол күйінде қолданылса, кейде *төлқұжат*, кейде *түпқұжат* деп те қолданылады. *Төлқұжат* деген сөзді *оригиналдың* аудармасы ретінде қабылдай алмаймыз. Біріншіден *төлқұжат* термині «паспорттың» аудармасы ретінде бекітіліп, қолданысқа еніп кетті, екіншіден, *оригинал паспорта* деген қолданысты *төлқұжаттың төлқұжаты* деп қалай аударамыз?! *Оригиналдың* ең ұтымды баламасы ретінде *түпнұсқа* сөзін алуға болады. Себебі *түп* сөзінің шыққан тегі, негізі деген мағынасы бар, ал *нұсқа* сөзі түсіндірме сөздікте берілген «Белгілі бір заттың ең алғашқы түп негізі» мағынасымен қатар қазір *вариант* сөзінің баламасы ретінде де қолданылады. Сонда *түпнұсқа* сөзі ісқағаздар тілінде белгілі бір құжаттың алғашқы нұсқасы, негізгі варианты деген ұғымды бере алады.

Құжат жоғалған кезде қолға берілетін, құжаттың түпнұсқасымен күші бірдей көшірмесі *дубликат* деп аталады. Оқу құралдарында *дубликат* – *төлқұжат* деп аударылып жүр. *Төлқұжат* жоғарыда айтылғандай *паспорттың* аудармасы ретінде бекітіліп, қолданысқа еніп кеткендіктен және *төл* деген сөз ең алғашқы, өзіне ғана тән деген ұғымдарды беретіндіктен *дубликат* сөзінің орнына жүре алмайды. Қазір ісқағаздар тілінде *дубликаттың* баламасы ретінде *телқұжат*, *телнұсқа* терминдері қолданылып жүр. *Оригиналды түпнұсқа* деп қалыптастырсақ *дубликатты телнұсқа* деп қалыптастыруға әбден болар еді.

«Протокол» терминінің аудармасы ретінде осы уақытқа дейін *мәжілісхат*, *хаттама* сөздері қатар қолданылып келді. *Мәжілісхат* терминінің *мәжілістің мәжілісхаты* сияқты

қолданыстардағы үйлесімсіздігіне байланысты соңғы уақытта *хаттама* сөзі термин ретінде көп қолданылып, қалыптаса бастады. Бірақ *хаттама* термині мекеменің, ұйымның жиналысы мен мәжілістерінде қаралған, қорытындыланған мәселелерді көрсететін, тіркейтін құжат атауына сәтті табылған балама болғанымен, «дипломатиялық акт тәртібін реттейтін ережелер мен дәстүрлер жиынтығы» ұғымында қолданылатын *дипломатический протокол*, *Протокольная служба президента* сияқты тіркестерде қолданысқа жарай алмай тұр.

Хаттаманың қолға берілетін белгілі бөлігін (выписка из протокола) осыған дейін *хаттамадан көшірме* деп атап келдік. Енді осындағы *көшірме* сөзі *копия* сөзінің аудармасы және оның мағынасын дәл беретіндіктен және *копия* мен *выписканы* бір-бірімен шатастырмас үшін *хаттамадан көшірме* емес, *хаттаммадан үзінді* деген қолданыс дұрыс. Біріншіден, екі терминді бір сөзбен атағанша, әрқайсысының өз атауы болғаны дұрыс, екіншіден, *копия* мен *выписка* бір нәрсе емес, үшіншіден, *үзінді* сөзі *хаттамадан үзінді* (выписка из протокола) деп аталатын құжаттың мағынасын *көшірмеге* қарағанда дәл ашады. *Хаттамадан көшірме* деп аталатын құжат хаттаманың бүкіл мазмұнының көшірмесі емес, тек қажетті бөлігінің мәтіні өзгертілмей жазылған, қолға берілетін нұсқасы. Кез келген құжаттың үзіндісі құжаттың толық мәтіні қажет болмаған жағдайда, құжатта жазылған бірнеше мәселенің ішінен біреуі ғана қажет болғанда немесе құжаттың толық мазмұнын кұпия ұстау қажет болған жағдайда дайындалады. Құжат үзіндісінде жазылған мәліметтің растығын, дұрыстығын дәлелдеу үшін орыс тілінде «*выписка верна*» деп жазылып, жауапты қызметкердің қолы қойылып, мекеме мөрі басылады. Құжат үзіндісінің дұрыстығын, растығын дәлелдейтін жазба *үзіндісі рас*, *үзіндісі заңды*, *үзіндісі дұрыс* т.б. бірнеше нұсқада қолданылып жүр. Бұлардың ішінен *үзіндісі дұрыс* деген нұсқа ісқағаздар тілінде қолдануға икемді, растайтын жазба ұғымын бере алады. Құжаттың үзіндісі емес, көшірмесі берілген жағдайда *көшірмесі дұрыс* деп жазылады.

Статус сөзінің орнына *мәртебе* сөзінтерминдік балама ретінде қолдана бастадық. Мәртебе тілімізде жағымды реңк беретін сөз екені белгілі. *Мәртебесі арту*, *мәртебесі көтерілу*, *мәртебесі өсу* сияқты тіркестер тілімізде жиі қолданылады. *Мәртебе* сөзі *ұлттық университет мәртебесі*,

мемлекеттік тіл мәртебесі, депутат мәртебесі, азаматтық мәртебе сияқты тіркестерде сәтті қолданыс болғанымен, *статус беженца, статус безработного, статус оралмана* тіркестерін аударған кезде қарама-қайшылыққа ұрындырады.

Ісқағаздары мазмұны мен қызметіне қарай жеке адамға қатысты және қызметтік деп бөлінетіні белгілі. Бүгінгі таңда жеке адамға қатысты құжаттардың ішінен заман талабына қарай ең жиі қолданылатындарының бірі – *резюме*. *Резюме* сөзі *түйін, түйіндеме, тұжырым, тұжырымдама* деп аударылып жүр. Қазақ ісқағаздары терминдерінде бірізділіктің болмауы оны құжат мәтінінде жазу-жазбау тығырығына тірейді де, осыдан келіп құжат толтырушылардың көпшілігі орыс тілі арқылы енген нұсқасын пайдалануға мәжбүр болады. *Резюме* – француз тілінен алынған термин. Айтылған немесе жазылған мәселенің қысқаша түйіні деген мағына береді. Белгілі бір шығарманың, айтылатын ойдың, ғылыми жұмыстың т.б. *резюмесі* болады. Адамның жеке басына қатысты ісқағазының бір түрі ретінде жазылатын *резюмеде* белгілі бір адамның өмірбаяны, білімі, мамандығы, кәсіптік шеберлігі, біліктілігі, икемділігі т.б. жайлы нақты, қысқа мәлімет беріледі. Қазақша айтқанда *резюме* деген тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні болғандықтан *түйіндеме* оның сәтті баламасы. Қазір *резюме*нің бірнеше аудармасы да, орыс тілі арқылы енген нұсқасы да қатар қолданылып жүргенімен *түйіндеме* термині сәтті балама ретінде ісқағаздар тілінде орнығары сөзсіз.

Терминге лексикология тұрғысынан да, концептология тұрғысынан да қарай отырып, оның термин-сөз, термин-ұғым деп аталатын екі қырына бірдей мән берілуі қажет. Термин-сөздің термин-ұғымды дәл беруі дегеніміз оның өзге ұғымдардан айрықша, өзіне тән басты белгілерін көрсете білуі, ұғым мен атаудың бір-бірімен ұштасып жатуы. Қазір қолданылып жүрген ісқағаздары терминдерінің ішінде атауы мәтінде берілетін мән-мағынамен, мазмұнмен сәйкеспей жататындары да кездеседі. Мұндайда ресми құжаттың мазмұнына үңіліп барып, оған сәйкес атауды таңдап алу қажеттігі туындайды. Мәселен, жиі жазылатын ісқағазының бір түрі – *арыз*. *Арыз* – ұйым басшысының, лауазымы жағынан жоғары тұрған адамның атына белгілі бір ақпаратты, мәліметті, өтінішті жеткізу мақсатында немесе жеке адамның қандай да бір ұйымға немесе заңды тұлғаға өзінің құқықтары мен мүдделерін іске асыру, қорғау үшін жазылатын ісқағаздарының бір

түрі. Арыз көбінесе жеке адамның атынан жазылады. Іс жүзінде қойылған мәселе бірден бірнеше адамның немесе үлкен ұжымның мүддесін көздейтін ұжымдық арыз түрлері де кездеседі. Арыз белгілі бір себеппен ғана жазылады, әдетте онда бір ғана мәселе көтеріледі. Арыз онда айтылған мәселені шешуге құқы бар адам атына жазылады. Қазір *арыз, шағым, өтініш* атауларының аражігі ашылмай қолданылып жүр. Себебі *арыз* сөзі осы уақытқа дейін жиі қолданылып, жұмысқа қабылдауды сұрасақ та, жұмыстан босатуды сұрасақ та, материалдық көмек, пәтер, жатақхана сұрасақ та, жалақыны көтеру туралы, басқа жұмысқа ауыстыру туралы өтініш жасасақ та, наразылық білдіріп, біреудің үстінен шағымдансақ та *арыз* деп ат қойып, айдар тағып келдік. Бірақ арызда өтініш, тілек, талап ету реңкінен гөрі көңілге қонымсыздық, теріс әрекеттерге қарсы реніш білдіру, шағымдану реңкі басым. Сондықтан азаматтардың заң арқылы қорғалатын құқықтары ескерілмей, оны қалпына келтіру туралы талап қойылған жағдайда, құжатты жазушының құқықтары мен мүдделерін бұзып отырған мекеменің немесе лауазымды адамның атына сын айтылғанда, әлеуметтік әділетсіздік, жалпы келеңсіз жағдай жайлы жазылатын ісқағазының түрін *арыз* деп атап, ал жеке тұлғаның немесе ұйымның заңмен бекітілген түрлі қажеттіліктерін өтеу үшін, өздеріне берілген түрлі құқықтарды пайдалану үшін өтініш жасап жазған ісқағазын *өтініш* деп атаған дұрыс. Себебі термин саналы түрде жасалатын болғандықтан оның жасалуына негіз болған тілде бұрыннан бар сөздің мағынасын тарылтуға да, оған қосымша мағына үстеуге де, ол сөздің негізінде жаңа термин жасауға да, мағынаны, термин-ұғымды дәл бермеген жағдайда қолданыстан шығарып, басқа сәтті баламасын қолдануға да болады. Ісқағаздарында жиі қолданылатын *рапорт* термині бар. Рапорттың табиғатында хат, арыз, өтініш, баяндау, есеп беру сияқты бірнеше ұғым бар. Қазір *рапорт* түрінде де, *баянат* түрінде де қолданылып жүр. Рапорт ауызша да, жазбаша да беріледі. Көбінесе өзінен қызмет-лауазымы, шені жоғары адамның алдында бір тапсырманың орындалуы, оқиғаның, істің жағдайы туралы мәлімдейтін болғандықтан, рапорттың орнына *мәлімдеме* терминін қолданған ыңғайлы әрі қазақша айтуға да, жазуға да тиімді, түсінікті. Кез келген мекемеде жиі жазылатын құжаттың бірі – *иссапар куәлігі* (*командировочное удостоверение*). «Екі тілде іс жүргізу» атты сөздік-анықтамалықта *Іс сапарының куәлігі* деп берілген [69, 112-

б.]. *Иссанар* деп екі сөзді қосып жіберсек, біріншіден **-ның**деген артық жалғаудан құтылар едік, екіншіден, *иссанар куәлігі* дегенде құжат атауы қысқа, нұсқа болып нақтылана түсер еді.

Тілімізде хат сөзінің тіркесуі арқылы жасалған құжат атаулары көп. Олардың *қолхат, сенімхат, жеделхат* т.б. түрлерін біріктіріп жазамыз да, *құттықтау хат, қызметтік хат, нұсқау хат* т.б. түрлерін бөлек жазу қалыптасқан. Тілдің жазу нормасындағы бірізділік сақталу үшін хат сөзімен келетін құжат атауларының барлығын біріктіріп жазу дәстүрін қалыптастыру керек.

Тіл тазалығы үшін күрес дегеніміз – тілді тек кірме сөздерден тазарту емес, тілге сіңе алмай жүрген түрлі жасанды элементтерден тазарту, сөзді қазақ тілінің заңдылығына сай қолдану, тіл мәдениетін арттыру. Әкімшілік, басқару саласында жиі қолданылып жүрген жасанды сөздердің бірі – *төрайым*. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін қазақ тіліне енген сөздердің бірі – *председатель*. 1920-1930 жылдары қазақ тіліне *құрметті бастық, ардақты бастық, төбе басы, кеңес ағасы, аға, басшы, бастық, басы* деп 8 түрлі нұсқада аударылып қолданылып жүрген *председатель* сөзін сол кездегі Білім кеңесінің жиынында С. Сейфуллин *төраға* деп алайық, *мәжіліске төбе басылық еткен, мәжілістің құрметті бастығы болған* т.б. нұсқада қолданылып жүрген *председательствовал* сөзінің аудармасы ретінде *төрағалық ету* сөзін алайық деп ұсыныс жасайды. Бұл сөздердің сөздік құрамымызға емес, сөздік қорымызға да енгені мәлім. Тәуелсіздік алған жылдары сөз жасаушылардың да саны көбейді. *Төрағаның* құрамындағы *аға* сөзінің *айым* деген «женский род вариантын» тауып *төрайым* сөзін жасап алдық. Бірақ *төраға* сөзінің құрамындағы *аға* сөзінің мағынасы, қолданысы *жасы үлкен ер адам, еркек* деген мағына емес *басшылық ету, басқару, жетекші, жетекшілік ету* екенін ескеріп жүрген ешкім жоқ. Ал *айым* сөзінде *басқару, жетекшілік ету* ұғымдары жоқ, *әйел, жұбай* мағынасы ғана бар. *Аға* сөзінің *басшы, жетекші* мағынасына Сүгір ақынның: *Кешегі өткен Ер Сырым, Кіші жүздің ағасы* – деген өлең жолдары мен ертеректе қалыптасқан *ел ағасы, от ағасы, ауыл ағасы, жігіт ағасы* тіркестері дәлел бола алады [71, 11-б.]. *Төрайым* сөзінің *председатель* сөзіне балама бола алмайтындығына *сопредседатель, председательствовать* деген

сияқты әрі қарай түрлене алмайтындығы да дәлел бола алады. *Тең төраға, төрағалық етті* деп қолдана аламыз, ал *тең төрайым, төрайымдық етті* деп қолданылмайды. Сондықтан ойланбай, сөздің мән-мағынасына, қолданысына жете үңілмей жасалған мұндай жасанды сөздерді байқап қолданғанымыз, дұрысы мүлдем қолданбағанымыз абзал. Мұндай жасанды сөздерді қазір тықпалап, тілге зорлап енгізгенімізбен уақыт өте келе, әйтеуір бір күні мұндай өз табиғатына жат элементтерді тілдің өзі қолданыстан шығарып тастайды. Бұған бір кезде орыс тіліндегі род категориясының ықпалымен жасалып, тілге күштеп енгізілген *мұғалімнің* «женский род» нұсқасы *мұғалима*, *азаматтың* «женский род» нұсқасы *азаматша* сөздерінің бүгінгі күні қолданыстан шығып қалуы дәлел.

Термин сөздер қоғам өміріндегі өзгерістермен тікелей байланыста өзгеріп, қалыптасып, дамып отырады. Себебі қоғамда болып жатқан өзгеріс, жаңалық, соған байланысты туып жатқан жаңа ұғымдардың тіл арқылы бейнеленіп отыратыны белгілі. Ресми-ісқағаздары терминдерін жасауда қазақ тілінің сөзжасам тәсілдері актив қызмет атқарады. Мәселен, ресми-ісқағаздар тіліне қатысты кейбір терминдерді жасауда лексика-семантикалық тәсіл, яғни, сөздердің мағыналарын тарылту немесе кеңейту тәсілі қолданылады. Ал морфологиялық тәсілдің термин жасауда қолданылатын басты құралы қосымшалар екені белгілі. Ресми-ісқағаздар тілінде қолданылып жүрген термин сөздердің бірқатары осы тәсіл арқылы яғни түрлі сөзтудырушы қосымшалардың қызметі нәтижесінде пайда болған. Сөздерді біріктіру, тіркестіру амалдары да ресми-ісқағаздар терминдерін қалыптастыруда актив қызмет атқарып отыр. Ресми-ісқағаздары тілінде қолданылатын терминдер мен стандарт тілдік бірліктердің көпшілігі калькалау тәсілі арқылы жасалған. Өзге тілдегі терминдік ұғым мен түсініктің идеясы мен мазмұнын ұлттық тілдің құралдары, тәсілдері арқылы беру де іс қағаздар терминдерін жасауда өнімді қызмет атқарған, қазір де қолданылып отыр. Ресми-ісқағаздары терминдерінің де өзіндік қалыптасу, даму жолы, құрылымдық модельдері мен жасалу тәсілдері, заңдылықтары бар. Бүгінгі қазақ ресми-ісқағаздар терминдері әлі де толық қалыптасып, сараланып біткен жоқ.

Тапсырма. Төменде берілген хаттамаларды оқып, орыс тіліне аударыңыз, үлгі бойынша хаттама толтырыңыз.

**Жәбірленушіні және оның заңды өкілін
сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарымен таныстыру
ХАТТАМАСЫ**

Қарағанды қ.
ақпан.

2017 жылғы 01

Басталды: «10 « сағат «00» минут.
Аяқталды: «11» сағат «15» минут.

Қарағанды қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция лейтенанты .Н.Мукашев полиция бөлімінің ТБ үй-жайында №313 кабинетінде ҚПК-нің 71, 295-баптарының талаптарын сақтай отырып, жәбірленуші Мәди Кенжебекұлы Елубаевқа және оның заңды өкілі–Сара Нұрланқызы Сағатоваға №16631003103716 сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын 94 парақтан тұратын бір томда тігілген және нөмірленген түрінде таныстыру үшін көрсетті.

Материалдармен таныстыру басталды:

10 сағат 40 минут, 10.10.20__жылы.

Таныстыру аяқталды:

10 сағат 55 минут, 10.10.20__жылы.

Жәбірленуші сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарымен танысқаннан кейін, ол тергеуді толықтыру туралы және нақты немен толықтыру туралы өтініш білдіре ме деген сұраққа жәбірленуші С.Н.Сағатова былай мәлімдеді:

04.06.1994 ж.т. Данияр Ертайұлы Казбековті Қазақстан Республикасының ҚК-нің 188-бабының 2-бөлігі 3-тармағымен көзделген қылмысты жасады деп айыптау бойынша №15631003103716 сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарымен таныстым, мәлімдемелер, шағымдар мен өтініштер жоқ.

Жәбірленуші өкілі–С.Н. Сағатова былай мәлімдеді:

04.06.1994 ж.т. Данияр Ертайұлы Казбековті Қазақстан Республикасының ҚК-нің 188-бабының 2-бөлігі 3-тармағымен көзделген қылмысты жасады деп айыптау бойынша №16631003103716 сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарымен таныстым, мәлімдемелер, шағымдар мен өтініштер жоқ.

Хаттаманы тергеуші дауыстап оқыды, дұрыс жазылды, ескертулер жоқ.

Жәбірленуші:

10.10.20__жыл

(қолы) М.К.Елубаевқа

Жәбірленушінің өкілі: 10.10.20__жыл

(қолы) С.Н.Сағатова

Қарағанды қаласы ІІБ ТБ тергеушісі

полиция лейтенанты (қолы)

Н.С.Мұқашев

===== \

**Ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып,
бейнебайланыс режимінде (қашықтықтан жауап алу)
жәбірленушіден жауап алу
ХАТТАМАСЫ**

Қарағанды қ.
ақпан.

2017 жылғы 01

Басталды: «10 « сағат «00» минут.

Аяқталды: «11» сағат «15» минут.

Қарағанды қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция лейтенанты Н.С.Мұқашев 06.01.20__жылғы шығ. №3-10-245-19587 сәйкес №160064814873 қылмыстық іс бойынша Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 197, 199, 212-баптарының талаптарын сақтай отырып, Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 208, 209, 210, 212, 213, 214-баптарын басшылыққа алып, бейнебайланыс режимінде жауап алу үшін қажетті дайындық әрекеттер жасады.

Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 213-бабы 2-бөлігінің талаптарына сәйкес қашықтықтан жауап алған кезде ғылыми-техникалық құралдар мен технологияларды пайдалану бейне мен дыбыстың тиісті сапасын, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тиіс, осыған байланысты тергеуші Т.Н. Сұлтанбеков қажетті техникалық параметрлерді тексеріп, тестілік режимде Қарағанды қаласындағы тергеуші А.Т. Макинға сыртқы микрофон арқылы жауап алынып отырған адамнан «Өзіңзді таныстырыңыз, жеке басыңызды куәландыратын құжатты көрсетіңіз» деп ұсынды. Осылай Қарағанды қаласындағы тергеушіден дыбыс және бейнеберу сапасы туралы деректер алып,

Қарағанды тегі тергеуші басқа желідегі тергеушіден қызметтік куәлігін көрсетуді сұрады. Тергеуші өзінің қызметтік куәлігін көрсеткеннен кейін Web-камераға Қазақстан Республикасының азаматы Т.Н. Саринның жеке куәлігін көрсетіп, техникалық құралдар—«Windows» стационарлық компьютерді, түгендеу нөмірі 00125, «Бейнеконференцбайланыс» компьютерлік бағдарламасын, Web-камера мен «Сенон_» фирмасының сыртқы микрофонын пайдаланып, жеке бөлінген компьютерлік байланыс арнасы арқылы бейнебайланыс режимінде куә ретінде келесі адамнан жауап алды:

Тегі, аты әкесінің аты: Жанар Айтбекқызы Контарбаева,

Туған күні, айы және жылы: 08.08.1960 ж.т.,

Туған жері: Қарағанды обл. Осакаров ауылы Талжанов көш.

Ұлты: қазақ,

Білімі: орта,

Азаматтығы: Қазақстан Республикасының азаматы,

Отбасы жағдайы: тұрмыс құрмаған,

Соттылығы: бұрын сотталмаған,

Тұратын жері: Қарағанды ауылы Н. Әбдіров көшесі., 21/5-үй,

Жұмыс (оқу) орны: мұғалім,

Жауап алуды бастаудың алдында жауап алынатын Ж.А. Контарбаеваға Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 78-бабымен көзделген куәнің құқықтары мен міндеттері түсіндірілді, атап айтқанда: куә қылмыстық жазаланатын іс-әрекет немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін оның өзін, жұбайын (зайыбын) немесе жақын туыстарын қудалауға әкеп соғатын айғақтар беруден бас тартуға; өзінің ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақтар беруге; аудармашының тегін көмегін пайдалануға; өзінен жауап алуға қатысатын аудармашыға қарсылық білдіруді мәлімдеуге; жауап алу хаттамасына айғақтарды өз қолымен жазуға; анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың әрекеттеріне шағым келтіруге, өзінің құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысты, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхаттар мәлімдеуге, өз адвокатының қатысуымен айғақ беруге құқылы; анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың шақыруы бойынша келуге; іс бойынша болғанның бәрін шынайы түрде хабарлауға және қойылған сұрақтарға жауап беруге; егер өзіне бұл туралы анықтаушы, тергеуші немесе прокурор ескерткен болса, іс бойынша өзіне белгілі мән-жайлар туралы мәліметтерді жария етпеуге; тергеу әрекеттерін жүргізген

кезде және сот отырысы уақытында белгіленген тәртіпті сақтауға міндетті.

Жәбірленуші _____ Ж.К. Контарбаева

Бұдан басқа куә _____ айғақтар беруден жалтарғаны немесе қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша дәлелді себептерсіз келмегені үшін оған Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 160-бабында белгіленген тәртіппен ақшалай өндіріп алу қолданылуы мүмкін екені түсіндірілді.

Жәбірленуші _____ Ж.К. Контарбаева

Куә өзіне Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 78-бабымен берілген құқықтармен, оның ішінде: қылмыстық жазаланатын іс-әрекет жасағаны үшін оның өзін, жұбайын (зайыбын), жақын туыстарын қудалауға әкеп соғатын айғақтар беруден бас тарту; өзінің ана тілінде айғақтар беру және қауіпсіздік шараларын қолдану құқықтарын пайдаланғысы келе ме деген сұраққа, былай мәлімдеді:

« _____

_____».

Жәбірленуші _____ Ж.К. Контарбаева

Бір мезгілде маған Қазақстан Республикасының ҚК-нің 420, 421-баптары бойынша жалған айғақтар беру немесе айғақтар беруден бас тарту үшін қылмыстық жуаптылық туралы және айғақтар беруден жалтару немесе қылмыстық процесті жүргізетін органның шақыруы бойынша дәлелді себептерсіз келмегені үшін әкімшілік жауапкершілік туралы ескертілді.

Жәбірленуші _____ Ж.К. Контарбаева

Істің өзіне белгілі мән-жайлары туралы қойылған сұрақтың мәні бойынша жәбірленуші Ж.К. Контарбаева келесіні көрсетті: Қазіргі уақытта мен жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша тұрып жатырмын. Менің үйімнің ауласында борты жасыл түсті мотороллер кузовы тұрған, ол маған тиесілі. Бұл кузовта раманың өзі, рөл, барлық үш дөңгелегі, артында кішкентай борты болды. Бұл кузов маған осыдан екі жыл бұрын менің ұлым Вячеслав Мауерден қалған. Ол маған бұл кузовты көмек ретінде тегін қалдырып кеткен, оны менің иелігімге берген, керегіне жаратарсың, не сатарсың не бірдеңеге айырбастап аларсың деген. Менің ұлым Дәулет Қарабалық ауданында тұрады, сонда дәрігер болып жұмыс істейді. Бұл мотороллер кузовына менің ешқандай құжаттарым жоқ, оны

менің ұлым ешқандай құжаттарсыз сатып алған. Бұл мотороллер кузовы менің үйімнің ауласында шауып тасталған ағаштардың артында үнемі тұратын, ол кузов менікі. 05.01.2017 жылы таңертең шамамен 08.30 сағатта мен далаға шыққанымда, осы аталған мотороллер кузовының жоқ екенін байқадым, қоршаудың қақпасы жабық болды. Бұдан кейін мен үйімнің ауласын қарап шықтым, мотороллер ешқайда болмады. Осылай, мен белгісіз адамдардың менің үйімнің ауласынан менің мотороллерімді ұрлап кеткенін түсіндім. Бұл мотороллер кузовының құнын мен 50 000 теңгеге бағалаймын, сондықтан маған келтірілген зиян елеулі болып табылады деп есептеймін, өйткені мен бір зейнетақыма ғана өмір сүремін, оны мөлшері бір айда 19 200 теңгені құрайды. Осы оқиға бойынша мен полицияға жүгіндім, сол күні полиция қызметкерлері менен ұрланған мотороллер кузовын Нысанқұлов Омар Серікұлының үйінен тапты, ол оны менің үйімнің ауласынан ұрлап, өзінің үйінің жаңына қойған екен, сол күні мотороллер кузовы сақтау қолхат бергеннен кейін, маған қайтарылды. Нысанқұлов Омар Серікұлы–менің жақын туысым болып келеді, ол менің үйіме жиі келіп тұрады, мен үйімнің ауласына еркін кіруіне мүмкіндігі бар. Осыдан бір күн бұрын, яғни 03.01.2017 жылы мен күні бойы өзімнің шаруаларыммен көрші ауылында жүріп, үйімде болмағам, үйдің есігі кілттелген болатын.

Жауап алу аяқталғаннан кейін, жауап алуды жүргізу бейнежазбасы түгендеу нөмірі 3254586 «_____» стационарлық компьютердің жүйелік блогынан «_____» маркалы CD-ROM-ға көшірілді, жәбірленуші Ж.К. Контарбаева көрсетілді. Қаралғаннан кейін бейнежазба конвертке салынып, мөрмен мөрленді және тергеуші _____ қолтаңбасымен бекітіліп, куәдан жауап алу хаттамасына қосымша ретінде қоса тіркелді.

Хаттаманы мен оқыдым, менің сөзімнен дұрыс жазылды, ескертулер, өзгертілер мен толықтыруларым жоқ. Бейнежазба қаралды, ескертулерім жоқ.

Жәбірленуші _____ Ж.К. Контарбаева

Жауап алу хаттамасы қосымшасымен бірге (бейнежазба)
20__ ж. ____ шығ. № _____ жіберілді.

Жауап алған:

Қарағанды қаласы ІІБ ТБ тергеушісі

=====

=====

Қылмыскер – қылмыс жасаушы адам, яғни мемлекеттің қылмыстық заңында қылмыс деп көрсетіліп, жаза белгілеу арқылы тыйым салынған әрекеттің жасалуына кінәлі адам. Қылмыскер ұғымының мағынасы кінәнің қасақана және абайсызда жасалуына орай ашылады. Бұл ұғымға, негізінен, үнемі қылмыс жасайтын, яғни қылмыс жасауды күнкөріс кәсібіне айналдырған (мысалы, кәсіби ұры, есірткі сатушы, жалдамалы кісі өлтіруші, т.б.) немесе жүйке ауруына байланысты қылмысты өз сұранысын өтеу жолына айналдырған (мысалы, адамжегіш, вандалист, т.б.) адам сай келеді.

Вандализм (лат. Vandalism) – мәдени-тарихи ескерткіштерді, басқа да рухани мәдениет құндылықтарды, қоғамдық орындардағы мүліктерді аяусыз, қасақана жою, қиратып бүлдіру, тып-типыл тонау әрекеті. Әдетте ол жабайылық пен зұлымдықтың шектен шыққан бір түрі есептеледі.

Вандализм сөзі 445 жылы Рим қаласын басып алып, мәдениет туындыларын қиратқан және тонаған ежелгі герман тайпасы вандалдардың (vandali) атынан шыққан. Әрине, вандалдар тарихтағы ең бұзғыншы халық болды деу қиын, одан неше есе өткен тарихи мұраларды қиратып-тонау оқиғалары тарихта көп кездеседі. Бірақ, Британия ақыны Джон Драйден вандалдар туралы: «Готтар, Вандалдар, солтүстіктің дөрекі жабайылары барлық бағалы мұраларды қиратып бітті» - деп жазып қалтырған екен. Бұл сөз бағалы тарихи мұраларды бұзып шағушыларды айыптауға мысал ретінде қолданылған.

Вандализм термині алғаш рет француз революциясы кезінде, 1794 жылы қаңтарда Анри Грегуар Blois жеріндегі Конституциялық епископқа есеп бергенде, Вандализм сөзін тұңғыш рет қолданып, республикашылдар армиясының

қылмыстарын айыптаған.

Вандализм әдетте “агрессия” (“саяси күш қолдану, әскери шабуыл жасау”) деген ұғыммен тығыз байланысты. Әлеуметтік-экономикалық тегі мен хал-ахуалына, діни нанымына орай белгілі бір топты қуғындап, геноцидке ұшыратуға, мекенінен көшіріп жіберуге қатысы бар мемлекеттік және қоғамдық негіздегі құрылымдардың іс-әрекеттері, көбінесе, вандализмге ұласып жатады. Оның себебі әр қилы болады.

Қазіргі кезде вандализм сипатындағы қылмыстар көбейіп отырғаны байқалады. Осыған орай ҚР Қылмыстық кодексіне арнайы бап енгізіліп, қаскөйлік әрекет жасаушыларды жазалау шаралары көзделген.

№1 тапсырма. Мәтіндердің дискурстың қай түріне жататындығын анықтаңыздар? Мәтіннің негізгі тақырыбы мен идеясы қандай?

№2 тапсырма. *Кәсіби ұры, есірткі сатушы, жалдамалы кісі өлтіруші, вандалист* терминдерінің мағынасын түсіндіріңіздер. Бірнеше сабақтас құрмалас сөйлем құрастырыңыздар.

№3 тапсырма. Аталған қылмыскерлердің жасаған қылмыстар туралы нақты деректер келтіріп, мәтін жазыңыз.

№4 тапсырма. Мәтіндегі сөздерге қосымшалардың жалғануындағы морфологиялық нормалардың орындалуын дәлелдеңіздер.

Ресми іс қағаздарын аудару мәселелері

Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдайға байланысты бүгінгі күнге дейін қазақ тілі қоғамдық өмірдің барлық саласында қызмет ете алмағаны мәлім. Негізінен күнделікті тұрмыстық қатынаста, көркем әдебиет пен баспасөз бетінде қолданылған қазақ тілі ғылым, мәдениет, саяси-әлеуметтік, дипломатия, басқару саласында өзінің толыққанды қызметін атқара алған жоқ. Қоғамда қажеттілік тумағандықтан және қолданылу өрісінің тарлығынан қазақ ісқағаздар тілі өз деңгейінде қалыптасқан жоқ.

XX ғасырдың тоқсаныншы жылдары бұрынғы кеңестік мемлекеттер кеңістігінде болған тарихи өзгерістер қазақ қоғамының бүкіл болмысын өзгертті. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуымен байланысты мемлекеттік тілдің қоғамдық қызметін арттыру мәселесі күн тәртібіне қойылды. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін үкімет тарапынан бірнеше маңызды ресми құжат қабылданды. Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы № 550 Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейту мен нығайту бағдарламаның негізгі мақсатының бірі ретінде атап көрсетілген. Бұл мақсатты іске асыру үшін мемлекеттік тілдің іс жүргізудегі негізгі тіл ретінде қолданылуын қамтамасыз ету міндеттері белгіленді. Үкімет тарапынан қабылданған, іске асыруды талап ететін мемлекеттік маңызы бар ресми құжаттар ісқағаздарын қазақ тілінде жүргізудің бір жүйеге түспегендігін, оны қалыптастыру мен дамыту мәселесінің өзекті екендігін көрсетеді.

Баршаға мәлім, біз қазір ісқағаздарын орыс тілінен аудару үстіндеміз. Бұған бірінші себеп біздің мамандарымыз бен ісқағаздарын жүргізушілеріміздің бірден қазақ тілінде ісқағаздарын жүргізуге дайын еместігі, екінші себеп ісқағаздарын қазақша жүргізуде белгілі бір тәжірибенің, қалыптасқан жүйенің болмауы. Осыған байланысты бүгінгі таңда ісқағаз мәтіндерін түгелдей орыс тілінен аударып, бір сөзін, бір тіркесін мүлт жібермей тізіп отыру, іс қағаздарының мәтіндерін орыс тілінің заңдылығына орай қалыптастыру құбылысы белең алып отыр.

Аударма – ғылым. Оның өзіне тән ғылыми, практикалық заңдылықтары бар. Күні бүгінге дейін негізінен көркем аудармаға ден қойылып, орыс тілінен қазақ тіліне көптеген шығармалар

аударылып келді. Оның стильдік, жанрлық, тілдік т.б. мәселелеріне назар аударылды. Ал ресми құжаттарды, ісқағаздарын аудару, оның теориясы мен практикасы – тың мәселе.

Қазіргі қазақ ісқағаздар тілін қалыптастыруда да аудармаға қатысты қалыптастыра алмай, ретке келтіре алмай жатқан тұстарымыз жетерлік. Мысалы курстық жұмыс туралы Ереженің бір тарауының «*Порядок выполнения и подготовки курсовой работы к защите*» деген тақырыбы «*Курс жұмысын қорғауға дайындық және оны орындау тәртібі*» болып аударылған. Бұл жерде қорғауға дайындықтың орындалу тәртібі деген мағына беріп тұр. Дұрысы «*Курстық жұмысты орындау және қорғауға дайындық тәртібі*».

Орыс тіліндегі *оформление* деген сөздің күнделікті қолданыстағы аудармасы, беретін мағынасы *безендіру*, ал ісқағаздар тілінде *рәсімдеу* сөзін қолданған дұрыс, *ресімдеу* емес. Мысалы, *оформление документов – құжаттарды рәсімдеу. Пример оформления – рәсімдеу үлгісі, оформление диссертации – диссертацияны рәсімдеу* т.б.

Іс қағаздарын аудару кезінде қолданылатын жекелеген сөздің, сөз тіркесінің грамматикалық тұлғалардың белгілі бір стильге, яғни ресми стильге бағындырыла қолданылуы қажет. Аударма нақты, түсінікті болу үшін орын алмастыру, ауыстыру, қосу, түсіріп тастау сияқты трансформациялық процестердің қай-қайсысын да пайдалануға болады.

Құжаттарды аудару кезінде синтаксистік құбылыстарды жете ескеруіміз керек. Орыс тілі мен қазақ тілінің заңдылығы әртүрлі болғандықтан, сөйлем құрылысы, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі бір-біріне сай келе бермейді. Қазақ тілінде әр сөйлем мүшесінің белгілі бір қалыпты орны бар. Интерференция құбылысының негізгі себебі әртүрлі жүйедегі тілдердің қатар қолданылуы болғандықтан, төмендегі мысалдан тілдік нормадан ауытқуды және қазақ тіліне аударылып отырған құрылымдардың түпнұсқа тілінің (бұл жерде орыс тілінің) ықпалына түсуін байқауға болады. Түрлі құжаттарда, мәселен, бұйрық пен өкім соңында төмендегідей сөздер жазылады:

Внесено: _____ Учебно-методическое управление

СОГЛАСОВАНО: _____ Проректор по учебно-методической работе

Мұндай құрылымдар орыс тілінің синтаксистік жүйесінің әсерінен қазақ тіліне қате аударылып жүр:

Енгізілді: _____ Оқу-әдістемелік басқарма

КЕЛІСІЛДІ: _____ Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор

Сөз тіркесі мен сөйлем ішіндегі сөздердің орналасуының белгілі бір заңдылығы болады. Мысалы, қазақ тілінде сөйлемнің **бастауышы**, негізінен, **бірінші орында**, **баяндауышы сөйлем соңында**, анықтауышы өзі анықтайтын сөзінің алдында келеді, толықтауыш пен пысықтауыш та баяндауыштан бұрын тұруы тиіс. Бірақ, бұл барлық тілге бірдей ортақ заңдылық емес. Мәселен, орыс тілінде сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі өзгеше. Сондықтан, жоғарыда мысал ретінде келтірілген құрылымда сөздердің орын тәртібі орыс тілінің заңдылығына емес, қазақ тілінің заңдылығына сүйене отырып, келесі ретпен берілуі тиіс:

Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректормен _____
КЕЛІСІЛДІ

Амандық-саулық сұрау мен құтты болсын айтуға келгенде қазақ тілінен бай тіл жоқ шығар. Солай бола тұрса да орыс тілінің әсерімен жасалған таптаурын сөздерді қолдануға әуеспіз. Мысалы, Келуіңізбен! Табысыңызбен! Мерекеңізбен! дегендер орыс тілінде жылдар бойы қалыптасып, олар үшін әбден сіңісті болған С приездом! С успехом! С праздником! сияқты қолданыстардың аудармасы. Орыс тілінде бұл сөздерден кейін поздравляю, желаю сөздері жазылмаса да білініп тұрады. Біз Келуіңізбен емес Хош келіпсіз! Табысыңызбен емес Табыстан табысқа жете беріңіз! Мерекеңізбен емес Мейрамыңыз құтты болсын! десек айтуға немесе жазуға қаншалықты қиындығы бар. Керісінше алдыңғы нұсқаларымен салыстырғанда тыңдаушыға да жақсы әсер етіп, ұлттық иісі сезіліп тұрары анық. Егер дұрыс қолдана білсек қазақ тілінде құттықтау, қуанышқа ортақтасу, жақсы ниет-пейіл білдірудің бұдан басқа да әсерлі, ұтымды нұсқалары толып жатыр.

Ресми қарым-қатынаста дұрыс сөйлеп, дұрыс жаза білу үшін ресми стильдік элементтерді бейтарап стильдік элементтерден ажырата білу, қазақ тіліндегі сөйлем құрылысының заңдылығын сақтау, орфографиялық, орфоэпиялық, синтаксистік норманы білу, қазақ тілінің табиғи қалпын сақтау қажет. Аудару барысында тілдік интерференция, бірінші тілдің екінші тілге тигізетін кері әсері ескерілуі керек.

Ең бастысы ісқағаздарын бірден қазақ тілінде жазып, қазақ тілінде жүргізуге көшуіміз керек. Аудармашылықпен айналысу тіл саясатын жүргізудің, ісқағаздарын қазақша жүргізудің алғашқы кезеңіндегі ғана құбылыс болып қалу керек.

Тапсырма. Төменде берілген хаттамаларды оқып, орыс тіліне аударыңыз, үлгі бойынша хаттама толтырыңыз.

**Беттестіру
ХАТТАМАСЫ**

Қарағанды қ.

2017 жылғы 01 ақпан.

Басталды: «10» сағат «00» минут.

Аяқталды: «11» сағат «15» минут.

Қарағанды қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция лейтенанты Н.С.Мұқашев №160061600005458 қылмыстық іс бойынша Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 199 және 218-баптарының талаптарын сақтай отырып, Қарағанды ауданы Қарағанды ауылы Қонаев көшесі 25 мекен-жайы бойынша орналасқан Қарағанды АІБ ғимаратында №8 қызметтік кабинет бөлмесінде бұрын жауап алынған куә Сартабаев Жанат Бахтиярұлы мен күдікті Ч.С. Карипбековпен, адвокат Қ.Қ. Ильясовтың қатысуымен беттестіруді жүргізді. Беттестіру алдында оған Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 78-бабымен көзделген куәнің құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

Бұдан басқа, куә Сартабаев Ж.Б. Қазақстан Республикасының ҚК-нің 420, 421-баптары бойынша жалған айғақтар беру немесе айғақтар беруден бас тарту үшін қылмыстық жауаптылық туралы, сондай-ақ келуден немесе өзінің міндеттерін дәлелді себептерсіз орындаудан бас тарту немесе жалтару үшін әкімшілік жауапкершілік туралы ескертілді.

Куә: _____ (Ж.Б. Сартабаев)

Күдікті Ч.С. Карипбековке Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 65-бабымен көзделген құқықтары түсіндірілді.

Күдікті: _____ (Ч.С. Карипбековке)

Бір-бірінді танысыңдар ма деген сұраққа жауап алынған адамдар былай жауап берді:

Куә Ж.Б. Сартабаевтың жауабы: мен бұл азаматты білмеймін, бұрын онымен кездескен емеспін, оған қатысты ешқандай теріс ойым жоқ.

Күдікті Ч.С. Карипбековтың жауабы: мен бұл азаматты білмеймін, бұрын онымен кездескен емеспін, оған қатысты ешқандай теріс ойым жоқ.

Күдікті Ч.С. Карипбековке сұрақ: орын алған оқиға туралы айтып беріңіз.

Күдікті Ч.С. Карипбековтің жауабы: 27.09.2017 жылы орын алған 26 престелген түп сабанның ұрлануы бойынша күдікті Ч.С. Карипбеков келесіні көрсетті: Менің ақ-жасыл түсті «МТЗ» маркалы тракторым бар, онда кун орнатылған, мен онымен иесіз өрістерде шөп шауп, оны үйіме малға апарамын, шаруашылық жүргіземін, өзімнің өрісім жоқ. Мен Н. және А. автотрассасында Наурызбай ауылынан батысқа қарай шамамен 12 км жерде «Жартас» ЖШС өрісінде сабан шабу жұмыстарының жүріп жатқанын білдім. Осыдан бұрын, мен шөпке барғанымда бірнеше рет осы «Жартас» ЖШС өрісінің жанына өткенде, осы ЖШС жұмыскерлерінің сабан жинап, оларды трактор арқылы түптерге престеп жатқанын көрдім. Осылай 27.09.2012 жылы шамамен 16.00 сағатта мен Наурызбай ауылынан батысқа қарай бара жатқанымда, мен өзімнің ақ-жасыл түсті «МВЗ» маркалы тракторыммен екі бос арбаны әкетіп бара жаттым, сол уақытта «Жартас» ЖШС-на тиесілі Уызбай ауылынан батысқа қарай 16 км жерде орналасқан сабан өрісінде көп престелген сабап түптерін көрдім. Бұл сәтте осы өрісте ешкім болмаған, оның ішінде «Жартас» ЖШС жұмыскерлері де болған жоқ, сол кезде маған осы престелген сабан түптерін қысқа өзімнің малыма ұрлау ой келді, оларды бос арбаларыма салып, алып кеттім. Осыдан кейін, мен алдымен «Жартас» ЖШС жұмысшылары тұратын вагонға бардым, сол кезде осы вагонның есігі сыртынан жабық екенін көрдім, оның есігі сыммен байланған болатын. Осы вагонның жанында шетелде шығарылған жасыл түсті трактор тұрды, оның маркасын білмеймін, одан басқа сабанды престоуге арналған трактордың престелген құрылғысы, «Сак» пісіретін аппараты бар трактордың арбасы болды. Мен бұл жерде ешкімнің жоқ екенін көріп, осы вагоннан 2 км жерде орналасқан «Жартас» ЖШС өрісіндегі престелген сабан түптеріне өзімнің тракторыммен барып, арбаларды арыттым, одан кейін кун арқылы престелген сабан түптерін арбаға салдым, осылай екі арбаға 26 престелген сабан түптерін, яғни әрбір арбаға 13 түптен салдым.

Сосын арбаларды қайта тракторға жалғап, осы 26 престелген сабан түптерін Сабынды ауылына үйіме алып келдім. Сабан түптерін арба салып жатқанымды және үйіме бара жатқанымды мені ешкім көрген жоқ. 26 престелген сабан түптерін мен арбаға шамамен бір жарым сағат ішінде салдым. Үйіме келгеннен кейін мен 23 сабан түптерін үйімнің жанында түсіріп алдым, ал үш түп сабанды арбада қалдырдым, өзімнің жақын танысым Уызбай ауылының тұрғыны Канатов Досқа беруді шештім, оның Наурызбай ауылының жанында мал шаруашылығы базасы болатын. Осыдан кейін мен өзімнің тракторыммен арбамен үш түп сабанды Достың мал шаруашылығы базасына апардым. Шамамен 20.30 сағатта мен Достың мал шаруашылығы базасына жеттім, бірақ онда ешкім болған жоқ, сондықтан мен престелген үш сабан түбін базанын жанына тастап кеттім. Бұл сабанды «Жартас» ЖШС өрісінен ұрлап алғанымды мен Досқа айтқаным жоқ, ол туралы Дос білмеді. Осылай, мен ұрлаған 23 түп сабан үнемі менің үйімнің жанында жатты, ал үш түп сабан Доста болды. Сабанды ұрлаған кезде мен сау болдым, алкогольдік ішімдік және есірткі-психотропты заттарды қолданбағам. Бұл ұрлықты мен жалғыз өзім жасадым, оны 27.09.2017 жылы тергеу экспериментін жүргізу кезінде дәлелдегем және ұрлық жасаған кезімде мені ешкім көрген жоқ. Осы факт бойынша өзімнің кінәмді толық мойындаймын, жасағанымға өкінемін. Осы кезде полиция қызметкерлері мен ұрлаған 26 престелген сабан түптерін менен алып, осы сабанды «Жартас» ЖШС өкілдеріне қайтарды, яғни келтірген материалдық зиянды мен толығымен өтедім. _____

Куә Ж.Б. Сартабаевқа сұрақ: Сізге _____ жауаптары түсінікті ме және Сіз оларды растайсыз ба?

Куәның жауабы: мен Ч.С. Карипбековтің жауабымен келісемін, өйткені ол 26 престелген сабан түптерін мен өрісте болмағанымда, 27.09.2017 жылы күндіз ұрлауы мүмкін еді. _____

Күдікті Ч.С. Карипбековке сұрақ: Сіз өзіңіздің жауаптарыңызды құптайсыз ба?

Күдіктінің жауабы: Ч.С. Карипбеков «Ия»

Тергеушінің ұсынысы: Куә К.А. Бөкенов және күдікті Б.А Саутбеков Сіздердің бір-біріңізге сұрақтарыңыз бар ма?

Куәнің жауабы: Ч.С. Карипбековке сұрақтарым жоқ.

Күдіктінің жауабы: Ж.Б. Сартабаевқа сұрақтарым жоқ.

Адвокаттан сұрақ түскен жоқ.

Куә: _____ (Ж.Б. Сартабаевқа)

Күдікті: _____ (Ч.С. Карипбеков)

Адвокат: _____ (Қ.Қ. Ільясов)

Қарағанды қаласы ІІБ ТБ тергеушісі

полиция лейтенанты (қолы)

Н.С.Мұқашев

**Фотосурет бойынша тану үшін көрсету
ХАТТАМАСЫ**

Қарағанды қ.
ақпан.

2017 жылғы 01

Басталды: «10» сағат «00» минут.

Аяқталды: «11» сағат «15» минут.


Қарағанды қаласы ІІБ ТБ тергеушісі полиция лейтенанты Н.С.Мұқашев Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 199, 229, 230-баптарын басшылыққа алып, мына куәгерлердің қатысуымен:

1) Құсайнов Арыстан Әбілтайұлы, Қарағанды қаласы Б. Жырау көш. 15-үй, 67-пәтер мекенжайы бойынша тұрады;

2) Нұрбеков Қанат Нұрбекұлы, Қарағанды қаласы Университет көш. 21-үй, 16-пәтер мекенжайы бойынша тұрады,

Қарағанды қаласы ІІБ үй-жайында №28 кабинетте табиғи жарық болған кезде №155897003101784 қылмыстық іс бойынша жәбірленуші Әлия Оспановаға тану үшін Рүстем Махметовтің, бір мезгілде онымен бірге тағы басқа адамдардың фотосуреттерін көрсетті.


Фотосуреттер фотокесте бір қатарға жапсырылған және олардың солдан оңға қарай 1, 2, 3 деген реттік нөмірлері болды, олар Қызылорда қаласы ІІБ мөрімен бекітілді.



№ 1



№ 2



№ 3

Тануға көрсетудің басында барлық қатысушы адамға олардың құқықтары, міндеттері, жауапкершілігі мен фотосуреттер бойынша адамды тануды жүргізу тәртібі түсіндірілді.

Танушы адам: _____ Ә.Е.Оспанова

Куәгерлер: _____ Н.Қ. Нұрбеков

_____ Ә.Е.Құсайын

Бұдан кейін тану үшін көрсету жүргізіліп жатқан бөлмеге куә (жәбірленуші) Ә. Оспанова шақырылды, оған Қазақстан Республикасының ҚК-нің 419-бабына сәйкес көрінеу жалған жауап бергені үшін және Қазақстан Республикасының ҚК-нің 421-бабына сәйкес жауап беруден бас тартқаны үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертілді.

_____ Ә. Оспанова

Тану үшін көрсетуге қатысып отырған адамдарға олардың тергеу әрекеттеріне қатысты хаттамаға енгізілуге жататын мәлімдемелер мен ескертулер жасау құқықтары түсіндірілді.

Куәгерлер А.Ә. Құсайынов, Н.Қ. Нұрбеков Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 82-бабында көзделген олардың құқықтары түсіндірілді: 1) тергеу әрекеттерін жүргізуге қатысу; 2) тергеу әрекеті жөнінде хаттамаға енгізілуге жататын мәлімдемелер мен ескертулер жасау; 3) өзі қатысқан тергеу әрекетінің хаттамасымен танысу; 4) қылмыстық қудалау органының әрекеттеріне шағым келтіру; 5) қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде өзі шеккен шығыстарға өтем алу; 6) қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхатты мәлімдеу.

Сонымен бірге куәгерлерге олардың міндеттері де түсіндірілді: 1) қылмыстық қудалау органының шақыруы бойынша келу; тергеу әрекетін жүргізуге қатысу; 2) тергеу әрекетінің хаттамасында осы әрекеттің жүргізілу фактісін, оның барысы мен нәтижелерін өзінің қолымен куәландыру; 3) анықтаушының, тергеушінің, прокурордың рұқсатынсыз сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын жария етпеу; 4) тергеу әрекеттерін жүргізу

кезінде тәртіп сақтау.

Танушы адам Әлия Оспанова өзіне тану үшін көрсетілген фотосуреттерді қарап, № 2 фотосуреттегі адамды танығаны туралы

мәлімдеді: «ол 2017 жылы 1 қарашада шамамен 23.45 сағатта Банк колледж жатақханасы кіреберісінде мені пышақпен қорқытып, менің изумруд тастары бар алтын сырғамды шешіп, белгісіз бағытта жасырынып кеткен. Мен оны бет-әлпетінің белгілері бойынша: қалың қасынан, кең мұрнынан, қызғылт түсті терісінен, сондай-ақ шаш қию үлгісінен: маңдайында тақыры бар қысқа қиылған ақшыл шашынан таныдым. Мен бұрын бұл ер адамды көрмегенмін, бірақ ол қылмыс жасаған сәтте оны жақсы есімде сақтадым. Оның осы адам екеніне сенімдімін».

Тану нәтижесі: Рүстем Махметов танылды. Тану үшін көрсету алдында және оның барысында не ол аяқталғаннан кейін қатысушы адамдардан: танушы Ә. Оспановадан, куәгерлер А.Ә. Құсаинов, Н.Қ. Нұрбековтен мәлімдемелер түскен жоқ.

Танушы адам: _____ Ә.Е.
Оспанова
Куәгерлер: _____ А.Ә.
Құсаинов _____

Н.Қ. Нұрбеков

Хаттаманы тергеуші дауыстап оқыды. Хаттамаға ескертулер жоқ.

Танушы адам: _____ Ә.Е.
Оспанова
Куәгерлер: _____ А.Ә.
Құсаинов _____

Н.Қ. Нұрбеков

_____ **Қарағанды қаласы ІБ ТБ тергеушісі**
полиция лейтенанты (қолы)
Н.С.Мұқашев

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Кондаков Н. И. Логический словарь-справочник. – Москва, 1975. – 28 б.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.